Көңіл бағынан

Хақ достарының

ҮЛГІЛІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

1

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

Алматы, 2011

УДК 28

ББК 86.38

Т 59

Аударғандар: Дінмұхаммед Сыздық

Хайреттин Өзтүрк

Редактор: Закия Махитжанқызы

Топбаш О.Н.

Көңіл бағынан Хақ достарының үлгілі мінез-құлқы 1.

Алматы: «Хикмет» баспа үйі, 2011,

ISBN: 978-601-7094-67-6

Т 1 - 442 бет.

ISBN: 978-601-7094-68-3

Исламтанушы ғалым Осман Нұри ТОПБАШ ұстаздың түрік тілінде жазған «*Gönül Bahçesinden* **Hak Dostlarının ÖRNEK AHLAKINDAN -1-**» атты кітабы «*Көңіл бағынан* **Хақ достарының үлгілі мінез-құлқы 1**» деген атпен қазақ тіліне аударылды.

Бұл шығармада Хазіреті Пайғамбар мен қадірменді сахабалары өмір сүрген бақыт ғасырындағы имандылық пен адамгершілік үлгілер ұсынылып, тақырыптар екі дүние бақытына кенелгісі келген адамдардың назарын аударатындай керемет баяндалған. Құран мен Сүннеттен керемет мысалдар келтіре отырып, оқырман қауымның назарына ұсынылған.

УДК 28

ББК 86.38

ISBN: 978-601-7094-68-3 (Т 1)

ISBN: 978-601-7094-67-6

Көңіл бағынан

Хақ достарының

ҮЛГІЛІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

1

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

АЛҒЫ СӨЗ

Барлық қоры мен құны «ештіктен» тұратын сансыз мақлұқатты жоқтан бар еткен;

Бізді ақысыз, яғни ешқандай құн төлемесек те сансыз жаратылыс ішінде болмыстың ең ардақтысы — «адам» ретінде жаратып, ерекше сыйға бөлеген;

Тура жолға бастаушы кітаптар мен пайғамбарлар жіберіп, бізді ақиқат пен жақсылыққа бағыттаған;

Пайғамбар мұрагері ғалымдар мен даналар керуені арқылы рухани кемелдікке жетелеушілер тізбегін үзбей жалғасуын нәсіп еткен;

Біз, дәрменсіз құлдарын иманның шаттығымен, тыныштығымен ризықтандырған Аллаһ Тағалаға сансыз шүкір мен хамд-мадақ болсын!

Адамзатты имансыздық пен надандық түнегінен құтқарып, мәңгі бақыт нұрына бөленуіне себепші болған

رَحْمَةً لِلْعَالَمِينَ /күллі әлемге рахмет деген ерекше қасиетімен әлемдерге мейірім-шапағат төккен;

Дүниеде теңдесі жоқ үлгі тұтар тұлға, ең ұлы ұстазымыз, тәрбиешіміз, жол көрсетушіміз;

О дүниеде шапағатшымыз, әлемнің мәңгі мақтанышы Хазіреті Мұхаммед Мұстафаға, Оның отбасы мен сахабаларына сансыз салауат пен сәлем болсын!

Құрметті оқырмандарымыз!

Хақ жолына қызмет етіп, Исламның әдемілігін, хал мен сырларын көңілдерге жеткізетін шығармаларға, сөзсіз, әр салада мұқтаждық бар. Әсіресе, руханият саласында... Өйткені, күнімізде әлемді шарпыған рухани аштық пен рухани тойымсыздық шырқау шекке жеткен. Сондықтан діни және рухани қызметтерге қолдау жасау мен көңіл аудару керектігі айқын байқалғандай.

Осыған орай Аллаһ сыйлаған ақыл мен көңіл арқылы өмір, дүние-мүлік және уақыт сияқты нығметтерді Аллаһ разылығы бағытында қолдана отырып, ахірет азығына ай-налдыруымыз қажет.

Бұл қажеттілік шеңберінде Ислам үшін жасалатын ең маңызды қызметтің бірі — қадірменді сахабалар мен Хақ достары ұғып, өмірлеріне ту етіп ұстанғандай ұстануға тырысып, сенім мен құлшылық, қарым-қатынас пен мінез-құлық кемелдігімен толық іске асыра білу.

Бірақ ондай тұлғалық пен жүректі көрсете білу үшін, әлбетте, олардың сипаттары мен ерекшеліктерін, көркемдіктері мен асқақ негіздерін білу — басты шарт.

Бұны жүзеге асыру үшін аз болса да дәнекер бола білу ниетімен жазылған «*Хақ достарының үлгілі ахлақы*» атты шығармамызда ұлы дініміз Исламның бізді жеткізуді қалаған нәзіктік, сыпайылық, жұмсақтық, аққөңілділік пен пәк сезімнің қалыптасуы сияқты асыл қасиеттеріміздің басты негіздерін Исламның ұлы тұлғаларының өмірлерінен үлгі ретінде сөзіміз жеткенше сипаттап жазуға тырыстық. Қолыңыздағы бұл кітап шығармамыздың бірінші бөлімін құрайды. Осы бағытта жазылған екінші бөлімін қамтитын мақалаларымыз бұдан кейін жарық көрмек. Олар «*Хақ достарының үлгілі мінез-құлқы*» атты кітабымыздың екінші томы болып басылып, оқырмандарымызға ұсынылады.

Ұмытпайтын тағы бір жайт — адам көркем мінез-құлқымен **«адам»** болады. Мінез-құлық өлшемдері тек адамға ғана тән. Сондықтан көркем мінез-құлықтан ада қалған адам келбеті адам болып көрінсе де, ақиқатында талай жан иесінен де төмен дәрежеге түсіп, өз өміріне зиян келтіріп, ар-намыс, қәдір-қасиетін таптаған болып есептеледі. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — адамды танытып адам еткен, нәтижесінде «жаратылыстың ең ардақтысы» сипатына жеткізген сыр — ғашықтықпен орындалған, иман аясында тыныштық тапқан және жан иелеріне таңдай қақтырған **көркем мінез**.

Көркем мінездің негізі әр мәселеде **әдеп**ке мойынсұну. Ал әдеп – адам екендігіміздің айғағы, көңілдерді рахаттандыратын гүл иісі сияқты. Жұпар иістің мүминнің көңіл күйіне жақсы әсер етіп, өмірінің әр кезеңінде сезілуі қажет. Бұл жағдай иманның кемелденгендігінің де белгісі.

Расында Хақ достарының өкілі ретіндегі **Хазіреті Мәуләнә**:

“*Ақылым жүрегімнен: «иман дегеніміз не?» – деп сұрады. Жүрегім ақылымның құлағына иіліп: «иман әдептен тұрады!» – деді*”.

Ұлы дініміз Исламның әрбір қағидасы – өмірімізде көрініс тапқан көркем ахлақтан тұратын мінез-құлықтық әсемдіктер тізбегі. Пайғамбарымыз ﷺ:

«*Мен көркем мінезді кемелдендіру үшін жіберілдім*» – деп бұйырады (Муатта , Хүснүл хұлқ, 8).

Яғни, Пайғамбардың мұрагері ғалымдар мен даналардың барлық халі мен іс-әрекеттері біз үшін көркем ахлақ тағлымы. Қанша руханият майталмандары тасаввуфты **«көркем мінез бен әдептен тұрады»** деп түсіндіреді. Тасаввуфтың алғашқы сабағы – «ренжітпеу», соңғы сабағы – «ренжімеу» екенін айтады.

Хақ достары – Хазіреті Пайғамбар мен Оның сахабаларын көру нығметі нәсіп болмағандар үлгі-өнеге алатын ерекше тұлғалар. Олардың мейірім тілімен көңілдерді жандандырған үгіт-насихаттары Пайғамбар бұлағынан сүзіліп келген руханият шықтарындай.

Шынында да олар зуһд (жүректе дүниеге деген ешқандай қызығушылықтың болмауы) пен тақуа жолында шын жүректен іс-әрекет кемелдігіне жеткен, түйсік пен ол қамтыған бөліктерді екі дүниені ойлауға дейін кеңейте отырып, иман ләззаты мен сезім тұңғиығына қауышқан.

Барлық күш-жігерлерін адамзатты жағымсыз әрекеттерден, жағымсыз қылықтар мен нәпсі қақпанынан құтқару жолында жұмсау арқылы кемел деңгейдегі көркем мінезге, яғни рухани баю мен ізгілік шыңына жеткізе білген ғалым, ариф, салих және кемелденген хақ достары.

Бұл хақ достары дүниеден өтіп кетсе де ұмытылмайды. Сүйгендерінің көкейінде өмір кешіп, тура жолға жетелей береді. Өйткені Аллаһ Тағала сондай құлдарын сүйген және нәсіпті көңілдерге олардың сүйіспеншілігін сыйлаған. Олар туралы Құран Кәрімде:

«Иман келтіріп, ізгі іс істегендерге келер болсақ, олар үшін өте мейірімді Аллаһ (өзгелердің көңіліне) **сүйіспеншілік дарытады»** — делінген (Мәрйәм, 96).

Сүйіспеншілік...

Ең шынайы сүйіспеншілік — магнит сияқты талай көңілдерді өзіне бауараған көңіл махаббаты.

Саралап қарайтын болсақ, Қожа Ахмет Яссауидың, Шах Нақшибәндидің, Мәуләнәнің, Юнустың, Һүдайының кесенесіне күнделікті келіп-кетіп жатқан

адамдардың саны бұл мәселені түсінуге жеткілікті мысал емес пе?

Мына оқиға бұл ақиқатты тамаша түсіндіреді:

Аббас халифасы **Һарун Рашит** Ракка қаласында дәулеті мен шен арқасында басқарып тұрған кезі болатын. Бір күні ол жерге **Абдұллаһ бин Мүбәрак** келеді. Барлық қала тұрғыны оны қарсы алу үшін қала сыртына шығады. Халифа бейне бір үлкен қалада жалғыз қалғандай болды. Бұл көріністі терезеден көріп тұрған Һарун Рашиттің бір күңі:

— Бұл не нәрсе? Не болып жатыр?— деп сұрады. Ол жердегілер:

— Хорасаннан бір ғалым келді. Есімі Абдұллаһ бин Мүбәрак. Халық оны қарсы алуда» — дейді. Бұны естіген күң:

— Нағыз патшалық, міне, осы! Һарундыкі патшалық емес! Өйткені Һарунның патшалығында әскерлер нұсқамайынша жұмысшылардың өздері бір араға жиналмайды», — дейді.

Шынайы патшалық, міне, осы... Өйткені, материалдық патшалықтар қайткен күнде де бір күні жоқ болып кетеді. Бірақ, рухани патшалық өлімнен кейін де сол беделімен жалғаса береді. Адамзат сондай көңіл сұлтандарына әрқашан мұқтаж, оларды іздейді және олардың берекелі іздерімен жүреді. Ғасырлар бойы Қожа Ахмет Яссауи, Абдұлкадир Гәйлани, Бахауддин

Нақшибәнди, Юнус Әмре, Мәуләнә сияқты басқа да Хақ достарының махаббат бұлағы көңіл тілдеріне деген сағыныш пен байланыстың себебі де, міне, осында.

Бұл ұлы патшалықтың сыры, күмәнсіз, Хақ достарындағы рухани тартымдылық пен махаббат. Сондай-ақ бұл тұлғалардың ерекше қасиеттері. Мысалы,

Фәнә фир-Расул, яғни Расулұллаһ махаббатында бақыт пен тыныштық тауып, өз болмыстарын Хазіреті Пайғамбардың ғашықтығымен жойып, фәни болған Хақ достары нәпсілері мен қалаулары туралы әңгіме қозғамайды. Олар бір сырнай сияқты ішкі әлемін Хақтан алыстататын әр нәрседен босатқандықтан олардың ділі мен тілінен шыққан барлық сөз бен сәулелер мінез-құлқымен безенген Пайғамбарлардың тынысының бір үлесі. Олардың жүректері Хақ пен ақиқат нұрлары шағылысқан тұнық, таза айна сияқты. Пайғамбар сөзімен айтар болсақ

«...Аллаһ Тағала олардың еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы, сезінетін жүрегі және сөйлейтін тілі болады» (Бұхари, Рикақ, 38).

Олардың көңіл әлемдері Аллаһ Тағаланың көркем есімдерінің ерекше бір көрініс табатын орны. Раббымыздың Құран Кәрімде көп қайталанған «Рахман» мен «Рахим» есімдері олардың көңілдерінен барлық махлұқатты қамтитын мейірім ретінде көрінеді. Жаратушының жұмсақтықпен, мейірім назарымен

мақлұқатқа қарау кейпі өмірлеріндегі айнымас үрдіс болып келген.

Халлаж Мансур үстіне тас жаудырылып жатқан кездің өзінде:

«Уа, Раббым! Менен бұрын мына маған тас лақтырып жатқандарды кешір!» — деген екен.

Ол Хақ достары Хақ Тағаланың « اَلْعَفُوُّ әл-Афу» сипатынан, яғни кешірім ету ерекшелігінен үлес алған және бұны өздері үшін табиғи сезім күйіне келтірген.

Хатем Әсам Хазіреті жанында қалауынан тыс жел шығарып қойған қонағын ұятқа қалып ренжімесін деп, біраз уақытқа дейін құлағы нашар еститін адамша күн кешіпті. Сондықтан «Әсам, яғни саңырау, естімейтін» деген лақап атпен аталып кеткен. Ол Хақ Тағаланың «Сәттәрул-Ұюб», яғни кемшіліктерді жасыратын қасиетін өз бойына дарытып, бұл көркем есіммен ерекше өмір сүрген.

Мәуләнә Жәләлүддин Руми шынайы иман үндеушісі, күллі адамзаттың дертіне ортақтасқан және көңіл тәуібі болған. Оның иләһи сыр мен даналыққа толы «*Мәснәуи*» атты уағызнамасы жеті ғасырдан бері жол сілтеуші ретінде өміршеңдігін сақтап келеді.

Хақ Тағаланың көркем есімдерінен ерекше нәсіп алған Хазіреті Мәуләнәнің мына бір жағдайы қандай өнегелі:

Мәуләнә бір күні таңғалып қарағандардың көзінше алапес ауруына шалдыққан адамдар шомылып жатқан қауызға түскен. Ол Алланың әлсіз құлдарын мейірім мен жанашырлық қанаты астына алып, оларды рухани емдеп жұбатқан. Мақлұқатқа Алланың мейірім назарымен қараған ол Хақ досының көңіл әлемі, жан дүниесі барша адамзаттың бақыт пен шипа тапқан рухани сауықтыру орталығы іспеттес күйде болған.

Баһауддин Нақшибәнди Хазірет сопылық жолды ұстанғанының алғашқы жылдарында ауру мен мұқтаж адамдарға, иесіз, жараланған хайуандарға қызмет көрсетіп, тіпті жеті жыл бойы адамдардың жүретін жолын тазалап, өте керемет деңгейдегі жаратылысқа қызмет көрсету өмірін өткізген. Көңіліндегі «ештіктің» шыңына жеткен сезімін

Әлем бидай, мен сабан

Әлем жақсы, мен жаман...

— деп жеткізген. Ең жоғары рухани ләззат рахатына осы қызметтері кезінде жеткенін айтады.

Әбу Ханифа Хазірет басшылықта отырған халифаның қалауы бойынша ижтиһад жасамай (үкім шығару), Бағдат қазысы қызметінен бас тартып, түрмені таңдаған. Осылайша өз басын қатерге тіксе де, ақиқат пен әділетті орнатудың ерекше үлгісі болған.

Ахмет бни Ханбәл Хазіреті «Құран махлұқ па, махлұқ емес пе?» — деген пікір-таласында мемлекет

басшыларының қыспағына шыдап, ақиқаттан бас тартпай, зынданға қамалып, зұлымдыққа ұшырауға разы болған.

Қорыта айтқанда, иманның кәмілдігі мен шыңы жайлы келтірілген барлық бұл мысалдар Хақтың достық пен жақындығына баламаланған махшардың үрейі мен қайғысынан азат етілген сол бахтияр құлдардың үлгілі де өнегелі мінез-құлықтарынан шағылысқан көп мысалдардың кейбіреуі ғана.

Егер бізде Аллаһ Тағаланың сүйікті құлдары әулиелерге деген сүйіспеншілігіміз болып, ахіретте олармен бірге бір жерде жиналуды армандасақ, олардың көркем мінез-құлықтарынан үлгі алуға тырысуымыз керек. Өз тіршілігімізді үнемі олардың іс-әрекеттерімен таразылап, оларды іс-қимылдарымыздың өлшемі деп олардың көңіл пішінінен үлгі алуға тырысу —мәңгілік бақыт кепілі.

Қолдарыңыздағы қарапайым шығармамен түсіндіруге тырысқан ақиқаттар осылар. Егер қысқа да нұсқа мазмұндайтын болсақ, шығармада орын алған мақалалар қамтыған тақырыптар мыналар:

Адамзат әлемінде көркем ахлақ пен нәзіктіктің, сыпайылық пен жұмсақтықтың шыңы — Хазіреті Пайғамбарымыз Мұхаммед ﷺ. Оның теңдесі жоқ ізгі тұлғасында барлық көркемдік пен даналық бар. Оның көңіл әлемі нәзік, үлбіреген хош иісті гүлдерден жасалған жәннат бақшасы сияқты. Пайғамбар мұрагері Хақ

достары көңілдерді тыныштандыратын сол жәннат бақшасынан соққан самал жел іспеттес. Біз үшін ең маңыздысы — өмірімізде сол жәннат бақшасына жетелейтін тура жолды таба білу. Сондықтан да Хақ достарындай ***«Хазіреті Пайғамбарды жүрекпен тануға»*** өте зәруміз. Өйткені Оның көңіл дүниесін танымай, тек хронологиялық өмірбаян деректерімен ғана тану мүмкін емес.

Бұл әлемде иман негізінде көрініс тапқан барлық көркем ахлақтар пайғамбар ахлағының адамдарға таратылуынан тұрады. Сондықтан Хазреті Пайғамбар Мырзамыздың ﷺ рухани жаратылысынан нәр алмайынша, Оны тек көңіл көзімен оқымайынша, қабыл болатын құлдық ғұмыр кешу мүмкін емес.

Бұл дүние — иман дәрісханасы. Мұнда біз рухани сабақ алу үшін жүрміз. Бар мәселе — рухани кәмілдікке жете отырып, Раббымыздың разы болатын куәлікпен өмір дәптерімізді тәмамдай білу.

Бұл рухани сабақтан ең алдымен үйренетін нәрсе ***«кішіпейілділік»***, яғни Аллаһ Тағала عِبَادُ الرَّحْمٰنِ деп таныткан, Рахманның мейірімі көрініс тапқан құл бола білу. Өйткені Хақ Тағалаға құлдықтың негізін білдіретін бұл көңіл сипатына ие болмай жасалған амалдар Хақтың құзырында қабыл етілмейді. Құл тек кішіпейілділікті бойына сіңірген жағдайда ғана Аллаһ Тағала оны рахметіне бөлеп, дәрежесін көтереді.

Аллаһтың достық сарайына ашылған есіктен өту үшін құлға қойылған бірінші шарт — өзімшілдігі мен менмендігінен арылып, кішіпейілділікке бүркенуі. Барлық материалдық пен рухани нығметтерді Оның кеңшілігінен деп білу. Менмендік — рухани өмірдің қатерлі ісік ауруына шалдығуға ұқсайды.

Және де өмір сүріп жүрген иман мектебінде Хақ жолаушыларының алдына сынақ ретінде шығатын **«Білімсіз бен надандарға сабыр мен шыдамдылық»** мәселесінде көңілдердегі туралық, мойынсұнушылық пен ризалық, шыдамдылық сынағына кіргендей болады. Парасатты ариф құлдар қандай жағдайға тап болса да **«Жамандықты жақсылықпен қайтару»** арқылы рухани тәлімдерін жетістікпен тамамдайды. Кәміл иманның Жаратушыға жетелейтін жолда шағымдануды ұмыту өнері бар екенін нақ сезініп, ешқашан жалығу мен шаршау белгілерін көрсетпей, еш жүзін тыржитпай, барлық дерт пен мұңын жүрегіне көмеді. Әрқашан жүзі жайдары, яғни Исламның **«Күлімсіреген»** мінезін көрсетеді. Теңдесі жоқ дініміз Ислам басынан аяғына дейін **«Әдеп пен нәзіктік»** қағидаларынан құралған. Бір адам діндар екенін айтып отырып дөрекі немесе басқалармен басы піспей, қатыгез бола алмайды.

Кәміл мүминдердің отырысы мен тұрысын, жүрісі мен күлкісін әрбір іс-әрекетін Құран мен Сүннет қағидалары бекітеді. Бұл ережелерге бағындырылуы керек адами іс-әрекеттеріміздің ең бастысы — сөз сөйлеу мәнері. Сөз — адамның ақылы мен көңіл деңгейін, иманы мен мінез-құлқына қатысты жағдайын көрсететін

тұнық айна. Сондықтан тілдің кеселінен сақтанып, мейірім тілімен сөйлесуіміз үшін ***«Құран ұсынған сөз үлгісін»*** білуіміз керек.

Иманның алғашқы жемісі — мейірім-шапағат. Аллаһтың мейіріміне мейірімнен мақрұм көңілмен қол жеткізу мүмкін емес. Жаратқанға деген сүйіспеншіліктен туындайтын жаратылғандарға деген мейірімнің табиғи нәтижесі — ***«Жомарттық пен инфәқ»***. Мүмин самал жел сияқты мейірімді, жауған жаңбыр сияқты жомарт болып әрқашан айналасына бақыт, мейірім мен берекет сыйлап, Хақтың ризасын іздеу керек. Яғни ***«Инфәқ әдебіне»*** сай табиғи тарту жасау мен ихсан халінде болу керек. Беруші алушыға алғыс айта отырып беруі керек. Сондай-ақ мұқтажды ренжітпеуге тырысу керек. Көзбояушылықтан сақтанып, ысырап пен сарандықтан алыс болу керек. Әйтпесе ***«Инфәқтағы ықылас»*** қағидасы бұзылып, амалдар босқа кетеді.

Әдеп пен нәзіктік ережелеріне бағына отырып іске асырылған жомарттық пен инфәктың шыңы — ***«Исар»*** күйі. Хақтың әулие құлдарына берілетін ерекше қасиет — исар. Өзі де мұқтаж болып отырған құқықты немесе мүмкіндікті басқа бір мүмин бауырына беру. Қандай жағдайда да алдымен дін бауырының тыныштығы мен бақытын ойлап, «алдымен мен» дегеннің орнына «алдымен сен» немесе «алдымен ол» дей білу.

Сондай-ақ жақсылықтың маңыздылығы мен құны — уақытында, кешіктірілмей жасалуы. Дін бауырының басына түскен қиын — қыстау кезінде жанында болмау,

мүмкіндік бола тұра немқұрайдылық танытып, Аллаһ жолында жасалынатын жақсылықтарды кешіктіру немесе кейінге қалдыру да қажет кезде жасалмаған мүмкіндіктің ешбір маңызы болмағандығы сияқты өте ауыр күнә. Уақыттың не алып келері беймәлім. Сол себепті қолымызда мүмкіндік бар кезде ***«Жақсылыққа асығуымыз»*** керек.

Ислам дініміз дүние тарихында әлі ешкім көрмеген ***«Бауырластық»*** құқығын орнатты. Яғни Ислам мүминдерді бір-біріне бауыр қылып, оларға бір-біріне қарайласуды жүктеген. Дін бауырының дертімен дерттену ахіреттік жауапкершілік деп саналған.

Мүмин барлық дін бауырларын көңіл сарайына сыйдырып, оларға ерекше сүйіспеншілікпен адал достығын сыйлап, олардың қуанышына қуанып, қиын жағдайларда жұбаныш бұлағы бола біліп, ұждан бақыты ішінде өмір сүруі қажет. ***«Бауырластықты жандандыру»*** деген жауапкершілікті лайықты түрде атқара білу, мүминдерді Жаратушымыздың разылығы мен Пайғамбар Мырзамыздың ﷺ «бауырларым» деген ілтипатына ие болуға жетелейді. Сондықтан шайтани және нәпсілік сылтаулармен өкпе, таршылық, сабырсыздық пен өкпеге бой алдыру Ислами тұрғыдан ауыр күнә болып саналады. Бір дін бауырыңды қорлау және оларға мән бер-меу — көңіл әлеміне шашылған у іспеттес.

Тағы бір айта кететін жайт — Хаққа деген құлдықтағы ең маңызды құндылығымыз — махаббат. Махаббатты

оған лайық болғандарға қарата білу — ең үлкен рухани пайда көзі. Керісінше, оған лайық болмаған жаққа қарату мәңгілік пәлекеттің себебі болады.

Лайықты орнын таба алмаған махаббат — өткінші өмірдің өкінішке толы ысырапы. Рухани тұрғыдан түкке тұрғысыз пайдалардың қыспағында қалған махаббаттар жол шетінде ашылған гүлдерге ұқсайды. Олар ертелі-кеш аяқ астында тапталып, жоқ болады. Көшеде түсіріп алған әшекей қаншалықты әлсіз десеңізші! Лайықсыз бір қолдың ақысыз мүлкі болу нендей өкінішті!

Бұл әлемде барлық нәрсе қарама-қайшы мағынасымен жаратылған. Махаббаттың қарама-қайшысы жек көру болғандықтан Аллаһ сүймеген нәрселерді жек көру — Аллаһты сүюдің ең негізгі көрінісі. Иманды сүйген күпірді жек көреді, сауап пен жақсылықты сүйген күнә мен жамандықты сүймейді. Сондықтан ***«Аллаһ үшін сүю, жек көру»*** қасиеттеріне ие болуымыз қажет. Иманымыз «лайықтысын сүю, тиістісін жек көру» деген ұғымға негізделуі керек.

Қарама-қарсыларын жек көрмей іске асқан махаббат кем, салмақтылық пен шынайылықтан алыс. ***«Сүйіспеншілік пен жек көрудегі шынайылық»*** — Аллаһқа деген махаббатта кемшілікке жол бермеу, Аллаһты ренжітетін нәрселерге әуестенбеу, тіпті, Аллаһ үшін оларға қарсы тұру.

Бұл әлемнің сынақ әлемі екенін біліп, ***«Фәниликті ұмытпау»*** сезімімен өмір сүрген мүмин қаншалықты

бағалы болса да, дүниелік пайдалары мен нәпсі пайдалары үшін тура жолынан таймайды. Мәңгілік бақытты жалған дүниенің келіп-кетер пайдалары үшін жұмсамайды. Бос нәрсеге алданбайды. Дүниенің өткінші ойыншықтарына көңіл аудармайды. Ахиреттік пайданы дүниелік ләззатқа айырбастамайды. Әрқашан ***«Дүниеден ахірет артық деп біледі»***. Дүние нығметтері мен мүмкіншіліктері, ахиреттегі мәңгі бақыттың қаржысы болуы үшін қажымай еңбек етеді.

Қысқасы, өмірін тақуалық үшін арнайды. Бұл тақуа өмір құлды Жаратушысына дос етеді.

Қымбатты оқырман!

Хаққа дос болудың талай сырға толы тақуа өмірі ең көркем және кәміл түрде Хақ достарының өмірінде көрініс тапқан. Олар біз үшін Хаққа деген досдықтарында нағыз үлгілі тұлғалар. Әсіресе, құлдыққа тән мінез-құлықтары жағынан ерекше өнегелі үлгілі тұлғалар.

Бұл өнегелі тұлғаларды лайықты түрде үлгі тұта білсек, үлкен қазынаға қол жеткізер едік!

Хақтың разы болатын құлдық өмірі үшін қажет ерекшеліктерді өміріміздің әрбір сәтіне енгізіп, ықылас пен шынайылық арқылы жая алған мөлшерде, иншааллаһ, Раббымыз бізге білмегенімізді үйретеді, көңілдерімізге жақсылықты жамандықтан, туралықты жалғаннан ажырата алатын парасаттылық пен көрегенділік сыйлайды.

Құран Кәрімде былай делінеді:

«...Аллаһтан қорқыңдар! (Тақуа болыңдар) **және** (естеріңде болсын), **Аллаһ сендерге** (білмегендеріңді) **үйретеді!..»** (Бақара, 282).

Барлық шығармалардай қолыңыздағы бұл шығарма да ішіне қамтыған ақиқаттар көңілдерімізде орын таба алған мөлшерде ғана өз мақсатына жеткен болады. Бұл шындық. Сондықтан бұл тұрғыдан Аллаһтың сыйы мен жәрдеміне сыйынамыз.

Хақ Тағала тура жолда барша мүминдерге көшбасшы болған саңлақ сахабалар мен әулие құлдардың рухани әлемінен бізге де үлкен нәсіптер сыйласын! Олардың терең руханиятынан көңілімізге фәйіз тамшыларын нәсіп етсін!

Әмин!..

Осман Нұри ТОПБАШ

Маусым 2011

Ыстанбұл

Хазіреті Пайғамбарды Жүрекпен тану

Раушан гүл Хазіреті Пайғамбардың ﷺ рәмізі. Бұл өмір мектебіндегі ең маңызды тағылым.

Ол Гүлдердің шахын ﷺ тани білу,

Ол Раушан гүлдің ﷺ мүбәрак иісі мен рухани құрамынан нәсіп ала білу –

Ол Раушан гүлдің жапырағындағы шық бола білу...

Мүмин адам Ол Гүлдердің Гүліне ﷺ деген рухани сезім, толқу мен қобалжуларын тереңнен сезініп және Оның көңіл әлемінен нәсіп ала бастағанда Оған жан-тәнімен ұқсап, Оның сүйіспеншілігінен ләззат алу жолында болады.

ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРДЫ ЖҮРЕКПЕН ТАНУ

Сопы ариф бір адамнан:

«**Жүнәйд Бағдади** ма, әлде **Баязид Бистами** Хазірет жоғары ма?» — деп сұрайды.

Ол адам былай жауап береді:

«Бұл екі әулиенің абзалдығын анықтай білу үшін олар-дан жоғары әулие болу керек...[1]».

Яғни, Аллаһ достарының абзалдылық көкжиегін нақты ұға білу ұстау сезімдер үлесі емес. Адами сезім Аллаһтың әулие құлдары туралы абзалдылық өлшемдерінде әлсіз бола тұра Аллаһ сүйіктісінің қадір-қасиетін бағалау үшін қаншалықты өлшем қоя алсын?

1. Ахмед Әфләки, Мәнәқибүл Арифин, II, 225.

Сөздердің шектеулі мүмкіндіктерімен жазылған барлық сирәт (Хазіреті Пайғамбардың өмірбаяны туралы) кітаптары, шынтуайтында, Хазіреті Пайғамбар Мырзамыздың ﷺ ақиқатын қаншалықты қамтып, түсіндіре алады дейсіз?! Тіпті Оны түсіндіремін деген әрбір қалам жазушының көңіліндегі махаббат мөлшерінде ғана әңгімелеу құдіретіне ие болып тұрса...

БІТПЕС РУХАНИ КҮШ

Мәуләнә Жәләлүддин Руми бір күні шәкірттерімен сұхбаттасып отырғанда **Шәмс Тәбрізи** оны сынамақ болып, бір толқу үстінде мына оғаш сұрақты қойды:

«Баязид Бистами жоғары ма, әлде Хазіреті Мұхаммед Мұстафа ﷺ жоғары ма?»

Мәуләнә Жәләлүддин үрейге бөленеді де, айбынды түрде:

«Бұл қандай қисынсыз сауал?! Әлемдерге мейірім ретінде жіберілген ұлы Пайғамбарды барша рухани қазынасы Оған тәуелді болу және көңіл ләззатын Одан алған әулиемен салыстыруға бола ма?» — дейді.

Тәбріздік Шәмс сол байсалдықпен сұрағын былай түсіндіреді:

«Олай болса, неге Баязид Раббысынан тозаққа кіргізілуін және онда денесінің ешбір күнаһарға орын қалмайтындай деңгейде үлкейтуін талап етіп, бірақ кішкене ғана иләһи көріністе «Данқым қандай ұлы!

Өзімді дәріптеймін!...» — десе, Хазіреті Пайғамбар ﷺ сансыз иләһи көріністерге көз жекізгенімен, үлкен кішіпейілділікпен қол жеткізген жоғары дәрежелермен шектелмей, Раббысына хамд-мадақ пен шүкір кейпінде және Оған жақын болу арманымен үнемі қалап жатты, қалап жатты, қалап жатты?» — деп сұрайды.

Бұл сұрақ Мәуләнә Жәләлуддинді тек ақыл нұрландырған заһир (позитивтік) ғылымның шегіне әкеліп тірейді. Мәуләнә сол кездегі ғылыми деңгейімен бұл сұраққа толық жауап беруі мүмкін емес-ті. Бұл шектен Шәмс оны рухани қолданыс әрі күшпен алға қарай бағыттайды. Өйткені заһир (ашық, сыртқы) әлемнің арғы беті — ұшы-қиыры жоқ «ләдун әлемі». Өстіп, Шәмс әңгімеге тартқан адамын жан дүниесінде жасырын болған рухани көкжиек тұңғиығына қарай найзағай жылдамдығымен кәшф (табу, ашу) саяхатына шығарғандай болды.

Мұндай кенет кемелденудің әсерімен Хазіреті Мәуләнә заһири ғылым қайталауларынан алдын ала жаттап алғандай тез арада былай жауап береді:

«Баязидтің: “Данқым қандай ұлы! Өзімді дәріптеймін! Мен сұлтандардың сұлтанымын!...» — деген сөзі рухани тоқтық халінің бейнесі. Яғни оның рухани шөлі кішкене ғана көрініспен басылған болды. Мұхиттың көлемі шексіз, бірақ оның жүрегінің ауқымы мен күші осындай ғана еді. Сондықтан кішкене ғана иләһи көрініспен оның рухы талапсыз кейіпке келді, есінен танып, ақыл әлемінен шығып кетті.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ « اَلَمْ نَشْرَحْ لَكَ صَدْرَكَ **Сенің көкірегіңді ашпап па едік»** сырына қол жеткізген. Иләһи сырлар өзін жан жақтан қамтыса да, ғарыштай кең көңіл әлемі еш сейілмеген. Құлдың Раббысымен арасындағы ара қашықтық шексіздігіндей Оның жүрек ауқымы мен күші де шексіз. Сондықтан қол жеткізген шексіз иләһи көріністер Оның иләһи ғашықтығын басуға жеткіліксіз болып, керісінше, шексіз құштарлық пен қалауы шөлдей береді. Ішкен сайын шөлі арта түседі. Әр сәт ұлы Иесіне жақындауды қалайды. Әрбір сәт бір кейіптен бір кейіпке жоғарылап, жоғарылаған сайын алдыңғы кейіпіне тәубе етеді.

"Ей, Раббым! Сені керегінше және лайықты түрде тани алмадым... Саған лайықты түрде құлшылық ете алмадым" (Мүнәуи, Фәйзүл-Қадир, II, 520) — деп кішіпейілділік көрсететін».

Міне, Мәуләнә осындай сыр мен даналық көріністерімен кемелдене отырып, заһири ғылымдардың шегінен асып, көңіл әлеміндегі Пайғамбарға ғашықтығы арқылы өте ерекше мағына өзендері сарқырап аққан, тілінен даналық төгілген ұлы әулиелердің бірі болды.

ӘУЛИЕСІ МҰНДАЙ БОЛСА

Гүржү Хатун Селчуклы сұлтанының қызы және **Хазіреті Мәуләнә**нің мүриді (шәкірті) еді. Ол сарайдың атақты суретшісі және сәулетшісі **Айнүд-Дәулә**ні жасырын суретін салып, өзіне алып келуі үшін Хазіреті Мәуләнәға жібереді. Суретші бейқам кейіпте құзырына

келіп, жағдайды Мәуләнәға айтып береді. Ол да күлімсіреп:

«Саған берілген әмірді мүмкіндігіңше орында!» — дейді.

Суретші Хазіреттің суретін сала бастайды. Бірақ алдындағы бейненің салған суретке ұқсамай, басқа бір кейіп пен түрге ауысқанын байқап, қайта сала бастайды. Осылайша Мәуләнәнің суретін салуға тырысып, жиырма парақты ескіртеді. Ақыры, әлсіздігін түсінеді де, бұл істен бас тартуға мәжбүр болады. Мәуләнәнің қолына жармасады. Өйткені атақты суретшінің өнері өз суретінің ішінде жоғалып кетеді.

Бұл оқиға суретшінің көңілін оятады. Оны таңырқау, үрей мен қобалжу сезімі билеп алады да, терең ойға шомылдырады, рухани әлем саяхатшысы етеді. Сөйтіп көңілінде ашылған терезеден Аллаһтың Елшісі ﷺ Мырзамыздың киелі келбетін елестетуге тырысқан суретшінің тілінен мына сөздер аға түседі:

«Бір діннің әулиесі осындай болса, кім біледі, Пайғамбары қандай болатынын?!»

ЖІБЕРГЕННІҢ ҚАДІРІНШЕ!...

Халид ибн Уәлид رضي الله عنه бір жорық кезінде бір мұсылман әулеттің жанында қонады. Әулет басшысы оған: «Бізге Расулуллаһ ﷺ Мырзамызды түсіндіресің бе?» — дейді.

Халид бин Уәлид ﵁: «Аллаһтың Елшісінің мәңгі әсемдіктерін түсіндіруге күш жетпейді. Бұл еш мүмкін емес» — дейді.

Басшы: «Білгеніңше түсіндір! Қысқа да нұсқа баян ет» — дегенде, Халид ﵁ былай жауап береді:

«اَلرَّسُولُ عَلٰى قَدْرِ الْمُرْسِلِ / **Жіберілген жіберген-нің қадірінше болады[2]».**

Яғни, жіберген — Әлемдердің Раббысы. Енді жі-берілгеннің абыройын сен өзің есептеп көр!...

Сөздің қысқасы, Әлем мақтанышы Пайғамбары-мыздың ﷺ ұлылығын нақты мағынада ұғуға ешбір адам баласының күші жетпейді. Біз Оны шектеулі сезімдерімізбен өлшей алмаймыз. Расында адам ба-ласының сезімінің бұл тұрғыдағы әлсіздігі себепті біз-ге Оны тікелей Аллаһтың өзі мақтап ұсынады. Оның абыройы мен даңқын баяндау ретінде:

«Аллаһ пен періштелері Пайғамбарға салауат айтады. Ей, мүминдер! Сендер де Оған салауат айтыңдар және толық берілген күйлеріңде Оған сәлем беріңдер!» (Ахзаб, 56) — деп, Расулұллаһтың ﷺ жаратылыстың тәжі мен теңдесі жоқ өнер туындысы екенін Аллаһтың өзі адам сезіміне хабарлайды.

---

2. Мүнәуи, V, 92/6478; Қасталани, Мәуәәиб-и Ләдунния аудармасы, Ыстанбұл, 1984, 471 б.

Сондықтан Оны түсіну — Аллаһқа құлшылықтың ең маңызды қадамы. Оны түсінбей, ізімен жүрмей, Оның көңіл ерекшеліктерінен нәсіп алмай иманымыз да толық болмайды. Құранды да толық ұға алмаймыз, құлшылығымыз да толық болмайды.

Көркем аятта айтылады:

«(Пайғамбарым!) **Оны Рухұл-Әмин** (Жәбірейіл) **ескерту** (және тәлім-тәрбие) **жасаушылардан болуың үшін Сенің жүрегіңе айқын араб тілінде түсірген»** (Шұара, 193-195).

Оның 23 жылдық пайғамбарлық өмірі Құранның түсініктемесі іспеттес. Құранның сыры мен даналықтары да тек Аллаһ Елшісінің ﷺ жүрек құрылымынан үлес алумен ұғынылады.

ОНЫ ТАНУДЫҢ ЕҢ ФӘЙІЗДІ, ЖЕМІСТІ ЖОЛЫ

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамызды тану Оны кітап беттерінен оқудан гөрі көкіректен оқу мүмкін. Яғни пайғамбар мінез-құлығымен құлықтанған тақуа иесі ғалым мен арифтердің көңіл әлемдерінен ұшқын мен руханият ала отырып оқу қажет. Ол тақуа иесі мүминдердің жүрек сезімдерімен ғана кіміл түрде оқы-

ла алынады. Қаншалықты Оған тақуалықпен жақындай алсақ, Оны тек сол мөлшерде ғана тани аламыз.

Аят кәрімәда айтылады:

«...Сендер тақуа иесі болыңдар, Аллаһ сендерге (білмегендеріңді) **үйретеді...»** (Бақара, 282).

Олай болса Хазіреті Пайғамбардың өмірбаянын тек хронологиялық оқу арқылы үйренуге болмайды. Хазіреті Пайғамбарды ең жақсы білетіндер — өмірлері Хазіреті Пайғамбарға ﷺ көп ұқсағандар. Оны ең жақсы танитындар — тақуалықпен өмір сүріп, Оның Сүннетін тиянақты орындап, махаббатпен, құштарлықпен Ол мейірім күніне ай болған Аллаһ достары. Олар көлеңкенің иесіне деген толық бағыныштылығымен Аллаһ Елшісінің ﷺ нұрлы ізімен жүреді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ аятта бекітілгендей өз қалауымен ешқандай әңгіме айтпайтын. Ол тек өзіне уахи етілгеннің аудармашысы, орындаушысы, түсіндірушісі, жеткізушісі және өкілі болған.

Фәнә фир-Расул, яғни Аллаһ Елшісіне ﷺ деген сүйіспеншілігімен өз арман-қалауларын Оның арман-қалауларында жойып, фәни болған Аллаһ достары да нәпсілерімен, қалауларымен әңгіме айтпайды. Олар сырнай сияқты, ішкі жан дүниелерін Аллаһтан басқа нәрселерден тазартқандықтан олардан естілген барлық тәлім-тәрбие сөздері мінез-құлқы-мен мінезденген Пайғамбар демінен бір шық іспеттес. Олардың жүректері туралық пен ақиқат нұрлары шағылысқан мөлдір

айна. Пайғамбар сөзімен: «... *Аллаһ олардың еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы, ойлайтын жүрегі мен сөйлейтін тілі болған*» (Бұхари, Риқақ, 38).

Жаратылыс нұры Пайғамбарымыз ﷺ әр нәрсеге мәңгі бақыт толқуын сыйлаған және барлық әлемдерді нұр шуағына бөлеген Күн. Пайғамбар мұрагері әулиелер де тақуа өмірлерімен ол Күнге айна болған Ай сияқты. Айдың болуы Күнге байланысты. Айдың барлық нұры, әсемдігі мен тамашалығы Күннің шашқан кішкене ғана шағылысы...

Шәйх Сағди әулиелердің барлық әсемдіктерін Аллаһ Расулына ﷺ борышты екенін, барлық көңіл қаржыларын Пайғамбарымыздың руханиятынан алғандарын «*Гүлстан*» атты еңбегінде мысал ретінде былай әңгімелейді:

«Бір адам моншаға барады. Моншада достарының біреуі оған тазалануы үшін хош иісті саз балшығын береді. Балшықтан рухты сипаған таза иіс тарайды. Адам балшықтан сұрайды.

«Ей, мүбәрак! Сен мисксің бе, әлде амбәрсің (хош иісті зат) бе? Сенің тартымды хош иісіңмен мәз болдым...»

Балшық оған былай жауап береді:

«Мен миск те, амбәр да емеспін. Өздеріңіз білетін қарапайым топырақпын. Бірақ бір гүл көшетінің астында тұрамын және әр таңда раушан гүл сабақтарынан сүзіліп

шыққан шықтармен араластырылдым. Міне, сіз сезген көңілдерге сергектік беретін бұл иіс сол гүлдерден...».

Раушан гүл – Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың рәмізі. Мына фәни өмір мектебіндегі ең маңызды тағлым да:

Ол гүлдер шахын тани білу,

Ол гүлдің мүбәрак иісі мен рухани пішінінен нәсіп ала білу,

Ол гүлдің жапырағындағы бір тамшы шық бола білу...

Бұл жолда ең негізгі қажетті зат – Оған деген махаббат.

МҰХАММЕДИ МАХАББАТ

Жүрегімізде Расулұллаһ ﷺ Мырзамызға арналған махаббатымыз қаншалықты болса, Оны соншалықты танимыз. Аллаһтың сүйіктісі ﷺ:

«*Кісі сүйгенімен бірге*» деген (Бұхари, Әдеп, 96).

Жүрек бірлестігін қамтамасыз ететін жалғыз ғана ықпал – махаббат. Махаббат көңілдерді ағыс желісі іспетті бір-біріне байланыстырады. Сонымен қатар бұл жағдай физикадағы қос қораптар мысалы бір-бірімен махаббат байланысы жалғасқан сайын ерекшеліктер бір-біріне ұқсай бастайды. Қалаулар, жиіркенулер, сезімдер мен пікірлер біртұтастыққа иіледі.

Бір-бірін шынайы сүйетін екі адам бір-біріне бірдей ұнатқан нәрселерінен сый тарту етеді. Қай гүлді ұнатса, соны алып барады, нені ұнатса, соны сыйлайды. Өйткені, сүйген адам сүйіктісі сүйетін нәрселерін де сүйеді, ұнатпайтын нәрселерін де ұнатпайды, оны есінен шығармайды, тілінен түсірмейді.

ОЛ ОСЫЛАЙ ЖАСАЙТЫН ДЕП...

Хазіреті Омардың ұлы Абдұллаһ ﵁ балалық шағынан бері бар өмірін Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамызға ізбен-із ілесуге арнаған, ондағы даналықты білсін-білмесін, Әлемдер Мырзасының жасаған әрбір ісін жасауға тырысып, ғұмыр кешкен.

Мәселең, Әлемдер Мырзасының бір бұлақтан су ішкенін көрген, ол да кей кездері сол бұлаққа барып су ішкен. Әлемдер Мырзасының ﷺ бір ағаштың көлеңкесінде отырғанын көрген, ол да кейде сол ағаштың астында отырған. Және де Әлемдер Мырзасы мүбәрак арқасын бір жартасқа сүйеп отырғанын көргенінен ол да барып бір мезет отыратын.

Абдұллаһ ибн Омар ﵁ қажылық кезінде Арафаттағы Рахмет тауының шетіндегі бір жартастың үстінде бір мезет отырған. Онан мұның себебін сұрағанда:

«Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз қоштасу қажылығы кезінде осы жартастың үстінде бір мезет отырған» — деп жауап қайтарған.

Бірде керуенмен сапар шеккенде бір жерде керуенді тоқтатып, жақындағы бір төбенің үстіндегі ағаштың жанына барып келеді. Бұл ісінің себебін сұрағандарға:

«*Хазіреті Пайғамбар ﷺ бір күні осы жерден өтіп бара жатқанда сол ағаштың астына барып келген еді*...» — деген.

Әлемдер Мырзасына көлеңкесі сияқты ілесуге тырысқан бұл ғашық сахабаның өлім сәтіндегі жағдайы да өте өнегелі.

Абдұллаһ Ибн Омар ؓ Меккеде аяқ асты науқастанып қалады. Риуаяттарға қарағанда Хажжаж уландырған. Ибн Омар үлкен азап шегеді. Қарт болса да, оны бір шатырға алып барады. Сол сәтте сөйлей де, еш әрекет жасай алмай қалады. Жанындағыларға бір нәрселер айтқысы келді. Бірақ олар оның не қалағанын түсіне алмайды. Шарасыз күтіп тұрғанда, шатырға Абдұллаһ ибн Омарды жақсы танитын біреу кіріп келеді. Олар оған Абдұллаһ ибн Омардың өздеріне бір нәрселер айтқысы келгенін, бірақ ұға алмағандарын айтады. Ол:

— Сендер алдында оған не жасадыңдар? — деп сұрайды.

Олар:

— Дәрет алдырдық — дейді.

Ол тағы да:

— Жарайды, дәрет алдырғанда құлағын мәсіх еттіңдер ме? — деп сұрайды.

Олар:

— Жоқ, ұмытып кеттік! — дейді.

Ол кісі:

— Сендер оны танымайсыңдар ма? Ол өмір бойы Пайғамбарымыз ﷺ Мырзамыз жасаған әрбір ісін жасауға, сақтанған нәрселерінен сақтануға тырысатын — дейді.

Осымен бірден құлағының арқасына мәсіх етеді. Бұдан кейін Абдұллаһ ибн Омардың көңілі жай тауып, күлімсірейді де артынша мүбәрак рухын шаттық күйде тапсырады.

Міне, көңілдері Мұхаммеди махаббатқа толы ғашық сахабалар Аллаһ Расулының ﷺ бұйрықтары сияқты Оның ым мен белгілеріне дейін үлкен мән-маңыз беретіні соншалық, Оған ілесу үшін Оны ізгі бір амал жасап жатқанын бір рет көрсе де, олар үшін жеткілікті болатын. Тіпті, қадірменді сахабалар ардақты Пайғамбарымыздың ондай істі жеке-дара әмір етуін қажет етпей, әсем сүннетті өмір бойы іске асыруға тырысатын.

Әнәс رضي الله عنه былай дейді:

«Бір күні Аллаһ Расулының ﷺ Духа намазын алты рәкәат етіп оқығанын көрдім. Сол күннен бері бұл намазды еш тастамадым».

Бұл риуаятты жеткізген **Хасан Басри** да тура сондай ынтасымен былай дейді:

«Хазіреті Әнәстің бұл мәлімдемесінен кейін мен де ол намазды тастамадым» (Табарани, Әусат, II, 68/1276).

Жәбир ﷺ айтады:

«Бір күні Пайғамбарымыз ﷺ қолымнан ұстап, мені үйіне алып келді. Бір нан бөлігін алып шықты да үйдегілерден:

— Бұған қосатын бірдеңе бар ма? — деп сұрады.

Олар:

— Үйде сірке суынан басқа еш нәрсе жоқ — деді.

Аллаһ Расулы ﷺ:

— *Сірке суы қандай тамаша қоспа!* — деді.

Аллаһ Расулынан ﷺ бұл сөзді естіген кезден бері мен де сірке суын қатты ұнатамын» (Мүслим, Әшрибә, 167-169).

Міне, Мұхаммеди махаббатқа толы жүректерде қалау мен талғамдар осылай өзгеретін. Бұл жағдайдың тағы бір мысалы — хадис ғалымы, мүжтәһид **Имам Нәуәуи**. Ол да Пайғамбарымызға сондай бір ынталықпен ілесуге тырысатын. Ол Аллаһ Расулының ﷺ қарбызды қалай жегенін білмегені үшін Оның ұстанымынан тыс әрекет істеуден қорқып, өмір бойы қарбыз жемеген.

Сондай-ақ Ол «һидаят күніне» ғашық, нұрлы жаңа туған айдай болған Хақ досы **Қожа Ахмет Яссауи** Әлемдер Мырзасы ﷺ 63 жасында мәңгі әлемге көшкені үшін ол да осы жастан кейінгі өмірін жер бетінде жүрмей, қайтыс болғанша 10 жыл қабір іспеттес жерде (қылуетте) тәлім-тәрбие ісін жалғастырып, өмірін сол дәлізде жалғастырған.

Аллаһ Елшісінің азаншысы, жәннат бақшасының жаңғырық бұлбұлы Хазіреті Біләл رضي الله عنه да Пайғамбарымыз бақилық болғаннан кейін Мәдинада тұра алмаған. Өмір бойы Пайғамбарымызға қауышатын күнін інкәр сезіммен күтіп, өмір кешкен бұл Пайғамбар ғашығы 60-тан асқан шағында Дамаскіде қайтыс болды. Қайтыс боларында:

— Құдай қаласа, ертең сүйікті достарым Хазіреті Мұхаммедпен ﷺ, Оның жолдастарымен қауышамын» — дейді.

Әйелі:

— Әттең! Басыма түскендерге!» — деп жылап жатқанда, көңілі Пайғамбарға деген құштырлыққа толы Біләл:

— Нендей тамаша, қандай жақсы!» — деп, қуанып жатты (Зәһәби, Сияр, II,359).

Әлбетте, өмір Оған деген махаббат бағының ғашық бұлбұлы ретінде сүрілсе, өлім де қауышу шаттығындай той-мейрам болады.

Хазіреті Мәуләнә былай айтқан:

«Кел, ей, көңіл! Нағыз мейрам — Хазіреті Мұхаммедке қауышу. Өйткені, әлемнің шуағы Ол мүбәрактың жамалының нұрынан».

Міне, осы нұрға құштар ғашық үшін өлім бір той шымылдығы мен бақытты қауышу сәті. Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыздың өмір жолдасы, мүминдер анасы Хазіреті Айшаның رضي الله عنها мына жағдайы қаншалықты өнегелі:

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз Ұлы Досына Айша анамыздың бөлмесінде қауышқан, сол жерге жерленген. Аллаһ Елшісінің ﷺ жұбайы болу бақытына қол жеткізген Айша анамыз Мырзамыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін де Оның қабірі жатқан бұл бөлмені тастамады. Берік шырақшыдай киелі қабірдің жанында өмір сүре берді. Екі жыл үш айдан кейін әкесі Әбу Бәкір де رضي الله عنه қайтыс болды. Ол да Пайғамбарымыздың жанына жерленді. Оның қасында бір қабір үшін орын қалды. Хазіреті Айша رضي الله عنها бұл жерді өзіне дайындаған болатын. Бірақ Хазіреті Омар رضي الله عنه соңғы демінде сол жерге жерлеу үшін Хазіреті Айша анамыздан рұқсат сұрағанда, теңдесі жоқ жомарттық абзалдылығын паш етіп, оған өз орнын береді.

Риуаятқа сүйенсек, Айша анамыз бақытқа толы бөлмесінде тек Пайғамбарымыз бен әкесі Әбу Бәкірдің қабірлері бар кезде олардың жанында еркін әрекет ететін. Бірақ Хазіреті Омар жерленгеннен кейін асқан арұят сезімінен араға перде тартып, бөлмесін екіге бөлдірген.

Міне, өмір бойы Аллаһ Елшісіне жақын болуды ең үлкен бақыт деп білген бұл мүбәрак анамыздың қайтыс боларынан бұрын жасаған мына екі өсиеті Пайғамбарымызға ﷺ қауышу ынтызарлығының ерекше көрінісі:

1. Қайтыс болғанымда әрлеу іс-шараларын жасап, жаназамды күттірмей түн уақыты болса да жерлеңдер.

2. Жаназамды қабірге алып барарда табытымның шетіне құрғақ құрма бұтақтарын жағып алып барыңдар.

Арабтардың бұрынғы әдет-ғұрыптары бойынша той түні келінді күйеу жігіттің үйіне алып барарда той кимешегінің шетіне құрғақ құрма бұтақтары жағылады екен. Міне, Хазіреті Мәуләнәға Шәби Арус (той кеші) деген шабытты берген Хазіреті Айша анамыздың осы өсиеті болса керек...

СҮННЕТ СӘНИЙЯНІҢ МӘН-МАҢЫЗЫ

Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамызды танудың және Оған деген махаббаттың ең үлкен дәлелі – Оның сүннетін көркем орындай білу. Сүннетке тәуелділік жүректерде Мұхаммеди махаббат болмай іске асатын болса, ол іс тек пішін тұрғысынан іске асқан болады да көңіл азығы мен руханияттан, берекеден мақрұм болады.

Абдұллаһ ибн Дәйләми Сүннетке ғашықтықпен тәуелді болудың маңыздылығын былай тілге тиек еткен.

«Маған жеткеніне қарайтын болсам, діннің (жоқ

болып) кетуінің бастамасы сүннеттің тәрік етілуімен болады. Жіптің жиегімен шешіле бастап, ақыры үзілгеніндей, дін де сүннеттердің бір-бірлеп тасталуымен соңында жоқ болады» (Дәрімі, Муқаддимә, 16).

Яғни, сүннеттердің бір-бірлеп өміріміздеп кетуі, Аллаһ сақтасын, мәңгілік бақытымызды мақта жібіне байлау жағдайымен тең.

Сондықтан Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамызды ең жақсы танитын Хақ досы ғалымдар мен арифтердің ең үлкен кереметі де сүннеті асқан ұқыптылықпен, көңіл аударып, шынайы мән беріп орындау болған.

Күмәнсіз, адамзат ішінде жақсы көруге ең лайық, Раббымыз сыйлаған ең көркем үлгілі тұлға, жаратылыста көрініс тапқан ең үлкен мұғжиза — Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз. Оның көңіл әлемі сирек кездесетін, таза, хош гүлдермен және жұпар иісті гүлдермен безенген жәннат бақшасынан да асып түсетін әсемдіктер арнасы.

Міне, осы тұста өз-өзімізге кейбір сауалдар қоюға мәжбүрміз.

Біз ол жәннат бақшасынан есіп тұрған руханият самалынан қаншалықты пайдаланып жүрміз?

Отбасымыздағы өміріміз қаншалықты Оныкіне ұқсас?

Сауда-саттық өміріміз қаншалықты Оның нұсқауына сай?

Әлеуметтік өміріміз қаншалықты Оның қойған өлшемдеріне сай?

Оның жүрегі үмметі үшін аса сезімтал болып, түні-күні қайғырса, кедейлер мен бейшараларға, еш кімі жоқтар мен зұлымдыққа ұшырағандарға, жетімдер мен тура жолды күтіп жүргендерге біз қаншалықты жақынбыз?

Оның көркем мінез-құлқының жанында үмметі ретінде біздер Исламның күлімсіреуі мен көңіл күйінің рухани құрылымын, пәктігі мен нәзіктігін және әдебін қаншалықты ұстанамыз?

Аллаһ біздерді Ұлық Затына сай шынайы құл, ардақты Пайғамбарына лайықты үммет етсін! Қияметке дейін барша адамзатқа ең жақсы үлгі тұлға ретінде жіберілген Пайғамбарымызды ﷺ көңіл көзімен оқи білуді, сүннетпен өмір кешуді, қияметте де Онымен шүкір туы астында жолығып, кәусар бұлағынан қанып ішіп, Ұлық шапағатына жетуді нәсіп етсін!

Әмин...

Кішіпейілділік

Құл болу адамның өз шегін білуінен басталады. Бұны дұрыс түсінген адамда тәкәппарлық, бар екенін көрсету, менмендік деген жаман қылықтарды өз бойынан көрсетуге шамасы қалмайды.

Жемісі піскен ағаштар өз бұтақтарын жерге иіп адамдарға ұсынғанындай ғалым, парасатты, данагөй таңдаулы адамдар да кішіпейілділік пен жомарттық иесі болады. Осылай көңіл әлемдерін бүкіл жаратылыс пайдалана алатын қазынағам айналдырады.

КІШІПЕЙІЛДІЛІК

Адамды адам еткен, оны жаратлысындағы негізгі гауһармен таныстырған, болмысының негізгі мақсатына жеткізген, сөйтіп адам болу кемелділігіне жеткізген сыр — иман негізінде көрініс тапқан **«көркем мінез-құлық»**.

Адамның басты ұлылығы, кемелділігі, абзалдылығы мен құны мінез-құлық деңгейі дәрежесінде. Бұл әлемде Аллаһтың сүйіп разы болған құлы бола білу рухани кемелденуді қажет етеді. Бұл кемелденудің жолы — **рухани тәрбие**ден өту.

ХАҚ ДОСТАРЫ

Әрбір өнер мен мағрифаттың сіңірілуі бір бағыт көрсетушінің арқасында болғаны сияқты адамның тұлғалығы мен мінезіне де көркем және ең тура жолды көрсететін рухани тәрбие ұстаздары — **«Хақ достары»**. Өйткені олар —

- Діннің заһири (сыртқы кейіпі) мен батынын (ішкі кейіпін) лайықты түрде бірлестіре отырып, өз бойларына дарытқан.

- Зүһд пен тақуа жолында жүректері кемелденіп, талай сатылардан өтіп, іс-қимыл кемелдігіне қол жеткізген.

- Түсіну қабілеттерін әр екі дүние көкжиегіне дейін кеңейтіп, иман ләззаты мен сезім тұңғиығына қауышқан.

- Барша ынталары адамзатты жаман әдеттер мен нәпсінің қараңғы алдауынан құтқарып, көркем мінез-құлыққа, яғни рухани кемелдік пен нұрдың көкжиегіне жеткізу болған ариф және салих, кәміл мүминдер.

Олардың көңіл әлемдері әр сәт Аллаһпен бірге болғандықтан үнемі Аллаһты еске салады. Олардың ізімен жүргендер өмір мен өмірде болып тұратын оқиғаларды ахірет терезесінен көру сыры мен мағрифатына жетеді.

Аллаһ достарының көңіл-күйлері мен іс-әрекеттері жалпы айтқанда Аллаһтың қалауына сай келеді. Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһтың былай дегенін жеткізеді:

«... Құлымды сүйгенде Мен оның сөйлейтін тілі, ойлайтын жүрегі, еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы боламын...» (Бұхари, Риқақ,38. Мәжмәуз-Зәуәид, II, 248).

Хақ достарының мінез-құлқы Құранның іс жүзіндегі түсініктемесі болып табылатын Хазіреті Пайғамбар

ﷺ Мырзамыздың көңіл дүниесінен ұшқынды шағылыстар тасиды. «Пайғамбарлық Күні» Пайғамбарымыздың асқақ сүннетін асқан ұқыптылықпен өмірлерінде орындауға тырысқан Аллаһ достары нұрын күннен алған шуақ сияқты пайғамбарлық мінез-құлықтардың көркем үлгілерін бейнелейтін жарқын айна деңгейінде. Сондықтан олардың көңіл-күйі мен іс-әрекеттерін күшті сезімталдықпен тамашалап, махаббатпен көңіл ерлеріне жармасқан жандар олардың әлемінде пайғамбари ахлақтың әсем көріністерін тамашалайды.

Раббымыз әулие құлдарына ықылас пен шынайылықтарына қарай өзгелердің көңілдеріне әсер ету билігін сыйлаған. Өйткені олар алдымен өз өмірлерінде тура жүріп, көңіл-күйлерімен, іс-әрекеттерімен айналасына ұшқын шашады. Исламның асқақтығы мен нәзіктігін өз бойларынан паш етеді. Сол үшін ерекше әсерлік берекетіне қол жеткізген.

Ал іске аспай, тек тілмен ғана айтылған сөздер мен шынайылықтан алыс көзбояушы істер сусыз өзендер іспеттес. Олар өмірдің қатты дауылы алдында арттарында кішкене де бір із қалдырмай, тез арада жоқ болады.

Аллаһ достарының жүректерде өшпес нақыштар қалдырып, жалғасуының сыры — жоғары ықыласы, шынайылық пен махаббаты.

Осы тұрғыдан тасаввуф — тек дүниеден қол үзіп, Юнус Әмре айтқандай тек тәж бен шапан киіп, белгілі зікір-дұғалармен шектелу емес. Керісінше, өзегі жағынан

тасаввуф өмір мен әлемде көрсетілген сан жетпес хикмет көріністерімен рухани тереңдеп, Аллаһтың разылығына бөлену жолында алға қарай жол жүре білу. Бұл да иләһи ұлылық пен құдірет ағыстары алдында өзінің ешнәрсе емес екенін ұғынып, әр бір демде **«О, Раббым! Қандай ұлысың!»** — деп ақиқатты мойындаумен өмір кешуге байланысты.

Аллаһ достары өмір сүрген ортасы үшін мейірім мен берекет кепілі. Қоғамның барлық сатыларына ашылған мейірім мен махаббат құшағы. Сонымен қатар олар иман иелерін өзіне тартып тұратын ынтықтық орталығы. Өйткені Аллаһ өз мінез-құлқымен безенген салих құлдарын сүйген және өзгелерге сүйдірген.

Аят кәрімәда былай делінген:

«Иман келтіріп, салих амалдар жасағандарға, олар үшін өте мейірімді болған Аллаһ, (көңілдерде) **сүйіспеншілік жаратады»** (Мәриям, 96).

Осыған орай, Хақ достарының денелік болмыстары фәни болса да, рухани болмыстары өткінші болмайды, ұмытылмайды, сүйгендерінің көкейлерінде өзіндік өмірін жалғастыра береді. Аллаһтың әулие құлдары үшін көңілдерге берген бұл сүйіспеншілігі негізінде мәңгі бақыт себепшісі болған өте үлкен нығмет. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ ахіретте кісі сүйгенімен бірге болатынын уәде еткен. Аллаһтың бұл ерекше құлдарын сүйіп, оларға жақын болуға тырысу құлды Раббысына жақындатады.

Егер Аллаһтың сүйікті құлдары әулиелерді жақсы көріп, сүйген болсақ және ахіретте олармен бірге тірілтілуді қаласақ, онда олардың көркем мінез-құлықтарынан нәсіп алуға тырысуымыз керек. Өйткені махаббаттың белгісі — сүйген жанның сүйіктісінің халімен біте қайнасуы.

Сондықтан Хақ достарының ахлағымен безенуге тырысу үшін көркем ахлақтың және оның олардағы керемет көріністерін өте жақсы ұғу қажет. Міне, Хақ достарының ұлық ахлағын көрсететін ерекше қасиеттердің бірі —

ЖОҒАРЫ ҚҰЛШЫЛЫҚ ӘДЕБІ – КІШІПЕЙІЛДІЛІК

Аллаһқа құлшылық ету алдымен күшті сана-сезімді талап етеді. Иләһи құдірет пен ұлылық алдында еш нәрсе емес екенімізді сезініп, Аллаһтың қалауымен жоқ бола тұрып бар болғанымыздай, бар болуымызды да Оның сыйы мен жомарттығымен жалғастыра алатынымызды сезінуіміз, әр сәтте, әр демімізде Оған мұқтаж екенімізді білу құлшылығымыздың өзегі болып табылады. Яғни, құлшылық — иләһи салтанат алдындағы әлсіздігі мен шамасын білу. Бұны лайықты түрде көре білген адамда тәкаппарлануға, бар екенін көрсету мен менмендікке орын қалмайды.

Барынша тағзым көрсетіп, әдептілікпен:

«Алған Сенсің, берген Сенсің, жасаған Сенсің!

Не берсең сол, бұдан басқа неміз бар?!» — деп, Аллаһты паналаған **Һүдайы Хазірет** сияқты құл екенін мойындаумен мадақ, шүкіршілік пен ризашылық жағдайында болады. Олай болса кішіпейілділіктен нәсібі жоқтар Раббының құдірет пен ұлылығын дұрыс ұғына алмағандар.

Сонымен қатар арифтер сұлтаны **Хазіреті Мәуләнә**нің:

«Мен құл болдым, құл болдым. Құл болдым. Мен әлсіз құл, құл болу міндетімді орындай алмағаным үшін ұялдым, басымды төмен идім. Әрбір құл азат етілгенде қуанады. Аллаһым! Ал, мен саған құл болғаным үшін қуандым» — деп айтқанындай нағыз кішіпейілділік құлды иләһи ұлылық алдында «ештік» пен «түкке тұрғысыз» екенін мойындауға жетелейді.

Расында Хазіреті Пайғамбарымыздың немересі **Хазіреті Хасан**ның Қағбаны тауаф етіп, Мақамұ Ибраһимде екі рәкәат намазын оқығаннан кейін ішінен қайталаған мына жалбарынышы құл болу әдебіне тән тамаша мысал:

«Уа, Раббым! Сенің кішкене де әлсіз құлың есігіңе келді. Аллаһым! Әлсіз қызметшің есігіңе келді. О, Раббым! Тіленшің есігіңе келді. Сенің жоқшылың есігіңе келді!»

Бұл жүректі жалындататын жалбарынысынан кейін ол жерден кеткен Хазіреті Хасан رضي الله عنه жолда бір үзім нанмен қарындарын тойдырып жатқан кедей адамдарға

кездеседі. Сәлем береді. Олар да Хазіреті Хасанды құрғақ наннан тұратын тағамдарына шақырады. Пайғамбарымыздың немересі Хазіреті Хасан ﵁ кедейлермен бірге отырады. Сосын:

«Бұл нанның сіздерге садақа ретінде берілмегенін білсем, сіздермен бірге жер едім! Қане, жүріңіз! Біздің үйге барайық!» — дейді.

Ол кедейлердің қарнын тойдырғаннан кейін оларға киім кидіреді, қалталарына біраз мөлшер ақша салып, шығарып салады (Әбшиһи, әл-Мүстатраф, Бейрут, 1986, I, 31).

Міне, шынайы кішіпейілділік мүминнің Раббысы мен жаратқандарына деген осындай терең сезімтал өмір сүруін қамтамасыз ететін жоғары құлдық әдебі. Бұл әдепті тұлғалығына әсем түрде нақыш ете білгендер әрбір жағдай мен іс-әрекеттеріне өте назар аударып, абай болады. Отыруларында, тұруларында, киім-кешектерінде, сөздерінде, үнсіздіктерінде, текетірестерінде, жүрістерінде, қысқасы — әр бір халде бұл әдепті паш етумен болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

«Рахманның (мейірімі көрініс тапқан хас) **құлдары жер бетінде салмақты және кішіпейілділікпен жүреді...»** (Фұрқан, 63).

«Жер жүзінде жүргенде дандайсып асқақтама! Өйткені (салмағыңмен, ұлылығыңмен) **жерді тесе алмайсың, бой жағынан да таулармен иық теңестіре алмайсың»** (Исра, 37).

«Адамдарға паңсынып шертиме, жер бетінде керденңдеп кетпе! Аллаһ әспенсіген мақтаншақтарды ұнатпайды» (Лұқман, 18).

Аят кәримәларда паңсынып, керденңдеп жүруге тыйым салынған. Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыздың өрден түсіп келе жатқандай жылдам, салмақты әрі алдына қарап жүруі де Оның кішіпейіл халінің бір үлгісі. Сондай-ақ бұл мақталған мінез-құлық Аллаһ достарының да нышаны болып, тасаввуфта **«Назар бәр қадам** (алдына қарау)**»** сөзімен маңызды бір дәстүрге айналған.

Жүргенде аяқ ұштарына қарауда кішіпейілділік, әдеп, өз шегін білу, көзді харамнан қорғау, Аллаһ пен Расулының әмірлеріне деген бағыныштылық сияқты абзалдылық бар.

Тек жүргенде ғана емес, әрбір жағдайда кішіпейіл болу Аллаһтың махаббатына себепші болады. Хадис шәрифте:

«...Кім Аллаһ үшін кішіпейілдік танытса, Аллаһ оны көтереді, кімде-кім тәкаппарлық қылса, Аллаһ оны төмендетеді» — деген (Хәйсәми, X, 325).

Хақ досы **Мәуләнә Хазірет** те кішіпейілділік мәселесінде топырақтың адам түйсігіне ұсынған хикметті ұға отырып, кішіпейілділікте топырақ сияқты болуға үндеу салады:

«Аллаһ былай әмір етті: «Ей, адам! Назар аударып, қара! Сенің топырақтан жаратылған денеңе

рухымнан бір тұқым егіп, сені ардақты еттім. Сен бұл топырақтың бір ұнтағы бола тұра, сені ардақты болмыс еттім. Саған ақыл бердім, ғашықтық сезім бердім. Сен тағы бір айналым жаса да топырақ бол, яғни кішіпейілділікті өз қасиетің қылып ал! Мен де сені барша жаратқандарымның үстіне әмірші етейін».

Шәйх Сағди Ширази кішіпейілділік абзалдылығының рухани өрлеу сырына назар аударту мақсатында суға хикмет назарымен қарап, былай дейді:

«Сел үрей тудыра аққаны үшін басы төмен домалай жөнеледі. Шық тамшысы болса кішкене де әлсіз болғандығынан Күн оны сүйіспеншілікпен жоғары көтереді».

Аллаһтың құлдарында көруді қалаған кішіпейілділік халі иләһи сүйіншілерге жетуге себепші. Аятта:

«... (Расулым!) **ықыласты да кішіпейіл адамдарға қуанышты хабар бер! Олар сондай, Аллаһ еске алынғанда жүректері дүпілдейді, бастарына түскен бейнетке шыдайды, намаз оқиды, өздеріне ризық қылып бергендерімізден** (Аллаһ үшін) **сарып қылады»** (Хаж, 34-35).

Олай болса ықылас пен кішіпейілділік Аллаһқа құл болу міндетімізді өтеуде өмірлік маңызға ие.

МОЙНЫ БАРДЫҢ МОЙНЫН ҚЫЛЫШ ШАБАДЫ...

Бар екенін көрсету мен менмендік дәмесінен алыс кішіпейіл адамдар көптеген рухани қауіптерден аман болады. **Мәуләнә Хазірет** бұл ақиқатты былай салыстырып түсіндіреді:

«Мойны бардың мойнын қылыш шабады... Көлеңке жерге төселгендіктен ешбір қылыш соққысы оны жаралай алмайды».

Сондықтан иесін рухани өрлететін шынайы кішіпейілдік адамның хикмет пен мағрифатының да артуына, парасаттылығының ашылуына себепші болады. Бұл туралы *Мәснәуиде* былай делінген:

«Кішіпейілділігіңмен сырт көзге қор болған сияқты көрінсең де Аллаһ сенің көзіңе тура көру парасаттылығын сыйлайды. Бұдан кейін әр нәрсенің ақиқатын ашық көретін, "Аллаһым, бізге барлық нәрсенің ақиқатын көрсет!" хадисінің сырына қанық боласың».

Кішіпейілділік мейірімді, қызмет етуді және жомарттықты тудырады. Кішіпейіл адам қызмет иесі, мейірімді, жұмсақ. Керісінше, кішіпейілділіктен нәсіпсіз адам да тәкаппар, менменшіл, иләһи сыйлармен ілтипаттан мақрұм.

Имам Шарани «әл-Бахрұл-Мәуруд» атты еңбегінде былай дейді:

«Бір рухани мәжілісте ең көп пайдаланған адам онда көбірек кішіпейілділік танытқан адам. Өйткені иләһи мейірім үнемі жаратылысы мен ұстанымы пақыр адамдай болған қарапайым адамдардың көңіліне түседі. Не, көрмей жүрміз бе? Жаңбыр суларының өзі де үнемі шұңқыр мен алқаптарда жиналады, өзендерден ағады».

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ КІШІПЕЙІЛДІЛІГІ

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз былай деген:

*«Аллаһ Тағала маған: **«Бір-біріңе сондай кішіпейіл болыңдар, еш қайсың басқаға қарсы шектен шығып зұлымдық етпесін! Және де ешкім басқа біреуге тәкаппарланып, абзалдылық танытпасын»** — деп уахи етті»* (Мүслим, Жәннат, 64).

Көркем мінез-құлықты толықтырып, кемелдендіру үшін жіберілген Мырзамыз ﷺ азат пен құл адамдардың шақыруын қабылдап, бір жұтым сүт болса да, сыйлықты қабыл алатын және сыйлықпен қайтаратын. Қоғамда қор көрінген, еленбейтін күң немесе кедей адамдардың қалауларын назардан тыс қалдырмауға да үлкен мән-маңыз беретін.

Пайғамбар ﷺ Мырзаымз асхабымен бірге Бәдір шайқасы үшін жолға шыққанда түйе саны жеткіліксіз болғандықтан бір түйеге кезектесе үш адам мінген. Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз да түйесін

Хазіреті Әли және **Әбу Лүбәб**мен ﷺ кезектесіп мінген. Жаяу жүру кезегі Пайғамбарымызға келгенде жолдастары:

«О, Аллаһ Елшісі! Өтінеміз, сіз мініңіз, біз сіздің орныңызға жүреміз» — дейді. Расулұллаһ ﷺ:

«*Жүруге сендер менен шыдамдырақ емессіңдер! Оның үстіне мен сауап алу мәселесінде сендерден мұқтажсыздау емеспін*» — деген (Ибн Сағд, II, 21).

Меккені жеңіп алу — мұсылмандар жиырма жыл шеккен азап пен қорлық, зұлымдықтардан кейін Аллаһ нәсіп еткен ең үлкен жеңіс. Алайда, Пайғамбарымыз ﷺ Меккеге жеңіс белгісімен емес, түйесінің өркешіне жабысып, бейне бір сәждеге жығылып, шүкірін өтеу ішінде кірген. Ең кішкентай менмендік көрінісіне қарсы қою үшін:

«*Аллаһым! Өмір тек ахірет өмірі*» — деп жалбарынған болатын (Уақиди, II, 824; Бұхари, Риқақ, 1).

Мекке алынған күні қорқып, қобалжу үстінде дірілдеп:

«Ей, Аллаһтың Елшісі! Маған Исламды үйретіңізші!» деген жерлесін өз мүмкіндіктерінің ең нашар болған кезінен мысал келтіріп, жұбатады да:

«*Қобалжыма, бауырым! Мен патша не әмірші емеспін! (Аяулы анасын меңзей) Құрайштан күнге кептірілген ет жеген сенің байырғы көршіңнің*

жетімімін» — деп, өте керемет кішіпейілділік көрсетеді (Ибн Мәжә, Әт'имә, 30. Табарани, Әусат, 2, 64).

Сол күні қарт әкесін арқалап құзырына алып келген және оған иман үйретуін талап еткен Хазіреті Әбу Бәкірге:

«Ей, Әбу Бәкір! Мына қарт әкеңді неліктен бұл жерге дейін шаршаттың? Біз оның жанына бара алмайтын ба едік?!» — деген (Ахмед, VI, 349; Хәйсәми, VI, 174; Ибн Са'д, V, 451).

Өзіне өте қатты тағзым етіп, құрмет көрсеткендерге:

«Сендер мені өз дәрежемнен жоғары құрметтемеңдер! Өйткені Аллаһ мені "Елші" етіп алмай тұрып, "Құл" еткен» — деп, ескерту жасаған (Хәйсәми, IX, 21).

САХАБАЛАРДЫҢ КІШІПЕЙІЛДІЛІГІ

Пайғамбари тәрбие аясында өніп-өскен сахаба нәсілі де Аллаһ Расулының кішпейілділік халінен ерекше үлгілер алған.

Хазіреті Әбу Бәкір رضي الله عنه Аллаһ Расулының сөзімен: *«Үшіншілері Аллаһ болған екеудің екіншісі»*[3] болуына және Пайғамбарымыздың: *«Әбу Бәкір менен,*

---

3. Бұхари, Тәфсир, 9/9.

мен де оданмын»[4] — дегеніне қарамай, халифалыққа сайланғанда жасаған алғаш хұтпасында:

«Ей, адамдар! Ең абзалдарың болмасам да, сендерге әмірші тағайындалған болып тұрмын» — деп, ісінде аса шебер болса да, Аллаһтың сый-сияпатын үміт етіп, кішпейілдік таныта білген.

Сәлмән ﵁ Мәдаин қаласының әкімі болған кезінде Шамнан бір саудагер келген. Саудагер жүгін таситын жүк тасушы іздеп жүріп, алдынан арқасында қарапайым шапаны бар Сәлмән ﵁ шыға келеді. Оны танымай:

«Кел, мынаны тасы!» — дейді.

Сәлмән ﵁ жүкті арқасына алады. Халық әкімді біреудің жүгін тасып бара жатқанын көргенде, әлгі адамға жағдайды түсіндіреді. Шамдық саудагер бірден кешірім сұрап, жүкті алуға тырысса да, Сәлмән:

«Оқасы жоқ, жүкті үйіңе апарғанша арқамнан түсірмеймін» — деп жауап қайырады (Ибн Сағд, IV, 66).

Пайғамбар азаншысы **Біләл** ﵁ қара тектес еді. Бірде **Әбу Зәр** ﵁ ашу үстінде: «Ей, қара әйелдің ұлы!» — деп айтқан. Оған Пайғамбарымыз ﷺ ашуланады.

Кейін Әбу Зәрдің жағдайын Мағрур бин Суәйд былай түсіндіреді:

---

4. Термези, Мәнақиб, 20.

«Бір күні Әбу Зәрға ﷺ жолықтым. Үстінде бағалы киімі бар екен. Тура сондай киімнің құлының үстінде де бар екенін көргенде, одан бұның себебін сұрадым:

Әбу Зәр ﷺ Хазіреті Пайғамбар ﷺ кезінде бір адамға балағат еткенін және оны шешесі үшін айыптағанын айтты. Сонда Пайғамбар ﷺ оған былай деген:

«Сен өзінде надандық дәуірінің мінез-құлқы бар адамсың! Олар сендердің қызметшілерің және сонымен қатар бауырларың да. Аллаһ оларды сендердің қамқорлықтарыңа берген. Кімнің қарамағында бауыры болса, өзі жегенінен оған да жегізсін, кигенінен оған да кигізсін. Оларға күші жетпейтін нәрселерді жүктемеңдер. Егер тапсыратын болсаңдар, оларға жәрдем етіңдер!» (Бұхари, Иман, 22; Итқ, 15; Мүслим, Әймән, 40).

КІШПЕЙІЛДІЛІКТЕ ОРТА ЖОЛ ҰСТАНУ

Кішпейілділікте шектен шығу адамды қорлыққа не болмаса астарлы түрдегі тәкаппарлыққа итермелейді. Нағыз кішіпейілділік – рухани деңгейі жоғары адамдардың еншісі. Олай болмаған жағдайда ондай іс-әрекет жасағандардың ісі кішпейілдік киімін жамылып алып тәкаппарлану мен көзбояушылық жасау ғана.

Шәйх Сағди тамаша айтқан:

«Жаңғақ сияқы өзінде тағы бір қабат бар деп ойлаған адам жуа сияқты тек қабық қана шығады».

Бұл сөздің мағынасы — ерекше құны, қасиеті болмаған адамдардың кішіпейілдіктері тек көзбояушылық қана.

Адамдарға бұтақтарын иіп, піскен жемістерін ұсынған ағаштар тәрізді ақыл мен ғылымға, даналыққа ие таңдаулы адамдар ғана кішіпейіл және жомарт бола алады. Олай болса адам баласы көзбояушылыққа сүйенген нәпсіқұмарлықтан туындаған атақ-мансаптан гөрі ішкі дүниесін барша болмыс пайдалана алатын сарай мен қазынаға айналдуры керек.

Кейбіреуі өздерін «Қандай кішіпейіл адам» деп көрсеткісі келіп, нәпсіқұмарлығын қанағаттандыру үшін кішіпейілдік танытады. Бұл көзбояушылық — **«кішіпейілдік мақтанышынан»**, яғни кішіпейілдік бейнесі берілген такаппарлық қана.

Мысалы, «мен түкке тұрғысыз, әлсіз адаммын. Көп жақсылық жасай алдым, тек мынандай құлшылықтарым бар...» деген сияқты сөздер мақтаншақтық пен тәкаппарлықтың кішіпейілділікпен жамылған түрі болып табылады.

Хасан Басри Хазірет былай дейді:

«Адамдарға өзін көп жамандайтын адам негізінде өзін мақтағаны. Ал бұл көзбояушылық белгісі».

Сондықтан кішіпейілділік көрсеткенде шектен шығу да қауіпті. Өйткені тәкаппарлық пен мақтаншақтық нәпсіні күшейткенмен рухты өлтіретін көріністегі биіктік ғана. **Хазіреті Мәуләнә** былай деп ескерту жасайды:

«Құл сияқты кішіпейіл бол да, ат сияқты жерде жүр. Иықтарда жүрген табыт сияқты жоғарылауға тырыспа. Нәпсі өте көп мақтану себебінен Перғауындай болды. Сен тек қарапайым, көңілді бол, (қаншалықты ұлы болсаң да) ұлықтық көрсетпе!»

Нағыз кішіпейілдік – нәпсіні Аллаһқа құл етіп, халыққа ынсапты болу деген сөз. Яғни Аллаһтың әмірлеріне шынайы түрде мойынсұнып, кішіпейілдік пен әлсіздігін мойындау, адамдардың құқығына құрмет көрсетіп, олардың тура болған сөздерін қабыл алу, ақиқаттар жайында нәпсісінен туындаған қырсықтық жасаудан сақтану.

Фұдайл ибн Ияз былай дейді:

«Кішіпейілдік – наданнан болсын, қаласаң баладан болсын тура және ақиқатты естігенде оған мойын иіп, оны қабыл алуың».

РУХАНИ ТӘРБИЕДЕГІ КІШІПЕЙІЛДІКТІҢ ӘСЕРІ

Бір қанатты сөзде «Кішіпейілділік абырой аулаған аңшыға ұқсайды» делінген. Шынымен, рухани абырой мен ізетке және сондай мәртебелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін кішіпейілділіктен басқа әсерлі ештеңе жоқ.

Керісінше, тәкаппарлық пен менмендік дәмелер Аллаһты қатты ашуландыратын жаман мінез.

Хазіреті Әбу Бәкір ﵁ бұл туралы былай деген:

«Құл қолындағы дүние нығметтерінің біреуінің арқасында тәкаппарланса, Аллаһ ол нығмет құлынан кеткенше сол құлын жек көреді».

Рухани тәрбие алдымен нәпсіні тыйып, ағартудан басталады. Нәпсінің бас тартуы өте қиын қасиет — тәкаппарлық пен мемендік.

Алғаш сопылардан **Әбу Хашим әс-Суфи**:

«Жүректен орын алған тәкаппарлықты ойып алып тастау тауды инемен қазғаннан да қиын» деген.

Бұл іске аспайынша, рухани кемелдену мен дін мақсат тұтқан «кәміл адам» болу мүмкін емес.

Хазіреті Мәуләнә айтқандай:

«Бір адам өз болмысынан өтіп, шын мәніндегі жоқтық халіне жетіп, сол жоқтық халі ол адамға рухани әшекей болса, ол адамның Мұхаммед ﷺ *сияқты көленкесі қалмайды. Яғни ол адам қиялдық та көлеңке болмысынан құтылады»*.

Негізі «жоқтық» болған, яғни жоқтықтан келген адам баласының «бармын» деп, менмендік дауын көтеруі ең үлкен көргенсіздік, бетбақтық. Барша дүниелік сүйеністер мен нәпсіқұмарлық ләззаттар да құлдың бұл бейқамдыққа түсуіне арна болатын сынақ тұзақтары. Бұл тұзаққа түскен тәкаппар адамдар қармақтағы жемнің бір

сәттік ләззатына бола өзін құрдымға сүрейтін балықтар сияқты. **Хазіреті Мәуләнә** бұны нендей тамаша түсіндірген:

«Бар екенін көрсету мен менмендік адамды мас қылады. Басынан ақылын, ұялу сезімін көңілінен алады.

Шайтан осы мастыққа душар болып «Адам неліктен менен жоғары, маған басшы болады?» — деді де, қарғысқа ұшырады».

Сондықтан тәкаппарлық кесірін нәпсіден өшіріп тастау — өмірлік маңызға ие міндет.

Хасан Басри Хазірет:

«Кішпейілдік — алдыңнан шыққан әр мұсылманның өзіңнен жоғары екеніне сенуің» — деген.

Арифтар сұлтаны **Хазіреті Нақшибәнд** сопылық жолға түсуінің алғашқы жылдарында адамдар жүретін жолдарын тазалаған, ауруларға, әлсіздерге тіпті, жаралы аңдарға қызмет көрсеткен. Осылайша үлкен кішпейілділікпен «ештік» халін бойына дарытқан. Көптеген рухани мәртебеге де бұл қызметтерінің берекетімен жеткенін айтқан.

Оның қол жеткізген көріністерінің сырын баяндайтын мына өлең шумағы өте мағыналы:

Әлем бидай мен сабан,
Әлем жақсы, мен жаман!..

Міне, адам осындай жүрек деңгейіне жеткеннен кейін ғана рухани кемелдену жолына түскен болып есептеледі. **Хазіреті Мәуләнә** бұл жүрек деңгейіне жеткендерге былай деп үндеу салады:

«Жолға шықсаң, саған жол ашады. Жоқ болсаң, сені бар етеді.

Бар болудың айнасы не? Бар болудың айнасы — жоқ болу.

Ей, Аллаһ ғашығы! Егер ақымақ болмасаң, Аллаһтың құзырына жоқтықты алып бар».

Тәкаппарлық сияқты бейқамдықпен, ауырлықпен рухани қашықтықты өту мүмкін емес. **Қожа Байрам Уәлі Хазірет** айтқандай:

«Тәкаппарлық белге байланған тас сияқты. Онымен жүзу де, ұшу да мүмкін емес».

Сондықтан Хақ достары нәпсілерін тазарта білу үшін алдымен «бармын» деген менмендік киімін шешіп, «жоқтық» пен «ештік» киімін бар ықыластарымен киген. Тек бұл мәртебеден кейін ғана рухани сұлтандыққа қол жеткізген.

Әлем падишахтарына жол сілтеген **Һұдайы Хазірет** үлкен Бұрса қаласының қазысы бола тұра, рухани тәрбие үшін **Үфтада Хазіреттің** шәкірті болғанда, ұстазы алдымен оның дүниелік те нәпсіге тән сүйеулерден бас тартуын талап етті. Оған қазы бола тұра қаланың базарында сәнді шапанымен ішек-қарын сату әмір етіл-

ді. Кейін дәргаһтың (медресенің) әжетхана тазалығы қызметі тапсырылды.

Үлкен Хақ досы **Халид Бағдади Хазірет** те ғылым әлемінің күні мәртебесіндей болған кезінде **Дәһләуи Хазірет**тің алдына тізе бүгіп, берілген әжетхана тазалығы міндетін тиянақты түрде атқарған. Осылайша кішпейілдік танытып, жоқтық пен ештік тәжін киген, нәтижесінде ұстазының ілтипаттары мен рухани сыйларға қарық болған.

Сөзімізді қорыта келе айтарымыз — рухани кемелдік үшін ешбір мезет кішіпейілдік киімін үстімізден шешпеуіміз керек. Кішіпейілдіксіз құл болу — кем және науқас құлдық, менмендік пен тәкаппарлық — Аллаһтың кәріне ұшыраған шайтан сияқты адамды күпірлікке дейін апаратын ең қауіпті апаттардың бірі.

Хақ достары кішіпейілдік деген абзалықты өздері үшін өмірлік ұстаным деп қабылдағандары үшін Аллаһтың үлкен нығметтеріне кенеліп, руханият аспанының жұлдыздарына айналған. Сөйтіп қол жеткізген рухани билік пен қолданыс күштері арқылы өмір бойы адамдардың тура жолға түсуіне күш-жігер жұмсағандары сияқты фәни өмірлерін тауысып, бұл жалғаннан көшкеннен кейін де туралыққа үндеуді жалғастырып келе жатыр.

Раббымыз Хақ достарының кішіпейілдік, жоқтық және ештікпен өрлеген көңіл әлемдерінен жүректерімізге нәсіптер тарту етсін. Құлдығымыз бен шегімізді біліп, міндет пен жауапкершіліктерімізді кемел әдеппен орындай білуімізге мүмкіндік берсін!

Әмин...

Білімсіз бен надандарға сабыр мен шыдамдылық

Жемісі бар ағашқа тас лақытрады. Қалай жемісті ағаш басына тиетін тастарға дайын болса, нағыз мүминдердер де надан, дөрекі адамдардан келетін ауыртпалықтарға дайын болуы керек. Аллаһ разылығы үшін адамдар берген ауыртпалыққа шыдау жоғары деңгейдегі иман сезімі.

Әлемдегі иләһи көріністерді хикмет назарымен оқи білген Хазіреті Мәуләнә былай деген:

«Гүл тікенге шыдап сабыр еткені үшін өте керемет иісі мен әдемі реңгі болды».

БІЛІМСІЗ бен НАДАНДАРҒА САБЫР мен ШЫДАМДЫЛЫҚ

Жақсылық пен жамандық, хақ пен бәтыл, бұрыс пен дұрыс ұғымы адам түсінігіне үлгілер мен мысалдар арқылы орнығып, нақты деңгейіне жетеді. Құран мен Сүннеттің фәйізімен, руханиятымен өмір сүрген Хақ достары біз, мұсылмандар үшін іс жүзіндегі үлгі-өнегелер болып табылады. Өз жағдайымызды әрқашан олардың жағдайларымен салыстыра отырып, олар сияқты фәйіз бен руханиятқа толы көңілге ие болу үшін тырысуымыз керек.

Өйткені пайғамбар мұрагері Хақ достары – пайғамбари тәлім-тәрбие мен ұстаным кемелдігінің кезеңдер мен уақыттарға Аллаһ бөліп қойған биік шыңы. Яғни, олар Хазіреті Пайғамбар мен сахабаларын көру абыройына бөлене алмағандар үшін үлгі тұтарлық тұлғалар. Олардың рахмет тілімен көңілдерді тіліртіп, жандандыратын тағлымдары мен насихаттары, негізінде, пайғамбари бұлақтан сүзіліп келген руханият шықтары іспеттес.

Хақ достарының ерекше қасиеттерінің біреуі — **білімсіз беп надандардан, әдептілік пен сыпайылық білмейтін дөрекі адамдардан келген жәбір-жапаға, машақаттарға сабырлық танытып, адамдардың рухани кемелденуі үшін үнемі халықтың ішінде күн кешулері.**

Барлық ерекше қасиеттер сияқты бұл қасиетті ең ке-мелді түрде бізге тағлым ететін ең күшті мектеп — Хазіреті Пайғамбардың ﷺ үлгілі тұлғасы.

ПАЙҒАМБАР ﷺ МЫРЗАМЫЗДЫҢ САБЫРЛЫЛЫҒЫ мен ШЫДАМДЫЛЫҒЫ

Адамзатқа үлгілі тұлға ретінде сыйланған Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамыз киелі өмірі бойынша өте көп ауыртпалықтарға, машақаттарға төзді. Ол көрген қиындықтардың саны белгісіз. Бірақ Аллаһ жолында көрген қиындықтар мен машақаттар Оны әсте бездірмеді, жүрегінің тепе-теңдігін бұзбады. Өйткені Оның жұмсақ та, сергек жүрегі әрқашан Раббысының разылығын сұрап, Ол разы болса, фәнилерден келген ауыртпалықтардың еш мәні жоқ болатын.

Аят кәримәда:

«Кәпірлер мен мұнәфиқтарға бойсұнба! Олардың салған жәбір-жапасын елеме! Аллаһқа сүйен! Жар болуға Аллаһ жеткілікті» (Ахзаб, 48).

Аллаһ Расулының ﷺ адамдар көрсеткен жәбір-жапа

мен машақаттарды күшті сабырмен көтеруі бұрынғы киелі кітаптарда да хабары берілген пайғамбарлық белгілерінен болатын.

Яһуди ғалымдарының бірі Зәйд бин Са'нә келетін Соңғы Пайғамбардың осындай қасиеті бар екенін Құраннан бұрынғы иләһи кітаптардан оқыған. Расулұллаһ ﷺ Мырзамызға қараған сайын Одан пайғамбарлық белгілерін көрген Зәйд бин Са'нә: **«Шынында, өзіне дөрекілік танытқандарды да кешіре ме? Оған жасалған көргенсіздіктер артқан сайын Оның жұмсақтығы мен кешірімділігі сол мөлшерде арта ма?»** деп, Расулұллаһ ﷺ Мырзамызды сынап, Оның шын мәнінде солай екеніне көзі жеткен соң толық қанағаттанған жүрекпен иман келтірді (Хаким, III, 700/6547).

Расул Әкрәм ﷺ хақ дін жолында тек мұсылман еместер мен мүнәфиқтардың қылықтарына емес, Исламның әдемілігі мен нәзіктігін жетерліктей аңғара алмаған мұсылмандардың дөрекі қылықтарына да үлкен сабырмен төзімділік танытқан.Шөл даладан келген көргенсіз бәдәуи дөрекілікпен:

«Ей, Мұхаммед! Ей, Мұхаммед!» деп бірнеше рет айқайласа да, Ол әр жолы оған жұмсақтықпен:

«Мархамат! Не қалайсыз?» деп, үн қатып жатты. Яғни алдындағы адамдар қанша дөрекілік танытса да, Ол ешқашан нәзіктік өлшемдерінен тыс кеткен жоқ[5].

---

5. Мүслим, Нүзур, 8; Әбу Дәуіт, Әймән, 21/3316; Термези, Зүһд, 50; Ахмед, IV, 239.

Шөл даладан келген бір бәдәуи Пайғамбарымыздың мешітінің ішіне кіші дәретін сындырды. Сахабалар сол адамды сөге бастады. Пайғамбар ﷺ Мырзамыз:

«Оны қоя беріңдер. Дәрет сындырған жерге бір шелек су төге салыңдар. Сендер жеңілдік көрсету үшін жіберілдіңдер, қиындық тудыру үшін жіберілген жоқсыңдар» деді[6].

Міне, Рахмет Пайғамбарының бұл халі сан жетпес адамдардың тура жолды табуларына дәнекер болды. Аят кәримәда айтылған:

«(Ей, Расулым! Сол кезде) **сен тек Аллаһтың рахметімен оларға жұмсақ қатынастың. Егер дөрекі, қатыгез болсаң, әрине, олар сенен алыстап, бәрі тарқап кетер еді. Енді** (бұдан кейін де) **оларға кешірімді бол, және оларға** (Аллаһтан) **кешірім тіле...»** (Әлү Имран, 159).

Аллаһ жолында қилы ауыртпалықтарға төзген Расул Әкрәм Мырзамыз алға қойған мақсатында табысқа жетіп, Аллаһ мұсылмандарға күш-қуат пен жеңістер сыйлаған кезде де адамдардан оңашаланып, олардан келген ауыртпалықтардан құтылайын деген жоқ.

Бір күні Хазіреті Пайғамбар ﷺ сахабалар көп болған ортада олармен бірге тізе бүгіп тамақ ішіп жатқан. Оның бұл халін көріп, таң қалған бәдәуи:

---

6. Бұхари, Вудуғ, 58; Әдеп, 80.

«Бұл қалай және басқа бір отырыс?!» деп, Мырзамыздың жоғары әдептілігін тілге тиек етті. Расулұллаһ ﷺ:

«Аллаһ Тағала мені шарапатты құл ретінде жаратты (қарапайым құл қылды), қасарысып қалатын залым ретінде жаратпады» — деді[7].

Яғни, өзінің ешқашан өркөкірек, тәкаппар адамдардай әрекет етпейтінін айтқан болды. Осылай нәзік те сезімтал рухымен бүкіл адамдарға нәзіктік пен әдеміліктің биік шыңы Мырзамыз ﷺ қасарысу мен залымдық сияқты жаман мінездердің мүмин тұлғаға жараспайтынын, оның жаратылысымен еш санаспайтынын меңзеді.

Пайғамбар Мырзамыздың немере ағасы **Хазіреті Аббас** (р.а.) інісінің аулы баласының адамдармен қатынасып, олардың түрлі ауыртпалықтарына тап болуына қатты қиналатын. Бұл үшін Әлем Мақтанышы Мырзамыздың биік таққа отырып, бұл ауыртпалықтардың біразынан аман қалуын ойлаған еді. Мырзамыз ﷺ:

«Жоқ! Болмайды. Аллаһ мені іштерінен алып, рахатқа бөлегенше олардың арасында боламын. Мейлі өкшеме бассын, мейлі киімімді жұлқыласын, мейлі ортаны шаң қылып мені қинасын (бәрі-бір)»[8].

7. Әбу Дәуіт, Әт'имә, 17/3773.

8. Ибн Сағд, II, 193; Хәйсәми, IX, 21.

Мүминдерге де былай ескертті:

«Адамдар арасына араласып, олардың жапасына төзген мұсылман оларға араласпай, жапасына төзбеген адамнан қайырлы»[9].

Хазіреті Мәуләнә қандай тамаша айтқан:

«Айдың қараңғы түннен қашпай, сабыр етуі оны нұрландырады, жарықтандырады. Гүл тікеннің жолдастығына төзіп, сабыр сақтағаны үшін хош иісті де әдемі түсі болды».

Бүкіл пайғамбарлар өздеріне иман етпегендер мен надандар көрсеткен жәбір-жапаға төзіп, сабыр сақтағандары үшін олар Хақтың ерекше құлдары болды. Рухани тұрғыдан жеңіске жеткен сұлтандар сияқты болды».

«Сабырлы бола білсең, ол саған қанат болады да биікке көтерілесің! Хазіреті Мұстафаға қара! Сабыр Оған Бұрақ болды, Миғраж болды, Сидрәтүн Мүнтәһә болды да Оны аспанның арғы жағына көтерді, Хақпен кездестірді».

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың үмметіне деген ынтықтығы хақ жолда көрген қиыншылықтарының барлығын ұмыттыратын. Үмметінің екі дүние бақытына кенелуі жолында ешқандай қиындық Оны

9. Термези, Қиямет, 55/2507.

бездірмей, үмметі берген қиыншылықтардан титтей болса да шағымданбайтын. Ол әрқашан Раббысына жалынып *«үмметім, үмметім»* деп үмметінің кешірілуін сұрайтын. Өйткені Ол үмметінің мәңгі бақыты үшін өз рахатынан бас тартқан болатын.

ХАҚ ДОСТАРЫНЫҢ САБЫРЛЫЛЫҒЫ мен ШЫДАМДЫЛЫҒЫ

Пайғамбар мұрагері Хақ достары адамдар берген қиыншылықтар мен дөрекі істеріне, қателіктері мен кемшіліктеріне көңіл аудармай, олардың тәрбиелері үшін қилы машақаттарға жан тәндерімен төзетін. Өйткені бұл жағдай шынайы ғылым мен парасаттың қажеттілігі.

Ерзұрумдық Ибраһим Хаққы Хазірет айтқандай:

«Бәлекет пен қиыншылыққа разы болу, зомбылыққа қарсы сабыр сақтау және күйзеліс кезінде салмақты болу — әулиенің ісі».

«Ғылымның басы — жұмысақтық; хикметің басы — адамдармен жақсы қатынаста болу».

Сондықтан адамдар берген қиыншылықтарға төзбей, шыдамсыздық таныту хикметтен нәсібсіз екенін, сондай-ақ надандықтың кесірі болып табылады. Ғалым және парасатты адамдар қалай нәзік те сыпайы болса, хикметтен үлесі жоқ надан адамдар менменшіл және әдепсіз болады. Діннің нәзіктігі мен сыпайылығынан бейхабар болу ең жаман надандықтың түрі болып табылады.

Ибн Аббас ﷺ:

«Жақсылық пен жамандық тең болмайды. Сен ең жақсы жол қайсы болса, (жамандықты) **сонымен бөге. Сонда дұшпандығы бар адам сырлас досыңдай болып кетеді»** (Фұссиләт, 34) аяты туралы былай деген:

«Аятта айтылған "ең жақсы жол" дегені ашу кезінде сабыр сақтап, жамандық көргенде кешірім жасау. Адамдар осылай істесе, Аллаһ оларды қорғайды. Дұшпандары бойсұнады да шынайы дос сияқты болады» (Бұхари, Тәфсир, 41/1).

Әнәс бин Мәлік ﷺ:

«...Сонда дұшпандығы бар адам сырлас досыңдай болып кетеді...» (Фұссиләт, 34) аятының тәфсірінде:

«Ол жіңішке, нәзік те сыпайы адам болғаны соншa, басқалар оған жаман сөз айтса, "Айтқаның шын болса, Аллаһ мені кешсін, ал өтірік айтып тұрған болсаң, сені кешірсін" деп үн қатады» — деген.

Аят кәримәда айтылған:

«Рахман (Аллаһтың) **құлдары жер бетінде кішіпейіл, сыпайы жүреді, надандар оларға тік сөйлесе де, олар "есен болыңдар" деп сәлемдесіп қана қояды»** (Фұрқан, 63).

Хақ достары өз шегін білмейтін надандарға көңіл бөлмейді. Олармен сөз таластырмайды. Сөйтсе, сол надандардың онан ары қасарысып, бұрынғысынан да үлкен зиянға ұшырайтынын жақсы біледі.

Хазіреті Әли ﷺ бұл туралы былай ескерту жасаған:

«Дөрекіліктпен, жаман ниетпен айтылған сөзге жауап қайырушы болма! Өйткені сол сөздің иесінде онан да жаман сөздер бар. Жауап қайырсаң, ол да сол жаман сөздерімен жауап қайырады. Наданмен әзілдесейін деме! Тілі улы, жүрегіңді жаралайды».

Хазіреті Мәуләнә былай деген:

«Надандар алдында кітап сияқты үнсіз бол!»

«Мінезі жақсы кісі — өсекке төзетін, адамдардың жамандығына соқыр, саңырау болған кісі».

Аллаһтың уәлі құлдарының бұл көркем мінезіне қатысты өте мағыналы мысалын Пайғамбар Мырзамыз ﷺ былай келтірген:

Бір күні Хазіреті Пайғамбар ﷺ сахабаларынан:

*«Сендердің біреуің **Әбу Дамдам**дай болуға шамаларың жоқ па?»* деп сұрады. Сахабалар:

«Әбу Дамдам кім, о, Аллаһтың Расулы? — деп сұрады. Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыз:

«Сендерден бұрынғы қауымдардың біреуінің адамы. "Мені сөккен, тіл тигізіп ғайбатымыды жасаған адамдарды кештім. Оларға хақымды халал еттім" — дейтін» — деді (Әбу Дәуіт, Әдеп, 36/4887).

Қандай керемет көңіл көкжиегі десеңізші... Аллаһ

Тағалаға деген шексіз махаббат Оның құлдарына деген мархамат пен шапқатты, ғапу мен кешірімді болуды өзімен бірге алып келеді. Аллаһтың құлдарының өзі себебінен ауыр есеп күнінде қиналып қалуларын қаламайды. Аллаһтың құлдарын тыныштандырып, иләһи рахметке бөленулерінен үміт етеді.

Имам Ғаззали Хазірет те адамдардың ауыртпалықтарына шыдаудың абзалдығына қатысты мына қиссаны жеткізген:

Хакімнің біреуі хикметке қатысты 360 шығарма жазып, сол арқылы Аллаһқа жақындағанын ойлады. Аллаһ Тағала сол кездің пайғамбарына былай деп уахи етті:

«Пәленшеге айт, жер бетін нифаққа, бүліншілікке толтырды. Мен оның нифақынан еш нәрсені қабыл алмаймын!»

Сонда әлгі адам үңгірді паналап, оңаша күйде құлшылық жасай бастады. Ақыры «Міне, енді Раббымның разылығына қол жеткіздім» деп ойлай бастады. Аллаһ Тағала тағы пайғамбарына:

«Анаған айт! Адамдар арасына араласпай, олардың қиындықтарына төзбейінше, разылығыма бөлене алмайды» деп уахи етті.

Адам базарға барып, адамдарға араласты. Олармен жүрді, отырды, бірге ішіп-жеді. Сонда Аллаһ Тағала пайғамбарына былай уахи етті:

«Анау пендеме хабар бер, енді Менің разылығыма қол жеткізді» (Ихя, II, 610-611).

Тасаввуфта белгілі уақыт оңаша болып, адамдар мен дүние істерінен қол үзіп, рухани кемелдену үшін қажетті жаттығу ретінде бағаланса да, бұны рухбандық (христиан дін адамдары сияқты өмір сүру) сияқты өмір салтына айналдыруға қатаң тыйым салынған. Адам-дар ішінде өмір сүріп, Хаққа құл болу — **«халуәт дәр-әнжүмән»** атауымен ережелендірілген.

Басқаша айтар болсақ, **«көп ішінде "бір"»**, яғни қалың адамдар ішінде де Аллаһпен бірге болу халі мүминнің рухани деңгейін көрсететін құлшылық әдебі. Сондай-ақ адам өзгелермен бір арада өмір сүрсе де, жүрегінің әрқашан Хақ Тағаламен бірге (қылует) болуына еш қандай бөгет пен кедергі болмағанын баяндау ретінде айтлыған **«Қол кәрда** (кәсіп пен пайдада)**, көңіл Жарда...»** сөзі өте танымал болған.

Хазіреті Мәуләнә айтқан:

«Дүниенің қай бұрышы бәлекетсіз, тұзақсыз дейсіз. Хақты (Аллаһты) көңілде тауып, Оны паналау, Оның рухани құзырында өмір сүруден басқа амандық, тыныштық пен рахат жоқ».

«Аллаһқа ант етемін, сабырлы болуды білмеген адам тышқанның тесігін паналаса да, мысықтан құтыла алмайды».

Адамдармен бірге өмір сүріп, олардың жәбір-жапасына шын жүректен шыдаудың абзалдығын Мұхаммед Икбал мына хиқаямен тілге тиек еткен:

«Надан марал білімді де салмақты маралға шағымданады:

«Бұдан кейін Қағбада, (аң аулауға тыйым салынған) Харам аймағында өмір сүремін. Өйткені аңшылар ойпаттар мен жайлауларда, ормандарда тұзақ құрып, түні-күні артымыздан жүреді. Енді аңшы деген дерттен құтылып, рахат өмір сүргім келеді».

Надан маралдың айтқандарын тыңдаған тәжірибелі марал:

«Ей, ақылды досым! Өмір сүргің келсе, қауіпті жерде өмір сүр. Өзіңді үнемі қайрақ таспен қайра. Өткір және гауһарға айналған қылыштан да өткір бол. Иманның деңгейі тек қиыншылық кезінде белгілі болады. Қауіп сенің күшіңді сынайды. Тәнің мен рухыңның қанша күшті екенін сол айғақ қылады».

Хақтың уәлі құлдарының басқа бір қасиеті — залым не зұлымға ұшыраған адам болу жағдайында зұлымға ұшыраған адам болуды таңдау.

Сағд бин Әби Уаққас ؓ:

«О, Расулұллаһ! (Фитнә кезінде) біреу үйіме кіріп, мені өлтірмек болса, не істейін?» деп сұрады. Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Адамның ұлы (Хабил) сияқты бол!» — деді (Термези, Фитән, 29/2194).

Хақ достарының бұл қасиеттерін **«Хақтың құлдары көрсеткен жәбір-жапаға Хақ разылығы үшін төзе білу»** деп, қысқа да нұсқа айта аламыз.

Хақ досы **Мағруф Кәрһи** Хазіреттің мына жағдайы қандай ғибраттық:

Мағруф Кәрһи Хазірет өте нашар бір науқасты үйіне қонақ қылып, барлық қызметін атқарады. Науқас ауруының ыстығынан түні-күні ыңырсып, өзі ұйықмағанындай, үйдегілерді де ұйықтатпайды. Тіпті, барған сайын мінезі одан ары нашарлап, үйдегілерді сөге бастайды.

Ақыры оның маза бермес қылығына шыдай алмаған үйдегілер бір-бірлеп үйден қаша бастайды. Үйде Мағруф пен әйелінен басқа ешкім қалмады. Мағруф Кәрһи түнде ұйқысын төрт бөліп, науқасқа қарап жүрді. Бірақ бір күні түнде ұйықтамай қызмет еткені үшін еріксіз отырған жерінде ұйықтап қалады. Оның ұйықтап жатқанын көрген науқас адам өзіне мейіріммен құшақ ашқан адамға рақмет айтатын жерде опасыздық танытып, сөге бастайды:

«Бұл қалай дәруіштік, қалай мұсылманшылық?! Онсыз да осындайлардың тек сырт көзге ғана мұсыл-

маншылығы бар. Шынында жүректерінде еш нәрсе жоқ. Өзгелерге тақуалы болуды бұйырады, алайда өздері жасамайды. Міне, бұл адам менің жағдайымды ойламай, ұйықтап жатыр. Қарны тоқ ұйықтаған адам таң атқанша көзі ілінбеген бейшара науқастың халін қайдан білсін?!»

Мағруф Кәрһи науқастың бұл ащы сөздеріне сабыр етеді. Бірақ әйелі көп шыдай алмай, бұл опасыз адамды үйден қуып жіберуін сұрайды. Мағруф Кәрһи Хазірет жайдары жүзімен:

«Әй, жаным! Ол айтқан сөздер неге сені ренжітеді? Бақырса, маған бақырды. Көргенсіздік істесе, маған істеді. Ол айтқан жағымсыз сөздер маған әрқашан ұнамды естіледі. Көріп тұрғаныңдай, ол ауырып жатыр. Қарашы, бейшара тыныға алмай жатыр. Әрі мынаны да білгейсің: нағыз қаһармандық, шапқат пен мархамат осындай адамдардың жапасын көтере білу.

Бұл қиссаны Бұстан атты шығармасында жазған **Шәйх Сағди** былай насихат айтады:

«Махаббатқа толы жүрек кешірімді болады. Сен жай ғана пішіннен тұрсаң, өлгеніңде тәнің сияқты атың да өшеді. Жақсылық иесі, қызмет ететін жан болсаң, өмірің тәніңнен кейін пидашылдығың мен көңілдерде алған орныңдай жалғаса береді. Көрмейсің бе, Кәрһ қаласында көп бейіт бар. Бірақ Мағруф Кәрһидің бейтіндей білінетін және көп зират етілетіні жоқ».

Юнус Әмре Хазірет қандай жақсы айтқан:

Дәруіш көңілсіз болуы керек.

Сөккенге тілсіз болу керек,

Тиіскенге қолсыз болу керек,

Халыққа есесін қайтару керек емес.

Яғни, адамдар көрсеткен жәбір-жапаға кешірімді қарап, сабырмен, салмақтылықпен қарай білу, сондай-ақ мақлұқатқа Халықтың (Жаратушының) назарымен қарай білу дәруіш жаратылсты мұсылмандардың ісі. Қатардағы адамдар сияқты әр жағымсыздық пен дөрекілікке ашуланып, сондай пиғыл танытқандар, бәлкім, өз есесін қайтарған болады. Бірақ тасаввуфи ахлақ талап еткен кешірім, ғапу ету, төзімділік таныту сияқты адамгершілік қасиетін ұстана алмаған, Хақтың сынақ ретінде жіберген сыр мен хикметен қапыда қалған болады.

Алайда Хақ Тағаланың құлдарына кешіріммен қарау, ғапу ету, сабыр мен төзімділік таныту сияқты қасиеттер Аллаһтың мархаматын, разылығы мен махаббатына бөленуді қамтамасыз ететін ерекше құндылықтар. Сондықтан тасаввуфи ахлақта бұл қасиеттер олжа деп бағаланған. **Мәуләнә Хазірет** жақсы айтқан:

«Жамандарға сабыр ету салих мүминдердің руханиятын биік шыңға көтереді. Қайда бір Хаққа құштар жүрек болса, сабыр сол жүректі жандандырып, тірілтеді».

Сонымен қатар бұл көркем ахлақ көбінде жаман, дөрекі адамдардың түзелуіне де әсер етеді. Бірақ сондай дөрекілік жасағандар өкінбей, өз жағдайларын дұрыстамаса, өздерінің заттық һәм рухани тұрғыдан үлкен зиян тартуына, тіпті, құрдымға кетулеріне де себеп болады. Өйткені солай істей берсе, сабырлы болып, кешірімділік танытқан салих құлдарының есесін Аллаһ Тағаланың өзі қайтарады. Аллаһ Тағаланың сүйікті құлдарының хақы мен есесін залмыдардан алуы кейде жалал көрінісімен, яғни Аллаһтың ұлылығы көрініс тапқан өте қатты өш алумен іске асады. Мына қисса бұл хикметті көркем баяндайды:

Исмайл Фәкирұллаһ Хазіретіне қызмет еткен Ибраһим Хаққы Хазірет су алу үшін жол бойындағы су құбырына барады. Ыдысын толтыратын кезде сол жерге атымен келген бір кісі:

«Алдымнан қаш, ей, бала!» деп айқайлайды. Ибраһим Хаққы Хазіретті сөгіп, атын суға қарай айдайды. Ол ыдысын алып, бір шетке шығайын деп тұрғанда әлгі адам атымен оны қыстырады. Ибраһим Хаққы қолындағы шелегін тастап, өзін құтқарып қалғанда ат шелекті басып, сындырады.

Ибраһим жылай отырып, ұстазының қасына келеді. Болған істі айтып береді. Ұстазы:

«Шелегіңді сындырған кісіге сен бір нәрсе айттың ба?»

«Жоқ! Еш нәрсе айтпадым» дейді Ибраһим.

Ұстазы:

«Олай болса, тез бар да сол адамға бір-екі сөз айт!» деп бұйырады.

Ибраһим Хаққы Хазірет судың басында атын суғарып тұрған адамның жанына барып күтеді. Бірақ әдептілігінен:

«Менің шелегімді неге сындырдың, ей, залым?» деп те айта алмайды.

Қайтып келеді. Ұстазы:

«Бір нәрсе дей алдың ба?» деп сұрайды.

«Айта алмадым, тақсыр! Айтайын деп едім, бірақ қайтсем де ауыр сөз айта алмадым!» дейді.

Ұстазы дауысын көтере отырып қайта айтады:

«Саған айтып тұрмын. Тез бар да сол адамға бір нәрсе айт! Әйтпесе ол құриды!»

Ибраһим Хаққы Хазірет бұл жолы шешім қабылдаған күйде судың басына барады. Бірақ шелегін сындырған әлгі адамды аты теуіп, ол жасыз жерде жатыр екен. Жүгіріп келіп, ұстазы Исмайл Фәқирұллаһ Хазіретке айтып береді. Ұстазы мұңайып:

«Қап! Бір шелекке бір адам!» дейді.

Қасындағы адамдар еш нәрсе түсінбегендерін айтқанда, үлкен уәлі былай деп түсіндірді:

«Ол адам Ибраһим Хаққыға зұлымдық жасады. Зұлымдық көрген адам бір сөзбен болса да, қарсылық бермеді. Осылай залымды Аллаһқа тапсырған болды. Бұл жағдай Аллаһтың қайратына тиді. Оны жазаландырды. Егер Ибраһим оның зұлымдығына қарсы сөз сөйлесе, есесін қайтарған болатын еді. Бірақ Ибраһим мазлум, яғни зұлымдыққа ұшыраған болуды қалады. Мен есесін қайтарып, адамды құтқару үшін тырыстым. Өкінішке орай, сәтсіз аяқталды!»

Міне, бұл сырға қанық болған ариф тұлғалар Аллаһ Тағаланың құлдарының өздері себебінен жазаға кесіліп, Хақ алдында мүшкіл жағдайға түспеулері үшін кейде тап болған дөрекілікке аз болса да, қарсылық беріп, оларды жалал көріністеріне душар болудан құтқарғысы келеді.

Сөздің қысқасы, нағыз мүминдер адамдар арқылы келген жәбір-жапаның, негізінде, Хақтан келген сынақ екенін ойлап, оларға ең көркем түрде шыдай білуге тырысады.

Мәуләнә Хазірет айтқан:

«Қойнында бір-екі құнды қазбасы болған тау соққылармен парша-парша болады».

Яғни, жемісі бар ағашқа тас лақытрады. Қалай жемісті ағаш басына тиетін тастарға дайын болса, нағыз мүминдер де надан, дөрекі адамдардан келетін ауыртпалықтарға дайын болуы керек. Аллаһ разылығы үшін адамдар берген ауыртпалыққа шыдау жоғары деңгейдегі иман сезімі.

Аллаһ Тағала әулие/уәлі құлдарына сыйлаған бұл парасат пен көрегенділіктен, жұқалық пен хикметтен көңілдерімізге үлестер берсін! Білімсіз де надан адамдардың дөрекіліктеріне, сөгіп, тіл тигізулеріне қарсылық беруден баршамызды сақтасын! Барлығымызды нағыз муминдерге жарасатын дұрыс ақымен өмір сүріп, Өзінің алдына саф жүрекпен бара білген ізгі жандардан етсін!

Әмин...

إن الله مع الصابرين

Жамандықты Жақсылықпен қайтару

Кәміл мұмин су тәрізді әзиз, қадірлі, көңілі дария сияқты терең, ұшы-қиыры жоқ болуы керек. Нәзіктік, әсемдік пен сұлулықтарды бейне бір айна секілді мөлдір көңілімен айналасына шағылыстырып, үнемі Исламның жайдары жүзі мен көңіл тыныштығын таратуы керек.

Кемшіліктерді кешіру мен татуласуды тек мейрамдармен шектеу кәміл муминдерге жараспайды. Өйткені кешірім жасай-жасай, Аллаһтың кешіріміне лайық болған халге келу – кәміл мүминдер бас тарта алмайтын иман көкжиегі.

ЖАМАНДЫҚТЫ ЖАҚСЫЛЫҚПЕН ҚАЙТАРУ

Ұлық дініміз Исламның әр ережесі мен қағидасы иманның өмірге шағылысуынан тұратын мінез-құлықтық көркемдіктер тізбегі. Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Мен көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім» деген (Муатта, Хүснүл-Хұлқ, 8).

Кәміл мұмин бола білу үшін Исламның әмір еткен мінез-құлықтық өлшемдер аясында тереңдеп, өміріміздің әрбір сатысына оларды тарата білуіміз қажет. Олай етпесек, адамдық беделемізді бұзған, мәңгілік бақытымызға зиян тигізген боламыз.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз аса көркем мінезімен адамзатқа абзалдылық мәдениетін тарту еткен. Аллаһтың әулие құлдары да Пайғамбарлардың сүннетін, яғни абзалдық бағытын үлкен махаббатпен, сеніммен жалғастырған пайғамбар мұрагерлері.

Пайғамбарлар мен әулиелердің үлгілі мінезінің ең маңызды абзалдылықтарының бірі — **«Аллаһтың құлдарынан көрген жәбір-жапаны Аллаһ үшін кешіріп, көрген жамандықтарын жақсылықпен қайтара білу»**. Әрі Аллаһтың құлдарын мархаматпен, шапқатпен көңіл сарайларына алып, олардың қаңырап қалған көңілдерін тірілту. Сонымен қатар бұл мінез әрленген ақтық дем сүйіншісі іспетті.

Аят кәримәда:

وَالَّذِينَ صَبَرُواْ ابْتِغَاء وَجْهِ رَبِّهِمْ
وَأَقَامُواْ الصَّلاَةَ وَأَنفَقُواْ مِمَّا رَزَقْنَاهُمْ سِرّاً وَعَلاَنِيَةً وَيَدْرَؤُونَ
بِالْحَسَنَةِ السَّيِّئَةَ أُوْلَئِكَ لَهُمْ عُقْبَى الدَّارِ

«Және олар — Раббыларының ризалығын тілеп, (ұшыраған қиыншылыққа) **сабыр қылғандар, намазын дұп-дұрыс оқығандар, өздеріне берген несібемізді көрнеу және көмес** (Аллаһ жолына) **жұмсап отырғандар және жамандықты жақсылықпен қайтарғандар. Әне, олар бар ғой, дүние жұртының** (көркем) **соңы солардыкі»** — делінген (Ра'д, 22).

Аллаһтың мейірімі мен кешіріміне бөленуді қалаған адам адамдардың кемшіліктеріне көңіл аудармай, өзіне жасалған жамандықты жақсылықпен қайтаруды нышан етіп алуы керек. Өйткені Раббымыз адамзатқа көсем етіп тарту еткен пайғамбарлар, мүршидтер, ғалымдар мен арифтер үнемі осы көркем мінез үлгісін ұстанған.

БҮГІН СЕНДЕРГЕ МІНДЕТСУ мен СӨГІС ЖОҚ!

Жамандық жасағандардың кешіріммен, жақсылықпен түзетілуі жайында Құранда айтылған ең әсем мысалдардың бірі Юсуфтың عليه السلام бауырларына жасаған қатынасы.

Якуб عليه السلام он екі ұлы ішінен Юсуфта عليه السلام өз рухани ерекшеліктерін көбірек көрген және басқа ұлдарынан гөрі көбірек көңілі соған ауған. Бұл жағдай бауырларының қызғаныш сезімдерінің пайда болуына себеп болған. Тіпті, бауырлары Юсуфты өлтіруге шешім қабылдап, оны құдыққа тастайды.

Юсуф عليه السلام ол жерден өтіп бара жатқан бір керуен көмегімен құдықтан шығады. Бірақ Мысырда құл ретінде сатылады. Өте ауыр сынақты басынан өткізеді. Уақыт өте Мысырда қаржы министрлігіне дейін көтеріледі. Жұт жылдары азық-түлік тарататын. Бауырлары да азық сұрап келді. Хазіреті Юсуф өзінің кім екенін бауырларынан жасырды. Олардан оп-оңай кек ала алтындай жағдайы бар болатын. Бірақ оларды жазаламады да, айыптамады да. Керісінше, оларға көптеген жақсылық пен қошемет көрсетеді.

Олар көрсетілген бұл абзалдылыққа: «Сен Юсуфсың, Аллаһ шынымен ақ сені бізден үстем еткен» деп, үлкен ұятпен ақиқатты мойындауға мәжбүр болды. Юсуф عليه السلام оларға тағы бір абзалдық көрінісін паш етіп:

قَالَ لاَ تَثْرَيبَ عَلَيْكُمُ
الْيَوْمَ يَغْفِرُ اللّٰهُ لَكُمْ وَهُوَ أَرْحَمُ الرَّاحِمِينَ

«Бүгін сендерге (бұрын жасағандарың үшін) **ешқандай міндетсу мен сөгіс жоқ. Сендерді Аллаһ кешірсін! Күмәнсіз, Ол** (Аллаһ) **мейірімділердің ең мейірімдісі»** — дейді (Юсуф, 92).

Кейін бауырларының қысылғандарын көріп, оларды жұбату үшін: «Ол кезде арамызға шайтан кірді» деп, абзалдылығын бекіте түсті.

Міне, нағыз абзалдылық! Адамды жазалауға күші жеткілікті бола тұра ахиретте сауапқа кенелемін деген ниетпен Аллаһтың құлдарын кешіре білу.

Жеке басына қатысты мәселелерде өкпелеп кек алу — нәпсісін қанағаттандыру мен күш көрсету жолы. Бұл мүмкіндік пен жағдайға ие мүминнің кешіру мен қошемет көрсетіп, өз кегін баса білуі оның ерекше рух асылдығына ие екенін көрсетеді. Өйткені кек алу өкпесіне түскен адамның қалауын тізгіндеп, бұдан бас тарта алуы өте қиын.

Өмір кітабының ашу-ыза бөлімі бір қасірет тарихы. Ашуыза — ақыл деген нығмет пен күштің өз күшінен айрылған өтпелі ақыл ауытқуы. Өкпені тізгіндеу үшін ең көркем шара — кешіру және жұмсақтық таныту сияқты сауабы үлкен абзалдылыққа ие болу. Бұл жоғары қалау мен парасаттылықты көрсете білген абзал мүминдерді Раббымыз былай сүйіншілейді:

وَسَارِعُواْ إِلَى مَغْفِرَةٍ مِّن رَّبِّكُمْ وَجَنَّةٍ عَرْضُهَا
السَّمَاوَاتُ وَالأَرْضُ أُعِدَّتْ لِلْمُتَّقِينَ ﴿١٣٣﴾ الَّذِينَ يُنفِقُونَ
فِي السَّرَّاء وَالضَّرَّاء وَالْكَاظِمِينَ الْغَيْظَ وَالْعَافِينَ
عَنِ النَّاسِ وَاللّهُ يُحِبُّ الْمُحْسِنِينَ ﴿١٣٤﴾

«**Раббыларыңның жарылқауына және тақуа жандарға әзірленіп қойған, кеңдігі аспан мен жер аралағындай келетін жәннатқа асығыңдар! Олар** (тақуалар) **— кеңшілікте де, таршылықта да инфәқ жасап** (Аллаһтың жолына жұмсап) **тұратындар**, (кек алуға құдіреті жете тұрып) **ашу-ызасын баса алатындар, адамдарды кешіре білетіндер. Аллаһ** (мұндай) **жақсылық істегендерді ұнатады**» (Әлү Имран, 133-134).

Яғни мүминнің өзіне қарсы жасалған жамандықты Ислам мінез-құлқы бойынша қайтарғанда ұстануы қажет үш амал бар: Өкпені жеңу, кешіру, жақсылық көрсету мен тарту жасау...

МЕН ҚАРҒЫС ЕТУШІ РЕТІНДЕ ЖІБЕРІЛМЕДІМ...

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың өмірі жамандықты кешірім және жақсылықпен қайтарудың шырқау шегіне жеткен көріністерге толы. Ол күллі әлемге

рахмет ретінде жіберілгені үшін мейірімі мен шапқаты, махаббаты барлық адамдарды қамтиды.

Бір күні одан жәбір-жапаларынан безер болған мүшріктерге лағынет етуі талап етілді. Ол:

«Мен қарғап-сілтеуші емес, әлемге рахмет ретінде жіберілгенмін» — дейді (Мүслим, Бирр, 87).

Өйткені Оның әзиз жаны теңдесі жоқ шапқат пен рахымның шексіз қазынасы болғандықтан Оның ең үлкен мақсаты бүкіл адам баласының екі дүние бақытына кенелулері болатын.

Исламды жаю үшін Тайфқа барған кезде қараңғы да пұтқа табынушы Тайф халқы Оны тасбен атқан. Мырзамыз ﷺ жабырқаған күй мен қайғыға толы халде кері қайтып келе жатқанда Аллаһ Тағала Сүйіктісін жұбату үшін Жәбірейіл мен тау періштесін жібереді. Періште ондағы екі тауды Тайфтықтардың басына төңкере алатындығын айтады. Әлемге рахмет Пайғамбары ﷺ:

«Жоқ! Мен Аллаһтың олардың ұрпақтарынан тек Аллаһқа құлшылық ететін және Оған ешбір нәрсені серік қоспайтың адамдар шығаруын қалаймын» — дейді (Бұхари, Бәд'үл-Халқ, 7; Мүслим, Жиһад, 111).

Тайфтықтар Һижраттың 9-жылына дейін имансыздықта өкпенді тұрып, мұсылмандарға өте ауыр зардап шектірді. Ақыры мұсылмандар бұған шыдай алмай:

«О, Расулұллаһ! Сақиф тайпасының оқтары мен найзалары бізді қатты қинап, жүрегімізді өртеп жіберді. Енді оларға теріс дұға етіңіз!..» — деп өтініш білдіреді. Бірақ Пайғамбар ﷺ Мырзамыз:

«Уа, Раббым! Сақиф тайпасына һидаят, тура жолды нәсіп ет! Оларды бізге жібер» — деп жалбарынады. Бұл дұғадан біраз уақыт өтіп, Тайф халқы Мәдинаға келіп Исламмен абыройға бөленеді (Ибн Хишам IV, 134; Термези, Мәнақиб, 73/3942).

Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыздың бұл жоғары абзалдылығының ең үлкен көріністерінің бірі Меккенің алынуы күні іске асты. Қанша жылдар бойы мұсылмандарға түрлі зұлымдықтармен қан құстырған және қорлық жайған Меккелік мүшріктер ол күні мұсылмандардың қолына түскен еді. Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың мүбәрак аузынан шығатын бұйрық барлығының лайықты жазаға тартылуы үшін жеткілікті еді.

Мырзамыз ﷺ Қағбада жиналған Меккеліктерге:

«Ей, Құрайш қауымы! Қазір менің сендер жайында не жасайтынымды ойлайсыңдар ма?» — деп сұрайды. Құрайштықтар:

«Біз сенің қайыр мен жақсылық жасайтыныңды ойлап, "Қайыр жасайсың!" — дейміз. Сен жомарттық пен жақсылық иесі бауырсың! Жомарттық пен жақсылық иесі бауырымыздың ұлысың!..» — дейді.

Осыған орай Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ:

«Мен де Хазіреті Юсуфтың бауырларына айтқанындай: **“...Бүгін сендерге** (бұрын жасағандарың үшін) **ешқандай міндетсу мен сөгіс жоқ. Сендерді Аллаһ кешірсін! Күмәнсіз, Ол** (Аллаһ) **мейірімділердің ең мейірімдісі” —** *деймін. Енді бара беріңдер, сендер боссындар»* — дейді (Ибн Хишам, IV, 32; Уақиди, II, 835; Ибн Са’д, II, 142-143).

Бұл тамаша кешірім, мейірім мен абзалдылықты көрген Меккеліктердің жүректерінде өкпе мен өшпенділік еріп кетті. Оның орнына сүйіспеншілік, достық пен сенімділік келді. Көнілдері Исламға жылынған қаншама адам тура жол абыройына қол жеткізді. Ол күні Меккеліктерде мына бір аяттың ақиқаты көрініс тапқандай еді:

«Жақсылық пен жамандық тең емес. Сен жамандықты ең көркем түрде тоқтат. Сонда саған қастығы бар адам ең жақын досыңдай болып кетеді» (Фуссиләт, 34).

Шынымен ада м баласы әрқашан жақсылық пен сый тартуға бас иеді. Жақсылық пен сый тарту ең қас дұшпанды да түзетуге жеткілікті болады.

БӘЛЕНІ ЖОЮДЫҢ ШАРАСЫ...

Жақсылық жасағандарға жақсылық, жамандық жасағандарға жамандық жасау қасиет емес. Қасиеттісі — жамандық жасағандарға жақсылық жасай білу. Өйткені жақсылық жасаған адам дұшпан болса дос

болады, қарапайым біреу болса жақындай түседі, жақын біреу болса сүйіспеншілік пен шынайылығы арта түседі. Жамандығына жақсылықпен жауап қайтарылған адам үшін бұл жақсылық ол жамандыққа қайта оралмауы үшін тосқауыл болады.

Хазіреті Мәуләнә бұл пайғамбари мінез-құлықты былай түсіндіреді:

«Біліп қой, Аллаһтың мейірімі әрқашан қаһарынан үстем. Сондықтан барлық пайғамбарлар өзіне қарсы шыққан дұшпандарына қарсы жеңіске жеткен»

«Бәлені жоюдың шарасы зұлымдық ету емес. Оның жолы – кешіру, бағыштау және жомарттық жасау. "Садақалар бәлекетті жояды" – деген пайғамбар ескертуі сені оятсын. Бұдан былай кесел мен жамандықтарды емдеу әдісін жақсы ұғып ал!»

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз кінәлі де қылмысты адамдарды оп-оңай жазаландыра алатын көптеген жағдайда олардың түзелуі мен мәңгілік бақытқа кенелуі үшін кешірім ардақтылығын паш еткен. Өйткені негізгі көрегендік пен шынайы ұлылық – кек ала алатың күш пен мүмкіндікте ие болған кезде нәпсіні тізгіндеп, кешірім мен тарту жасай білу. Расында хадис шәрифте:

«Палуан дегенің күресте қарсыласын жеңген адам емес. Негізінде, палуан – ашуланған кезде ашуын жеңген адам» – делінген (Бұхари, Әдеп, 76).

Бұл абзалдылыққа қатысты аят кәрімәда мына сүйінші берілген:

وَجَزَاء سَيِّئَةٍ سَيِّئَةٌ مِّثْلُهَا فَمَنْ عَفَا
وَأَصْلَحَ فَأَجْرُهُ عَلَى اللَّهِ

«Бір жамандықтың жазасы оған тең бір жамандық. <u>Кімде-кім кешіріп, бейбітшілікті орнатса,</u> оның сыйы Аллаһқа тиісті...» (Шура, 40).

Қате мен кемшіліктерді кешіруден де артығы бейбітшілік пен тыныштықты, достық пен бауырластық сезімді орнату үшін жамандыққа жақсылықпен қарым-қатынас жасай білу — Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың ең ерекше қасиеті. Оның үмметі ретінде біз де бұл ерекшеліктерге ие болуымыз қажет. Кемшіліктерді кешіруді және достасуды тек мейрамдарға ғана шектеу кемел мүминдерге жараспайды. Бұны жаратылысының негізгі қасиетіне айналдыру имандағы кемелдіктің белгісі.

Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың бұл тұрғыдағы жоғары сезімін көрсететін мына хадис шәрифтер барша мұсылмандарға теңдесі жоқ мінез-құлық өлшемдерін ұсынады:

«Еш біреуің: «Мен адамдармен бірдеймін, егер адамдар жақсылық жасайтын болса, мен де жақсылық жасаймын. Жаман қатынас жасайтын болса, мен де жаман қатынас жасаймын» — деген мінезі нашар адамдардан болмасын! Керісінше, адамдар жақсылық

жасаса, жақсылық жасаңдар, ал ***жаман қарым-қатынасқа әділетсіздік жасамау үшін нәпсілеріңді тәрбиелеңдер!*** » (Термези, Бирр, 63).

«Сенімен қарым-қатынасын үзгенмен сен қарым-қатынасыңды үзбе! Саған бермегенге сен бер! ***Саған жамандық жасағанды кешір!*** » (Ахмед, Муснәд, IV, 148, 158).

«Қайда болсаң да Аллаһтан қорық! Жамандыққа қарсы жақсылық жаса да, жамандықтың түбіне балта шап. Адамдарға да көркем мінез-құлық арқылы мәміле жаса» (И. Жанан, Күтүбүс-Ситтә, V, 304).

«Жәннат бақшаларына қарап тұрған сарайлар көрдім және Жәбірейілден عليه السلام:

"Бұлар кімдер үшін?" — деп сұрадым. Ол:

"Әртүрлі кек, жақтырмау мен өкпесін басып ішіне көмгендерге және адамдардың кемшіліктеріне шыдап кешіргендер үшін» — деді» (Әли әл-Мүттәқи, №7016; Ауариф, 253 б).

КЕШІРІМ ДЕ ОРЫНДЫ БОЛУЫ КЕРЕК...

Мынаны да еске алу қажет: Әрбір кемшілік пен қателікті кешіруге жүгіну абзалдылық деп ойламау керек. Кешірім мен бағыштау кешірім жасайтын адамның өзіне жасалған айыптарда ғана жүреді. Өйткені сондай айыптар мен қылмыстардың бары, олар діни және ұлттық құндылықтарға, қоғам құқығына қарсы шығумен тең. Бұл жағдайларда кешіруден гөрі түзету үшін жазаға

жүгіну, әділет орнатып, тура мен қатені ашық баян ету қажет. Егер ондай айып кешірілген жағдайда одан да үлкен әділетсіздікпен жөнсіздіктерге жол ашары, сөйтіп, қоғамға зұлымдық әкелері сөзсіз.

Расында Хазіреті Айша анамыз Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың бұл мәселедегі ұстанымын былай баян етеді:

«...*Расулуллаһ ﷺ өзіне жамандық жасаған адамнан кек алмады (яғни жазаламады). Бірақ Аллаһ тыйым салған нәрселер тапталса, тыйымды бұзған адамнан Аллаһ атынан кегін алып (жазалайтын)*» (Мүслим, Фәдәил, 79; Әбу Дәуіт, Әдеп, 4).

Орынсыз ашу мен реніш бүлік пен бұзақылыққа себеп болатын сияқты қажет болған жерінде ашуланбау да сондай бүлік пен бұзақылық туғызатын мінез-құлық әлсіздігі. Қажетті жағдайда Аллаһ үшін жек көре білу де иман талап ететін іс. Мәселен, шайқас кезінде дұшпанға қарсы айбынды болу иман құлшынысы мен жан қайнауының бір таза көрінісі, діндарлық пен отан сүйгіштіктің белгісі. Қоғам құқығына, рухани және ұлттық құндылықтарға қарсы жасалған қателерде де тап сондай айбындылық көрсету иман шаттығы мен құлшынысының бір көрінісі.

Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыздың өмірі, міне, осындай жоғары абзалдылық өлшемдерінің шырқау шектегі үлгілеріне толы. Ол өзіне қарсы жамандық жасаған-

дарды тек кешіріп қана қоймай, оларға жақсылық жасап, абзалдылығын ең кемел деңгейде екенін көрсетіп, үмметіне үлгі болған.

АЛЛАҺТЫҢ СЕНДЕРДІ КЕШІРУІН ҚАЛАМАЙСЫҢДАР МА?

Аллаһтың Елшісінде фәни болған **Хазіреті Әбу Бәкір** رضي الله عنه де жамандыққа кешіріммен, жақсылықпен жауап қайтарудың ақыл жетпес үлгілерін көрсеткен.

Хазіреті Әбу Бәкір رضي الله عنه Мыстах атындағы бір кедейге үнемі көмек қолын созатын. Қызы Хазіреті Айшаға жала жабылған Ифк оқиғасында оны да жала жабушылар арасынан көргенде оған, оның жанұясына жақсылық жасамаймын деп ант етті. Хазіреті Әбу Бәкір жәрдем беруден бас тартқан соң Мыстах пен отбасы бір ауыр жағдайға тап болды. Сонда мына аяттар түсті:

وَلَا يَأْتَلِ أُوْلُوا الْفَضْلِ مِنكُمْ
وَالسَّعَةِ أَن يُؤْتُوا أُوْلِي الْقُرْبَى وَالْمَسَاكِينَ وَالْمُهَاجِرِينَ فِي
سَبِيلِ اللَّهِ وَلْيَعْفُوا وَلْيَصْفَحُوا أَلَا تُحِبُّونَ أَن يَغْفِرَ اللَّهُ لَكُمْ
وَاللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ

«Іштеріңдегі шарапат, бақ-дәулет дарығандар жақындарына, жоқ-жітіктерге, Аллаһ жолында қоныс аударғандарға (бір нәрсе) **бермеймін деп серт етпесін.** (Олардың қателігін) **ғапу етіп кешірсін**

Аллаһтың өздеріңді жарылқауын қаламайсыңдар ма? Аллаһ аса кешірімшіл, өте мейірімді» (Нұр, 22).

وَلاَ تَجْعَلُواْ اللّهَ عُرْضَةً لِّأَيْمَانِكُمْ أَن تَبَرُّواْ
وَتَتَّقُواْ وَتُصْلِحُواْ بَيْنَ النَّاسِ وَاللّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ

«Аллаһты (Оның атымен) **ант беріп, жақсылық жасауларыңа,** (жамандықтан) **сақсынуларыңа, адамдарды татуластыруға бөгет жасамаңдар. Аллаһ — бәрін де естуші, толығымен білуші»** (Бақара, 224).

Бұл аят кәримәлар түскеннен кейін Әбу Бәкір ﵁:

«Мен, әлбетте, Аллаһтың мені кешіруін қалаймын» — деді. Артынша ант кәффәратын беріп, жасап жүрген жақсылығын жалғастырды (Бұхари, Мәғази, 34; Мүслим, Тәубе, 56; Табәри, Тәфсир, II, 546).

Өйткені құлдарын кешіре-кешіре Аллаһтың кешіріміне лайықты халге келу — кәміл мүминдер үшін ең биік иман сезімі.

ЖАМАНДЫҚҚА ҚАРСЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖАҚСЫЛЫҚ?..

Бір күні сахабалар Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыздан Хазіреті Әлиді не үшін өте жақсы көретіндігін сұрады. Әлем мақтынышы Пайғамбарымыз Хазіреті Әлиді шақырыңдар деп әмір етті. Сахабалардың бірі

Хазіреті Әлиді шақыруға кетті. Аллаһтың сүйіктісі Пайғамбарымыз ﷺ Әли келгенше сахабаларына:

«Ей, сахабаларым! Сендер біреуге жақсылық жасап, ал ол сендерге жамандық жасаса, не істер едіңдер?» — дейді.

Сахабалар жақсылықпен жауап қайыратындарын айтады.

Расул Әкрәм ﷺ:

«Ол адам тағы да жамандық жасаса не істер едіңдер?» — дейді.

Сахабалар тағы да жақсылық жасайтындарын айтады.

Пайғамбар ﷺ Мырзамыз:

«Бәрібір сендерге жамандық жасайтын болса не істер едіңдер?» — деп сұрағанда, сахабалар бастарын төмен түсіріп, жауап қайтара алмайды.

Кейін Хазіреті Әли ؓ келді. Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ:

«Ей, Әли! Біреуге жақсылық жасасаң, ол саған жамандық жасаса, не істер едің?» — дейді.

Хазіреті Әли ؓ жақсылықпен жауап қайыратынын айтады.

Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ бұл сұрақты жеті рет қайталап сұрады. Хазіреті Әли барлығына:

«Тағы жақсылық жасаймын» — деп жауап берді. Кейін сөзін жалғастырып:

«Мен ол адамға жақсылық жасаған сайын ол маған жамандықпен жауап берсе де, мен оған жақсылық жасай беремін» — дейді.

Расында Хазіреті Әли ؓ былай деп өсиет қалдырған:

«Адамдардың ең нашары жақсылыққа жамандық жасаған және адамдардың ең жақсысы жамандыққа жақсылық жасағандар».

«Қанша жамандық көрсеңдер де, ойланбай жақсылық жасаңдар».

АДАМ СЫЙДАН ЖЕҢІЛГЕН...

Деректерге сүйенсек, **Хазіреті Әлидің шөбересі Әли**ге біреу балағат сөздер айтқан. Ал ол үстіндегі қымбат киімін сол адамға береді де, тағы мың дирһәм беруді әмір етеді. Бұл әрекетімен ол бірден бес абзалдылық танытқаны туралы айтылады:

Біріншісі — жұмсақтық, өйткені ашуланбады.

Екіншісі — жапа шектіруді жойды.

Үшіншісі — адамды Аллаһтан алыстаудан құтқарды.

Төртіншісі — адамды өкініш пен тәубеге келтірді.

Бесіншісі — өзін балағаттаған адамды өзін мақтауға мәжбүр етті.

Бір күні бір адам **Ибн Аббасқа** ауыр сөздер айтады. Ибн Аббас ﷺ үн қатпайды. Кейін жанында тұрған Икримәге бұрылып:

«Бұл адамның мұқтаждығы болса, шарасын табайық» — дегенде, әлгі адам ұялғанынан басын төмен иеді.

ҚАС АДАМЫ ҮШІН ЖАС ТӨГЕ БІЛГЕН КӨЗДЕР...

Аллаһ достарының бірі **Фұдайл бин Ияз**дың мына жағдайы кәміл мүминдердің көңіл күйіне әдемі үлгі.

Оның жас төгіп тұрғанын көріп, не үшін жылап тұрғанын сұрады. Ол:

«Маған зұлымдық еткен бір бейшара мұсылманға мұңайып жылап тұрмын! Бар қайғым — оның қияметте масқара болатыны» — дейді.

Фұдайл бин Ияз Хазіретке:

«Пәленше сіздің абыройыңызға тіл тигізді» — дегенде:

«Аллаһқа ант етемін, мен оған емес, осы сөздерді оған айтқызған ібіліске ренжимін» — деп жауап беріп, мына бір тебіреніс халде болады:

«Аллаһым! Егер ол адам дұрыс айтса, мені кешір! Егер жалған айтса, оны кешір!»

Сондай-ақ **Хасан Басри Хазірет** те өзі жайында ғайбат сөз айтқан біреуге ренжудің орнына сый жолдап, алғысын білдіретін. Өйткені ол өсек айтқан адамның өз сауаптарын ғайбаттаған адамға аударғанын өте жақсы білетін жандардан болатын.

Ариф және ғашық көңілдерден ерекше орын алған **Халлаж Мансур** оған қарай тас боратылғанда:

«О, Раббым! Менен бұрын маған тас бораттқандарды кешіре көр!» — деп жалбарынып, үлкен көңіл жанқиярлығын көрсеткен.

Рабиғ ибн Хәйсәм бір күні намаз оқып жатқанында көз алдында жиырма мың дирһәм тұратын аты ұрланады. Бірақ ол ұрының соңына түсудің орнына ықыласпен орындап жатқан намазын жалғастыра берді.

Оның бұл үлкен зиянын естіген достары оны жұбата бастайды. Сонда Хазірет достарына:

«Ол адам атымды шешіп жатқанда көрдім. Бірақ мен ол кезде маңыздырақ және өте сүйген бір іспен айналысып жатқан едім. Сол үшін ұрыны қумадым» — дейді.

Сонда достары ұрыға теріс дұға етіп, қарғай бастайды.

Хазірет оларды тоқтатып:

«Тыныштық сақтандар! Маған зұлымдық жасаған жоқ! Ол адам өз нәпсісіне зұлымдық жасады. Байқұстың өзіне жасағаны жетпегендей, біз де оған зұлымдық етпейік» — дейді[10].

ӘР КІМ ӨЗ ЗАТЫН САТАДЫ...

Хазіреті Иса عليه السلام дінді насихаттау үшін еврейлердің жанына барады. Еврейлер оған жаман сөздер айта бастайды. Хазіреті Иса олармен жақсылықпен және әдемі бір әдіспен әңгімелеседі. Оған:

«Олар саған жаман сөздер айтады, сен болсаң жақсы әңгімелесесің?!» —дегендерге:

«Әркім өз затын сатады» — деп жауап берген.

Яғни адамның барлық іс-қимылы, жағдайы мен әрекеттері — жан дүниесінің айнасы. Қисық сызғышпен түзу сызық шықпайтыны сияқты көңіл әлемі мөлдір емес арсыздан көркем іс-әрекет күту бекершілік. Ниеттері түнек болғандардың жолдары ашық болмайды. Әр нәрсе сыртқа ішіндегісін ғана шығарады.

Сондықтан жамандыққа жамандықпен жауап қайтару шикі адамдардың ісі. Әр жағдайда жақсылық жасай білуі адамның жан дүниесі жеткен биік деңгейін көрсетеді.

10. Бабанзада Ахмет Наим, Ислам Ахлакынын Есаслары, 85-86 б.

Адамдарға жақсылық жасаудың да үш абзалдылық дәрежесі бар:

Біріншісі — **жақсылыққа жақсылық**. Жасалған жақсылыққа ең кемінде алғыс айту — адамның ең басты міндеті. Бұдан да аса бағалысы — жақсылыққа одан үлкен жақсылықпен жауап қайтару.

Екіншісі — **ешқандай ақы күтпей, жақсылық жасау**. Осындай әрекет еткендер бірінші дәрежедегілерден де жоғары адамдар.

Үшіншісі және ең абзалы — **жамандық жасағанға жақсылық жасау**. Өйткені әрбір жақсылықтың абзалдығы оның қиындық деңгейінде. Жамандығына ұшыраған адамның жақсылығын қалау — ең қиын іс. Сондықтан **«Жақсылыққа жақсылық — әр адамның, жамандыққа жақсылық — ер адамның ісі»** — делінген.

Мәуләнә Хазірет қандай тамаша айтқан:

«Судың жүздеген абыройы мен сәні бар. Ластарды қабыл етеді және кірлерін тазалайды».

Кәміл мүмин су сияқты ардақты, дария сияқты терең көңілді болуы қажет. Қаншалықты жағымсыз жағдайға тап болса да мейірім төгетін мінез көрсетуі керек. Нәзіктік пен пәктік, әсемдіктер шағылыстыратын көңіл тазалығына ие болуы қажет.

Хазіреті Мәуләнә:

«Топырақ сияқты бол!» — дейді. Топырақ өзін аяқ

асты етіп езіп жүрген барлық жан иесіне жомарттықпен сый тартады. Топырақ мақлұқаттың нәжістерін тазалап, оларды қайта барлық тіршілік иелеріне таза, дәмді және пайдалы азықтар етіп ұсынады.

Аллаһ Тағала хикметтерінен нәсіп алуымыз үшін сумен, топырақпен тамаша мысал келтірген. Негізінде су мен топырақтан жаралған адам баласы бұл болмыстардың хикметі бойынша олардың ерекшеліктерін бойына терең сіңіре білу үшін үлкен көңіл сезімі болуы қажет.

Раббымыз бұл көңіл кейпін баршамызға нәсіп етсін. Кешіре-кешіре иләһи кешірімге лайық жағдайға келуді және адамзаттың үнемі жақсылық, көркемдік пен қайырын көрген салих мүминдерден болуды бәрімізге жеңіл етсін! Аллаһтың әулие құлдарының көркем жағдайларынан, күйлерінен үлгі алып, Аллаһқа жақын болудың ләззаттын көңілдеріміздің бітпес қазына етсін!

Әмин...

Күлімсіреу

Діннің мақсаты – пәк, көркем және сезімтал адам тәрбиелеу. Кәміл мұминдердің күлімсіреп қарағаны барша болмысқа сәлем сияқты. Олардың көңіл әлемдері барша мақлұқатқа терезе ретінде ашылған. Кәміл мұминдер ашылған гүлдердің, сайраған құстардың, жеміс ағашының сырын терең түсініп, гүлдер сияқты жұмсақ жанды, нәзік, жеміс ағаштары сияқты жомарт және қошемет иесі болады.

КҮЛІМСІРЕУ

Дүние өмірі бірде бақыт, бірде қайғы сияқты мың бір құбылыспен жалғасып келе береді. Көңіл қонақ үйіне ұқсайды. Оған келген ауру мен қайғы, қуаныш пен бақыт та қонақ сияқты. Ешқайсысы тұрақты емес.

Сондықтан мүмин болып жатқан жағдайларға қарап, аса қуанышқа немесе аса мұңға беріліп, фәни өмірдің тыныштығы мен қарапайымдылығын орынсыз бұзбауы қажет.

Кемел үлгілі тұлға ретінде адамзатқа ұсынылған ақыр заман пайғамбары **Расулұллаһ ﷺ Мырзамыз**дың өмірі азап пен қасіреттер тізбегі. Өзі де жағдайын: *«Аллаһ жолында ешкім көрмеген азаптарына тап болдым...»* — деп баян еткен (Термези, Қиямет, 34/2472).

Алайда басынан өткен азаптардың ешбірі Аллаһ Расулының байсалдылығы мен тепе-теңдігін бұза алмады. Ол бұлардың барлығына үлкен адамгершілікпен

разылық пен төзімділік танытты. Көңілі қасіретпен қаншама таңбаланса да, гүл жүзінен күлімсіреуі еш кем болмаған. Оны ешкім, еш уақытта тыржиған үқсынсыз жүзін, түйілген қабағын көрмеген. Өйткені Ол Аллаһпен бірге болу қуанышы мен тыныштығына бөленіп, үнемі күлімсіреген күйде әрқашан Исламның жылы шырайын көрсеткен.

Өз болмыстарын Аллаһ Расулының махаббатымен фәни еткен қадірменді сахабалар мен Аллаһтың әулие құлдарының да жан дүниелерінің әсемдіктері жүздерінен көрініп, үнемі күлімсіреген. Үммүд-Дәрда ﵄ былай деп түсіндіреді:

«**Әбуд-Дәрда** әңгіме айтқанда міндетті түрде күлімсіреп айтатын. Бір күні оған:

«Сенің бұл күйіңді адамдардың орынсыз деп түсінуінен сескенемін» — дедім. Ол маған:

«Аллаһ Расулы ﷺ да әңгіме айтқанда міндетті түрде күлімсірейтін» — деді (Ахмед, V, 198, 199).

Расулұллаһ ﷺ Мырзамыздың Аллаһ жолындағы табандылығы мен құтты жүзінде ашылған гүлдей үнемі күлімсірегені Оның тыныштыққа бөлейтін Аллаһпен бірге болу сезімінің ең әсем мысалы.

Әр адам қуаныштан ләззат алады. Алайда, барлық нәрсе сияқты қуанудың да өлшемі, лайықты шегі бар. Басқа түскен тауқыметтер себебінен өзін жойып

жіберетіндей қайғыға батудың өзі қалай қате болса, қуаныш пен бақыт беретін оқиғаларда есінен танатындай қарқылдап күлу сияқты шектен шығу да адами абырой мен тұлғалықты бұзатын жайттар болып табылады.

Мүмин үнемі жұмсақ, нәзік, сезімтал жүрек иесі болуы тиіс. Әрдайым әдемі күлімдеген жүзі болуы керек. Шектен шығып күлудің жеңілтектігіне қарсы мүминнің байсалдылығы, ұсқынды жүздің тартымсыздығына қарсы мүминнің тартымды жүзі болуы керек.

Хазіреті Мәуләнә күлкі дейтін қарапайым іс-қимылдың өзі адамның мінезін көрсететіні шындығына сүйеніп:

«Адамның қалай күлгенінен әдебін, неге күлгенінен ақылын ұғамын» — деп сыпайы ескерту жасаған.

Шектен тыс және қатты күліп қуанып, кей кезде адамды бейқамдыққа жетелеп, оған бұл әлемде сынаққа келген құл екендігі ақиқатын ұмыттырады. Асыл, мәңгі бақыттың ахіретте екенін ұмыту көңілдің өткінші ләззәттарға тұтқын болуымен нәтижеленеді. Бұның ұзаққа созылуымен қуаныш қарқылдары рухқа у шашады, жүрек қатаяды, қасиеттері жоғалады.

Көп әрі шектен аса күлудің адамды рухани қатерлерге жетелейтіні туралы Хазіреті Омар мынадай ескерту жасаған:

«Күлкісі көбейген адамның айбындылығы азаяды. Көп әзілдейтін адам елдің күлкісіне, ойынның

құралына айналады. Бір нәрсені көп орындаған адам сонысымен танымал болады. Көп сөйлеген көп қате жібереді. Көп қате жасаған адамның ұяты азаяды. Ұяты азайған адам күмәнді нәрселерден қашпайды. Күмәнді нәрселерден сақтанбаған адамның жүрегі өледі» (Ихя, III, 288).

Ең қатерлі рухани ауру бейқамдық адамға көңіліндегі қуаныш күйін бітбейтіндей көрсетіп, оны алдайды. Алдындағы өлім, тірілу, есеп, сират көпірі сияқты ауыр өткелдерін ұмыттырып, оны өмірдің негізгі мәселелеріне бейқам етеді. Адам баласының бұл жалпы қасиеті Құран Кәрімде:

وَتَضْحَكُونَ وَلَا تَبْكُونَ ﴿٦٠﴾ وَأَنتُمْ سَامِدُونَ ﴿٦١﴾

«Күлесіңдер де, жас төкпейсіңдер! Және сендер бейқамдық күйлерінде бастарыңды қатырасыңдар» (Нәжм, 60-61) аяттарымен баян етілген.

Осы мәселеде **Хазіреті Пайғамбарымыз** ﷺ:

«Сендер менің білгенімді білгенде аз күліп, көп жылар едіңдер» — деген (Бұхари, Тәфсир, 5/12).

Хазіреті Мәуләнә бұл ақиқаттардың түсініктемесі ретінде мына насихатты келтіреді:

«Ақыл иелері алдымен жылайды, соңында көп күледі. Ақымақтар алдында қарқылдап күледі, бірақ соңында пұшайман болып, шашын жұлады.

Ей, адам! Парасатты болып, істің нәтижесін басынан байқа да, жаза күнінде өкініш отымен жанба!»

Имам Ғазали мына оқиғаны айтады:

Бір адам шегінен шығып, көп күлген бауырына:

«Қайыр ма?! Тозақтан құтылғаның туралы хабар алдың ба?» — деп сұрады. Бауыры «Жоқ!» — дегенде:

«Ендеше, қалай күле аласың?!» дейді (Ихя, III, 288).

Өйткені пайғамбарлардан басқа ешбір құл жәннатқа кіре алатыны туралы кепілдік алған емес.

Уәһб ибн Уәрд халықтың мейрам күні өте қатты күлгенін көргенде, оларға мына ақылын берді:

«*Егер күнәләрің кешірілген болса, бұл жағдайларың шүкірлік еткендердің халі емес. Егер күнәләрің кешірілмеген болса, бұл (иләһи азаптан) қорыққандардың күйі емес*» (Ихя, III, 288).

Мұхаммед ибн Уәси’ былай дейді:

«*Жәннатта тұрған адамның жылағаны қалай түсініксіз болса, барар орнын (жәннат па, тозақ па) білмейтін адамның дүниеде шектен артық күлгені де сондай таңғалатын нәрсе*» (Ихя, III, 289).

Бұл жағдай Ислам ахлағының мүминге дарытқан тұлғалыққа қатысты өте маңызды өлшемді қамтиды. Демек, мүмин ішкі жан дүниесінде мәңгі және үлкен үрейлердің болуына қарамай, өзгелерге тыныштық та-

ратуы керек. Шектен тыс қуанышқа беріліп босаңсымауы және шектен тыс мұңға беріліп үмітсіз болмауы керек.

Мүмин **«хауф пен рәжә»** яғни қорқыныш пен үміт арасындағы жүрекке тән кейіп қалыптастыруы қажет. **Хауф** – жасаған амалдарына дандайсымай, Аллаһтың азабынан қорқып, үнемі жалбарыну күйінде болу. **Рәжә** – Аллаһтың мейірімімен үнемі үмітті болу.

Халид Бағдади шәкіртіне жазған бір хатында былай деген:

«Аллаһқа ант етемін, туған күнімнен осы күнге дейін Аллаһ құзырында қабыл етілетін және есебі сұралмайтын жақсылық істегеніме сенбеймін...(Тек раббымның мейірімін тілеймін)

... Бұл пақыр, ештеңесі жоқ құлды жетістік пен жақсы ақтық дем нәсіп болсын деген дұғаңыздан ұмыт қалдырмаңыз...»

Міне, мүминнің жаратылысындағы қасиеті күлімсіреу осы үміт пен қорқыныш арасында болу деген жағдайды да білдіреді. Бірақ күлімсіреу сияқты әсем іс-қимылдың бір жаман түсы бар. Оны бір жағымсыз ниетпен жасау. Мақтану, тәкаппарлық, мазақ ету, дін бауырын қор санап, мүминдерді келеке ету сияқты жаман ниеттермен жасалған және ешкім көңіл аудармайтын мұндай жасанды күлімсіреу негізінде ауыр ахірет қасіреті болып табылады.

Расында **Ибн Аббас** ﵄:

وَيَقُولُونَ يَا وَيْلَتَنَا مَالِ هَذَا الْكِتَابِ لَا يُغَادِرُ صَغِيرَةً وَلَا كَبِيرَةً

«... "Қап! Біздің жағдайымыз өкінішті-ақ". Бұл қандай кітап! Ешқандай да бір кіші-үлкен нәрсе қалдырмай, (жасағандарымыздың) **барлығын саралап шығыпты" деседі»** (Кәһф, 49) аятының түсініктемесінде кіші күнә — мумин адамды мазақ етіп жасалған күлкі, үлкен күнә — сол кезде қатты қарқылдап күлу деген (Ихя, III, 294).

МҮМИННІҢ КҮЛІМДЕУІ ЖҮЗІНДЕ, МҰҢЫ – ЖҮРЕГІНДЕ...

Барлық бұл ақиқаттарға қарағанда мүминнің көңілінде белгілі мөлшерде мұң мен қайғының болуы тиіс. Сонымен қатар көңілі мұңлы, қайғыға батса да, жүзі тәтті күлімсіреп жайнап тұруы керек.

Расында Хазіреті Әли ﵁ былай деген:

«Мүминнің күлімсіреуі — жүзінде, мұңы — жүрегінде».

Яғни, кәміл мүминдердің мұңы мен көз жастары өз құлшылықтарындағы қате-кемшіліктерін ойлағандықтан көзден таса, оңаша, әсіресе таң сәріде көрініс табады. Олардың бұл ішкі жан дүниелерін сын тезіне салып, өз

қателіктерін ойлай отырып, төккен көз жастарымен көңіл айналарын жууы жүздеріне шағылысқан нұрдың бастауын да құрайды.

Мәуләнә Хазірет Хақ достарының жүздеріндегі нұрдың хикметін тамаша түсіндірген:

«Мен өз жүзімді көрмеймін. Бірақ сенің жүзіңді көремін. Сен де өз жүзіңді көрмей, менің жүзімді көресің. Өз жүзін көре алатын адамның нұры халықтың нұрынан көп болады».

Яғни, жүздегі нұрдың себептерінің біреуі — адамның өз күйіне мән бере қарай білуі, басқалардың кемшіліктерінен бұрын өз кемшіліктерін көре білуі. *«Нәпсісін білген Раббысын да біледі»* — сырына ерген арифтердің жүздеріндегі нұрдың қайнар көзі де осы. Сондықтан *«Адамның өз кемшілігін білуінен артық парасаттылық жоқ»* — делінген.

Абдүлқадыр Гәйлани Хазірет былай дейді:

«Мүмин адам өзгелерге жүзімен қуанышты екенін көрсетеді. Бірақ, өзі қайғылы... Мүминнің ойлауы, жылауы көп, күлкісі аз. Күлімсірей тұрып, жүрегіндегі мұңды жасырады. Сырттай күнкөрісін қамтамасыз етумен шұғылданған болып көрінеді. Алайда, жүрегі Раббысын еске алуымен болып тұрады. Бала-шағасын ойлаған болып көрінеді, бірақ жүрегі Раббысымен бірге»

«Әуесқойлықты, құтырғандықты, азғындық пен дүниеқұмарлықты доғар! Қуанышың мен күлкіңді

азайт! Мұңлы бол! Біліп қой, Хазіреті Пайғамбарымыз басқалардың жүрегін рахатқа бөлеу үшін күлімсірейтін...».

Адамның шектен тыс күлуі — шектен шығуы. Бұлт басқандай жүзін тыржитуы да кемшілік, ол да шектен шығушылық. Осы екі жағдай да мүмин жандар үшін рухани бәлекет. Бұның ортасы және ең құпталғаны — күлімдеу.

ПАЙҒАМБАР ﷺ МЫРЗАМЫЗДЫҢ КҮЛІМДЕУІ

Күлімдеу — қатты үн шығармай, тістің бір бөлігі көрінетіндей ғана күлу. Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыз да осылай күлетін. Күлкісінде қарқылдау сияқты шектен шығу болмаған.

Хазіреті Айша رضي الله عنها анамыз былай дейді.

«Хазіреті Пайғамбардың таңдайы көрінетіндей қарқылдап күлгенін еш көрмедім. Ол күлімсіреп қана қоятын» (Бұхари, Әдеп, 68; Мүслим, Иистисқа, 16).

Көптеген сахабалардың риуаяттарына сүйенсек, Мырзамыз ﷺ адамдардың ең көркем мінездісі болып, ең нәзік қарым-қатынас жасайтыны болатын. Әрқашан күлімсіреп жүретін. Жүзінде жарқыраған бір сәуле мен нұр бар болатын.

Еврей ғалымы **Абдұллаһ ибн Сәлем** һижрат кезінде

іздеп отырып, Аллаһ Расулын сұрастырып, ақыры Оның құтты жүзін көргенде:

«Бұл бейне жалған айтпайды!» — деп, мұсылман болады (Термези, Қиямет, 42/2485; Ибн Мәжә, Әт'има, 1, Иқамет,174).

Адамның жүзі-көзі, денесі бейне-бір оның көрмесі іспеттес. Барлық болмыстың кәдімгі тілдерінен басқа хал, яғни көңіл-күй тілі де бар. Яғни, адам сөйлемесе де, жүріс-тұрысымен баяндама жасағандай. Адамның жүзінде көңіл күйін білдіретін бір белгі бар. Көре білген көздер үшін барша адамның жүздері жан дүниелерінің айнасы. Сол себепті жүздердегі нұрлы күлімдеу көңіл әлемінің ең көркем шағылысуы деген сөз.

Хазіреті Мәуләнә былай деп тамаша айтқан:

«Анар алатын болсаң, күліп тұрған, жарылған анар ал. Ол күлкі саған ішіндегі дәндерден хабар береді. Арифтің күлкісі нендей құтты күлкі десеңізші. Ол күлкі жан құтысындағы інжу сияқты аузынан көңілді көрсетеді.

Күлген анар бау-бақшаны да күлдіреді. Арифтердің сұхбаты сені де арифтердің қатарына қосады. Сен қатты тас пен мәрмәр бөлшегі болсаң да бір көңіл иесіне жармаса білсең, жауһар боласың».

Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамыз да әлемдерді шуаққа бөлеген нұр жүзімен адамдардың жанынан баяу әрі күлімсіреп өтетін. Жолдастарының көңілін шаттандыру

үшін олардың сөздерін мән беріп тыңдайтын. Оларға інжу тістері көрінетіндей күлімсірейтін. Сахабалар да Оған қарап, күлімдеп отырып сұхбаттасатын.

Жәрир ибн Абдұллаһ ﵁ былай дейді:

«Әлем мақтанышы Мырзамыз ﷺ мен мұсылман болған күнімнен бері құзырына кіруден тыймайтын және көрген сайын күлімсірейтін» (Бұхари, Әдеп, 68).

Абдұллаһ ибн Харис ﵁:

«Аллаһ Елшісінен көп күлімдеген адам көрмедім» — деген (Термези, Мәнәқиб, 10).

Хадис шәрифтерде былай делінген:

«Дін бауырыңды күлімсіреген шырай танытып қарсы алудан тұрса да, ешбір жақсылықты қор көрме!» (Мүслим, Бирр, 144).

«Әр жасылық — садақа. Бауырыңды күлімсіреп қарсы алуың және өз ыдысыңдағы судан бауырыңның ыдысына су құйып беруің де жақсылық болып саналады» (Термези, Бирр, 45) 1970; Ахмед, III, 344; Бұхари, Әдәбул-Муфрад, №304).

Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыз кедейлерге беретін бір нәр-се таба алмаған кездерде ұялғанынан басын басқа жаққа бұратын. Осы себепті мына аят кәримә түседі:

وَإِمَّا تُعْرِضَنَّ عَنْهُمُ ابْتِغَاء رَحْمَةٍ مِّن رَّبِّكَ تَرْجُوهَا
فَقُل لَّهُمْ قَوْلاً مَّيْسُوراً

«Егер Раббыңнан күткен мейрім үшін олардың жүздеріне қарай алма саң, ең болмаса олардың көңілін аулайтын бір сөз айт!» (Исра, 28).

Бұл иләһи бұйрықтан кейін Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ кедейлерге беретін нәрсесі болмаған кезде олардың көңілін аулайтын. Күлімдеп, жылы сөзбен қарым-қатынас жасайтын.

Сондықтан мұсылманның дін бауырына күлімдеуі, сәлем беруі және жылы сөз айтуы — әсте төмен саналмайтын ең құнды, ең қымбат қоғамдық құлшылық. Өйткені күлімдеу — мүминдер үшін сүннетү мүәккәдә.

ХАҚ ДОСТАРЫНЫҢ КҮЛІМДЕУІ

Пайғамбари ахлақты өз бойларына дарытқан салих мүминдер қалбү сәлимге, яғни Аллаһтың нұрына бөленген таза жүрекке жеткен ұлы тұлғалар болғандықтан әр күйлерінде Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамызды үлгі тұтқан. Көктем мезгілі сияқты күлімдеп, көңілдерге тыныштық пен қуаныш сыйлайды. Назарлары рухтарға самал болады. Нұрлы жүздерімен Аллаһты және ахіретті үнемі еске салады. Өйткені олар Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамыздан үнемі фәйіз алып, сол фәйізді өзгелерге шағылыстырумен болады.

Өмір қиындықтарына қарсы тұру үшін Мұхаммед үмметіне жарасатыны — Пайғамбарымыз ﷺ мен Хақ достары сияқты «гүл мінезді» бола білу. Өйткені талындағы тікендерге шыдамдық танытқан үшін гүл

әсем реңі және ғажайып иісімен үнемі күлімдеген күйде болады және адамдарға «мені көңіл көзімен оқыңдар да, мен сияқты болыңдар» дейді.

Діннің мақсаты да осындай пәк, көркем әрі сезімтал адамдар тәрбиелеу. Кәміл мүминдер күлімдеген жүздерімен гүлге, бұлбұлға, барша болмысқа сәлем беріп тұрған сияқты. Олардың көңіл әлемдері барша мақлұқатқа ашық терезе сияқты. Өйткені кәміл мүминдер ашылған гүлдер мен жемісті ағаштардың хикметіне терең бойлап, гүлдер сияқты өте нәзік рухты, жемісті ағаштар сияқты жомарттық пен сый иесі болады.

Хақ досы **Жүнәйд Бағдади** Хазірет дін бауырымен достықта оған үнемі күлімдеген күйде болу мен оны қуанту — ең маңызды шарт пен әдеп екенін, ал **Әбу Осман Хири** Хазірет достықтың шартын күнә іспен айналыспаулары шартымен достарына әрқашан күлімдеп, жылы шырай таныту екенін айтқан. **Әбу Абдұллаһ Сәлимә** да тәтті тіл мен күлімдеген жүз Хақ достарының ерекше қасиеттерінің бірі екенін баян еткен.

Харис ал-Мұхасиби былай деген:

«Көркем мінез-құлық төрт нәрседен туындайды:

- Бейқамдардың көрсеткен қорлығына сабырлық көрсету.

- Қатты ашуланбау. Өз шегін білмейтіндердің надандықпен тіл тигізулеріне көңіл бөлмей, “сәлеметте болыңыздар!” деп кете білу.

- Исламның күлімдеген жүзін көрсете білу.

- Тыныштандыратын, қуанышқа бөлейтін тілге ие болу».

Хасан Басри Хазірет көркем мінез-құлықты:

«Көркем мінез-құлық — жақсылықты жаю, ешкімді мазаламау, әрқашан күлімдеген жүзді болу» — деп түйіндеген.

Әлем қамыры махаббат ашытқысымен иленген. Микро әлемнен макро әлемге дейін бүкіл әлем көңіл көзімен тамашаланған жағдайда әр нәрсенің өзегінде иләһи махаббаттан бір белгі бар екені байқалады.

Аллаһтың әлемдегі жамалдық сипат-қасиетінің көріністері — бау-бақшалар, бұлақтар, ашылған гүлдер, түрлі-түсті көбелектер, сайраған құстар — барлығы Аллаһтың күлімдеуін меңзейді. Адамның бұл ақиқаттан бейқам қалуы өте өкінішті-ақ. Құлдың міндеті — бұл иләһи күлімдеуді аңғарып, оны өз бейнесінен мақлұқатқа шаша білу.

Өмірін ізгі амалдармен әшекейлеп, жандандырған мүмин ең әдемі күлімдеуді жан тапсырар кезінде көретін болады. Бұл жағдай мына аят кәримәда тамаша баян етілген:

إِنَّ الَّذِينَ قَالُوا رَبُّنَا اللَّهُ ثُمَّ اسْتَقَامُوا تَتَنَزَّلُ عَلَيْهِمُ
الْمَلَائِكَةُ أَلَّا تَخَافُوا وَلَا تَحْزَنُوا وَأَبْشِرُوا بِالْجَنَّةِ
الَّتِي كُنتُمْ تُوعَدُونَ

«Күмәнсіз, Раббымыз — Аллаһ деп, сонан соң истиқамәт бойынша тура жолда болғандарға періштелер түседі. Оларға: “Қорықпаңдар, мұңаймаңдар, сендерге уәде етілген жәннатқа қуаныңдар” — дейді» (Фүссиләт, 30).

Сондай-ақ аят кәримәда айтылады:

أَلا إِنَّ أَوْلِيَاء اللّهِ لاَ خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلاَ هُمْ يَحْزَنُونَ

«Біліңдер, Аллаһтың достарына қорқыныш жоқ, олар мұңаймайды да» (Юнус,62).

Мақлұқатқа иләһи махаббаттың күлімдеуін шағылыстыра білген кәміл мүминдер ахіретте, кім білсін қандай тамаша күлімдеген қазыналарға қол жеткізерін.

Шәйх Сағди «*Бустан*» атты еңбегінде бір оқиғаны келтіреді:

«Көркем мінезді бір адам болатын. Ол кісі өзіне жамандық жасағандар туралы үнемі жақсы сөз айтып, оларға жақсы мәміле көрсететін. Қайтыс болғаннан біраз уақыт өткеннен кейін олардың бірі оны түсінде көреді.

«Қайтыс болғаннан кейін қандай күйге түстің, маған айт!...» — деді.

Қайтыс болған адам гүл шоғындай күлімдеп, аузын ашып бұлбұлдың дауысындай әсем үнмен:

«Мен өмірімде ешкімге қатты және жаман мәміле көрсеткен жоқ едім. Ешқашан қатал жүз танытпадым

(бәріне тек күлімдеп қарадым). Сол үшін маған да қатал, жаман мәміле жасалынбады» — деді.

Көңілдерін барлық тіршілік атаулысына ашық панаға айналдырған Хақ достарында еш уақыт үрейленген, тыржиған жүз көрінбейді. Аллаһ достарының келбеті алдындағыларының көңіліне қуаныш сыйлайды, оларды рухани әлемге жетелейді. Олар мұңлы адамдарды көңіл сарайларына алып, жұбатады. Олардың көңіл әлемдері тыныштық пен сауықтыру орталығындай.

Бұл тыныштықтың негізгі хикметі — адамдарға Аллаһ пен ахіретті естеріне салғандары үшін рухты жалықтыратын рухани және дүниелік қайғылардан, әуестіктер мен құмарлықтардан адамдарды құтқаруы, сонымен қатар шынайы бақыт пен тыныштықтың мәңгілік бақыт жолында күш-жігер жұмсаумен мүмкін екеніне байланысты адамдарға жол көрсетулері болып табылады.

Хақ достарының тыныштық пен бақыт тарататын күлімдеген жүзге ие болу хикметі — арқалаған иршад (тәлім-тәрбие) жауапкершілігі. Өйткені адамдарды ескертіп, тәлім-тәрбие беру қызметінде күлімдеген жүз бен тәтті сөз иесі болу Аллаһтың ерекше бұйрығы. Күлімдеу — алдындағы адамымен құрған көңіл байланысы. Сондықтан Халиқтың/Жаратушының назарымен мақлұқатқа көркем назар салу деген күлімдеу мен тәтті сөздей әсерлі де қажетті тәлім-тәрбие әдісі бола алмайды. Аят кәримәда айтылады:

فَبِمَا رَحْمَةٍ مِّنَ اللّٰهِ لِنتَ لَهُمْ
وَلَوْ كُنتَ فَظّاً غَلِيظَ الْقَلْبِ لاَنفَضُّواْ مِنْ حَوْلِكَ

«(Ей, Расулым! Сол кезде) **сен тек Аллаһтың рахметімен оларға жұмсақ қатынастың. Егер дөрекі, қатыгез болсаң, әрине олар сеннен алыстап, бәрі тарқап кетер еді...»** (Әлү Имран, 159)**.**

Иршад, яғни адамдарды рухани тәлім-тәрбиелеу қызметінде күлімдеген жүз, тәтті сөз бен нәзіктіктің маңыздылығы жайында **Шәйх Сағди** «*Бустан*» атты даналы еңбегінде мына оқиғаны мысал ретінде келтіреді:

«Тәтті тілді, күлімдеген жүзді бір жігіт бал сататын. Бұл соншалықты мәрт жігіт еді. Адамдар оның тәттілігінен жүректері жалындап, ерекше күй кешетін. Оның бойы мен белі байланған қант қамысына ұқсайтын. Тұтынушылар саны шексіз көп болатын.

Ол сондай жігіт болатын — ол бал емес, у сатқан жағдайда да бәрі оның қолынан уды балдай алып ішер еді.

Ұсқынсыз біреу ол жігіттің саудасына қызықты. Пайдасын қызғанып, бал сатқысы келді. Бал тақтайшасын басына қойып, түрі бал емес, сірке суын сататындай болып, көше-көшені аралады. «Бал, бал!» — деп айқай салды. Бірақ балына тұтынушы ғана емес, бір шыбын да қонбады.

Кеш болды, үйге оралды, қолына бір тиын да түспеді. Көңілсіз күйде ашуға булығып, бір шетке өтіп, отырды. Қылмысының жазасынан қорыққан күнәһарға, мейрам күні зынданда ұсталған бақытсызға ұқсады.

Әйелі оған әзілдеп:

«Ұсқынсыздың балы ащы болады!» — деді.

Адамды жаман мінез тозаққа тастайды. Ал көркем мінез жәннаттан шыққан.

Досым! Жүр, қажет болса, бұлақтан ыстық су іш, бірақ Күннің астында күйсең де, ұсқынсыз адамның қолынан салқын қант шербетін ішпе! Қабағы тікен сияқты айқасқан адамның нанын жеу рухқа зиян.

Мырза, өз ісіңді күйгелектігіңмен онан ары шиеленістірме! Өйткені күйгелек адамдар үнемі бетпақ болады. Ал алтының, күмісің, еш нәрсең жоқ делік. Тәтті тілің де жоқ па?»

Міне, күлімдеген жүз бен тәтті тіл иман мен көркем мінезден мақрұмдарды тәрбиелеудің ең маңызды қоры, құралы. Ұсқынсыз адамның өзі гүлстанда, түрлі-түсті хош иісті гүлдер арасында жүргенде ол жерден рухына өтетін әсемдіктер әсерінен күлімсірейді. Адамдарға жол сілтеуші адамдар да дөрекі және надан жүректерді жұмсарта білуі керек. Ең ұсқынсыз жандарды да күлімсірете білуі керек.

Кәміл мүминдер — бұл рух күйінде сабырлы, күлімдеген және адамдардың дерттерін тасуға шыдамды адамдар. Орынды да әсерлі насихат айту үшін де Құран мен Сүннеттің хикметімен «иленген» сезімтал көңілге және Исламның күлімдеген жүзін шағылыстырған бейнеге ие болуымыз шарт. Рухани тәлім-тәрбие қызметінде күлімдеген және алғыс айтар сезімде болу негізгі мінез күйіне түсуі керек.

Раббымыз баршамызды жаратылған әр нәрсеге рақымды, мейірім мен күлімсірей жақындай білген нәзік рухты кәміл мүминдерден етсін! Жүрегімізден иман махаббатын, жүздерімізден Исламның күлімдеген бейнесін алмасын!

Әмин...

Әдеп пен нәзіктік

Әдеп – Хақ жолындағы жолаушылардың ең құнды азығы. Адам әрі діндәр, әрі дөрекі, үйлесімсіз және инабатсыз бола алмайды.

Естен шығармайық – шайтан иләһи құзырдан білімі мен істеріндегі кемшілік үшін емес, әдепсіздігі үшін қуылды. Сондықтан шайтанды құрдымға түсірген ең әсем игілік – әдеп.

Рухани тәубенің мақсаты – адамды үнемі Аллаһтың бақылауында екенін сана-сезіміне ұялату. Сөйтіп сыпайылық, нәзік әдеп пен ұят сияқты жоғары қасиеттер оның табиғи жаратылыс қасиетеріне айналады.

ӘДЕП пен НӘЗІКТІК

Әдеп — адамды басқа мақлұқтардан өзгешелендіретін қасиет. Адам әдептілігімен, сыпайылығымен, нәзіктігі және тақуалығымен Аллаһ алдында қадір-қасиетке ие болады. Сондықтан Хақ достарының көркем сипаттары арасында **әдеп** пен **нәзіктік** игілігінің ерекше орны бар. Сондай-ақ қаншама руханият алыптары да тасаввуфты «көркем мінез бен әдептен тұрады» деп білген.

Әмір Күләл Хазіреттің рухани тәрбиесінде кемел әдеппен, нәзіктікпен өскен **Шах Нақшибәнди** осы жолды ұстанған алғаш жылдарында нәпсінің мақтаншақтығы мен тәкаппарлығын жеңіп, Раббысының алдында **«ештік»** күйін лайықты түрде сезіне білсін деп, ұстазы оны науқас, кемтар адамдарға, жаралы жануарларға қызмет етіп, адамдардың өтетін жолдарын тазалау ісін тапсырған. Өзі сол кездегі күйін былай түсіндіреді:

«Ұстазым өмір еткен жолда ұзақ уақыт қызмет еттім. Болмысым сондай халге жеткені, жолдан өтерде Аллаһтың қайсы бір мақлұғын алдымнан көрсем, дереу тоқтап қалып, алдымен оның өтіп кетуін күтетінмін. Одан бұрын бір адым атпайтынмын. Осылай жеті жыл қызмет еттім. Ақыры олардың ыңырсып, мұңлы дауыстарымен Аллаһты зікір етіп, Оған жалбарынғандарын сезетін халге жеттім».

Міне, хикметпен нұрланған көңілдер үшін әлемдегі барлық нәрсе иләһи құдірет пен ұлылықты жариялайтын көріністерден тұрады. Бұл күйге қауыша білу үшін рухани тәрбиенің арқасында рухтың жұмсақтық пен сезімтал болуы, рухани көріністерді көріп, олардан ғибрат алатын күйге келуі, сөйтіп даналықта тереңдеуі шарт. Өйткені ақылмен ұғына алмайтын қаншама сыр хикметпен шешіледі. Хикмет тереңдемей, рухани сырлар ашылмайды.

Әдеп – Хақ жолындағы жолаушының ең құнды азығы. Адам әрі діндәр, әрі дөрекі, жағымсыз, инабатсыз бола алмайды. Өйткені Исламның рухы жағынан өзегі – сенімде тәухид, амалда **әдеп**, туралық пен мейірім. Бұл тұрғыда былай десек те болады. Барша негіздермен Ислам діні басынан аяғына дейін сыпайылық, нәзіктік пен пәктік өлшемдерінен, яғни **«көркем әдептен»** тұрады. Хақ досы **Мәуләнә Хазірет** бұны тамаша баян еткен:

«Көзіңді аш та, Аллаһтың сөзіне бастан аяғына

дейін назар сал! Аяттан аятқа — Құранның барлығы әдеп тағылымынан тұрады».

Хақ достары жеткен дәрежелеріне тек жоғары әдептерімен қол жеткізген. **Имам Раббани** Хазірет былай дейді:

«Әдепке мойынсұнбаған адам Аллаһтың разылығына бөлену жолында ілгері қадам баса алмайды, яғни Аллаһ досы бола алмайды. Дін көсемдерінің жолы бастан-аяқ әдеп үлгісі».

Ең маңызды әдеп — бізді жаратқан

АЛЛАҺ АЛДЫНДАҒЫ ӘДЕП

Естен шығармауымыз керек — шайтан иләһи құзырдан білім мен амал кемшілігінен емес, әдепсіздігі үшін қуылған. Сондықтан шайтанды құрдымға түсірген ең әсем игілік — әдеп.

Хазіреті Мәуләнә мұны былай деп түсіндіреді:

«Ібіліс Хазіреті Адамға сәжде етпей Аллаһтың әміріне қарсы келгенде:

"Менің затым оттан, онықі балшықтан. Жоғары болғанның төмен болғанға сәжде етуі қалай жарасымды болмақ?!" дейді».

Міне, ібіліс Аллаһқа әдепсіз қарсылық көрсеткені үшін қарғысқа ұшырады, иләһи құзырдан қуылды.

Сонымен қатар бетпақтық көрсетіп, өзін жаратқанмен күреске түсті» (Фиһи мә фиһ, 156 б).

Әбу Әли әд-Дәққақ былай дейді:

«Әдепті тастау иләһи құзырдан қуылуды қажет етеді. Әркім патшаның алдында тәрбиесіздік көрсетсе есікке, есікте әдепсіздік көрсетсе қораға жіберіледі».

Аталарымыз *«Әдепті әдепсізден үйрен»* деп, әдепке мойынсұнбағандардың жағдайынан ғибрат алуды насихаттаған. Біз де шайтанның жағдайынан үлгі алуға міндеттіміз.

Аллаһқа деген әдепті лайықты түрде ұстана білген құл жағымсыз әрекеттерден аулақ болады. Сондықтан құлшылық пен жасаған іс-әрекеттеріндегі кемшіліктерін, қате мен бейқамдығын байқайды. Амалдарына сенімді қарау сырқатына бой алдырмайды.

Ұмытпайық, қаншалықты көркем амалдарымыз болса да, бәрі-бір барлығы теңізге құйылған бір шелек су сияқты. Аллаһтың берген сыйларына қарағанда істеген барлық құлшылықтарымыз бен қызметтерімізді аз деп білуіміз керек. Құлшылық жауапкершілігімізді қоғамдағы деңгеймен емес, сахаба мен Аллаһтың әулие құлдарының өнегелерімен таразылауымыз керек. Өйткені Аллаһ әнсарлар және мүһәжірлерді бізге үлгі етіп көрсеткен.

Екіншіден, құл болу әдебін лайықты іске асырғандар

әсемдіктердің барлығы Аллаһтан, ал барлық кемшілік — өз нәпсілерінен туындаған сезіміне жетеді.

Құлшылықтарды тастап, жаман жолға түскен адамның: «Не істейін, тағдырым осы екен!» деуі нәпсі мен шайтанға тән бейқамдық сөзі. Аллаһ намаз оқығысы келген адамға орындау жолдарын сыйлап, ал оқығысы келмегендерге де намазға кедергі жасайтын жағдайлар жаратады. Сондықтан өзіміздің істеген күнәларымызды ақтау үшін «қайтейін, тағдырым осы екен!» сияқты сандырақ сөздер тағдырға жала жабу дегені. Бұл Аллаһқа көрсеткен үлкен әдепсіздік пен ақымақтық. Шайтанның аяғын тайдырған нәрсе ол көрсеткен әдепсіздіктен басқа ештеңе емес.

Сондықтан шайтанды қатты ашуландырған нәрсе — өзі теріс жолға түскен жағдайларда мүминнің Аллаһқа көрсеткен мойынсұнуы, ризалығы, берілуі, яғни «құл болу әдебі».

Тасаввуфтың ең маңызды мақсаттарының бірі — адамды **«ихсан сезіміне»**, яғни үнемі Аллаһтың құзырында тұрғаны деген сана-сезімді ұялатып, Аллаһқа сыртқы һәм ішкі әлемінде әдепті ету. Руханият көсемдері:

«Сыртқы һәм ішкі әлеміңде әдепке жармас! Өйткені адам сырт пішіндегі әдепте қателік жіберсе, сырт пішінде жаза алады. Ішкі пішіндегі әдепте қателік жіберсе, ішкі пішінде жазаға тартылады. Кімде-кім әдептен айрылса, өзін Аллаһқа жақын деп есептесе

де Одан алыс, өзін құпталған, мақұлданған құл деп есептесе де ол қабылданбаған» деген (Рухұл- Баян, X, 401).

Сондықтан Раббымыздың біздерге тағдыр еткен нәрселері жайында шайтан сияқты бетпақтықпен тартысқа кірмей, сол кезде-ақ мойынсұнып, ризалық пен бағыныштылық таныту және біз үшін ол көріністің ең қайырлы екенін ойлау — жан дүниеге тән ең маңызды әдептілік болып табылады.

Бір күні хадис ғалымдарының бірі **Баязид Бистами**ді жас шағында көргенде, оны өте ұнатып қалды. Алғырлығы мен түсінігін сынап көру үшін одан:

— Әсем жігіт! Намазды жақсы оқи білесің бе? — деп сұрайды.

Баязид Бистами оған:

— Ия, Аллаһ қаласа, білемін, — деп жауап бергенде,

— Қалай? — деп сұрайды.

Баязид Бистами:

— «Әмір ет, о, Раббым! Әміріңді орындау үшін құзырыңда тұрдым деген сезімге бөлене тұрып, тәкбір алып «Аллаһу Әкбәр» деймін. Құран Кәрімді бірбірлеп оқимын, тағзым мен рукуғ жасаймын, қарапайымдылықпен сәждеге жығыламын, қоштасып, сәлем беремін» — дейді.

Әлгі ғалым кісі қайран қалып:

– Ей, алғыр бала! Сенде бұл терең түсінік бар бола тұра неге адамдарға басыңды сипауға рұқсат бересің? – деп сұрайды. Өйткені адамдардың мақтауы мен ілтипаты оны мақтаншақтық пен тәкаппарлануға итермелеуі мүмкін және бұған орын бермеуі керек деп ойлады.

Жас Баязид Бистами көрегенділікпен:

– Олар мені емес, Аллаһтың мені безендірген әсемдігін сипайды. Маған тиісті емес нәрсеге тиюлеріне қалай кедергі бола аламын? – деп жауап берді.

Міне, көңіл жетуі қажет құлдық әдептердің бірі де барлық әсемдіктерді тек Аллаһтан деп білу, оны өзіне теңемеу.

Ең үлкен әдептілік – Аллаһқа құрмет көрсету. Бұның ең көркем көріністері ғибадаттарда көрініс табады. Аллаһ достары:

«*Ғибадат адамды жәннатқа жетелейді. Ғибадаттағы әдеп пен құрмет Аллаһқа жетелейді, Аллаһқа дос етеді*» деген.

Әнәс бин Мәлік رضي الله عنه:

«*Құлшылықтағы әдеп оның қабыл етілуінің белгісі*» деген.

Қызыр عليه السلام мына дұғаны жасауды өсиет еткен:

«Аллаһым! Саған құлшылық жасағанда маған көркем әдеп бер!»

Хақ достары шын жүректерімен әдепті болғандары сияқты үнемі иләһи құзырда болу сезімімен өмір кешкендіктен іс-әрекеттерінде де әдепті болуға аса мән-маңыз берген. Бұл жағдайды ғибадаттағы ықылас пен әдеп күйін ғибадаттан тыс кезде де қорғау деп түсіндірсек болады. Расында Аллаһ Тағала айтады:

«Олар — намазын ұдайы өтейтіндер» (Мәариж, 23).

«Олар намаздарын қорғайды» (Мәариж, 34).

Хазіреті Мәуләнә бұл аяттарға ишари (рухани) мағына беріп, былай дейді:

«Құл намаздағы күйін намаздан кейін де қорғайды. Осылай барлық өмірін әдеппен, ықыласпен, тілі мен ділін қорғаумен өткізеді. Бұл шынайы ғашықтардың, яғни Хақ достарының күйі...»

Рухани тәрбиенің мақсаты — адамды үнемі иләһи бейнетаспа бақылауда екені сезіміне бөлеу. Осылай сыпайылық, нәзіктік, әдеп пен ұят сияқты жоғары қасиеттерді оның табиғи мінезіне айналдыру.

Дәуіт Таи Хазірет былай түсіндіреді:

«Жиырма жыл **Әбу Ханифа** Хазіретпен бірге болдым. Осы уақыт ішінде жалғыз болсын, жанында біреулер болсын, басы ашық болып отырғанын немесе демалғанда аяғын созғанын көрмедім. Одан:

— Жалғыз болғаныңызда аяғыңызды созуыңызға не кедергі жасайды? — деп сұрадым. Маған:

— Аллаһ алдында әдепті болу абзал — деді.

Хақ досы **Махмуд Сами Рамазанұлы** Хазірет те өмір бойы аяғын созып отырмаған, арқасын бір жерге сүйеп тамақ жемеген. Өмір бойы жоғары әдеп пен сыпайылық үлгісі болған Сами мырза сұхбаттарында ылғи:

«Әдеп бір тәж екен Аллаһ нұрынан,

Ки сол тәжді, аман бол барлық бәледен...»

— деген өлең жолдарын қайталап отыратын.

Сондай-ақ өмірі әдеппен, сыпайылықпен, нәзіктікпен көркемделген Хақ ғашықтарының бірі **Самсундық Хұсайн Мырза**ның жаназасын жуу қызметін атқарған **Мұстафа Окутан** бауырымыз өзі куә болған жағдайды былай баян етеді:

«Хұсайн Мырзаны жуып жатқанда оң аяғы кеудесіне тиіп тұрған еді, оны аша алмадық. Қабірге қойғанымызда өздігінен оң жағына аударыла салды».

Бұл, күмәнсіз, *«Адам өмір сүрген күйінде өледі және қайтыс болған күйінде тіріледі»*[11] деген ақиқат-

11. Әбу Дәуіт, Сүннет, 23-24/4753; Ибн Мәжә, Жәнәиз, 37.

ты еске салатын ерекше көрініс. Аллаһ кейбір сырларды ғибрат алуымыз үшін кейде осылайша паш етеді.

Патшаның немесе жоғары лауазымдағы адамның құзырында болғандар басқа кезде не жердегідей емін-еркін әрекеттер жасай алмайды. Хақ достары әрқашан Аллаһтың құзырында болғандарын біліп, бұны дәлелсіз-ақ сенетін де сезетін ариф жандар болып табылады. Олар:

وَهُوَ مَعَكُمْ أَيْنَ مَا كُنتُمْ

«Қайда болсаңдар да Ол сендермен бірге» (Хадид, 4) сырын білгендіктен әр сәтті Аллаһпен бірге болу сезімімен өткізеді. Сондықтан әдеп сақтаулары олардың барлық істерін қамтиды.

Хақ достары адам назарынан тыс төңіректерде, оңаша болған кездерінде де ерекше әдеп күйінде болады. Мәселен, намазда Аллаһқа құрметтің белгісі ретіндегі басты жабу (тақия кию) жағдайы үнемі ғибадат күйінде өмір кешетін Аллаһ достарының намаздан тыс уақытта да бағынатын әдеп қағидасы.

Сахабалардың бірі ешкім жоқ жерде киіну мәселесінде еркін әрекет етіп-ете алмайтыны туралы сұрағанда **Пайғамбар ﷺ Мырзамыз**:

«Адамдар Аллаһтан ұялуға тиіс. Өйткені оған ең лайығы Ол» — деген (Әбу Дәуіт, Хаммам, 2/4017).

Жан дүниелері Ислами тәрбиеге негізделген бабала-

рымыз да әдеп пен ұят, намыс мәселесінде барша әлемді таңдандырған тамаша мінез үлгісін көрсеткен.

Өз дінін өте қатты ұстанған протестант попы **Саламон Шейвейгер** саяхатнамасында мұсылмандар туралы былай дейді:

«Мұсылмандар моншада жуынғанда да жамылғы орап алады. Қандай әдепті адамдар! Әдеп пен намысты біз жабайы атаған бұл адамдардан үйренуіміз керек[12]».

Жамылғымен орану адамға тән жағдай. Басқа мақлұқаттарда жамылу туралы сөз айтылмайды. Екіншіден, жамылғы жамылу — жаратылыстан туындаған құлдық әдебі. Хазіреті Адам мен Хазіреті Хауа басқа адамдар болмаса да жәннатта ұялып, қобалжып, жапырақтармен жамылуға тырысты. Демек, денесін жабу мен оның түрткісі — әдеп пен ұят адам баласының жаратылысындағы ежелгі қасиеттерден.

Аллаһқа көрсетілетін әдеп Оған жақындық дәрежелеріне қарай бүкіл болмысты қамтиды. Аллаһқа көрсетілетін әдептен кейінгі үлкен әдеп — Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамызға деген әдеп.

12. И. Ортайлы, Османлыйы Йениден Кешфетмек, 88 б.

ПАЙҒАМБАР ﷺ МЫРЗАМЫЗҒА ДЕГЕН ӘДЕП

Қадірменді сахабалар Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамызға көрсетілуі тиіс құрмет пен әдеп сезімдерінің ең кемел үлгілерін паш еткен. Осы үлгінің бірі Хазіреті Пайғамбарымыздың сұхбаттарындағы ықылас пен әдептерін:

«Басымызға құс қонып, қимылдасақ, ұшып кетеді деп ойлайтынбыз» — деп тілге тиек еткен[13].

Сахабалардың Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамызға деген әдебі биік дәрежеде болғаны сонша, Оған сұрақ берудің өзін батылдық деп ұғынатын. Сондықтан шөлден бәдәуи келіп, сұрақтар беріп, сұхбатқа себепші болса, біз де Пайғамбарымыздың сұхбатынан шаттық алсақ деп күтетін.

Үнемі Аллаһ Елшісі ﷺ Мырзамызбен бірге болғандар арасында әдептері себепті Оның нұрлы жамалын қанып тамашалай алғандар өте аз болатын. Тіпті, сұхбат кезінде сахабалар ылғи төмен қарап отыратын, Хазіреті Пайғамбармен Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омардың ғана жүзбе-жүз сөйлесе алғандары риуаят етіледі (Термези, Мәнәқиб, 16/3668).

Бұл жағдайды кейін Мысырды жеңіп алған деген

13. Әбу Дәуіт, Сүннет, 23-24/4753; Ибн Мәжә, Жәнәиз, 37.

атақпен тарихқа атын қалдырған **Амр ибн Ас** رضي الله عنه өмірінің соңында былай деп тілге тиек еткен:

«Аллаһ Расулы Мырзамызбен ұзақ уақыт бірге болдым. Бірақ Оның құзырында көрсеткен құрмет пен ұят сезімінен басымды көтеріп, нұрлы жүзін тойып тамашалай алмадым. Егер бүгін маған: "Бізге Аллаһ Елшісін сипаттап бер, Оны түсіндір" — дейтіндер болса, сеніңдер, түсіндіре алмаймын» (Мүслим, Иман, 192).

Біз де Әлемнің Мақтанышын сипаттауға кірiскенде, Оны сөзбен түсіндіру мүмкін емес болғандықтан әлсіздігімізден әдеп пен сыпайылық мәселесінде байқамай пайда болған кемшіліктеріміз үшін Раббымыздың кешірім дариясын паналаймыз.

Екіншіден, Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамыздың құтты есімі аталған сайын салауат айтып, сәлем беру Аллаһтың Мұхаммед үмметіне әмір еткен әдептердің қатарынан болып табылады. Аят Кәрімәда айтылады:

«Расында Аллаһ пен періштелері Пайғамбарға көп салауат айтады. Ей, Мүминдер! Сендер де Оған салауат айтып, толық берілген күйлеріңмен сәлем беріңдер!» (Ахзаб, 56).

Қандай хикметті жайт! Құранда басқа пайғамбарлардың есімдері аталып әңгіме етілсе, Хазіреті Пайғамбарға «Ей, Мұхаммед!» деп бір сөз де айтылмаған.

Оған «Ей, Нәби! Ей, Расул!» — деп айтылған. Аллаһ барлық мүминдерді осындай әдепке шақырады:

«(Ей, Мүмимндер!) **Пайғамбарды өз араларыңда бір-біріңді шақырғандай шақырмаңдар!...»** (Нұр, 63).

Ибн Аббас ﷛ бұл аят жайында былай деген:

«Адамдар Аллаһ Елшісіне «Ей, Мұхаммед! Ей, Әбу Қасым!» деп айтатын. Аллаһ Пайғамбарының абыройын көтеру үшін оларды бұлай айтуға тыйым салды. Бұдан кейін адамдар «Ей, Аллаһ Елшісі!» деп айтты» (Әбу Нұайм, Дәләил, I, 46).

Сондықтан Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамызды тек есімімен ғана атау Оған үммет болу әдебіне қарамақайшы келеді. Оның құтты есімімен бірге ұлықтау мен қастерлеу сипаттары да айтылуы тиіс. Екіншіден, Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамызға жақындығы бар әр нәрсеге де әдеп пен сыпайылық көрсету қажет.

Пайғамбар ғашығы Османлы мемлекетінің сұлтаны **Явуз Сәлім Хан**ның мына күйі тамаша әдеп үлгісі:

Явуз Сәлім Хан 1517 жылы Мысырды алып, халифалық билігі оған өткен болатын. 20-шы ақпан жұма күні Мәлік Муәйяд мешітінде оқылған хұтбада имамның:

«Хакимул-Харамайниш-Шәрифәйн (екі қастерлі өлке — Мекке мен Мадинаның әміршісі)» — деп, оны мақтағанда имамға қарсы шығып:

«Жоқ, жоқ! Керісінше, Хадимул-Харамайниш-

Шәрифәйн (екі қастерлі өлке — Мекке мен Мадинаның қызметшісі!)» — деп, жасқа толы көздерімен жауап қатқан.

Арқасынан кілемді алып, топырақ үстіне сәжде етіп, Раббысына шүкірлік етті. Харамайниш-Шәрифәйннің қызметшісі екенінің бейнесі ретінде сәлдесінің үстіне сыпырғыш сияқты бір сабақ тақты.

Аллаһ Елшісінің өлкесіне деген әдеп пен құрмет сезімдерінің таптырмас көріністерінің бірі де Османлының зұлымдыққа ұшырап, шәһид болған сұлтаны **Абдулазиз Хан**ға қатысты.

Бір күні науқастанып жатағында бозарып әлсіз күйде жатқанда оған:

«Мәдина халқының бір өтініші бар» — делінді.

Абдулазиз Хан жәрдемшілеріне:

«Дереу мені аяққа тұрғызыңдар! Харамайннан келген талаптарды аяқта тұрып тыңдауым керек! Аллаһ Елшісіне көрші болғандардың талаптары әдепке қайшы бұлай аяқ созылып жатып тыңдалмайды!..» — деді.

Әрбір Мәдина поштасы келгенде де дәретін жаңартып, хаттарды: «Бұларда Мәдинаның тозаңы бар!» — деп сүйіп, маңдайына басады. Одан кейін бас хатшыға ұсынып «Аш, оқы!» — дейтін.

ХАҚ ДОСТАРЫНА ДЕГЕН ӘДЕП

Әбул-Ләйс «Пайғамбарды өз араларыңда бір-біріңді шақырғандай шақырмандар!» (Нұр, 63) аятының түсініктемесін беріп, қосымша былай деген:

«Сонымен қатар бұл аяттан пайдалы ғылым үйретуші салих ұстаздарға құрмет көрсетілуі керектігін ұғынамыз. Ұстаздар мен ізгі адамдардың құқықтарына мән беру керектігіне ишарат етілген.

Сондықтан Аллаһ достары аталғанда қай тілде болса да олар үшін сый-құрмет білдіретін сөздер айтылуы тиіс. Өйткені тәни тұрғыдан әкеміз болған адамдарды есімдерімен атауға тыйым салынғанына қарағанда, рухани әкеміз – Хақ достарының есімдерін атау қандай әдепсіздік екенін ойлап көр!» (Рухұл-Баян, VII, 447).

Яғни, Пайғамбар ﷺ Мырзамызға көрсетілуі қажетті әдептің ең маңызды көріністерінің бірі – Оның мұрагерлері ретіндегі Хақ досы, ғалым және арифтарға әдеп пен сыпайылық көрсету.

Рухани өрлеу үшін пайғамбар мирасқоры ғалымдардың, арифтар мен Хақ достарының жол бастауына кішіпейілдікпен, әдепке сүйеніп, өсиеттерін шын көңілден орындауға тырысу керек. Аллаһ достарының жанында болуды, олардың тәрбиесінде болуды нығмет деп білу керек. Олардың құзырына әдеппен келген сыймен оралады.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз:

«Мүминнің парасатынан сақтаныңдар! Өйткені ол Аллаһтың нұрымен қарайды» — деген (Термези, Тәфсір, 15).

Хадистегі «Сақтаныңдар!» деген ескерту «Кәміл мүминдердің құзырына жасырын есептер мен көңіл аласапырандығымен бармаңдар, олар ерекше парасаттылықпен сендердің жасыруға тырысқандарыңды көреді» мағынасына келеді. Сондықтан «Ғалымдардың алдында тіліңе, әулиенің алдында діліңе ие бол!» — делінген.

Осы тұрғыдан көңілдері Аллаһтың ерекше мейірім назарына ие болған Хақ достарына үлкен тиянақтылықпен әдепке мән берілуі керек. Олардың құзырында рұқсатсыз сөйлеу, отыру, тұру, дөрекі іс-қимылдар жасау рухани пайдаға зиян тигізетіні сияқты Аллаһтың ашуына алып келеді.

Османлы мемлекетінің ариф көңілді сұлтандарының бірі **Явуз Сұлтан Сәлім Хан** әулиелердің құзырына кіргенде үлкен әдеп көрсететін. Қажетсіз бір сөз де айтпайтын. Шамда үлкен әулиелердің бірі **Мұхаммед Бәдахши Хазірет**тің зияратында сөйлемеген, тек тыңдаған. Кейін құзырынан сол күйі кері оралған. Онымен бірге жүрген мемлекет адамдары таң қалып:

«Сұлтаным! Тек тыңдап, бір сөз де айтпадыңыз ғой! Мұның қандай хикметі бар?» — деп сұрайды. Явуз

Сұлтан:

«Үлкен Аллаһ достарының мәжілісінде олар сөйлегенде басқалардың сөйлеуі әлем падишахы болса да, жөнсіз болып табылады. Біз сұлтан болсақ та мұндай руханият сұлтандарының қамқорлығына әрқашан мұқтажбыз. Егер құзырында сөйлеуім қажет болған жағдайда бұны сездіріп, сөз сөйлеуімді қамтамасыз етер еді» — деп жауап береді.

Міне, Явуз Сәлім Хан руханият иелеріне осынша үлкен әдеп пен құрмет көрсеткен. Оларға деген қайрандығын өлеңдерінің шумағында былай тілге тиек еткен:

Әлем падишахы болу болмас бір ерегіс екен
Әулие шәкірт болу барлығынан жоғары екен...

Падишахынан халқына дейін Хақ достарына ерекше бір әдеппен, сүйіспеншілікпен қарап, сол бойынша ерекшеленген Османлы мемлекеті тарих сахнасынан өшкенге дейін Ыстанбұл бұғазынан өткен капитандар жолаушыларын Үскүдардан өтіп бара жатса **Азиз Махмуд Һүдаи**дің, Бешикташ жағасынан өтіп бара жатса **Яхия Әфәнді Хазірет**тің медресесіне, ал Бейкоздан өтіп бара жатса **Юша**ның عليه السلام қабірлеріне қаратып, **«Фәтиха»** сүресін оқып бағыштауларын ишарат ететін. Бір кездері Ыстанбұл халқының өлкелерінде жерленген үлкен әулиелерге деген әдебі, міне, осындай еді!

Сонымен, әдеп – Исламның адамдарға үйреткен, өте үлкен мән берген мәселесі. Бұл ерекшелік алдымен Аллаһқа, Пайғамбарға, Хақ достарына, сосын әке-шешеге, мүминдерге және барша мақлұқатқа дейін жалғасып кетеді.

Алтын мен күмістің байлығы өтеді, ал әдептің байлығы мәңгі қалады. Олай болса мүминдер әдеп қағидаларын үйренулері керек. Бұларды өмір бойы ұстануға аса маңыз беру керек және өзіміз орындап басқаларға да үлгі болуымыз керек. Сонымен қатар қарым-қатынас әдептері жайлы кітаптарға назар салып, жағдайымызды одан да көркем ете алуды үйренуіміз керек. Одан да маңыздысы – жанды кітап болған, игілік иесі болған мүминдермен араласа отырып, олардың көркем күйлерімен безенуге тырысуымыз қажет.

Аллаһ Тағала өз иләһи тәрбиесімен тәрбиелеген Пайғамбарының көркем мінезімен безенуді баршамызға нәсіп етсін! Хақ досы ғалым және ариф құлдарының жан дүниелерінен үлгі алып, сыпайы, жұмсақ, нәзік және әдеп иесі мүмин болуымызды нәсіп етсін!

Әмин...



Құран ұсынған Сөйлеу мәнері

Ең көркем баяндау құдіретіне ие болған Құран Кәрім бізден де алмастай сөздерді талап етеді. Өйткені Исламның көркемдігі, сыпайылылығы мен нәзіктігі тіл көркемдігімен де көрсетілуі керек.

Құранның даналығы мен сырлары мұхит сияқты терең. Бірақ, әркім одан өз жүрек тереңдігі деңгейінде пайдаланады. Адамның жүрек ауқымы оймақтай кішкентай болса, ұшы-қиыры жоқ шексіз дариядан ала алатын нәсібі де сол мөлшерде болады.

Құран ұсынған

СӨЙЛЕУ МӘНЕРІ

Иман — Аллаһқа шынайы сүйіспеншілікпен байлану. Мүминнің Аллаһқа жету жолындағы ең үлкен қоры — махаббат. Бірақ, іс-әрекетке аспай, сөз күйінде қалған махаббат жеткіліксіз. Махаббаттың кемелді нәтижесіне әдепке толық мойынсұнумен ғана қол жеткізіледі.

Әдеп — рухқа қуаныш сыйлайтын гүл иісі сияқты. Сол иістің мүминнің көңіліне көркем түрде кіріп, өмірінің әр сатысында сезілуі қажет. Әдеп қашан іс-қимылдарын бастайтын негізгі қасиетіне айналса, бұл оның иманының кемелдігінің де бекітілгені дегені.

Аллаһ досы **Мәуләнә**нің сөзімен айтқанда:

«Ақылым жүрегімнен «иман не?» — деп сұрады. Жүрегім ақылымның құлағына иіліп, «Иман әдептен тұрады» — деді».

Олай болса, Хақ досы нағыз мүминдердің әрбір күйі мен іс-әрекеті жоғары әдеп пен сыпайылық тағылымы. Раббымыз Құранда баян еткен өлшемдермен бізді құл болу әдебіне шақырады.

Әдеп қағидаларына тәуелді ететін қажетті адами іс-әрекеттеріміздің басында **«сөйлесу»** келеді. Сөйлесу — адамның ақыл мен жүрек деңгейін имани және мінез-құлық жағдайын көрсететін ұлық айна сияқты. Көсемдер: «Адамның бейнесі — тілі» деген. Сондықтан нәзік рухты, сыпайы мүминнің әңгімесі де нәзік, әдепті болады.

Мына оқиға бұған тамаша мысал:

Құбас ибн Үшәйм ﵁:

«Мен де, Хазіреті Пайғамбар да Піл жылында тудық» — дейді.

Осман ибн Аффан ﵁ оған:

«Сен үлкенсің бе, әлде Хазіреті Пайғамбар үлкен бе?» — деп сұрайды. Құтты сахаба Одан үлкен болғанымен, мына үлгілі әдеппен:

«Хазіреті Пайғамбар ﷺ менен шексіз және сөз жетпес дәрежеде үлкен. Ал туылған уақытымыз тұрғысынан болса, мен Одан ескімін...» — деп жауап берген. Яғни бұл сахаба үлкенмін немесе бұрын туылғанмын демей, тек «ескі» деген сөзбен ғана жасының үлкендігін білдірген болатын (Термези, Мәнақиб, 2/3619).

Міне, үлгілі нәсілдегі рух нәзіктігінің тілге төгілген күйі... Толғану керек, соншалықты нәзік, сыпайы және жұмсақ тіл қолдануды ұсынған көңіл сезімталдығы қай тәрбиенің, қай білімнің жемісі?...

Әлемде барша болмыс өз тілдерімен Аллаһты зікірмен, пәктеумен шұғылданады. Мақлұқатта тілдің ең дамыған түрін адам тегіне нәсіп еткен. Расында Құран Кәрімде:

«Рахман (Аллаһ) **Құранды үйретті, адамды жаратты, оған баянды үйретті»** — делінген (Рахман, 1-4).

Раббымыз бізге, құлдарына Құранды үйреткенін, артынан баяндау қабілеті, яғни сөйлеу, түсіндіру мен сипаттау күшін бергенін білдіреді. Бұл мәселеде ойлануымызды қажет ететін қаншама даналық бар!

Ең алдымен Раббымыз құлдарынан адамдар арасындағы қарым қатынастарда Құран өлшемдерінен тәрбие алып қалыптастырылған сөйлеу мәнерін талап етеді.

Екіншіден, Құранның ең маңызды сипаттарының бірі — көркем сөйлеу мәнері мен теңдесі жоқ әдеби құндылығы. Әрбір фәни еңбек бірнеше рет қайталанып оқылғанда жалықтырады. Ал Құранды оқыған сайын ләззаты арта түседі.

Аят кәримәда:

«Аллаһ сөздің ең көркемін бір-бірімен үйлесімді

және қанша қайталап оқылса да жалықпай оқылатын кітап етіп түсірді...» (Зүмәр, 23).

Расында әдебиет жәрменкелеріндегі сайыстар мен айтыстарда бірінші орынды иеленген сөз шеберлері араб ақындары Құран аяттарының теңдесі жоқ көркем және баяндау құдіретін көргенде Кағбаның қабырғасына ілінген өлеңдерін алып тастауға мәжбүр болған.

Сондықтан сөз тұрғысынан мұғжиза болған Құранға тыңдаушы болған мүминдер оның мінезімен мінезденуі және оның сөз тұрғысындағы әсемдіктеріне жақындауға тырысулары керек. Яғни, ең кемел баяндау құдіретіне ие болған Құран бізден де алмастай сөздер талап етеді. Мақсатымызды көркем және әсерлі түрде түсіндіре білуіміз үшін тұнық су сияқты ағылған және рухқа ләззат беретін тура тілге ие болуымыз шарт. Өйткені Исламның әсемдік, нәзіктік және сыпайылылығы тіл көркемдігімен де көрсетілуі керек.

ҚҰРАННЫҢ МЕЙІРІМ ТІЛІНЕ ҮЙРЕНШІКТІ БОЛУ...

Құранның даналығы мен сырлары теңіздей терең. Бірақ, әркім одан өз жүрек тереңдігі деңгейінде пайдаланады. Адамның жүрек қабілеті тігіншінің оймағындай кішкентай болса, оның шексіз дариядан алатын нәсібі де сол мөлшерде болады. Халық та, ғалым да,

барлық мүминдер бір Құран оқиды, бірақ әрқайсысы өз жүрек қабілеті мөлшерінде үлесін алады. Құранның мағынасы құлдың Аллаһқа жақындығына қарай ашылады.

Сондықтан өзімізден сұраумыз керек: барша әлемдерді жоқтан бар еткен Жаратушымыздың біздерге жіберген хаты болған Құранға қызығушылығымыз бен байланысымыз фәнилерден келген хаттармен салыстыруға болмайтын дәрежеде жоғары деңгейде ме? Оны қаншалықты оқып, мағынасын түсініп, даналығына жете білуге тырысамыз? Түсіне алмағандарымызды білетіндерден сұрап, оның мазмұны мен қамтыған терең мағыналарын түсініп жатырмыз ба?

Міне, осы сияқты сұрақтарға нақты жауап бере алған кезде Құранның мейірім тіліне лайықты бола аламыз.

Дүниелік күнкөріс пен атақ-мансапқа бола шет ел тілін үйрену үшін көрсетілген қажыр-қайратты ойлайық. Әсіресе бүгінгі күнімізде жаһанданған бұл дүниеде өмір сүріп жүрміз. Сондықтан шет тілін үйрену үшін арнайы дәрістерге барып, үлкен қаржы жұмсалады, тіпті өмірдің бір бөлігі сол тілде сөйлейтін өлкелерде өтеді. Тіпті бұл іс үлкен сауданың ерекше көзіне де айналып кетті.

Әлбетте, тіл үйрену жақсы нәрсе. Бірақ барлық тілдерді жаратушы және иесі олардың Аллаһтың бізден, құлдарынан адамзат абыройы мен қастерлігін қорғай өмір сүруіміз үшін алдымен үйренуімізді қалаған тіл — **«Құран тілі»**. Бұл жай араб тілін үйрену емес,

Құранның **мейірім тілі**мен сөйлесе білуді үйрену. Бұның жолы алдымен Құрани ескертулерге қарай тілімізді түзетіп тәрбиелеу. Кейін иләһи тағылыммен оны әсемдеу.

Бүгінгі күнде адами қарым-қатынастарда туындап жатқан көп мәселе тілдің қате қолданылуынан шығады. Тілдің жақсылық кілті бола алатыны сияқты, дұрыс қолданылмағанда жамандыққа да кілт бола алады. Сондықтан тіліміздің жүректерге бататын тікен болмауына өте мұқиятты болуымыз қажет. Бабаларымыз «Қылыш жарасы оңалады, тіл жарасы оңалмайды» деп бекер айтпаған.

Сондықтан сөйлемей тұрып ойлану, сөздің барар жерін жақсы білу керек. Өйткені сөйлеу — қолға тас алып лақтырса, ол тастың қайда түсетініне де мән беру керек.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ бұл ақиқатты меңзей отырып:

«...кешірім сұрауды қажет ететін сөз айтпа!...» — деген (Ибн Мәжә, Зүһд, 15).

Айтылған сөз садақтан шыққан оқ сияқты кері оралуы мүмкін емес. Адам сөйлемей тұрып алдымен өз сөзінің иесі болады. Сөйлегеннен кейін оның тұтқыны болады. Айтпаған сөзді әрқашан айту мүмкіндігі бар. Бірақ айтылған сөзді де үнемі қорғап, есебін беру керек.

Кәміл мүминдер алдымен айтатын сөзінің қажеттілігіне, яғни пайдасына мән береді. Сөздері өздеріне немесе айтатындарына зиян әкелетін болса, үндемеуді

жөн көреді. Сонымен қатар қай сөзді қай деңгейде және қалай сөйлейтіндеріне мән береді.

Хазіреті Әбу Бәкір ﷺ тамаша ескерткен:

«Не дегеніңді, кімге дегеніңді және қашан дегеніңді жақсы ойлан!»

Мүмин парасат иесі болуы керек. Сөйлеу мәнерін тыңдаушыға қарай реттеуі керек. Бір адамды қуандырған іс-қимыл басқа біреуді мұңайтуы мүмкін. Олай болса тыңдаушының психологиялық жағдайын біле білу және сол сөзді айтқаннан кейін болатын жағдайды ойлап сөйлеу керек. Яғни ең соңында айтылатын сөзді алдын ала айтпау керек. Барлық адам үнемі осындай сөйлейтін парасат иесі адамдардың насихаты мен баяндамаларын ұнатып, сенім артады.

Сондықтан Мырзамыз ﷺ адамдарға қызықтыратын тақырыптарды әңгімелеп, тыңдаушының түсіну деңгейіне қарай сөйлеу әдісін реттейтін. Бәдәуиге оның ұғына алатын негізгі мәселелерді жеткізіп, жоғары қабілетті сахабаларына да ерекше деңгейдегі сыр мен даналықтарды жеткізетін.

Расында Хазіреті Пайғамбардың Хазіреті Әбу Бәкірмен жеке сұхбатына куә болған Хазіреті Омар ﷺ терең ғылымы мен парасатына қарамай:

«Мен олардың жанында араб тілін білмейтін біреу сияқты болып қалдым. Әңгімелерінен еш нәрсе түсіне алмадым» деген болатын.

Міне, ақылы таяз адамдардың осындай жоғары ақиқаттарды қате түсінулеріне жол бермеу үшін Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Ей, Ибн Аббас! Адамдарға ақылдарына жетпейтін сөз айтпа. Бұлай етуің фитнәға түсулеріне себеп болады» деген (Дәйләми, V, 359).

Мәуләнә Хазірет те осы хадистің түсініктемесі ретінде:

«Соқырлар базарында айна сатпа, керeңдер базарында ән айтпа!» — деп насихат еткен.

Бір күні Хазіреті Пайғамбар ﷺ түйесінің үстінде, жолдастары Оның алдында бара жатты. Мұаз ибн Жәбәл رضي الله عنه:

«О, Аллаһ Елшісі! Сізді мазаламасам, жаныңызға жақындауға рұқсат бересіз бе?» — деп сұрайды.

Хазіреті Пайғамбар рұқсат бергенде Мұаз:

«Жаным Саған пида болсын, ей, Аллаһ Расулы! Аллаһтан тілеуім — біздің аманатымызды Сенен бұрын алуы. Аллаһ көрсетпесін, бірақ Сен бізден бұрын қайтыс болсаң, Сенен кейін қандай құлшылықтар жасайық?» — деп сұрайды.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ бұл сұраққа жауап бермеді. Сосын Мұаз رضي الله عنه:

«Аллаһ жолында жиһад етейік пе?» — деп сұрады.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Аллаһ жолында жиһад ету жақсы нәрсе, бірақ адамдар үшін бұдан да жақсысы бар» дейді.

«Яғни ораза тұту ,зекет беру ме?»

«Ораза тұту, зекет беру де жақсы»

Мұаз осылай адам баласы жасайтын барлық жақсылықтарын саралап шықты.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ әр кез:

«Адамдар үшін бұдан да жақсысы бар» — дейді.

Мұаз رضي الله عنه:

«Әке-шешем Саған құрбан болсын. Адамдар үшін бұлардан да жақсы болған не?» — деп сұрағанда, Хазіреті Пайғамбар аузын көрсетті де:

«Жақсы сөз айта алмаса, үндемеу» — дейді.

Мұаз رضي الله عنه:

«Сөздеріміз үшін есепке тартыламыз ба?» — деп сұрады.

Бұған Аллаһ Елшісі ﷺ Мұаздың тізесін ақырын ұрып, оған мыналарды айтты:

«Аллаһ жақсылығыңды берсін, ей Мұаз! Адамдарды жер сүздіріп тозаққа жетелейтін тілдерінің

айтқандарынан басқа не? Кімде-кім Аллаһқа және ахірет күніне сенсе, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін, жаман сөз айтпасын! Сендер жақсы сөз айтып, пайдаға қол жеткізіңдер; Жағымсыз сөз айтпай рахат пен бақытқа кенеліңдер» (Хаким, IV, 319\7774).

Олай болса, мүмин сөйлеген сөздерінің үнемі иләһи бейнетаспада жазылып тұратынын әсте естен шығармауы тиіс. Аятта былай делінген:

مَا يَلْفِظُ مِن قَوْلٍ إِلَّا لَدَيْهِ رَقِيبٌ عَتِيدٌ

«Оның оң жағында да, сол жағында да естелікке алып отыратын екі хатшы (періште) **бар. Ауызынан нендей сөз шықса да, қалт жібермей бақылап, аңдып тұрады»** (Қаф, 18).

Бұл дүниеде әрбір сөзіміз үшін есепке тартылмасақ та, ахіретте міндетті түрде есепке тартыламыз. Сондықтан аузымызға кіретін ас сияқты аузымыздан шыққан сөздерге де мұқияттылықпен мән беруіміз шарт. Осы шындыққа орай Құранда сөйлеу әдебіне, яғни қалай сөйлеп, қалай сөйлемеу мәселесіне үлкен мән берілген.



ҚҰРАН БІЗДЕН ҚАНДАЙ СӨЙЛЕУ МӘНЕРІН ТАЛАП ЕТЕДІ?

Құран Кәрім бізді алдымен көркем және тура сөздер қолдануға шақырады. Адамдарға **«қаулүл-хасән»**[14], яғни ең көркем сөзді айтуды әмір етеді.

Әке-шешеге «ту» деп те кейіме, оларға **«қауләнкәримә»**[15] яғни, сый-сияпатқа толы ілтипатпен сөз айт деп бұйырады.

Кедей-кепшіктерге, мұқтаж бен мақрұмдарға беретін бір нәрсе таба алмасаң, ең болмаса оларға **«қауләнмәйсура»**[16], яғни көңілін аулайтын, рухты шатандыратын, жұбататын сөз айт деп бұйырады.

Міндетсіп, көңіл қалдырып сауабы кемітілген садақадан **«қаулүн мағруф»**[17], яғни жылы сөз қайырлы деп бұйырған.

Қанаты сынған құс сияқты қорғауға мұқтаж жетімдерге, жақын туыстарға, кедейлерге **«қаулүн мағруфа»**[18], яғни көркем сөзбен, тәтті тілмен сөйле деп бұйырылған.

---

14. Исра, 23.
15. Бақара, 263.
16. Исра, 40.
17. Зәрият,8.
18. Ниса, 148.

Жүрегінде рухани дерті бар адамдарға қандай да бір тауқыметке, фитнәға және қате ұғынуға жол бермеу үшін **«қаулән мағруфа»**[19], яғни орынды және үйлесімді сөз айтыңдар делінген.

Залымдардың жүрегін жұмсарту үшін **«қаулән Ләййинән»**[20] яғни жылы сөз айтыңдар делінген. Насихатта ауыр және дөрекі сөздердің кері әсер туғызатынын жеткізеді. Сол себепті тәтті тілмен, күлімсіреген жүзбен, жек көрінішті болмай, керісінше, сүйіншілеген және сүйіспеншілікті арттыратын әдеппен сөйлеуді үйретеді.

Насихат кезінде **«қаулән бәлиға»**[21], яғни көңілге әсерлі көркем сөз айтыңдар деп әмір етіледі. Осылай сөзіміздің әсерлі болуын және көкейлерге жететіндей жүректен шығуы керектігін, керісінше жағдайда тілден шыққан сөздердің бір құлақтан кіріп, екіншісінен шығып кететінін үйретеді. Бұл жол шетінде ашылған гүлдер сияқты көңілден шықпаған сөздердің де әсер тұрғысынан өте қысқа өмірлі болатынын көрсетеді.

Әсіресе насихат пен дұрыс жолға салу мақсатында үйреншікті сөздермен емес, көркем, яғни рухқа әсер ететін, әсем, даналы, әдеби және мұқият таңдап алынған қысқа сөздермен жасалуы да иләһи әмірлер тізбегінен.

---

19. Ахзаб, 32.
20. Таһә, 44.
21. Ниса, 63.

Аятта айтылады:

ادْعُ إِلِى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحِكْمَةِ
وَالْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ

«(Елшім!) **сен Раббыңның жолына даналықпен, көркем насихатпен шақыр!...»** (Нахл,125).

Рухтар даналыққа құштар. Даналы сөз рухтың азығы. **Хазіреті Әли** ﵁ айтады:

«Тапқыр, даналы сөзбен, іс-әрекеттермен рухтарыңды демалдырыңдар. Өйткені дененің шаршайтындай рухтар да шаршайды».

Яғни мүминнің тілі теңдесі жоқ иләһи ақиқаттардың рухани әсемдіктерін көрсететін даналық бұлағы болуы керек.

Құран Кәрім бізге өзіміз үшін туралық, әділет және тура ниетпен мәміле көргіміз келсе, істеріміз бен жағдайымыздың түзеліп, Аллаһтың бізді кешіруін қалайтын болсақ, біздің әрбір мәселеде тура, шынайы, әділ және ақиқат сүйгіш болуымызды әмір етіп, **«қаулән сәдидә»**[22], яғни дұрыс сөйлеуімізді талап етеді.

Тура сөз сөйлеу және ешкімді әсте алдамау — мұсылманшылығымыздың басты шарты. Мұсылман ащы болса да, өзіне зиянды болса да тура айтады. Расынла

22. Ниса, 9; Ахзаб, 70.

Аллаһ Расулы ﷺ әзілдерінде де туралықтан тыс сөз қолданбаған. Өйткені Оның туралық сезімі биік дәрежеге жеткені сонша, бір әйел баласын:

«Кел, қара, саған не беремін!» — деп, шақырғанда Пайғамбарымыз әйелден оған не беретінін сұраған. Әйел бірнеше құрма беретінін айтқанда:

«Егер оған еш нәрсе бермегеніңде, саған өтірік айту күнәсі жазылар еді» деген болатын (Әбу Дәуіт, Әдеп, 80/4991; Ахмәд, III, 447).

Міне, туралыққа бастаушымыз Құран қаншама аяты-мен бізді, мүминдерді тура, түзу, үйлесімді, жылы және тәтті сөздермен сөйлеуге шақырады. Қарама-қарсы сөздерден тыяды.

ҚҰРАН ТЫЙЫМ САЛҒАН СӨЗДЕР

Құран мүшріктер мен кәпірлердің ақиқатқа жатпайтын сөздерінің **«Обалы өте үлкен сөз»**[23], **«Бос сөз»**[24], **«Қарама-қарсылыққа толы сөз»**[25] екенін баяндайды. Баста Аллаһқа серік қосуды білдіретін шірк сөздері, екібеткейлікті білдіретін нифақ сөздері мен

23.Исра, 40.

24. Ра'д, 33.

25. Зәрият, 8.

кәпірлікті білдіретін күпір сөздері сияқты Аллаһқа қарсы айтылған сөздер болып, әртүрлі **«жалған сөздерге»**[26] де қатты тыйым салады. Бұл тұрғыдан алғанда жалған куәлік жасағандарды Құран қатты ескертеді.

Аллаһ **«жаман сөздер»**[27] мен жаман іс-әрекеттердің кез келген жер мен кез келген уақытта айтылып паш етілуіне тыйым салған. Ал зұлымдыққа ұшыраған адамның қазының алдында айтуы бұл тыйымнан тыс. Өйткені кейбір жамандықтар айтылып құлаққа естіледі де, оларға үйреніп, кейін олардың етек жайуына себебші болады. Әдепсіздік пен ұятсыздыққа қатысты сөздер де осы санатқа жатады. Хадис шәрифте былай айтылған:

«*Ұятты сөздер айту мұнәфиқтықтын белгісі*» (Термези, Китәбұл-Бирр уәс-Сыла, 80).

Сондықтан жаман сөздерге үйреніп алудан сақтану керек. Мына бір оқиға бұны тамаша түсіндірген:

Хазіреті Иса عَلَيْهِ السَّلَامُ жолда бір доңызды кездестіреді. Оған ол: «Сәлеметте болғайсың, жолды босат!» — дейді. Жанындағылар:

«Бұны мына доңызға айтып жатырсың ба?» — деп сұрайды. Ол «доңыз» сөзін айтуға және ол жануарға сөйлегенде дөрекі сөз қолданудан сақтанғанын білдірмек болып:

26. Хаж, 30.

27. Ниса, 148.

«Мен тілімді жаман сөздер айтуға үйретуден қорқамын» деп жауап береді (Муатта, Кәләм, 4).

Сөйлегенде сөзді қажетті-қажетсіз көп қайталау баяндау әлсіздігі болып табылады. Әсіресе мұндай сөз жағымсыз немесе дөрекі болса, бұның кемшілігі одан да үлкен болады. Бұл жаман мінез салих адамдарды мұңайтып одан алыстатады. Ал бұл жағдай мүминдерге әсте жараспайды. Хадис шәрифте:

«Аллаһ алдындағы ең жаман адам — аузының жамандығынан адамдар онымен араласу мен кездесуден бас тартқан адам» — делінген (Бұхари, Әдеп, 48).

Аллаһ Расулы ﷺ әңгіме кезінде дөрекі, жаман сөздердің қолданылуын қаламай, сол мағынаны білдіретін басқа сөз болса, әдеп пен сыпайылыққа ең сай келетінін таңдауға кеңес беретін.

Адамдарды алдамақ болып сөзді бұрмалап, бір нәрсені болған жағдайдан басқаша түрде көрсету мақсатымен асырмалы түрде **«жалтыраған сөздерді»**[28] қолдану да Құран тыйым салған сөздерге жатады. Мүмин адам сөздерінің оңай түсінілуіне мән беруі керек. Сөйлегендегі мақсаттың ой-арманын нақты жеткізу екенін ұмытпауы керек. Сөз әсемдігін көрсету, яғни өз табиғи сөйлеу мәнерінен тысқары түрде әсем сөздермен көркемдеуге тырысу және білеміндікке салыну тыңдаушылар назарындағы сенімі мен абыройына нұқсан

28. Әнʼам, 112.

келтіреді. Адамдар ол туралы тек сөйлеген болайын деп осылай істегенін ойлайды. **Хазіреті Пайғамбар** ﷺ мұндай сөздер иләһи ашу тудыратыны туралы хабар берген және былай деген:

«Кімде-кім адамдардың жүрегін аулау үшін сөздің иірілуін қолдануды үйренсе, адамдарды жалықтыратындай қажет мөлшерінен артық айтса, Аллаһ қиямет күні оның парыз құлшылықтарын да, нәпіл құлшылықтарын да қабылдамайды» (Әбу Дәуіт, Әдеп, 86/5006).

Сондықтан сөзді көбейтпей қысқаша ғана және өзегін баяндау керек. Сөздеріміз таза су сияқты тұнық, қарапайым, бірақ тартымды болу керек. **Хазіреті Мәуләнәнің** сөзімен айтар болсақ:

«Ұзақ сөйлейтіндер мақсатын жеткізе алмайтындар».

Сөзді көбейту мен қайталай беру тыңдап отырған адамды жалықтырады һәм оны түсініксіз адам жеріне қою деген сөз. Бұған мылжың болу делінеді.

Көркем сөйлеу үшін алдымен тыңдауды үйрену шарт. Аллаһ көбірек тыңдап, аз сөйлеуі үшін адамға екі құлақ, бір тіл берген. Қажетсіз көп сөйлеу адамды абыройсыз етеді. Сонымен қатар бос талас-тартыстармен ұзақ сөйлесіп уақыт өткізуден сақ болу керек.

Имам Әузағи (өл. 157) былай дейді:

«Аллаһ бір қауымға жамандық қаласа, оларға орынсыз талас-тартыс есігін ашады. Сөйтіп оларды ізгі амалдардан алыстатады».

Сол себепті қажетсіз теке-тірестер мен бос әңгімелер сөз ысырапына жатады. Хазіреті Пайғамбар ﷺ айтады:

«Адам баласының сөздері өз пайдасына емес, зиянына. Жақсылықты әмір етіп, жамандықтан тыю үшін айтқан сөздері бұдан тысқары» (Ибн Мәжә, Фитән, 64).

«Ей, Хафса! Көп сөйлеуден сақ бол. Айтылған сөз зікірұллаһ болмайынша жүректі өлтіреді. Аллаһты еске көп ал. Міне, жүректі сол тірілтеді» (Әли әл-Мүттәқи, № 1896).

«...Жақсы нәрселер айту — үндемегеннен жақсы. Жаман нәрселер айтудан үндемеген жақсы» (Хаким, III, 343; Бәйхаки, Шуаб, 256/4993).

Олай болса қай жерде, қашан және қаншалықты сөйлейтінді жақсы білу керек.

Шәйх Сағди Ширази тамаша айтқан:

«Екі нәрсе ақыл осалдығын көрсетеді. Сөйлейтін жерде үндемеу, үндемейтін жерде сөйлеу».

Сонымен қатар тыңдаушының жағдайына қарай дауыс ырғағына да үлкен көңіл бөлу керек. Өте қатты, сыңғырлаған үнмен, құлақ тырмалайтындай дөрекі сөйлеу Құран тыйым салған сөйлеу үлгісі.

Аят кәрімәда айтылады:

وَاقْصِدْ فِي مَشْيِكَ
وَاغْضُضْ مِن صَوْتِكَ إِنَّ أَنكَرَ الْأَصْوَاتِ لَصَوْتُ الْحَمِيرِ

«Жүргенде байыпты жүріспен жүр, дауысыңды бәсеңдет. Күмәнсіз, дауыстың ең сүйкімсізі – есектің дауысы» (Луқман, 19).

Кейбір сахабалар Хазіреті Пайғамбардың құзырында дауыстап сөйлегенде, иләһи ескерту келген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَرْفَعُوا أَصْوَاتَكُمْ
فَوْقَ صَوْتِ النَّبِيِّ وَلَا تَجْهَرُوا لَهُ بِالْقَوْلِ كَجَهْرِ بَعْضِكُمْ
لِبَعْضٍ أَن تَحْبَطَ أَعْمَالُكُمْ وَأَنتُمْ لَا تَشْعُرُونَ

«Ей, мүминдер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан жоғары көтермеңдер. Пайғамбарға өзара сөйлегендей дабырлап сөйлемеңдер. Әйтпесе, амалдарың босқа кетіп, сендер мұны аңғармай қаласыңдар» (Хұжурат, 2).

Бұл да үлкендердің, құрметті адамдардың алдында әдептілік танытып, дауысты бәсеңдету керек екенін білдіреді.

Және де тілді өсек, ғайбат, жала, теріс пиғыл сияқты жамандықтармен де кірлетпеу керек. Бұлар жүректегі ақауды көрсететін тілге тән апаттар.

Қысқасы, Құран ахлағымен безенген мүмин ашылған гүл сияқты әсемдігімен, хош иісімен жанды сипауы керек. Оның әрбір сөзі жанға азық болатындай алмас сөздерден тұруы керек. Үнемі күлімсіреген жүзімен, тәтті тілімен мейірім төгуі керек. Тұлғалығы мен іс-әрекеттері жағынан «ахсән, әжмәл және әкмәл» пішінде болуы керек.

Ахсән, яғни әр ісі көркем болуы керек, айналасына үнемі әсемдік төгуі керек.

Әжмәл, яғни көңілге бақыт пен тыныштық беретін нәзік те жұмсақ болуы керек.

Әкмәл, яғни өте толымды, кемел болуы керек.

Осыншама үлгі тұтарлық мүминдердің әр ісі мен туындылары Исламның әсемдігін, көркемдігін, әдебін, тұнықтығы мен жылы шырайын паш етеді.

Хилятүш-Шәрифәлерде баяндалғандай, **Хазіреті Пайғамбар** ﷺ Мырзамыздың жүзінде жарқын нұр, сөздерінде үйлесімділік, әрекеттерінде жұмсақтық, тілінде көркемдік, сөздерінде тереңдік, баяндары керемет мағыналы болатын. Әңгімесі өте тәтті және көңіл аларлық, сөздері көп те, аз да емес. Әр сөзін нақыштап, сөйлейтін, тыңдаушылар оны жақсы түсінетін. Жылдам сөйлеп, сөздерін тізбектемейтін. Ол адамдардың ең шешені, қысқа да нұсқа, даналық пен өзекті сөз сөйлейтін және қалауын тура баян ететін жан еді.

Әбу Құрсафа былай дейді:

«Мен, шешем және нағашы әпкем Хазіреті Пайғамбар Мырзамызға барып, бәй'ат еттік. Құзырынан шыққанда, шешем мен нағашы әпкем маған:

«Құлыным-ау, бұл адамдай ешкімді көрмедік! Әсем жүзді, киімдері таза, сөзі жұмсақ. Киелі аузынан нұр шашылып тұрғандай екен» — деді» (Хәйсәми, 8, 279-280).

Раббымыз бізді әлемдерге рахмет — Пайғамбарымыздың мейірім тіліне ынтық етсін! Құран ахлағымен безендіріп, әр жағдай мен іс-әрекетімізді Құран үлгісімен реттей алуымызды нәсіп етіп, жемісті қылсын!

Әмин...



"... Аллаһ саған жақсылық істегендей, сен де (басқаларға) жақсылық істе..." (Қасас, 77).

Сағди Ширази айтқан: "Хақ достары ешкім бармайтын дүкендерден сауда-саттық жасайды".

Жомарттық пен Инфақ

Соққан самал жел сияқты мүмин жанашыр, жауған нөсер жаңбыр сияқты жомарт болуы тиіс және әрқашан айналасына қуаныш төгіп, Аллаһтың ризалығын іздеуі керек.

Сондықтан Хақ достары қараңғы түндегі жарық айдай нұрлы, сезімтал, жұмсақ, басқалардың қамын ойлайтын мейірімді, жомарт және инфақ ету ынтасына толы болған. Олар жомарттығымен тасыған өзендерге ұқсайды, ұзақ жылдар бойы мыңдаған жан иесіне, адамдарға, жануарларға, ағаштарға, құстарға, раушан гүлдер мен сүнбілдерге қуаныш сыйлап, ағып кете береді.

ЖОМАРТТЫҚ пен ИНФӘҚ

Иманның басты жемісі — мейірім. Мейірімнің ең ашық белгісі және ең толықсыған көрінісі — инфәқ. Инфәқ — дүние-мүлік пен жанның Аллаһқа аталуы. Адамзаттың ізгілік шыңында болған пайғамбарлар мен олардың мұрагерлері — ғалымдар, арифтер мен әулиелердің өмірлері сансыз мейірім мен инфәқ көріністеріне толы.

ЖАҚСЫЛЫҚТА ЖАРЫСЫҢДАР...

Бір күні Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз таң намазын оқып болғаннан кейін сахабаларына қарап:

«*Іштеріңде бүгін аузы беріктерің бар ма?*» — деп сұрайды.

Хазіреті Омар ؓ:

«О, Расулұллаһ! Кеше кешке ораза тұту ойыма келмеді, сондықтан бүгін аузым берік емес» — деді.

Хазіреті Әбу Бәкір ﷺ:

«Мен кеше кешке ораза тұтуды ойладым да, таңға аузымды бекітіп шықтым» — деді.

Хазіреті Расул Әкрәм ﷺ тағы да:

«Іштеріңде бүгін науқастың көңілін сұрағандарың бар ма?» — деп сұрайды.

Хазіреті Омар ﷺ:

«Уа, Аллаһ Елшісі! Таң намазын енді оқыдық, әлі орнымыздан тұрған жоқпыз. Қалай науқастың көңілін сұраймыз?» — деді.

Хазіреті Әбу Бәкір ﷺ:

«Бауырым Абдұррахман ибн Ауфтың науқастанып жатқанын естідім. Мешітке келе жатып жағдайы қалай екен деп, соға кеттім» — деді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ тағы да:

«Іштеріңде бүгін бір кедейді тойдырғандарың бар ма?» — деп сұрады.

Хазіреті Омар ﷺ:

«Ей, Аллаһ Елшісі! Таң намазын енді оқыдық, әлі орнымыздан тұрып үлгермедік» — дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір ﷺ:

«Мешітке кірерде мұқтаждарын айтқан біреуді көрдім. Ұлым Абдұррахманның қолында бір үзім арпа наны бар еді. Оны алып, кедейге бердім» — деді.

Сонда Аллаһ Расулы ﷺ:

«Сені жәннатпен сүйіншілеймін (Ей, Әбу Бәкір!)» — дейді.

Хазіреті Омар қатты күрсініп, «Ах, жәннат!» — дейді. Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз оның көңілін аулау үшін:

«Аллаһ Омарға мейірім етсін, Аллаһ Омарға мейірім етсін! Ол қашан жақсылық жасағысы келсе, Әбу Бәкір, әлбетте, онан озып кетеді» — дейді (Хәйсәми, 3, 163-164, Әбу Дәуіт, Зекет, 36/ 1670, Хаким, 1, 571/ 1501).

Бұл хадистен алатын ең үлкен үлгі — әр сәт Аллаһтың ризалығына бөлейтін амал іздеуде болу. Аятта:

«Бір (жақсы) **ісіңді бітіргеннен кейін дереу** (басқа бір іс немесе құлшылыққа) **кіріс және тек Раббыңа жөнел»** — делінген (Инширах, 7-8).

Және де Раббымыз разы болған салих құлдары жайында аятта:

«...Олар жақсылықта бір-бірімен жарысады...» — деген (Әлү Имран, 114). Міне, мүминдерде осы жақсылық жарысының негізгі мінез күйіне келуі шарт. Мүмин соққан самал жел сияқты жанашыр, жауған нөсер жаңбыр сияқты жомарт болуы керек және әр сәт айналасына қуаныш төгіп, Аллаһтың ризалығын іздеуі керек.

Сондықтан Аллаһ достары жомарттықта берекелі өзендерге ұқсайды. Олар ұзақ жыл бойы адамдарға, жануарлар мен ағаштарға, құстар мен гүлдерге, қысқасы, барша мақлұқатқа қуаныш төгіп, ағып кете береді. Шынайы инфәқ — ықылас, мейірім, жанашырлық көрсету мен басқаның қамын ойлауға толы жүрекпен, мұңды және бұлтты көңілдерге қарау арқылы Аллаһ ризалығын іздеу. Басқалардың кемшіліктерін толықтыру үшін мүмкіндігінше көмек көрсетуге ұмтылу.

Раббымыз адамзатқа тән абыройдың ең табиғи қажеттілігі және мейіріммен тәрбиеленген ұждандардың ең кемелді көрінісі ретіндегі инфәқты қоғамдық құлшылықтардың ең маңыздыларының бірі еткен. Күмәнсіз, бұл Оның ерекше сыйларының бірі. Яғни, Раббымыз құлдарына берген нығметтерінің кішкентай бөлігінің шүкірлік мәмілесі ретінде тағы Өзіне ұсынылуын қалап, оның сыйы ретінде инфәқты күнәлардың кешірілуіне себепші, сондай-ақ мәңгі бақыттың ең маңызды сауап есігі еткен.

ДІНДІ ӨРЛЕТКЕН ЕРЕКШЕЛІК – ЖОМАРТТЫҚ

Инфәқ құлшылығының іске асуы үшін қажет жалғыз көңіл қаржысы —жомарттық. Сондықтан жомарттық тұқымы себілмеген көңіл бақшаларынан инфәқ жемісінің шығуын күту — әбестік. Хадис шәрифте жомарттықтың иләһи махаббат пен жақындыққа дәнекер болатынына былай тоқталған:

«Аллаһ — жомарт, сый иесі. Жомарт пен көркем мінезді сүйеді...» (Суюти, Жамиғус-Сағир, 1, 60).

Иманның ләззаты болған жомарттық халықтың да, Аллаһтың да сүйіспеншілігін тартады. Құдси хадисте былай айтылған:

«Бұл дін (яғни, Ислам) — Өзім үшін таңдап разы болған дін. Оған тек жомарттық пен көркем мінез жарасады. Мұсылман болып өмір сүрген сайын оны осы екі ерекшелікпен жоғарлатыңдар» (Хәйсәми, 8, 20; Әли әл-Мүттақи, Кәнзүл-Үммәл, 6, 392).

Жомарттық Аллаһ пен ахіретке деген толық мағынадағы сенім нәтижесі. **Хазіреті Әли** ﵁ мұны тамаша баян етеді:

«Иман ағаш сияқты. Тамыры — яқин (нақты сенім), бұтағы — тақуа, нұры — ұят, жемісі — жомарттық».

Шәйх Сағди Ширази:

«Жомарт адам жеміс беретін ағаш сияқты. Сараң адам таудағы отын сияқты» — деп, бұл көркем ерекшеліктен мақрұм қалу жағылатын бір дүңке сияқты екенін, онан айтарлықтай айырмашылығы жоқ екенін айтқан.



ЕКІ ҮЛКЕН ІНДЕТ – ЫСЫРАП пен САРАҢДЫҚ

Ысырап — өзіне шектен тыс жұмсау, ал сараңдық — шектен тыс өз мүддесі үшін жинау. Екеуі де менмендік пен жеке басын ойлау деген сөз. Аллаһ мұндай құлдықты қабылдамайды. Аят кәрималарда айтылады:

«Қолыңды мойныңа байлап алма және бүкілдей ашып та жіберме (тым сараңдық та істеме, ысырапта қылма)**...»** (Исра, 29).

«Олар қаржы жұмсағанда ысырап та қылмайды, сараңдық та істемейді, орташа жол ұстанады» (Фурқан, 67).

Байлықты дұрыс пайдалану оны тыйым салынған жерлерге жұмсамау және екі үлкен қауіп — ысырап пен сараңдықтан аулақ болумен ғана мүмкін. Байлықтың апаты — әуесқойлық, тойымсыздық пен сараңдық. Бұл дерт пен апаттан құтылудың жолы — жомарт болу.

Имам Ғаззали Хазірет **жомарттықты** ысырап пен сараңдық арасындағы тепе-теңдік күйі деп түсіндіреді.

Жомарттықтың апаты — ысырап. Мысалы, жомарт боламын деп орынсыз шашып-төгу мен нығметті қажетсіз жерлерге жұмсау ысырап болып табылады.

Инфәқ мәселесінде мынаған да мән беру керек. Ысырап — көп жұмсау емес. Орынсыз және қажетсіз жұмсалғанның азы да, көбі де ысырап болса, орынды

және жеткілікті жұмсау көп болса да, ол ысырап болып есептелмейді. Керісінше, мақтауға тұрарлық болады. «Ысырапта жақсылық, ал жақсылықта — ысырап жоқ» — сөзі бұл ақиқатты растайды.

Жақсы мақсат жолында көп берудің ысырап болып есептелмейтіндігіне ең көркем дәлел — Хазіреті Әбу Бәкірдің қаншама рет барлық дүние-мүлкін Хазіреті Пайғамбарға ﷺ алып келіп, инфәқ етуі.

Сонымен қатар сараңдық аз мөлшерде беру емес, мүмкіндігіне қарай қажетті мөлшерде бермеу. Өйткені әркім мүмкіндігінше беруге ғана жауапты.

Шәйх Сағди бұл ақиқатты тамаша түсіндірген:

«Аллаһ ешкімге жақсылық есігін жауып қоймаған. Мынаны біл: әркімнің жақсылығы оның күшіне қарай. Байдың қазынасынан бір мөлшер алтын беруі, бір кедейдің өз қолымен тапқанынан бір мөлшер бергеніндей бола алмайды. Шегірткенің аяғы құмырсқаға ауыр жүк».

Йәрмук шайқасында үш шәһидтің соңғы демдерінде үлкен жанашырлықпен бір кесе суды бір-біріне ұсынуы, ақыры сол судың ортада қалуы, бәлкім, қаншама үлкен деп есептелген инфәқтардан асып кеткен. Мәселе бір торсық суда емес, көрсетілген көңіл байлығының әсемдігінде.

Аз мөлшерде беру сараңдық болған жағдайда жомарттық тек ауқатты адамдардың иелігіндегі мүмкіндік

пен ерекшелік болар еді. Алайда, байлық немесе кедейлік — бұл дүниедегі сынақ сырының өзімен алып келген иләһи тағды-ры. Құлдың ауқатты немесе мұқтаж болуы өзіне байланысты емес. Сондықтан жомарттық пен сараңдық дүние-мүлік және қазына мәселесі емес, көңіл мәселесі.

Яғни мүмкіндігі шектеулі мұсылман қаласа, жомарт бола алады және болуы да тиіс. Иманымыз қандай жағдай болса да жомарт құл болуымызды қажет етеді. Жомарттық пен сараңдық ие болған мүмкіндіктеріміз-ден қанша мөлшерде емес, қай деңгейде инфәқ ете алғанымызға байланысты.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ бай-кедей болсын барлық мұсылмандарды инфәққа шақырады. Бір құрмадан басқа ешбір нәрсесі болмағандарды:

«*Жарты құрмамен болса да, тозақ отынан сақтаныңдар, оны да таба алмасаңдар, көркем, жылы сөзбен қорғаныңдар*» — деген (Бұхари, Әдеп, 34).

Осы мәселедегі Хазіреті Пайғамбардың ﷺ айтқан сөз бен үндеулерінен бірнеше мысал:

«*Ей, Айша! Жарты құрмамен болса да бер, кедейді кері бос қайтарма!*» (Термези, Зуһд, 37).

«*Дін бауырыңның жүзіне күлімсіреп қарағаның да садақа болып есептеледі*» (Термези, Бир, 36).

Хазіреті Пайғамбар ﷺ кедей сахабасы **Әбу Зәр**мен

ﷺ кездескенінде кедейліктің жомарттыққа тосқауыл емес екендігін меңзеп, оған:

«Сорпа пісіргеніңде суын көбірек қос. Сосын көршілеріңе барып назар сал да, қажет деп білгендеріңе көркем түрде тарту ет!» — деген (Мүслим, Бирр, 143).

ЖҮРЕК ҚАТАЮЫНЫҢ ДӘРМЕНІ – ЖОМАРТТЫҚ пен ИНФӘҚ

Әр құлшылықтың көңілге беретін ерекше көркемдіктері мен ізгіліктері, рухани пайдалары бар. Адам баласының шикі мінезден құтылып, толықсыған мүмин болуына бұл рухани пайдалардың маңызы өте үлкен.

Омар ибн Абдулазиз рахметуллаһи аләйһи айтады:

«Намаз сені жолдың жартысына, ораза тура патшаның (Аллаһтың) есігіне жеткізеді. Садақа — Аллаһтың құзырына шығарады».

«Инфәқ» сөзінің толық мағынасы жақсы зерттелсе, бұл құлшылық адамды рух, тұлға мен мінез тұрғысынан материяның тұтқынынан құтқарып, руханиятты материяға басшы ететіні байқалады. Осы тұрғыда барлық құлшылықтар ішінде инфәқ құлшылығының рухқа беретін, бәлкім, ең үлкен пайдасы — «жан дүние рахаты».

Әли Исфахани рахмәтуллаһи аләйһи бул ақиқатты тамаша түсіндіреді:

«...Аман болып, күнәсіз болуды іздедім. Зүһдтен, яғни күмәнділерге түсу қорқынышынан мүбахтардың (халал істердің) көбін тастаудан таптым. Жеңіл есепті іздедім. Үндемеуден таптым. Рахат пен қуанышты іздедім. Жомартша инфәқ етуден таптым».

Әр мүмин айналасына жауапты. Мұқтаждардың, мазлұмдардың жан айқайына құлақ түре қоя алмайды. Ол түнек бір түннің шуағы сияқты нұрлы, сезімтал, жұмсақ, басқасын ойлайтын, мейірімді, жомарт және инфәқ ұшқынына толы болуы керек.

Аллаһ Тағала рызықтану үшін мақлұқатты бір-біріне себепші еткен. Сондықтан мұқтажға жәрдем — Аллаһтың бізге берген сыйларынан оларға үлес бөле білу — үлкен ізгілік пен иләһи сый. Мұқтаждардың жан айқайына жұбаныш болмайынша мұсылманның жаны да тыным таба алмайды.

Хазіреті Мәуләнә тамаша айтқан:

«Мынаны жақсы білгін: дене мүшесін, дүние-мүлікті жоғалтқанда, қиын жағдайға түскенде рухқа пайдасы тиеді. Оны обалдан құтқарады. Жұмсаумен, инфәқ етумен сырт көзге дүние-мүліктен айырылып қалғандай боласың. Бірақ бергеннің көңіліне жүздеген рухани өмір келеді!»

Дүние байлыққа тек жақындардан бастап, қоғамдағы әлсіздерге, ешкімі жоқтарға, мүсәпірлерге көмек көрсете отырып, жан рахаты мен ахірет бақытына жету үшін

ие болу керек. Дүние тіршілігіндегі ой-арманымыз бен ниетіміз осылай болса, дүниелік қайғылардың көңілдерде тудыратын қатыгездік, рухани күйзелістер мен уайым-қайғының орнына тәтті қуаныш пен тыныштық күйі келеді.

Күніміздегі ең үлкен аурулардың бірі — жүректің қатаюының дәрменін **Хазіреті Пайғамбар** ﷺ Мырзамыздан тыңдайық:

«Егер жүрегіңнің жұмсақ болуын қаласаң кедейге жегіз, жетімнің басын сипа...» (Ахмәд ибн Ханбәл, Мүснәд, II, 263).

Хазіреті Мәуләнә осы хадистің түсініктемесі ретінде былай дейді:

«Кедейлік пен мұқтаждықтан күйзеліске ұшыраған адамдар түтін толы үйге ұқсайды. Сен олардың дертін тыңдау арқылы үйдің рухани терезесін аш та, түтінін шығар, сонда сенің де жүрегің жұмсарып, рухың үлбірейді».

Міне, жомартша жасалған инфәқтар жұмсартқан, кемелдендірген бақытты адамдар жасаған инфәқтарының иләһи қорғауға да себепші болғанын көрудің қуанышын кешеді. Сондықтан шын көңілден инфәққа жүгінеді.

Хазіреті Мәуләнә былай тамаша деген:

«Оқыған намазың саған шопандық етеді. Сені

жамандықтардан, қасқырлардан құтқарады. Берген зекетің қалтаңа қорғаушы болады. Алтынның зекетін берсең, ештеңе кемімейді, керісінше, көбейеді, артады».

Шынында да инфәқ етілген дүние-мүлік азаймайды, жоқ болмайды, керісінше, инфәқтағы ықылас мөлшерінде берекеттенеді. Хазіреті Әбу Бәкір ﵁ барлық дүние-мүлкін инфәқ етіп, материалдық тұрғыдан қаншама рет біту шегіне келгенімен, Раббымыздың сыйымен қайта-қайта қазына иесі болды. Өйткені Аллаһ жолында инфәқ етілген дүние-мүлік будандастырылған ағаштың қуатты да өнім көп беретін күйге келетіні сияқты берекеттенеді.

Аятта айтылады:

«Мал-мүлкін Аллаһ жолында сарып қылғандардың мысалы әрбір масағында жүз дәні бар жеті масақ шығарған дақыл іспеттес. Аллаһ қалаған пендесіне әлденеше артығымен береді. Аллаһ — уәсиғ-дүр (дарқан), **(**толық білетін**) ғалым-дүр»** (Бақара 261).

Инфәқ етілмеген дүние-мүлік болса тұрып қалып иістеніп бұзылған суға ұқсайды. **Шәйх Сағди** былай тамаша айтқан:

«Ақша жинау арқылы жоғарлаймын деп ойлама! Тұрып қалған су иістенеді. Жұмсауға тырыс. Ағынды суға аспан жәрдем етеді. Жаңбыр жаудырады, сел жібереді, оны иістендірмейді».

Хазіреті Мәуләнә бұл ақиқатты былайша баян етеді:

«Егін егетін алдымен қойманы босатады. Кейін өнімі көп болады. Тұқымды қоймада ұзақ сақтаса, ақыры ол тышқанға жем болады».

Берілген зекет пен садақалар қалған дүние-мүлікті тазартады. Сонымен қатар бергені үшін апаттарға қарсы рухани қалқан болады. Хадисте айтылады:

«Садақа беруге асығыңдар. Өйткені апат садақаның алдынан өте алмайды» (Хәйсәми, Мәжмәуз-Зәуәид, 3, 110).

Құран Кәрімде екі жүзден аса жерде Аллаһ Тағаланың инфәқты әмір етіп, үндеу салуы Оның құлдарына деген шексіз мейірімінің нәтижесі. Аллаһ құлдарын инфәқ құлшылығын орындауға шақырғанда, негізінде, құлдарын инфәқтың рухани ләззәті, берекеті мен қуанышынан лайықты түрде пайдаланып қалуға шақырған.

ҚАЖЕТІҢНЕН АРТҚАНЫН БЕР

Жүректер сүйіспеншілікпен Аллаһқа құл болғанда зүһд күйі басталады. Дүние-мүлік көз бен көңілден кетеді. Тек Аллаһқа жақындауға себепші бола алатындай ғана мөлшерде құндылыққа ие болады. Аллаһ разылығын қалайтын мүмин қарапайым, көзбояушылықсыз өмір кешіп, жеткілікті мөлшермен шектелуді біледі және инфәқ жасай алатын жолдарды іздейді.

Құран мен сүннет аясында тәрбиеленген сахабалар

мен ұрпақтары ұлы жеңістер нәтижесінде Мәдинаға ағыл-тегіл жиналған олжа-ғаниметтермен бай-ауқатты болғандарына қарамай, рахат пен салтанатыққа иілмеді. Қарапайым ғұмырлары үйлерінің тұрпайы көрінісін өзгертпеді. Келген мүліктерді инфәқ етумен шынайы байлықтың жан рахаты мен көңіл салтанатын кешті. Заманымыздың алды алынбас індеттері — шашу, тойымсыздық, әсем және көз көрсету деген аса жаман қылықтар сахаба нәсілі мүлде білмеген өмір үрдісі еді. Өйткені олар **«өздерінің ертең баратын орны қабір екенін»** толық сезініп күн кешетін.

Имам Мәлік Хазірет өз кезеңінің халифасына жазған хатында былай дейді:

«Хазіреті Омар ﵁ он рет қажылық жасады. Білгенімше, күн кешуін жеткілікті мөлшерде ұстап, бір қажылық кезінде тек он екі динар жұмсайтын, шатырда емес, ағаш көлеңкесінде тұрақтайтын. Сүт торсығын мойнына іліп жүретін. Базар аралап, ондағылардың жағдайларын сұрайтын» (Қазы Ияз, Тәртибүл-Мәдәрик, 271).

Хазіреті Омар ﵁ үнемдеп жұмсауға мән беріп, өз қажетіне жеткілікті мөлшермен ғана шектеліп, қажылығын орындайтын. Осылай артып қалған мүлкін инфәқ ететін. Өйткені Аллаһ Тағала инфәқтың өлшемі — **«Қажеттеріңнен артығын** (беріңдер!)**»** (Бақара 219) деп баян еткен. Бұл жомарттықтың төменгі мөлшері — мүліктің артығының, өзіңе қажет емесін беру.

Бұл мәселеде Хазіреті Пайғамбар ﷺ былай деген:

«Ей, адам баласы! Қажеттілігіңнен артық мүлікті садақа етіп бергенің сен үшін жақсы, бермегенің жаман. Қажеттілігіңе жететіндей қолыңда ұстап тұрғаның үшін айыптанбайсың. Жақсылық жасауға күнкөрісін мойныңа алғандарыңнан баста. Ұмытпа, берген қол алған қолдан жоғары» (Мүслим, Зекет, 97; Термези, Зүһд, 32).

Демек, өзімізге һәм қарамағымыздағылар үшін жасаған жұмсауларымызда «қажеттілік» мөлшерінен аспау, осы қажеттілік шегін де ынсап шеңбері ішінде бекіту және бұл шеңберден тыс шыққан мүмкіндіктерді инфәқта қолдану қажет.

ЖОМАРТТЫҚТЫ АРТТЫРУҒА ТЫРЫСУ

Ахмәд ибн Әбу Уәрд рахмәтұллаһи аләйһи Хақ достарының күйін былай баяндайды:

«Үш нәрсе бар. Бұлар әулие құлдың бойында артқан сайын оның көркем қасиеттері де арта түседі:

1. Шені жоғарылаған сайын кішіпейілділігі артады.

2. Өмірі ұзарған сайын қызметі артады.

3. Мүлкі көбейген сайын жомарттығы артады».

Хақ достарының бірі **Рамазанұлы Махмуд Сами** Хазірет те сондай бір инфәқ құлшынысында болатын. Жасаған жақсылықтары мен инфәқтарын еш уақыт жеткілікті демей, жұмыс орнына барарында көлікке беретін ақшаны инфәқ ету үшін 3-4 шақырымдық жерді жаяу жүріп баратын. Өз мұқтаждығынан жанкештік жасап, инфәқты арттыруға тырысатын. Инфәқ етілген мүлік пен мүмкіндіктер мәңгі бақыттың қаржыларынан. Хазіреті Мәуләнә бұл бақытқа қол жеткізудің жолына ишарат ету мақсатында былай насихат еткен:

«Бұл дүниеде жегенің мен ішкеніңнің бір бөлігін өз жақсылығың (қайырымдылық жасау) үшін азайт. Сөйтсең, келешекте Кәусәр хауызын табасың. Опашылдықтың жеріне бір жұтым төккен адам қалай дәулетті болмасқа?!»

Бүгін де жеке бас рахаты мен ыңғайынан, үйдің безендірілуі мен күнделікті жұмсалған ақшадан жасалатын кішкене ғана жанқиярлықпен бұл асқақ мінезді әркім мүмкіндігінше орындауға тырысуы керек. Негізінде қоғамдағы мұқтаждардың, міскіндердің, мазлұмдардың жағдайы ұжданы мен ынсабы барлар үшін жеткілікті ғибрат көрінісі.

Бұл ғибратпен әрекет еткен ауқатты адамдар өздеріне тиісті әсем және рахат ізденісінен аулақ тұрады. Бірақ бұл ақиқаттардан бейқам қалып, өздері үшін шектен тыс ақша жұмсайтындар «Өз мүлкім емес пе, қалауымша жұмсаймын» — деген теріс пиғылдарымен шашып, төгеді. Олар — Құран сөзімен **«Опасыз — шайтанның достары»** (Исра, 27).

САРАҢДЫҚ СОҚЫРЛЫҒЫ! ...

Шынайы инфәқ иесі бола білу үшін ихсан кейпінде, яғни Аллаһты көріп тұрғандай құлдық өмірі шарт. Әрқашан, әр жерде илаһи құдірет пен ұлылықты көре білу көңіл көзінің ашық болуына байланысты. Шынайы жомарттыққа жете білу үшін де жасалған инфәқтарды ахіреттегі сыйын көріп тұрғандай сенім қажет. Бұл ақиқатты **Хазіреті Мәуләнә** былай тілге тиек еткен:

«Хазіреті Пайғамбар айтты:

«Қиямет күнінде берілетін сыйды жақсы білетін адам бір бергеніне он есе берілетініне сеніп, әрқашан жомарттығын арттырып отырады.

Жомарттық – барлық сыйларды көру. Сондықтан жомарттық үміт пен қуаныш алып келеді, берілген нәрседен туындаған «жоғалып кетті» деген қорқыныш сезімін жояды.

Сараңдық – Хазіреті Пайғамбарымыз сүйіншілеген сыйларын көрмеу деген сөз. Сүңгуші інжуді көрсе, қуанады. Сондықтан дүниеде ешкімнің сараң болмауы керек. Өйткені ешкім сыйы болмаса, ойынға бел бумайды.

Демек, жомарттық қолдан емес көзден келеді. Жасаушы – көз, көзқарас. Көзі көретіннен басқасы сараңдылықтан құтылмаған».

Расында да сараңдық әрі өмірдің соңы – өлімге әрі онан кейінгі ахірет өміріне деген жүрек соқырлығы. Әрі

әр нәрсені жаратып, құлдарына сыйлаған Раббымызға деген ауыр опасыздық.

Ал **Хазіреті Мәуләнәнің** ескертуі мынадай:

«Бұлақ жағасында отырып суды қимайтын — өзенді көрмеген соқыр адам».

Раббымыз аяттарда бізді, құлдарын осындай көңіл соқырлығы мен опасыздыққа душар болмасын деп, ашық түрде ескерту жасайды:

«Сендерге не болғаны соншалық — Аллаһ жолында инфәқ етпейсіңдер?! Негізінде, көктер мен жердің мұрагерлігі Аллаһтыкі...» (Хадид. 10).

«Көктер мен жердің қазыналары Аллаһқа тиісті. Бірақ мүнәфиқтар бұны түсінбейді» (Мүнәфиқун, 7).

«Міне, сендер Аллаһ жолында жұмсауға шақырылдыңдар. Іштеріңнен біреулер сараңдық көрсетеді. Бірақ кімде-кім сараңдық көрсетсе, тек өзіне ғана сараңдық көрсеткені. Аллаһ бай, сендер кедейсіңдер...» (Мұхаммед, 38).

Яғни кімнің мүлкімен және кімнің жерінде өмір сүріп жатырмыз, кімнің берген рызығымен азықтанып жатырмыз және ол мүлікті кімге қимай жатырмыз?!

Күмәнсіз, мүліктің негізгі иесі — Аллаһ. Ол бізге нығметтерін аманат етіп берді. Құл аманатшы және аманаттарды орындарына жұмсайтын қызметкер сияқты ғана. Бірақ жұмсағаны үшін жауапқа тартылатын қызметкер... Өзіне дәулет беріліп, мал-мүлік аманат етілген құл сонымен қатар міскін мен мұқтаждың да

аманатшысы. Бұл сезімге ие болған адам айналасына бейқам бола алмайды.

ИНФӘҚ ЕТ, САҒАН ДА ИНФӘҚ ЕТІЛСІН...

Аллаһтың мақлұқатына мейірім мен инфәқ – Аллаһқа деген сүйіспеншіліктің ең көркем дәлелі, сыйлаған нығметтері үшін ең әсем шүкірлік. Раббымыздың сыйы мен мейіріміне мұқтаж болғандықтан біз де Оның мұқтаж құлдары мен барлық мақлұқатына жомарт болуға, тарту жасаушы болуға мәжбүрміз. Олар біздер үшін сынақ жолы.

Құдси хадисте айтылған:

«Ей, адам баласы! Инфәқ ет, саған да инфәқ етілсін» (Бұхари, Тәухид, 35).

Тағы бір хадисте Хазіреті Пайғамбар ﷺ айтады:

«Инфәқ ет, санама. Сөйтсең, Аллаһ та саған нығметін санап қимайды (бермейді). Ақшаңды қуыда тықпа, онда Аллаһ та сенен тығады» (Бұхари, Зекет, 21; Мүслим, Зекет, 88).

Яғни, Аллаһ разы болатындай көркем мүмин бола білу үшін Оның мұқтаж құлдарына жомарттық танытып, сый-сыяпат жасауға міндеттіміз.

Раббымыз жүректерімізден иман ұшқынын, рухтарымыздан жомарттық шаттығын, ұждандарымыздан инфәқ қуанышын кем қылмасын!

Әмин...

Инфәқ әдебі

Мүмин – жомарт адам. Шынайы жомарттық – көзін қақпай, қолы қалтырамай бере білу. Көктем жаңбыры сияқты көңілдерге өмір сыйлай білу, және ләззатын сезіп шын көңілден инфәқ ету. Мүмин адам гүлдердің жұпар иісін айналасына жомартша шашқаны сияқты табиғи және рухани пиғылмен инфәқ ете білу керек, сонда ғана жасаған жақсылықтары Аллаһ құзырында құнды болмақ.

Шәйх Сағди былай тамаша айтқан:

«Сен бір нәрсе сұрау үшін ешкімнің есігіне барып жат-қан жоқсың, бұған шүкірлік етіп есігіңе келген кедейді қума, жүзіңді тыржитпай күлімдеп қарсы ал...»

ИНФӘҚ ӘДЕБІ

Тасаввуфтың негізі мен мақсатына көңіл аударсақ, оның рухани дамудағы негізгі құралының «махаббат», ал осы даму мен кемелденудің шыңы «әдепке мойынсұну», яғни әдептену екенін көреміз. Бұл мүмин-мұсылманның жүрегінің орталығын Аллаһ пен Расулына арнай алған деңгейде иләһи жақындыққа қол жеткізу жолында болғаны. Бұның ең үлкен белгісі — Пайғамбар ахлақын бойға дарыту.

Пайғамбар ахлақының өзегі — өте жоғары деңгейдегі **«әдеп сезімі»**. Сахабалардың айтқаны бойынша Хазіреті Пайғамбар ﷺ жамылғысына оранған арлы жас қыздан да ұяң болатын. Ол бойындағы әдептілік туралы: «*Мені Раббым тәрбиеледі, әдебімді тамаша етті*» — деп айтқан болатын (Сүюти, Жамиүс-Сағир, I, 12).

Адамгершіліктің биік шыңында тұратын «әдеп» туралы **Хазіреті Мәуләнә** былай дейді:

«Егер шайтанның көзін жойғың келсе, көзіңді ашып қара — шайтанды құртқан әдеп. Адам баласында әдеп болмаса, ол ақиқатында адам емес...»

Осы тұрғыдан алғанда мұсылмандардың медреселері мен сарайларындағы ең маңызды ескерту тақтайларының бірі «Әдеб, Йә, Һу» болатын. Бұл сөз әдепке мойынсұнуға шақырған ескерту. Сонымен қатар «О, Тәңірім! Әдеп сыйлай көр!» деген мағынада айтылған жалбарыну болып табылады.

Иманның өзегі — әдеп сезімі — мүмин өмірінің әр кезеңін қамтыған ерекшелік. Әсіресе құлшылық пен қарым-қатынас өмірінде...

Аллаһ құлдарын тек Өзіне құлшылық етуіміз үшін ғана жаратқанын баян еткен. Бұл тұрғыдан алғанда құлшылықтар мен қарым-қатынастар Аллаһқа құл болудың күре тамыры іспеттес деңгейде. Яғни, құлшылықсыз, қарым-қатынассыз құлдық өмірді елестету мүмкін емес.

Аллаһқа құл болу міндеттерінің орындалуы, сонымен қатар қандай көңіл күйімен орындалып жатқаны да маңызды. Құлшылық пен қарым-қатынаста әдепке мойынсұну — Аллаһтың ризалығы мен сүйіспеншілігіне бөленудің жалғыз шарты. Сондықтан әдіс-тәсілі, парыздары мен әдептеріне бағынбай, әйтеуір қарызымнан құтылайыншы деген оймен жасалған мәнсіз құлшылықтардың сауабы бос кетеді. Мұндай құлшылық иесіне тек шаршап-шалдығу ғана.

Хадис шәрифте:

«Қаншама ораза тұтқандар бар. Олардың өздеріне оразаларынан тигені аштықтан басқа еш нәрсе емес! Түнімен қанша намаз оқитындар бар. Олардың өздеріне намаздарынан тигені тек ұйқысыздық қана » деп айтылған (Ибн Мәжә, Сиям, 21).

Дініміздің тірегі болған намаздың біраз парыздары мен ықылас шарты болғандай, зекет пен садақаларды инфәқ етуде де кейбір әдеп қағидаларына мұқияттылықпен мойынсұну қажет. Әйтпесе, намазға мән бермей оқығандар туралы **«Анау намаз оқығандарға өкініш болсын!»** (Мағун, 4) деген қатты бір иләһи сөгіс орын алса, инфәқ құлшылығында да қате іс-қимыл жасау да құлды сондай жаман нәтижеге итереді.

ИНФӘҚ пен САДАҚАЛАРЫҢДЫ ТЕККЕ ЖІБЕРМЕҢДЕР!

Инфәқта ұстану қажет әдепті Раббымыз былай баяндайды:

«Мал-мүлкін Аллаһ жолына атап, соңынан оны міндетсімеген және (алушыны) **ренжітпеген жандарға Раббыларының алдында сыйлықтар бар. Оларға** (ахіретте) **ешқандай қорқыныш жоқ, қайғы-қасірет те жоқ.**

Жақсы (көркем және жағымды) **сөз бен кешірімділік артынан ауыртпалық салған** (ренжітіп, міндетсіп

берген) **садақадан артық. Аллаһ** (құлдары беретін садақаға мұқтаж емес) **ғани-дүр** (бай), **халим-дүр** (кеңпейіл, жазалауға асықпайды).

Ей, иман келтіргендер! Мал-мүлкін тек басқаларға мақтан (рия) **үшін ғана жұмсайтын, Аллаһқа және ахірет күніне сенбейтін адам сияқты,** (берген) **садақаларыңды міндетсіп немесе ренжітіп беру арқылы текке жібермеңдер. Оның** (және ол сияқтылардың) **мысалы бейне үстін топырақ басып,** (нөсерлеп жауған) **жаңбырдан кейін топырағы шайылып кеткен қатты да жұмыр тасқа ұқсайды. Олар** (дүниеде) **істеген бірде бір істеріне** (кәсіптері мен берген садақаларынан сауап алуға) **қол жеткізе алмайды. Аллаһ кәпірлер қауымын һидаятқа** (тура жолға) **салмайды»** (Бақара, 262-264).

Аят кәримәларда Раббымыз қайыр мен жақсылық істегенде бағыныуымыз қажет әдепті ашық білдіреді. Яғни, көңілін қалдырып мұқтажды қорлап, қыспаққа алып және міндетсіп жасалған жақсылықтың Аллаһ құзырында ешбір құны болмайды. Осындай дөрекі және сезімсіз жүрекпен инфәқ еткендер бергендерінің сауабын өз қолдарымен жойған болады! ...

Тарту мен сыйлықты міндет ету жасалған жақсылықтың босқа кететінімен қоймай, Аллаһтың ашуын да оятады.

Расында Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ үш рет қатарымен:

«Үш түрлі адам бар. Олармен қиямет күні Аллаһ сөйлеспейді, оларға қарамайды және оларды ақтамайды (кешірмейді). Олар үшін жан күйзелтуші азап бар» — дейді.

Әбу Зәр ﵁:

«Аттары өшсін, олар қалағандарына жете алмай, өкінішке ұшырасын! Кімдер олар, ей, Аллаһ Елшісі!» — деп сұрайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ:

«Киімін (кібірлік пен мақтаншақтық оймен) сүйреткен[29]*, сауда-саттығын жалған антымен жасаған және бергенін міндетсінген»* — дейді (Мүслим, Иман, 171).

Көріп отырғанымыздай, кейін міндетсу мен қорлау келген және көзбояушылықпен жасалған инфәқтар құлды сауап орнына азапқа душар ететін ауыр күнә. Өйткені жүрек иләһи назар түсетін орын. Қайғыртуға болмайды...

Сонымен қатар зекет-садақалар дәулетті адамдардың байлықтарындағы мұқтаждың ең табиғи құқығы. Бұл жағдай иләһи әмірмен бекітілген. Сондықтан

29. Ол кездің байлары мақтаншақтық оймен киген киімдерінің балағын не етегін жерге сүйреп жүретін. Қазіргі таңдағы адамдар ондай киімін жерге сүйрегендер-ді салақ дейді. Хадисте Пайғамбарымыздың айтпақ болғаны — киінгенде мақ-таншақтық белгісін көрсетпеу.

олардың хақын байлығынан бөліп беру сыйлық жасау емес, тек құқықтың орнына жеткізілуі. Дүние қазынасы — иләһи аманат. Бұны ұмытып, Аллаһ берген нығметтерін тағы Оның кедей, мұқтаж құлдарының қолына жетуіне себепші болғанын өз нәпсісінен деп біліп, мақтанған, алдындағы кедейді мұқатқан, сөйтіп міндетсіген адамның қылығы — бейқамдық, шикілік және надандық.

Олай болса, инфәқта тәкаппарлық етпеу, кедейді қорламау, керісінше, өзін кедейдің орнына қойып, бір күні өзінің де оның жағдайына түсіп қалуы мүмкін екенін ойлауы керек. Байлық пен кедейлік біраз еңбектенудің нәтижесі болса да, көбіне тағдыр ісі. Аллаһ байды кедей, кедейді бай ете алады. Бұлар Аллаһ құзырында ізгілік өлшемі емес. Екеуі де осы әлемдегі тек сынақ ғана. Ізгілік тек тақуалықта. Демек, инфәқ еткені үшін байдың кедейге мақтанғаны — оның дүние өміріндегі сынақ сырынан бейхабар болғаны.

Шәйх Сағди «*Бустан*» атты еңбегінде былай дейді:

«Біреуге жақсылық жасағаныңда: «Мен мырзамын, басшымын, ол маған мұқтаж» деп тәкаппарланба! Заман қылышы ол мұқтаж адамды ұрыпты деме! Өйткені ұрған қылыш әзір әлі қынына кірмеген, ол қылыш бір күні сені де ұрары мүмкін емес пе?»

Ауқатты адамдар өздерін кедейлердің орнына қоя білулері керек және «Раббымыз бізді олардың жағдайында, оларды да біздің жағдайда жарата алады. Енді бізге мүмкін-дік беріп, оларды мұқтаж қылды.

Демек, оларды бізге аманат етті, әлсіздерді қуаттылардың қорғауына берді, бізді оларға жауапты етті және бізге берген нығметтерінің шүкірі ретінде оларға инфақ етуімізді әмір етті...» — деп ойлаулары керек.

Шәйх Сағдидің сол еңбегіндегі мына насихаттары да өте өнегелі:

«Есігіңе бір міскін келсе, қолын бос жіберме. Аллаһ көрсетпесін, бәлкім, бір күні сен де міскін болып, есіктерді аралап жүрерсің.

Көңілі жаралылардың көңіл-күйлерін сұра, оларға қара. Бәлкім, бір күні сен де сондай күйге түсерсің.

Бір нәрсе сұрау үшін сен ешкімнің есігіне бармайсың. Бұған шүкірлік етіп есігіңе келген кедейді қума, оған жүзіңді тыржитпа, оны күлімсіреп қарсы ал...»

Аят кәримәда айтылады:

«Сені кедей көріп байытпады ма? Ендеше жетімді қорлама! Тіленшіге зекіме! Раббың (саған арнаған) **жақсылықтарын** (жұртқа) **жария ет!»** (Духа, 8-11).

Мұқтажға сыпайылықпен мәміле жасаудың ең маңызды бөлігі — міндет қылмау, қорламау және тәкаппарланбау үшін жақсылық жасағаннан кейін оны ұмытып кету керек. Луқ-ман Хаким былай тамаша айтқан:

«Екі нәрсені ұмытпа: Аллаһты және өлімді.

Екі нәрсені — басқа біреуге жасаған жақсылығыңды

және басқа біреудің саған жасаған жамандығын ұмыт!»

Шынайы инфәқ иесі құл бола білу екі дүниеде де қуаныш сыйлайтын өте құнды нығмет. Бұл құлшылықты лайықты іске асыра білгендер Раббымыздың да сүйіншілегеніне сай қияметтің сол үрейлі кезінде қорқыныш пен мұңнан аман болады. Сондықтан мейірімі шексіз Раббымыз жүздеген аяттарымен, үмметіне ынтық, аса еміренгіш Пайғамбарымыз ﷺ да көптеген хадистерімен біздерді инфәқтың бақыты мен қуанышына бөленуге шақырады.

Аллаһ Тағала құны мен мәні толық ахіретте білінетін үлкен нығмет болған инфәқтың кей надандық іс-қимылдармен зая жіберілмеуі үшін бізге — құлдарына ескерткен, инфәқтың әдептеріне мойынсұнуды әмір еткен.

Мүмин — **қолы ашық жомарт** адам. Шынайы жомарттық — көзін қақпай, қолы қалтырамай бере білу. Көктем жаңбыры сияқты көңілдерге өмір сыйлай білу, және ләззатын сезіп шын көңілден инфәқ ету. Мүмин адам гүлдердің жұпар иісін айналасына жомартша шашқаны сияқты табиғи және рухани пиғылмен инфәқ ете білу керек, сонда ғана жасаған жақсылықтары Аллаһ құзырында құнды болмақ. Тек осындай инфәқ қана Аллаһқа жететін инфәқ болады. Аятта: **«...Садақаларды Аллаһ алады...»** (Тәубе, 104) делінген.

Хақ досы **Мәуләнә Хазірет** соншалықты нәзік рух

күймен жасалған инфәқтың берекетін қалай тамаша түсіндірген:

«Сен бар нәрсеңді, дүние-мүлкіңді көркем түрде инфәқ ет те көңіл ал! Ол көңілдің дұғасы, мазарда, сол қара түнек түнде саған сәуле берсін, нұр болсын!...»

Олай болса, инфәқ етерде қалай дүние-мүлкіміз бен мүмкіндіктерімізді мұқтаждан аямасақ, бір күлімсіреу мен жай ғана сыпайылықты аямау қажет болады.

Хақ досы **Махмуд Сами Рамазанұлы** егер бір мұқтажды көргенде көлікте болса, көлігін тоқтататын, есігін ашып, мұқтажға қарай жүріп, беретін садақаны күлімсіреп, сыпайылықпен ұсынатын.

РАХМЕТ АЙТА ОТЫРЫП ИНФӘҚ ЖАСАУ

Ислами әдеп пен сыпайылық инфәқ ете білуді, нығмет деп білуді қажет етеді. Әсіресе, берген адам алған адамға алғыс сезімде болуы керек. Өйткені оны жауапкершіліктен құтқарып, сауапқа қол жеткізуіне себепші болады.

Аятта айтылады:

«(Ей, Пайғамбарым!) **Оларды** (адамдарды) **тура жолға салу сенің міндетің емес. Бірақ, Аллаһ қалаған пендесін Өзі тура жолға салады. Сарып қылатын хайыр** (мал-мүлік) **өз пайдаларыңа.** (Ей,

мүминдер! Әсілінде) **сендер де Аллаһтың разылығын алудан басқа нәрсеге жұмсамайсыңдар. Жақсылық ретінде** (Аллаһ жолына) **әр нені жұмсасаңдар,** (оның сыйы) **өздеріңе толық қайтарылады, сендерге** (бұл турасында) **әсте зұлымдық жасалмайды»** (Бақара, 272).

Демек, жасалған жақсылықтың түпкі берекетін жақсылықты жасағанның өзі көреді. Әрі кемшіліксіз, ықыласына қарай бір неше есе көп... Яғни, инфәқ сырт қарағанда алған адам үшін пайдалы көрінсе де, негізінде бергенге пайдалы. Сондықтан берген алғанға міндетсінбей, өз мойнындағы қарызы деп түсінуі керек.

Шағби былай дейді:

«*Кедейдің садақаға мұқтаж болғанынан гөрі өзін садақа сауабына мұқтаж екенін білмеген бай садақасын жоқ қылып, сауабын жоғалтқан болады*».

Яғни, инфәқ еткенімізде алдымыздағы адамды емес, өз көңілімізді бақылап, шынайы жомарттыққа ие бола алсақ, біздерге нендей бақыт!

Міндетсіп, жапа шектіріп, немесе дүниелік пайда алу мақсатымен жақсылық жасайтындар көп. Ал инфәқ пен мұқтажды нығмет білгендер өте аз. Инфақ ете алу мүмкіндігін бергені үшін құл Раббысына шүкірлік етіп, бұған себепші болғаны үшін де мұқтажға рахмет айту сезімінде болуы керек.

Шәйх Сағдидің инфәқты нығмет деп білу мәселесіндегі мына насихаты өте даналы:

«Сені жақсылық жасауға жеткізгені үшін Аллаһқа шүкірлік ет. Өйткені Аллаһ сені сый-ілтипатымен жақсылықтан құр қалдырмады. Падишахқа қызмет еткен оған міндет ете алмайды. Сені қызмет еткіздіргені үшін сен оған борышты бол».

Құрметті әкем **Мұса мырза**ның инфәқ күйі бұл мәселеде үлгі алатындай әдеп өлшемдерін қамтиды. Ол инфәғын өте көркем Ислами әдіспен, нәзіктікпен сыпайы түрде жасайтын. Біреуге бір нәрсе берсе, оны әдемі конвертке салып, үстіне құрметке толы сөздер жазып, қосымша:

«Сыйымызды қабыл еткеніңіз үшін рахмет айтамыз» — деп жазатын. Яғни, Аллаһтың ризалығына себепші болғаны үшін алушыға шынайы көңіл алғысын білдіріп, алушыны да борышты қылмауға аса мән беретін.

Хазіреті Мәуләнә даналыққа толы өлең жолдарында былай дейді:

«Кедей адам — жомарттардың айнасы. Сол айнаны көңіл түсіретін сөздер айтып, оны булама».

«Кедей адам қалай жомарттық пен жақсылыққа мұқтаж болса, жомарттық пен жақсылық та кедей адамға мұқтаж. Сұлулар сұлулықтарын тамашалау үшін шаң баспаған, таттанбаған, тұнық айна іздейтін болса, жомарттық та кедейлерді, әлсіздерді солай іздейді».

«Аллаһтың жомарттық қасиетінің көрінісі — кедейлер. Кедейлер ауқатты да жақсылық иесі адамдарға жүгінеді. Оларға дерттерін ашады. Осылай қамқор байлар үшін бақыт жолдарын даярлайды».

Сол себепті мұқтаждың бізге келіп мұқтаждығын баян етуін Аллаһтың бізге берген ерекше сыйы ретінде ұғынып, Аллаһқа құлдық абыройы деп білу керек.

Хазіреті Әли ﷺ бұл ақиқатты тамаша түсіндіреді:

«Екі нығмет бар: Мені қайсысы қуантатынын білмеймін. Біріншісі — адамның мұқтаждығын кетіруін үміт етіп маған келуі және барша шынайылығымен менен жәрдем сұрауы. Екіншісі — Аллаһ ол адамның қалауын мен арқылы іске асыруы немесе жеңілдетуі. Бір мұсылманның қиыншылығын алып жеңілдетуді дүние толы алтын мен күміске ие болудан абзал көремін» (Әли ал-Мүттақи, Кәнзүл-Үммәл, 6, 598/17049).

Инфәқ жасағандардың тәкаппарланып, міндетсіп, алған адамның рахмет айтуын күтулері жақсылықтарының барлық сауабы мен берекетін жойып жібереді. Инфәқ етушінің Аллаһтың разылығынан басқа бір мақсаты болмауы, істеген ісінің сауабын тек Аллаһтан ғана күтуі керек. Мұқтаждан дұға мен алғыс күтудің өзі ықыласты көлеңкелейтін жағдай екенін естен шығармауы керек.

Хазіреті Әли мен **Хазіреті Фатима**ның жасаған инфәқтарын Аллаһ Тағала ұнатты. Оларды мақтап, аят

жіберді. Осы аят барша инфәқ иесі мұсылмандарға үлгі болуы керек:

«Олар өз жандарының қалағанына қарамай тамақты кедейге, жетім мен тұтқынға жегізеді де, оларға: «Бұны сендерге Аллаһ ризалығы үшін жегіземіз. Сендерден өтем де, алғыс та күтпейміз. Біз Раббымыздың қатты, ашулы күнінен қорқамыз» – дейді. Аллаһ та оларды сол күннің жамандығынан қорғайды. Оларға(дың жүздеріне) **жарқындық пен** (көңілдеріне) **қуаныш береді»** (Інсан, 8-11).

Садақаны **«Хасбәтән Лилләһ»**, яғни «тек Аллаһ ризалығы үшін» беру және сауабы азаймасын деп алғыс күтпеу сезіміне қатысты үммет аналарының мына күйі нендей көркем мысал.

Хазіреті Айша мен **Үммү Сәләмә** аналарымыз кедейлерге бір нәрселер жолдағанда алып барушыға кедейдің қалай дұға еткенін жаттап алуларын ескертетін және өздері де ол кедей үшін тура солай дұға ететін. Осылай дұғамыз оның дұғасымен бірдей болсын дейтін. Садақаға өтем болады деп кедейлерден дұға да күтпейтін еді. Өйткені дұға садақаға өтем сияқты болады (Ихия, 1, 601).

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖЕТУ ЖОЛЫ...

Раббымыз аятта:

لَن تَنَالُواْ الْبِرَّ حَتَّى تُنفِقُواْ مِمَّا تُحِبُّونَ وَمَا تُنفِقُواْ مِن شَيْءٍ
فَإِنَّ اللّٰهَ بِهِ عَلِيمٌ

«Сүйген нәрселеріңді (Аллаһ жолында) **жұмсамайынша, бирргe** (жақсылыққа) **әсте қол жеткізе алмайсыңдар. Не жұмсасаңдар да, Аллаһ оны, сөзсіз, біліп тұрады»** (Әлу Имран, 92) деп, Өзіне жақын болу үшін аса жоғары деңгейдегі құлдықты нысана етіп көрсетеді.

«Сүйгендерінен жұмсай білу» инфақта ең көп мән берілуі қажет әдептердің бірі. Өйткені ол ерекшелік құлдың Раббысына деген иман сүйіспеншілігінің деңгейін көрсетеді.

Олай болса, біздер де иелігіміздегілердің ішінен ең көбірек ұнатқан, бізге берілгенде қатты риза болатын нәрселердің нелер екенін біліп, жасайтын инфақымызды солармен жоғары деңгейге көтеруіміз керек. Осылай жақсылықтың кемеліне баратын жолда ілгері басуымыз керек. Өзімізді кедейдің орнына қойып, өзімізге қалай инфақ етілуін қалайтынымызды ойлап, садақа беруіміз керек. Өйткені аятта айтылады:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ
آمَنُواْ أَنفِقُواْ مِن طَيِّبَاتِ مَا كَسَبْتُمْ وَمِمَّا أَخْرَجْنَا

لَكُم مِّنَ الأَرْضِ وَلاَ تَيَمَّمُواْ الْخَبِيثَ مِنْهُ تُنفِقُونَ وَلَسْتُم
بِآخِذِيهِ إِلاَّ أَن تُغْمِضُواْ فِيهِ وَاعْلَمُواْ أَنَّ اللّهَ غَنِيٌّ حَمِيدٌ

«Ей, мүминдер! Табыстарыңның ең тазаларынан (халалдарынан) **және сендер үшін жерден шығарып бергендерімізден** (Хақ жолында) **сарып қылыңдар. Өздерің де көздеріңді жұмып ала салмайтындай сапасыз нәрселерді беруге тырыспаңдар. Біліп қойыңдар, Аллаһ шын ғани-дүр (**берген садақаларың мен хайыларыңа мұқтаж емес**), хамид-дүр** (шын мақтауға тек Ол ғана лайық)**»** (Бақара, 267).

Адам өзіне бергенде көңіл рахатымен ала алмайтын сапасыз, ескі нәрселерді кедейлерге бергенін инфәқ етіп, жақсылық жасадым деп ойламауы керек. Мұқтажды қолымыздың ұшымен берген ескі киім, тұрып қалған тағам, сондай-ақ титтей ғана қайырымдылықтармен қас қағым сәт қуантып, кейін оны мұқтаждық пен мақрұмдық күйзелістерімен оңаша қалдырып кету шынайы түрде инфақ ету болып саналмайды.

Мүмин — **жомарт** адам. Шынайы жомарттық инфәқты тұрпайы және төмен мөлшерлерге түсіру емес, керісінше, бір мәселені шешетін, көкейге шипа болатын, құнды, пайдалы және сүйген нәрселерден инфәқ ете білу деген сөз.

ЖАҚСЫЛЫҚ пен ТАҚУАЛЫҚТА ЖӘРДЕМДЕСІҢДЕР!

Инфәқ етудегі мақсат мұқтажды толық қиындықтан құтқара білу. Әлбетте, әркімнің қаржысы мен мүмкіндігі бұл үшін жалғыз басына жетпейді. Олай болса, жақсылықта да бірлесу мен жәрдемдесу қажет. Раббымыз да:

«...Жақсылық пен тақуалықта жәрдемдесіңдер...» — деген (Мәидә, 2).

Яғни, жақсылық пен қайырымдылық істерде жәрдемдесу — Раббымыздың әмірі. Әсіресе бұл жақсылықтар жетпейтін қызметтерде бірге қимылдап, жоспарлы жұмыспен жақсылықты жандандыру және мекеме күйіне келтіру қажет деген сөз.

Сондықтан дертке дауа болатын деңгейдегі күш пен мүмкіндігіміз бар жағдайларда айналадағыларды да жақсылыққа шақыру арқылы Раббымыздың **«Жақсылық пен тақуалықта жәрдемдесіңдер»** әмірін орындауға тырысуымыз қажет.

Шынайы мүминге жарасатын қасиет — үнемі жақсылық жасай алу ізденісінде болу. Бұл сезімге ие мүмин инфәқ ететін материалдық мүмкіндігі болмаса да уақыты мен еңбегі арқылы, бәлкім, үлкен жақсылықтарға себепші, дәнекер бола алады.

Бүгінгі таңда қоғамымызда көкейге дауа болмай-

тын титтей көмек көрсету арқылы кедейді жібере салу деген ұстаным үрдіске айналды. Негізінде бұл өз ұжданымызды жұбату дегені. Алайда бұл рухани індет. Және бұл індеттен қалай да құтылуымыз керек.

Ойлануымыз қажет. Раббымыздың бізге берген нығметтерін қаншалықты Оның жолында инфәқ етіп жатырмыз?... Инфәқ ете алғандарымыз өзімізге жұмсағандарымыздың жанында қандай деңгейде?... Әлде инфәқ мәселесіндегі деңгейімізді қоғамдағы үрдіспен салыстырып, аз ғана жәрдемдермен ұжданымызды жұбатып отырмыз ба?

Негізінде, біз — мүминдер әрбір мәселеде өзімізді Хазіреті Пайғамбарымыз бен Оның асқақ сахабаларымен салыстырып отыруымыз керек. Аллаһ бізге сол тақуа құлдарынан үлгі алуды әмір етеді:

وَالسَّابِقُونَ الأَوَّلُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالأَنصَارِ وَالَّذِينَ
اتَّبَعُوهُم بِإِحْسَانٍ رَّضِيَ اللّهُ عَنْهُمْ وَرَضُواْ عَنْهُ وَأَعَدَّ
لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي تَحْتَهَا الأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَداً
ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«(Исламға қызмет етуде барлығын) **озып кеткен мүһәжірлер мен әнсарлар және оларға көркем ілескендер** (бар ғой!) **Аллаһ оларға разы болды. Олар да Аллаһқа разы болды.** (Аллаһ) **оларға ішінде мәңгі тұратын, іргесінен тамаша бұлақтар ағып жатқан жәннаттарды әзірледі. Міне, бұл — ең зор бақыт»** (Тәубе, 100).

Раббымыз бізге үлгі етіп көрсеткен сахаба ұрпағы дүниелері мен жандарынан пидакештік жасап, **алғаш рет** Мекке кезеңінде шеккен қиындықтармен имандарының **өтемін төледі**. **Екіншіден**, Мәдинада қанша рет мүшріктердің өшпенділігіне кеуде керіп, мұсылманша өмір сүрудің **өтемін төледі**. **Үшіншіден**, насихат қызметтерімен һидаят нұрын ғасырларға таси отырып, иман жауапкершілігінің **өтемін төледі**. Ие болған барлық нығметтерін Аллаһ жолында сарып қылды. Олар үнемі:

«Ақыры сол күні (дүниеде қолданған) **нығметтерден, әлбетте, есепке тартыласыңдар»** (Тәкәсур, 8) аятын есінде сақтап өмір сүрді.

Біз де шынайы инфәқ иелерінен бола білу үшін сахаба ұрпағынан үлгі алып, олардың бұл үш сипаттары аясында болуға тырысуымыз керек.

ЖАҚСЫЛЫҚҚА СЕБЕПШІ БОЛҒАН ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ЖАСАҒАНМЕН ТЕҢ

Жасаған инфәқтарымызбен қоғамның жарасын орап, дертке дауа болуымыз керек. Бұл мәселеде жалғыз басына жеткіліксіз жағдайларда:

«Не істейін, менің қолымнан келері осы ғана...» — деп тыс тұру және мұқтажды күйзеліспен жалғыз тастап кетпей,

«Бұл адамды қиындықтан құтқара алатын біреуді таба алар ма екенмін?...» деген оймен ізденісте болуы, мұқтаж бен айналамыздағы мол мүмкіндікке ие болғандар арасында көпір міндетін атқаруға тырысуымыз керек. Хадисте айтылғандай:

«Жақсылыққа себепші болған жақсылықты жасағанмен тең» (Термези, Иман, 14).

Хақ достары әр мүмкіндікте адамдарды жақсылыққа шақырып, олардың жақсылықтарына рухани ортақ болудың ізгілігімен ғұмыр кешкен.

Аталарымыз бұл сезіммен тәрбиеленіп, жетілгені үшін жақсылықта биікте болған, қоғамды мейірім торы күйінде қайырымдылық мекемелерімен безендірген.

Бұл тұрғыда Фатих Сұлтан Мұхаммед ханның тұлғалығының қалыптасуында және жеңістерінде үлкен еңбегі бар **Хазіреті Акшәмседдин**нің мына ісі өте назар аудартарлық:

Ыстанбұлдың жеңісінен кейінгі алғаш жұма намазынан кейін Оқ майданында жеңіс салтанатты тоймен құттықталды. Қол жеткізген үлкен жеңісте айналасындағылардың жәрдемін еш уақыт ұмытпаған падишах:

«Шәһидтерге Рахманның мейірімі, Ғазиларға абырой мен даңқ, еліме атақ пен алғыс...» — дегеннен кейін әскер-халық жүз жетпіс мың адамға жеңіс сыйы ретінде мал мен дүние-мүлік, жер таратты. Тура сол кезде

Фатихтың рухани жетекшісі Хақ досы Акшәмседдин ғазиларға үн қатып, мына насихатын айтты:

«Ей, Ғазилар! Біліңдер, барлығың жайында Ақырзаман Пайғамбары: *«Олар нендей тамаша әскер...»* — деген. Аллаһтың қалауымен барлығың кешірімге иесіңдер. Енді олжа-ғаниметтерді ысырап етпей, қайырымдылыққа жұмсаңдар да падишахтарыңа сүйіспеншілікпен бағыныңдар!...»

Осылай Ыстанбұлды алған әскердің ізгілігін жаңа ізгілікпен тәжілендіру үшін олардың барлығын қаланы көркейтіп, халық игілігі үшін қайырымдылық мекемелерін құруға шақырды (Самиха Айверди, Түрік тарихында Османлы Ғасырлары, Ыстанбұл, 1999, 227-228).

Ұлт ретінде біздер де үлкен ізгіліктер мәдениетін құрған бабалар немерелеріміз. Олардың ерекше тазалық, сыпайылық пен әдептілік өлшемдерімен құрған мәдениеттің берекелі жемістерін бүгін де уақфтар/қорлар, мұқтаждарға тегін тамақ беретін асханалар, ауыз су жолдары мен садақа сандықтары, т.б. түрлерде көріп келеміз. Біз де бабаларымыздың сондай қастерлі мирасына ие болып, олар сияқты қайырымдылық мекемелерін құруға, істеген игі істерін жалғастыруға күш салуымыз керек. Алдымен өз ішкі дүниемізді ізгіліктермен толтырып үлгі көрсетіп, кейін шәһид, ғазиларымыздың аманаты болған қастерлі құндылықтарымызды және Отанымызды қорғау үшін иманды, тәрбиелі және ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Олай болмаса, дін әлсірейді, ұрпақтар зая болады,

Отан басқалардың қолына өтеді. Бұл міндетімізді жауапкершілікпен сезініп, инфәқ иесі мұсылмандар болуымыз керек.

Бір сөзбен айтқанда инфәқ иесі болған мүмин — басқалардың қамын ойлайтын адам. Ертең иләһи сотта ақталып, аман қалудың құжатын ала білу үшін бүгін басқалардың құтылуына күш-жігер жұмсаумен өтетінін білген адам. Тек өз пайдасын ойлайтын, дөрекі, пайдакүнем, менменшіл және сараң адамды Раббымыз қабыл етпейді.

Бұл тұрғыдан алғанда басқалардың жауапкершілігін мойнымызда сезіне алған деңгейде өз жауапкершілігіміздің есебін жеңіл бере алатынымызды ойдан шығармауымыз керек.

Раббымыз баршамызға дін жолында күш-жігер берсін! Әдеп пен сыпайылық өлшемдері аясында тек иләһи ризалықты үміт етіп инфәқ ете алуды көңілдеріміздің тыныштығы мен бақыт қазынасы етсін!

Әмин...



Инфақтағы ықылас

Ақшада табыс табуға қарай өзгеріп тұратын бір тартымдылық заңы бар. Ақша жылан сияқты, келген тесігінен кетіп қалады. Халал табыс жақсылық пен ізгіліктерге себепші болса, харам табыс жамандық жолдарына жетелейді. Сондықтан мүліктің халал екені жұмсалған жерінен-ақ белгілі болады.

Адамның руханияты көбіне екі нәрсемен әсерленеді:

1. Азығының халал, күмәнді немесе харам болуынан.

2. Бірге жүрген адамдарының мінездерінен.

ИНФӘҚТАҒЫ ЫҚЫЛАС

Ықылас — құлдықтағы шынайылық пен ниет тазалығы. **Тақуалық** пен **ықылас** — бір-бірінен ажырамас құлдық сырлары. Бір сөздің түрлі мағынада айтылуы сияқты. Құлдың Раббысымен жүректе кездесуі, яғни мейірім, кешірім, жұмсақтық сияқты жамалдық сипаттардың жүректе орын алуы — мүминнің әр жағдайда, барлық іс-қимылында, тіпті, әрбір демінде Аллаһтың ризалығын іздеуі.

Ықыластан мақрұм жүректер нәпсіге тән пайдаларға құл бола бастайды. Бұл құл болудың шегі жүрек тұрғысынан болса да Аллаһтан өзгеге құл болу ақымақтығы. Аятта:

«Нәпсісін (және қалауын) **өзіне тәңір етіп алған адамды көрдің бе?** (Елшім! Енді) **оған сен өкіл боласың ба?»** — делінген (Фұрқан, 43).

Хазіреті Пайғамбар ﷺ амалдардағы ықылас кемшілігінің қаншалықты өкінішті сәтсіздік себебі екенін былай баяндаған:

«Үмметім жайында ең көп қорқатыным — Аллаһқа серік қосу. Бұл сөзіммен олардың айға, күнге немесе пұтқа табынатындарын меңзеп тұрғам жоқ. Мені үрейге бөлейтін басты нәрсе — Аллаһтың ризалығынан тыс мақсаттар үшін жасалатын амалдар мен жасырын шәһуәттар (көзбояушылық сезімдер)» (Ибн Мәжә, Зүһд, 21).

Олай болса иләһи ризалықтан тыс мақсаттар үшін және көзбояушылық сияқты жүрекке тиісті дерттермен орындалған құлшылықтар іші бос геометриялық фигуралардан тұратын пайдасыз амалдар. Өйткені хадисте айтылғандай:

«Амалдар ниеттерге қарай...» (Бұхари, Иман, 41).

Инфәқ құлшылығындағы ықылас — садақа бекер болмау сезімі бойынша «Хасбәтән Лилләһ», яғни тек Аллаһтың ризалығын қалап, бергенін тікелей Аллаһтың құдірет қолына ұсына алу сезімімен бере білу.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ айтады:

«Адал мүліктен берілген әрбір садақаны Рахман Аллаһ (құдірет) қолымен алады және қабыл етеді» (Мүслим, Зекет, 63).

«Күмәнсіз садақа мұқтаж алмай тұрып алдымен Аллаһтың (құдірет) қолына түседі» (Мүнәуи, Күнузүл-Хақайқ, 34).

Яғни, инфәқта негізгі қарсы жақ — Аллаһ. Сондықтан инфәқта терең көңіл ынтасы ішінде болу керек. Фәнилерден ілтипат пен алғыс күтпей, атақ пен көзбояушылықтан аулақ тұрып, нәпсіні араға салмай, дүниелік мақсат көздемей: «О, Раббым! Тек сен үшін» деп инфәқ ете білу керек. Инфәқтағы ықыластың негізі, міне, осы.

ЫҚЫЛАСТЫҢ БЕЛГІСІ – ШЫН МӘНІНДЕ МҰҚТАЖ АДАМДЫ ТАБА БІЛУ

Садақаны ең лайық адамға беруге тырысу — маңызды инфәқ әдебі. Істің жеңіл жағын ойлап, кез келгенге бере салу емес. **«Олар зекет беру үшін іскерлік етеді»** аятында (Муминун, 4) айтылғандай ақы тура орнын табуы үшін құлшылық ниетімен, салмақты күш жұмсап беру керек.

Өзімізге бағалы бір нәрсе сатып аларда қалай мән беріп іздестірсек, тура сондай ұқыптылықпен уақыт пен күшімізді беріп, аманатты нақты иесіне жеткізуіміз керек. Өйткені инфәқ — Аллаһтың бұл фәни әлемде берген мүмкіндіктерінен беріп, мәңгі әлемдегі шексіз нығметтерді сатып алу ретіндегі рухани сауда. Бұл сауда-саттықты ең пайдалы түрде жасау шын мәніндегі мұқтажды іздеп табуға байланысты. Бұл тура сол мезетте инфәқ еткеннің көңіліндегі ықылас деңгейін де көрсетеді.

Аятта инфәқ етушінің шын мәнінде мұқтажды іздеуі былай әмір етілген:

«(Садақалар) **өзін Аллаһ жолына атаған, (**жиһад қылып, ғылым-білім үйреніп-үйретумен шұғылданғандықтан) **жер бетін** (тіршілік ету үшін) **аралауға шамасы жетпеген,** (олардың) **жағдайын білмейтіндер ар-намысы мен көңіл тоқтығы себепті** (тіленшілік етпейтіндігіне қарап) **оларды бай деп ойлаған, сен болсаң оларды келбеттерінен танитының сондай-ақ бетсіздік жасап адамдардан** (бір нәрсе) **сұрай алмаған пақырлардыкі. Хайыр деп не берсеңдер, Аллаһ оны толық біледі»** (Бақара, 273).

Яғни, инфәқ ықыласты болғанда шын мәнінде мұқтажды жүзінен тани алатындай жүрекке тән жұмсақтық пен сезім дамиды.

Хадисте айтылады:

«Нағыз кедей — мұқтаждығын қамтамасыз ететін ешнәрсе таба алмаған және жағдайын түсініп, оған жәрдем ететін адамның болмағаны, (бұған қарамай) халықтан ешнәрсе сұрамаған адам» (Бұхари, зекет, 53).

Хазіреті Мәуләнә бұл ақиқаттардан шабыт алғандай былай насихаттайды:

«Көңіл аулауға ден қой, әлсіздерге қызмет ет! Әлсіздерді, көңілі түскендерді қорға! Олар сондай адамдар ешқандай табысы жоқ. Бірақ жүректері тыныш, кішіпейіл, жабырқаулы. Оларды ізде, тап!»

Міне, негізгі ізгілік осындай мұқтаждың қолынан тұта білу. Яғни сұрауға ұялып, күйін жасырған тақуа иесі мұқтажды іздеп табуды және оларды жүздерінен тануды жүрегіміздің ерекшелігіне айналдыру. Раббымыздың әмірі, күмәнсіз, бұл ерекшелікке қол жеткізе білу, мүліктің адалдығы мен көңілдегі ықылас мөлшерінде ғана мүмкін.

Адал мүліктен тек иләһи ризалық үшін шын көңілден жасалған инфәқ зая кетпейді. Аллаһ оны лайықтыларға нәсіп етеді.

Аллаһ жолындағы қабілетті де мамандығы бар адамға қол ұшын беру кейде мыңдаған адамға көмек көрсеткенмен тең. Өйткені үлкен қабілет иелерінің алдына барлық мүмкіндіктерді ұсынсаңыз да ысырап болмайды.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ да өзін Аллаһ жолына атаған және «Асхабүс-Сұффа» деп аталған кедей сахабаларын ерекше бақылап және ауқатты мүминдерді олар үшін инфәққа шақыратын.

Хақ досы **Хазіреті Мәуләнә** да нағыз мұқтаждың ақысы инфәқты кімге және қайда беретінімізге мән беруіміздің маңыздылығына сүйене отырып, былай дейді:

«Әділет дегеніміз не? Жеміс ағаштарын суғару. Зұлымдық дегеніміз не? Тікендерді суғару...»

Олай болса инфәғымызбен руханият бақшаларын немесе нәпсіқұмарлықтың тікендерін көгалдандырып жатқанымызға мән беруіміз шарт.

Инфәқтың құндылығы мүліктің адалдығы деңгейінде. Адал мүлікпен жасалған жақсылықтар Аллаһтың сыйымен оған ең лайықты адамдарға нәсіп болады. Осы тұрғыда инфәқтар табыстың рухани рентгені іспеттес.

Хақ достарынан **Әбу Аббас Нихауанди**ге саудамен айналысатын ауқатты біреуі келіп, садақасын кімге бергені дұрыс болатынын сұрайды. Ол:

«Көңілің кімге шешім берсе, соған бер!» — дейді.

Ұстазынан айрылған шәкірт жол үстінде тіленшілік жасаған бір соқырды көреді. Көңілі оған ауады, зекетке арнаған бір ыдыс алтынды шығарып, оған береді. Ыдысты қолымен ұстап көрген ол, қуанып кетеді.

Ертесінде тура сол жерден өтіп бара жатқан әлгі шәкірт бір күн бұрын өзі зекет берген соқырдың басқа бір соқырмен сөйлесіп тұрғанын көреді. Олардың мына сөздерін естиді:

«Кеше маған бір бай мырза толық бір ыдыс алтын берді. Мен де шарапханаға барып, жақсылап көңіл көтердім»

Бұл жағдай шәкірттің жанына қатты батады. Тікелей Әбу Аббастың құзырына барады. Оқиғаны енді баяндамақ болғанда Әбу Аббас оның сөйлеуіне мүмкіндік бермей, оған сатқан баскиімінің ақшасын алдынан шыққан алғашқы адамға беруін ескертеді.

Шәкірт ештеңе дей алмай, берілген тапсырманы орындау үшін ол жерден шығып кетеді. Өзіне ескертілгендей алдынан шыққан алғашқы адамға ақшаны береді. Бірақ ішін кеміpген қызығушылықпен ол адамды аңдиды. Адам біраз жүріп, бір құлап жатқан үйге кіреді. Кейін киімінің астынан өлі бір кекілікті шығарып, жерге тастайды. Тура сол жерден шыға бергенде шәкірт алдынан шығып:

«Ей, жігіт! Аллаһ үшін шындығыңды айт, бұл не күйің! Мына тастаған өлі кекілік не?» деп сұрайды.

Адам өзіне ақша берген адамды көріп, қобалжығанынан кекештеніп мынаны айтады:

«Жеті күн бойы бір нәрсе тауып бала-шағама жегізе алмадым. Әйелім екеуіміз шыдадық. Бірақ балаларым аштыққа шыдамады. Оған қарамай тіленіп, адамдардан бір нәрсе сұрау әсте жасай алмайтын ісім еді. Бұл күйзеліс күйде болғанымда сен көрген шіріп кетуге аз ғана қалған мына өлі кекілікті тауып алдым. Зәру болғандықтан оны балаларыма апарар едім. Ішімнен Аллаһқа жалбарынып, «О, Раббым! Жағдайым мүшкіл, жәрдем ет!» — деп дұға етіп жүрдім де, сен алдымнан шығып, ақша бердің. Мен де Раббыма шүкірлік етіп, жеуге жарамайтын құсты осы қоқысқа тастадым. Енді базарға барамын да берген ақшаңмен жейтін бір нәрселер аламын...»

Бұған таң қалған шәкірт дереу Әбу Аббастың жанына барады. Ол ештеңе демей былай дейді:

«Ұлым! Демек, сен табысыңа күмәнді, арам нәрсенің араласып-араласпағанына мән бермегенсің. Сондықтан берген мұқтажға мән берсең де ол зекетің шарапқа кетті. Өйткені табыс, табылған нәрселер қайдан және қалай келсе, солай кетеді. Айтқанымдай, сенің бір ыдыс алтыныңа қарағанда менің бір ғана ақшам салих адамның қолына түсуі де оның адал болуынан».

Демек, садақаны лайықты адамдарға бере білу ол затты қай жолмен тапқанымызға да байланысты екен. Ақша да солай табыс жолына қарай оған тарту немесе босқа кету заңы жүретін сияқты. Ақша жылан сияқты келген тесігінен кетеді. Халал табыс жақсылық пен ізгіліктерге себеп болса, харам табыс жамандық жолдарына жетелейді. Сондықтан мүліктің адалдығы жұмсалған жерінен-ақ белгілі болады.

Инфәқтың рухани жағдайы өзін белгілі түрде көрсетеді. Кей адамдардың қайырымдылығымен жасалған жақсылықтардың көңілге айрықша бір бақыт әкелуі ақшаның адалдығы мен көңілінің шынайылығын көрсетеді.

Бір жағынан дінімізде әрбір мүмкіндікте садақа беру айтылған. Егер мұны ықыласпен орындайтын болсақ, Аллаһ ерекше береке береді. Сондай берілген садақа кей кезде оған лайықты емеске кеткендей көрінсе де, Аллаһтың сыйымен алған адамның бейқамдықтан оянып, көңілінде жақсылыққа қарай болымды бейімнің бүршік жаруына себепші болады.

Бұл шындыққа ишарат еткен **Аллаһ Елшісі** ﷺ бір хадисінде ертеде бір адам садақа беруге ниеттеніп, түнгі қараңғыда білмей бір ұрының, екінші түні бір зинакештің, үшінші түні бір байдың қолына ұстатып жібереді. Мұны естіген халық таң қалып, ол адамды айыптайды. Бірақ ол адамның инфәқ еткендегі ықыласының берекетімен түсінде мына сөздерді естігені баяндалады:

«Ұрыға берген садақа, бәлкім, оны жасаған ұрлығынан ұялып, бас тартқызар. Зинакеш, бәлкім, жасағанына өкініп, намысты әйел болар. Бай да, бәлкім, бұдан ғибрат алып, Аллаһтың өзіне берген мүлкінен мұқтаждарға таратар» (Бұхари, Зекет, 14; Мүслим, Зекет, 78).

Бұл даналық пен ақиқаттың бір мысалын Пайғамбар мұрагері – Хақ достарының бірі **Махмуд Сами Рамазанұлы**ның мына бір естелігінен көреміз:

Түркия қалаларын аралап, халыққа насихат айтып жүрген кезінде Үргүп қаласында бір адам көліктерін айналып, пірден темекі ақшасын сұрайды.

Жол серіктерінің қарсылығына қарамай, Сами мырза «Сұрап жатса, беру керек» – деп, еш ойланбай айналасындағыларды таңырқатып, әлгі адамға сұраған ақшасын береді.

Ақшаны қуана алған кедей қас қағым сәтте ниетін өзгертіп: «Енді барып бұл ақшаға нан аламын» – деп, ол жерден кетеді.

Міне, Аллаһ үшін ықыласпен берілген садақаның алған адамға берген болымды әсері...

Шәйх Сағди мынадай ескерту жасайды:

«Сый мен сияпатты ыдысқа салып қойып, аузын байлама! Сыйыңды ешкімнен аяма! Бұл көзбояушы, анау айлакер деме! Солай-ақ болсын, саған не!?»

НИЕТІҢ ШЫНАЙЫ БОЛСА, АЛЛАҺ БЕРЕКЕ БЕРЕДІ

Аллаһ ниеті шынайы болғанның азын көп етеді. Кішкене бір жақсылығы үшін құлын үлкен сыйларға қол жеткіздіреді. Бұл үшін ықыласпен берілген бір теңге көңілсіз берілген мыңдаған теңгеден құнды. Яғни, инфәқ етілген мөлшердің көптігі немесе аздығы емес, ие болған мүмкіндікке салыстырмалы деңгейде болса, қаншалықты көңілден және ықыласты ниетпен берілгені маңызды.

Өйткені хадисте айтылғандай:

«Мүминнің ниеті (мақсат пен ықыласы) амалынан абзал» (Сүюти, Жәмиүс-Сағир, 2, 194).

Осы тұрғыдан ниет шынайы болса, кішкентай жақсылық үлкейеді. Ықыласпен жасалған инфәқтар күнәларға кешірім болады.

Аллаһ Елшісінің ﷺ айтуы бойынша шөлден ашыққан итке су берген күнәһар бір әйел тек осы мейірімі үшін күнәлары кешіріліп, жәннатқа қол жеткізеді. Ал бір

мысыққа мейірімсіздік көрсетіп, оның аш екеніне мән бермей құлшылық жасап жүрген бір әйел тозаққа душар болған (Мүслим, Сәлем, 151-153).

Сондықтан кәміл мүмин бола білу үшін Аллаһ ризалығы жолында ықыласты ниетпен тырысып, үлкен-кіші деп бөлмей жақсылыққа құштар болу қажет. Тіпті, мүминнің жасайтын инфәғы тек адамдарды емес, жануарлар мен өсімдіктерді де қамтитындай кеңейіп, Жаратушының мейірім назарымен мақлұқатқа қарау үлгісін ұстануы керек.

Инфәқта ықыласқа берілген берекеттің ең маңызды көріністерінің бірі — қайырымдылық мекемелеріне нәсіп етілген қызмет өмірі. Адал мал-мүлікпен, ықыласпен құрылған қайырымдылық мекемелері негізіндегі рухани өзектің мықтылығы бойынша ұзақ жылдар бойы қызмет көрсетеді.

Бұл мәселеде ғасырлар бойы Ыстанбұл аспанына руханият қосқан Сүлеймания күллиясы[30] сансыз мысалдардың бірі. Осы күллияны салдырған **Кануни Сұлтан Сүлеймен** құл ақысынан қатты қорқатын әділ халифа болуға тырысатын. **Шәйхұл-Ислам Әбус-Сұғуд**тың негізге алғаш тасты қоюымен басталған құрылыс аяқталғанда Кануни сәулетшіден құрылысшыларға дейін барлығын жинады. Аллаһқа шүкір еткеннен кейін сөзін бастады:

30. Ішінде мешіт, медресе, аурухана, асхана мен кітапханасы бар ғимарат.

«Ей, дін бауырларым! Бұл ардақты мешіт Аллаһтың рұқсатымен салынды. Қателікпен немесе ұмытып, жалақысын ала алмаған бар болса, келіп ақысын алсын. Ол адамның бұл жерде болмауы да мүмкін. Осында болғандарға өтінішім бар, оларға хабар беріңдер! Олар да келіп бізден ақыларын алсын!...»

Күллияның құрылысында қолданылған жануарларға да тәртіп қойылып ат пен есек, қашарлардың демалуы мен жайылу уақыттарына аса үлкен мән берілген. Еш бір жан иесінің ақысының тапталмауына үлкен маңыз берілген. Бұл құлшылық орнының құрылысында құл мен жануарлар ақысына осыншама мұқияттылық танытылуы, бәлкім, Сүлеймания мешітінің сырлы және ақылға сыймас руханиятының негізгі себептерінің бірін құрайды.

Бұл үлкен күллияның құрылысы сәулет өнерінің шыңындағы тұлға Сәулетші Синан арқылы іске асырылды. Ол сопы көңілді сәулетші тастардың орындарына дәретсіз қойылмауына да мән берген. Халық аузында кең тараған мына бір сөздер ақиқаттың өзі:

«Сүлейманияның иесі Сұлтан Сүлеймен, құрушысы Синан, қамыры Иман...»

Мешіттің ашылу рәсімінде Кануни үлкен кішіпейілділік танытып:

«Бұл ұлы мешітті Синан ашсын! Өйткені, ең көп күш жұмсаған сол!» — дейді.

Мимар Синан патшаға:

«Сұлтаным! **Хаттат** (сәндеп нақыш етуші) **Карахисари** бұл мешітті жазумен безендіріп жүргенде, жанарынан айрылып соқыр болып қалды. Бұл абыройды оған берейік!...» — дейді.

Ұлы мешітті осындай ізгіліктерге толы еңбектерден кейін Хаттат Карахисари ашты.

Сүлеймания мешітінде сәулет өнеріне құлшылықтың руханияты сіңген. Іші жарық та әдемі, әсем, мүминді көңіл серпінімен терең бір әлемге алып кетеді. Тасы мен топырағы да рухаинятқа ие болған бұл мешіт Исламның ең ұлы әдіспен материяда көрініс табуы. Ол бейне бір үнсіз және үнсіздігі көптеген нәрсе ұқтыратын адам.

Мешіттің рухани ауасының адамның жан дүниесіне беретін әсері өте ашық. Бұл мешітті зиярат етіп келген түрлі діндерге тәуелді көптеген туристер де көрген рухани ауаның тартымдылығымен бақыт пен тыныштық ішінде рухтарын демалдырады.

Қандай шынайы инфәқтың берекеті бұл еңбек! Шамамен бес ғасырдан бері қаншама жер сілкінісіне шыдап тік тұрып, мұсылман елінің жерін Ислам сәулетінің асқақтығымен илеуде, көк күмбезімізді азан үндерімен толтыруда. Күмәнсіз, бұл бақыт — Аллаһтың ықыласқа сыйлаған берекеті...

ОҢ ҚОЛЫҢНЫҢ БЕРГЕНІН СОЛ ҚОЛЫҢ БІЛМЕСІН

Ықыластан мақрұм көңілдердің рия мен көзбояушылық сияқты көріністермен бұлыңғырт жақсылықтары болса, ешқандай құндылық білдірмейді. Бұл мәселеде ең үлкен қауіп — инфәқ етушінің өз нәпсісіне үлес беруі немесе жасаған жақсылығын фәни дүние мүдделерімен көлеңкелуі. Ықыласты жоқ етіп, сауабын зая ететін бұл жүрекке тиісті аурулардан құтылудың ең әсерлі жолы — **«өзгелерге білдірмей істеу»**.

Аят кәримәда айтылады:

«Садақаларды әшкере берсеңдер, қандай жақсы. Егер оны құпия түрде әрі кедейлерге берсеңдер, бұл сендер үшін, тіпті, жақсы. (Аллаһ осы істерің себебімен) **сендердің кейбір күнәларыңды кешіреді. Сендер не істесеңдер, Аллаһ** (олардың барлығынан) **хабардар»** (Бақара, 271).

Яғни, Аллаһ жасырын инфәқ еткен адамның айып пен кемшіліктерін жабады. Мұндай инфәқ күнәларға кешірім болатыны сияқты кібірлік қасіретінен, де қорғап сауаптың зая болуының алдын алады.

Хадисте айтылады:

«Құлдың жасырын жасаған амалына Аллаһ жасырын сауабын жазады. Егер бұл амалды ашық жасаса, сауабын да ашық амалдар бөліміне жазады. Егер жасағанын айтса, онда амалы рия дәптеріне өтеді» (Ихия, 1, 595).

Аят пен хадистердің баяндағы бойынша инфәғын жасыра алған адамдар күнәлары кешірілген және қияметтің үрейлі сәтінде Арштың көлеңкесі астында болатын бақытты адамдар (Қараңыз: Бақара, 271, Бұхари, Азан, 36).

Бірақ кейде инфәқтың ашық жасалып, адамдарға естіртілуінің пайдасы зор. Осылай халық инфәққа шақырылған болады. Тәфсир ғалымдары:

«Садақаларды әшкере берсеңдер, қандай жақсы. Егер оны құпия түрде әрі кедейлерге берсеңдер, бұл сендер үшін, тіпті, жақсы...» (Бақара, 271) — аятын өзгелерді ынталандыру үшін зекеттің ашық, ал садақа мен басқа жақсылықтардың жасырын жасалуы керектігін айтқан.

Сөздің қысқасы, жақсылықтың жасырын не ашық жасалуы жағдай мен әне шарттарына қарай өзгереді. Жүректегі ниет тұнықтығын сақтағанда ашық инфәқ етуде кемшілік жоқ. Тіпті, қажетті жағдайда адамдарды жақсылыққа ынталандыру үшін бұл жол таңдалады. Осы екі түрлі инфәқтың ізгілігі мен сыры — жүректің рия мен көзбояушылықтан сақтануы, тақуалық пен ықыластың қорғалуы.

Садақаның ашық берілуі оны алған кей адамдарда ұят сезімдерінің азаюына, ұят сезімінің азаюы уақыт өте садақа күтуінің үйреншікті күйге келуіне, бұл жұмыс істеу ынтасы мен ұмтылысының жоғалуына себепші болады. Әсіресе ашық жасалған инфәқ берген адамды мақтаншақ пен тәкаппарлыққа жетелеп өзін ұнату ықтималы

болғанындай, алған адамның ренжу ықтималы да көп. Бұндай жағдайларда жасырын инфәқ ету дұрыс болады.

Хазіреті Омар ﷺ түні бойы арқасына ұнды көтеріп, кедей көшелерін аралап, ешкімге көрінбей, тіпті, көбіне кім екенін жасырып, мұқтаждарды қуантатын.

Хазіреті Әлидің немересі **Имам Зейнелабидин** де әр түні Мәдина кедейлерінің есігі алдына арқасында тасыған азық қаптарын тастап кетіп, ешкімге көрінбей кері оралатын. Бір күні таң атқанда кедейлер есіктерінің алдына азық қойылмағанын көрген. Таң қалып, себебін сұрастырғанда, Зейнелабидиннің қайтыс болғаны туралы хабар барша Мәдинаға жайылады. Бәрі терең қайғыға шомады.

Зейнелабидиннің денесі жуылып жатқанда арқасынан іші су жинаған үлкен жаралар көрінеді. Жақындарынан мұның себебін сұрағанда, ол мүбәрак адамның сыры да аян болады. Өйткені, арқасындағы жаралар кедейлерге тасыған азық қаптарынан пайда болған болатын (Ибн Кәсир, Бидая, 9, 112, 122; Әбу Нұаайм, Хилия, 3, 136).

Міне, мейірімге толы мүмин көңілдердегі ықылас көрінісі және жақсылық сауабына адами ілтипатпен дақ түсірмеу үшін көрсетілген аса үлкен сезімталдық.

Бабаларымыз бұл сезімталдықтың ең көркем үлгілерін паш еткен. **Фатих Сұлтан Мұхаммед Хан**ның уақф/қор жарғасындағы мына сөздері бұл мәселедегі өте назар аудартатын жайт:

«Мен Ыстанбұл фәтихы, Аллаһтың әлсіз құлы, Фәтих Сұлтан Мұхаммед. Маңдай теріммен ие болған 136 дүкенімді төмендегі шарттар аясында уақф/қорға атадым.

Күллиямдағы ғимарат пен құрған асханаларда шәһидтердің әйелдері, жетімдері мен Ыстанбұл кедейлері үшін тағам әзірленсін! Тек тамақ жеуге немесе алуға келе алмаған үзірлі адамдардың тағамдары ауа қарайғаннан кейін үйлеріне аузы жабық ыдыстармен көздерден таса жеткізілсін!...»

Қор жарғысында көрілгендей Фәтих Сұлтан Мұхаммед хан қоғамның қорғауға мұқтаж тұлғалары үшін ең нәзік әдеп пен сыпайылық өлшемдерімен қағидалар қойған.

Бабаларымыз зекеттерін қорапта мешіттердегі зекет сандықтарына тастап кететін. Сөйтіп алушы бергенді, беруші алғанды көрмейтіндей инфәқтың ең керемет үлгісі паш етілген. Осылай алғанның көңілі ренжітілмейді, берген адамда да менмендік мен тәкаппарлық сезімі болмайтын.

Аллаһ баршамызды ықыласын қорғаған, амалдарын шынайы ниетпен орындай білген салих құлдарынан етсін! Сахаба, әулие және салих бабаларымыздың көркем күйлерінен жүректерімізге үлестер берсін!

Әмин...



Исар

Ғашық пен сүйіспеншіліктің өлшемі – пидашылдық. Адамдар ең үлкен өтемді сүйіспеншіліктері үшін төлейді.

Иләһи ғашықтық шынайы пидашылдықты талап етеді. Иләһи ғашықтыққа фәни сүйіспеншіліктерден бас тартумен қауышылады. Ғашық пен сүйіспеншілік кемелге жеткенде сүйгені үшін көрсеткен жанкештілік өз шыңына жетеді. Сонда жапаның өзі сапаға айналып, бақыт болады.

Мұминнің ізеті мен қасиеті өзінен бұрын дін бауы-рының тыныштығы мен бақытын ойлай білуі. Яғни, менмендіктен қамқорлыққа өтіп, **«алдымен мен»** *орнына* **«алдымен сен»** *және* **«алдымен ол»** *деп айта білуі.*

ИСАР

Исар — пайғамбарлар мен Аллаһтың әулие құлдарына тән пидашылдық пен жомарттық шыңы болған ерекшелік. Жанынан пидакештік жасап, ақысынан бас тартып, өзі мұқтаж бола тұра ақысы мен мүмкіндігін басқа бір мүминге аудара білу. Әр жағдайда өзінен бұрын дін бауырының тыныштығы мен бақытын ойлай білу. Яғни «мен» — деуден басқалардың қамын жеуге өтіп, **«алдымен мен»** орнына **«алдымен ол»** деп айта білу.

«Инфақ деген не?» — сұрағына **Хаким Термези**:

«Инфақ — басқасының қуанышымен қуану» — деп жауап берген[31].

Хақ достарын бұл көркем мінезге жетелеген ең қуатты әсер — олардың жаратылыстарының мейірім

31. Садық Дана, Алтынолук сұхпаттары, 3, 48.

қамырымен ашытылғаны. Олардың **«Мүминдер тек бауыр ғана...»** (Хұжурат, 10) деген иләһи баянын, әсіресе, қиын уақыттарда құлшылық шабытымен орындаулары.

Исар — жомарттықтың шыңы. Өйткені жомарттық — мүліктің көбін өзіне керек емесін беру. Исар — адамның мұқтаж және өзіне керек нәрсесін бере алуы. Исар — нәпсінің бас көтеруін өшіріп, қалауларына бөгет қойып алынған рухани жеңіс.

Раббымыз құлдарының бойынан көруді қалаған бұл мінез туралы аятта былай дейді:

وَيُطْعِمُونَ الطَّعَامَ عَلَى حُبِّهِ مِسْكِيناً وَيَتِيماً وَأَسِيراً ﴿٨﴾
إِنَّمَا نُطْعِمُكُمْ لِوَجْهِ اللَّهِ لَا نُرِيدُ مِنكُمْ جَزَاء وَلَا شُكُوراً ﴿٩﴾
إِنَّا نَخَافُ مِن رَّبِّنَا يَوْماً عَبُوساً قَمْطَرِيراً ﴿١٠﴾
فَوَقَاهُمُ اللَّهُ شَرَّ ذَلِكَ الْيَوْمِ وَلَقَّاهُمْ نَضْرَةً وَسُرُوراً ﴿١١﴾

«Олар өздері де мұқтаж бола тұра жоқ-жітіктерді, жетімдерді, тұтқындарды тамақтандырады. Олар "біз сендерді шындығында Аллаһтың разылығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден (бұған) **бір си-сияпат, алғыс талап етпейміз. Бұл сұсты аса ауыр күннен, оны келтірген Раббымыздан қорқамыз" дейді. Аллаһ оларды сол ауыр күннің апатынан сақтайды. Оларға жақындық, шаттық бағыштайды»** (Інсан 8-11).

Адам бақытты болғанда инфақ етуі оңай. Өйткені осындай инфақ мүліктің артығынан берілгені үшін адамның нәпсісін аса көп мазаламайды. Ал қиыны таршылықта жомарт бола білу.

Хазіреті Әли ﷺ тамаша айтқан:

«Дүние өзіңде бар болғанда бере біл! Өйткені, берумен ол бітпейді. Дүние сенен бет бұрса да бер! Өйткені, ол үнемі тұрмайды!»

Исарда, яғни адамның өзінің де мұқтаж болған нәрсесін инфақ етуінде нәпсісінің қарсы шығу дауылдарына сабыр етіп, ризалық пен мойынсұну, пидакештік жасай білу деген мәселе бар. Бұл әр жігіттің ісі емес, ер жігіттің ісі. Бұл мінезді паш ете білу рухани салмақтылық, жүрек тазалығы және рух сафтығын қа-жет етеді.

Әр жақсылықтың сауабы оның қиындығы деңгейінде. Бұл жағынан исардың сауабы да басқа инфақтардан үлкенірек. Сондықтан Хақ достары бұл мінездің рухани табысын теңдесіз олжа деп бағалаған. Оның ахіреттегі бақыт пен салтанатына жете білу үшін бұл фәни әлемде **«кедейліктен қорықпай»** инфақ ету арқылы көңіл байлығына жеткен.

Хақ досы **Хазіреті Мәуләнә** қандай тамаша айтқан:

«Шынардың жапырағы төгілсе, Аллаһ оған жапырақсыз да өмір сүру күшін береді. Жомарттықтан қолыңда басқа мүлік қалмаса, Аллаһтың жәрдемі сені аяқ астында ездіреді ме?»

Олай болса, исар — қауіпке бас тігіп бере алу, мақ-рұм болуы, аш қалуы мүмкін бола тұра қолындағыны дін бауырына тарту ете білу деген ұлылықты көрсете білу. Нәпсіге қаншалықты ауыр келсе де жүзін тыржитпай, көңіл рахатымен инфәқ ете алу.

ӘР НЫҒЫМЕТТЕН ИСАР

Исар тек ақша мен мүлікке тән пидакештік емес. Аллаһ бізге не берсе, өз рахатымыз бен пайдамызды кері тастап, нәпсіміздің сараңдығына ауыздық салып, шарт пен мүм-кіндіктерімізді қинап, оны Аллаһ жолында инфәқ ете алу. Яғни, исар барлық материалдық және рухани нығметтерден, қабілет пен кәсіп, ғылымнан, парасаттан **«пидакештікпен»** инфәқ жасай білу. Бұл да исардың жүректе бір ерекшелік күйіне келіуімен мүмкін.

Мәселен, Құран ұстазы «менің не мүмкіндігім бар дейсің, инфәқ етейін» демеуі керек. Керісінше, Аллаһтың өзіне берген Құранға қызмет мүмкіндігін олжа деп біліп, жеке тынығу уақыттарынан да пидакештік жасап, қызметін жалғастыруы керек. Бұл жағдайда ол да исар иесі болған болады.

Әлемдер мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ Тайфта Исламды насихаттаған кезде тас боран етілді. Бірақ онда бір құлдың мұсылман болуы Оны жұбатты. Бұл ауыр, машақатты сапардан кейін тынықпай, жәһилия

қажылығына келген мүшрік руларға барды. Оларға қауымының мүминдерге қорлық жасап жатқанын айтты. *«Мені қауымдарыңа алып барыңдар, сендерге насихат айтайын»* — дейді. Дінді тарату үшін үсті-үстіне төнген қауіптер мен азаптарға төзді. Өз рахаты мен демалысын ұмытты. Өйткені аятта айтылады:

فَإِذَا فَرَغْتَ فَانصَبْ ﴿٧﴾
وَإِلَى رَبِّكَ فَارْغَبْ ﴿٨﴾

«Олай болса, бір істі бітіргенде дереу басқа іске кіріс және жалғыз Раббыңа жөнел!» (Инширах, 7-8).

Аллаһ жолында жасалатын сансыз күш-жігер үшін рахатымызды тастау өтемімен пидакештік жасай алсақ, Құдай қаласа, біз де исар иесі боламыз.

АЛЛАҺ ЕЛШІСІ ﷺ мен САХАБАЛАРЫНЫҢ ИСАРЫ

Әрбір мәселедегідей исардағы ең көркем үлгіміз — Хазіреті Пайғамбар Мырзамыз ﷺ және Оның пайғамбарлық тәрбиесінен тәлім алған ардақты сахабалар.

Аллаһ Елшісі ﷺ өзінен бір нәрсе сұрағанда ешкімді бос жібермеген. Сол кезде беретін еш нәрсесі болмаса да міндетті түрде бір мүмкіндік тауып, инфақтан құр қалмайтын. Бір күні бір мұқтаж адам келіп, бір нәрсе сұрады. Аллаһ Елшісі ﷺ:

«*Жанымда саған бере алатын ешқандай затым жоқ, бар да менің атымнан сатып ал, дүние-мүлік келгенде өтеймін*» — дейді.

Мұны естіген Хазіреті Омар ﷺ:

«О, Аллаһ Елшісі! Жаныңда бар болса берерсің, жоқ болса, Аллаһ сені күшің жетпейтін нәрсемен міндеттемеген» — дейді.

Хазіреті Пайғамбарға ﷺ Хазіреті Омардың бұл сөзі ұнамайды. Әнсардың бірі:

«Әке-шешем саған пида болсын, ей, Аллаһ Елшісі! Бер! Арштың Иесі (Аллаһ) азайтады деп қорықпа!» — дейді.

Бұл сахабаның сөздері Пайғамбарымызға ұнайды. Күлімсіреп:

«*Мен де осылай әмір етілдім*» — деді (Хәйсәми, 10, 242).

Яғни, Пайғамбарымыз ﷺ қарыз алып инфәқ ете алатындай жомарт болатын. Оның басқаларды ойлаудағы бұл ақыл жетпес нәзіктік пен сыпайылығы біздер үмметі үшін нендей көркем іс-әрекет үлгісі!

Аллаһ Елшісіне ﷺ сүт алып келгенде оны алдымен кедей сахабалар Асхабүс-Суффаға ұсынатын. Сахабалары аш болғанда өзін тойдыруды ойламайтын. Өйткені Оның назарында инфәқ пен пидакештік ләззаты сезіле алатын барлық ләззаттардан жоғары еді.

Ақын Пайғамбарымыздың ﷺ бұл исар күйін тамаша бейнелейді:

«Біреу Сені жомарттықта бұлттарға ұқсатса, мадағында қателескен болады. Өйткені бұлттар бергенде жылайды, ал Сен бергенде күлімдейсің».

Хазіреті Пайғамбар Мырзамыз ﷺ мен Әбу Бәкір رضي الله عنه қайтыс болғанда Хазіреті Айша رضي الله عنها анамыздың бөлмесіне жерленген еді. Хазіреті Айша анамыз бөлмесінде қалған бір адамдық жерге өзінің жерленуін қалаған еді. Бірақ Хазіреті Омар رضي الله عنه қанжарланып ауыр жараланғанда, сол жердің өзіне берілуі үшін ұлын Хазіреті Айша رضي الله عنها анамызға өтінішін жеткізу үшін жібереді. Хазіреті Айша رضي الله عنها анамыз өз орнынан бас тартып, ол жерді Хазіреті Омарға رضي الله عنه сыйлайды.

Хазіреті Айша رضي الله عنها анамыздың аузы берік болған бір күні кедейдің бірі келіп, жейтін бір нәрсе сұрайды. Хазіреті Айша анамыз үйінде кешке ауыз ашатын бір тілім наннан басқа еш нәрсе жоқ болатын. Қызметшісіне нанды беруін бұйырады, қызметшісі қарсылық танытса да Хазіреті Айша анамыз табандылық танытып, нанды бергізеді. Кеш болғанда біреу Хазіреті Айша анамыздың үйіне бір жілік піскен қой етін жібереді. Хазіреті Айша анамыз қызметшісін шақырып:

«Ал, же, бұл сенің (беруге қимаған) наныңнан дәмдірек!» — дейді (Муатта, Садақа, 5).

Өйткені олар Аллаһтың құлынан жомарт және

ықыласпен инфәқ еткен құлын қиын жағдайда қалдырмайтынын жақсы білетін. Аятта айтылады:

«Жақсылыққа не жұмсасаңдар, Аллаһ оның орнына басқасын береді...» (Сәбә, 39).

Міне, бұл рухани сауданың жоғары табысын білген мүминдерде инфәқ ету үлкен ләззат күйіне келген.

Хазіреті Мәуләнә тамаша айтқан:

«Мата сатушы адам қолындағы матаның көбірек ақша түсіретінін көрсе, ол матаға деген сүйіспеншілігі өше бастайды. Оны дереу сатқысы келеді. Бірақ матасының көбірек ақша түсіретінін көрмесе, оған байланып, қолынан шығарғысы келмейді».

«Мүлік садақа берумен еш азаймайды. Керісінше, жақсылықтар жасау мүлікті зая болудан қорғайды!»

Сахабалардан **Жәбир** ﷺ әнсарлықтардың мүһәжір бауырларына деген исарларын былай баяндайды:

«Әнсарлар құрмаларын жинап, оны екіге бөледі. Бір жағына көп, екінші жағына аз құрма қоятын. Кейін аз болған тараптың астына құрма бұтақтарын қойып, сол жақты көп етіп көрсетіп мүһәжірлерге: «Қайсысын таңдайсыңдар, алыңдар!» — дейді. Олар да көп көрінген үлкен жиын әнсар бауырларымызға қалсын деп ойлап, аз көрінген жиынды алатын. Осылай құрманың көбі тағы да мүһәжірлерге тие-

тін. Әнсарлар да осылай аз бөліктің өздеріне қалуын қамтамасыз еткен болатын...» (Хәйсәми, 10, 40).

Исардың рухани ләззатын тата білу үшін паш етілген қандай нәзік амал!... Материалдық және фәни пайдаларды кері қойып қоятындай ұлы пидакештік пен бауырластық күйі...

Сахабалардың бірі **Әбу Ұбәйдә бин Жәррах** әскер басы болғанда шөлде өзіне суық су мен жаңа пісірілген нан алып келгенде: «Әскерімде бұлар бар ма?» — деп сұраған және мұның өзі үшін ерекше алдыртылғанын естігенде, ол тағамға қол тигізбеген. «Әскерім не жеп жатса, маған да соны алып келіңдер» — деген. Өйткені ол асқақ сахаба да **«алдымен өзім»** емес, **«алдымен дін бауырым»** дейтіндерден еді.

Бір кедей **Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамызға** келіп аш екенін айтты. Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ әйелдеріне хабар жолдап, жейтін нәрселер сұратты. Бірақ барлық әйелдерінен бірдей жауап келді:

«Аллаһқа ант етейін, үйде судан басқа еш нәрсе жоқ!»

Бұдан кейін Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына қарап, бұл адамды кімнің қонақ ете алатынын сұрайды. Әнсарлықтардың біреуі тұрып:

«Мен қонақ етемін!» — деді де, ол кедейді үйіне алып кетті. Алайда, үйінде тек балаларына ғана жететіндей аз тағам бар болатын. Әйеліне:

«Балалардың көңілін аулай тұр. Қонағымыз келгенде шамды сөндір. Дастархан басында біз де жеп отырғандай болайық» — деді.

Барлығы бірге дастарханға отырады. Қонақ қарнын жақсылап тойдырып алады. Таңертең үй иесі Аллаһ Елшісінің жанына барады. Оны көрген Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Бұл кеште қонақтарыңа тарту жасағандарың үшін Аллаһ сендерге өте разы болды» дейді (Бұхари, Мәнақибул-Әнсар, 10, Тәфсир, 59/ 6).

ХАҚ ДОСТАРЫНЫҢ ИСАРЫ

Аллаһ Елшісінің мінезін бойларына дарытқан Хақ достары да тура сахабалар сияқты қанша рет исар үлгілерін көрсеткен! Сондай Хақ достарының бірін **Антакиялы Әбул-Хасан** былай айтып берген:

«Бірде отыздан аса адам Рей қаласы маңындағы бір ауылда жиналды. Нандары олардың бәріне жетпейтіндей санаулы ғана болатын. Нанды бөліп, шырақты бәсеңдетіп, тамаққа отырды.

Біраз уақыттан кейін дастарханды жинау үшін шам жанғанда нан сол күйі тұрғанын көрді. Өйткені дастархан басындағы әр адам бауырын өзінен артық көріп, ешкім наннан жемеген еді» (Ихия, 3, 572).

Міне, басқаның қамын ойлаған мүминдердің көңіл кеңдігі! **«Алдымен мен»** орнына **«алдымен ол»** дей білу үлгісі!

Бұл көркем мінездің ғибрат толы мысалдарының бірі **Хазіреті Дәуіт Таи**ға қатысты:

Қызметін орындап жүрген шәкірті бір күні оған:

«Азғана ет пісіріп едім, өтінем, алыңыз?» — деді. Ұстазы үндемеді. Ол етті алып келді. Бірақ Дәуіт Таи алдына қойылған етке қарап:

«Пәленше жетімдердің жағдайлары қалай, ұлым?» — деп сұрады.

Шәкірті жағдайларының аса жақсы емес екендігін айтпақшы боп:

«Өзіңіз білетіндей, тақсыр!» — деді.

Ол үлкен Хақ досы:

«Олай болса, бұл етті соларға алып бар!» — деді.

Әзірлеген тартуды ұстазының жегенін қалаған шәкірт:

«Мырзам, сіз де ұзақ уақыттан бері ет жемедіңіз...» — деп табандылық таныта бастады. Бірақ Дәуіт Таи қабыл алмай:

«Ұлым! Бұл етті мен жесем, аз уақыттан кейін сыртқа

шығып кетеді. Ал жетімдер жесе, мәңгі қалу үшін ұлық Аршқа шығады!» — деді.

Хақ досы **Үбәйдұллаһ Ахрар Хазірет** былай дейді:

«Бір күні базарға бардым. Бір адам жаныма келіп, аш екенін айтты. Бірақ кедей едім. Ол кезде ешбір мүмкіндігім жоқ еді. Тек ескі, тозығы жеткен сәлдем бар еді. Ол аш адамды ертіп, бір асханаға бардым.

Аспазға:

«Мына сәлдемді ал. Ескірген, бірақ таза. Ыдыстарыңды құрғатарсың. Тек бұған өтем ретінде мына аш адамды тойғызасың ба?» — дедім

Аспаз кедейге тамақ берді, сәлдемді маған кері қайтарып берді. Бірақ сөз бергендіктен кері алмадым. Өзім де аш күйде кедей тойғанша күтіп отырдым» (Хадаиқұл-Уәрдия, 651).

Үбәйдұллаһ Ахрар кейін үлкен байлыққа ие болды. Егістігінде мыңдаған адам жұмыс істейтін. Хазірет сол кездегі жағдайын былай түсіндіреді:

«Самарқандта Мәуләнә Құтбұддин медресесіндегі төрт науқастың қызметін өз мойныма алдым. Аурулары ұлғайып, жатын орындарын тез кірлететін. Мен оларды қолыммен жуып, киімдерін кигізетінмін. Үнемі қызмет еткенім үшін аурулары маған да жұғып кетті де, мен де жатаққа түстім. Бірақ сонда да су алып келіп, аурулардың астын тазалап, киімдерін жуа бердім» (Хадаиқұл-Уәрдия, 653).

Ұбәйдұллаһ Ахрардың жағдайы қандай ғибратты! Хазірет қаласа ие болған байлығымен өзі абыржымай-ақ бұл қызметін басқаларға да жасата алар еді. Бірақ исар ізгілігінен мақрұм қалмау үшін жеке рахаттығынан пидакештік танытып, бас тартты.

Аббас ибн Дәһкан айтады:

«Білген адамдарым арасында дүниеге келгені сияқты қайтыс болған жалғыз адам Бишр ибн Харис. Ол дүниеге жалаңаш келді, жалаңаш кетті. Өлім төсегінде жатқанда біреу келіп одан бір нәрсе сұрады. Ол кезде оның үстіндегі көйлегінен басқа еш нәрсе жоқ болатын. Оны да шешіп, кедейге берді. Басқа біреуге қарыз берді. Сол күйі, көйлегі де болмай қайтыс болды. Көйлексіз келді, көйлексіз кетті».

Аллаһ жолындағы қызметтерде маңызды болғаны қызметті ешкім жасамағанда оны орындап, ешкімі жоққа ешкім ие болмағанда оған ие бола білу. «*Хақ достары ешкім кірмеген дүкендерде сауда-саттық жасайды*» деген қанатты сөздің сырына қанық болу деген де осы. Ешкім беруге қимаған нәрселерге пидакештік жасай білу. Бұл пидакештік жаннан болсада...

ИСАРДЫҢ ШЫҢЫ – ЖАННАН ИСАР

Исар – діни күш жігердің биік шыңы. Аллаһ пен Расулының махаббатын барлық фәни қалаулардан

жоғары ұстай білу. Бұл үшін **Хазіреті Пайғамбар** ﷺ **Хазіреті Омар** арқылы барлық үмметіне:

«*Мені жаныңнан да көбірек сүймейінше кәміл мұмин бола алмайсың*» — деген (Бұхари, Әймән, 3).

Хазіреті Омар رضي الله عنه да Аллаһ пен Елшісіне деген махаббатынның өтемін жанымен өтеп, шәһид болып, Раббысына қауышты.

Иләһи ғашықтық шынайы пидакештікті талап етеді. Оған фәни сүйіспеншіліктерден бас тартумен қол жеткізіледі. Ғашықтық пен сүйіспеншіліктің таразысы — пидашылдық. Адам ең үлкен өтемді сүйіспеншіліктері үшін өтейді. Өйткені әркім сүйгені үшін сүйіспеншілігі деңгейінде пидакештікке барады. Ғашықтық пен сүйіспеншілік кемелділікке жеткенде сүйілгені үшін көрсетілген пидакештік де шыңға жетеді. Сол кезде қиындықтар да бақыт күйіне келеді.

Имандылықты осындай ғашықтықпен ұстанғандар жандарын да пида етуден тайынбайды. Аллаһ Елшісі ﷺ һижрат ететін түні үйін дұшпандары қоршауға алғанда төсегіне **Хазіреті Әли**ді жатқызып, үйінен шығып кетеді. Хазіреті Әли رضي الله عنه өліммен бетпе-бет келсе де қорықпай, Хазіреті Пайғамбардың ﷺ төсегіне жатты.

Исардың шыңындағы мүминдер жайында аятта былай дейді:

وَمِنَ النَّاسِ مَن يَشْرِي نَفْسَهُ ابْتِغَاء مَرْضَاتِ اللّهِ
وَاللّهُ رَؤُوفٌ بِالْعِبَادِ

«Адамдар арасында мынандайы да бар, ол Аллаһтың разылығын қалап, өз жанын сатады (Аллаһ жолында құрбан етеді)[32]**. Аллаһ құлдарына асқан мейірбан»** (Бақара, 207).

Хазіреті Мәуләнә да бұл күйді тамаша баяндайды:

«Жаннан да үстем нәрсе болмайынша жан үстем. Бірақ, жаннан құнды нәрсе қолға түскенде, жанның аты да еске келмейді. Мүлік пен жан қар сияқты еріп кетеді. Олар Аллаһ жолында жұмсалса, Аллаһ оларды алушы болады. Құранда: «Аллаһ жәннатпен мүминдердің малдары мен жандарын сатып алды» — делінген» (Тәубе, 111).

Атақты тасаввуф жауы **Ғұлам Халил** барлық сопы ғалымдарына қарсы дұшпан ұстанымына ие болатын. Ол ішінде **Әбул Хұсайн ән-Нури** болған бір топ сопыны тұтқындатып, мемлекет орталығына жөнелтті. Шығарылған үкіммен дарға асу шешімі беріледі.

Жендет сопылардан бірінің мойнына қылышымен ұрар сәтте Әбул Хұсайн өз еркімен алға шыққанда, халық бұл іске таң қалады. Жендет:

---

32. Өз жанын Аллаһ жолында құрбан етіп, мәңгілік азаптан құтылады да, сөйтіп өз жанын Аллаһтан сатып алғандай болады. Бұл аят Сүһәйб б. Синан әр-Руми, Аммар б. Ясир, оның ата-анасы Сүмейе мен Ясир, Біләл, Әбу Зәр Ғыфари, Хаббаб б. Әрәт және Хуайтыбтың құлы Абис хақында түскен. Сүһәйб мүшріктердің азабынан, жапасынан Мәдинаға һижрат етіп, Меккедегі барлық мал-мүлкін бостандығының төлемі ретінде мүшріктерге қалдырған болатын. Әбу Зәр мен Хаббаб кашып құтылған еді (Рази; Ибн Кәсир, 1, 360-361; Хақ діні Құран тілі; Чантай; Хижази, Тәфсирүл Фұрқан; қараңыз, Тәубе сүресі, 111 аят).

«Ей, мәрт! Сен алға ұмтылдың, бірақ бұл қылыш айтарлықтай әуестенетін нәрсе емес. Әзірше сенің кезегің келген жоқ, неге асығасың?» — деді.

Әбул Хұсайн:

«Менің жолым исар жолы. Ең құнды нәрсе де жан, өмір. Мына бірнеше демдік уақытымды бауырларым біраз өмір сүрсін деп пида етуді қалаймын. Өйткені дүниедегі бір дем алардай уақыт біз үшін ахіреттегі мың жылдан да абзал. Себебі бұл жер Аллаһ ризалығын алу орны, ол жер болса Аллаһқа жақын болу орны. Аллаһқа жақындыққа қызметпен қол жеткізіледі. Осы үшін мына бірнеше демімді достарыма пида етемін» — деді[33].

Мал-мүлік пен **жан**, **ұрпақ** адам көп әуестенетін және олардан бас тарту өте ауыр нығметтер. Бұл үш мәселеде берілетін сынақтар да ең қиын сынақтар. Аллаһ қаншама құлдарын бұл мәселелерде ауыр сынақтарға түсірді! Сөйтіп құлдықтағы шынайылық деңгейін сынаған.

Хазіреті Ибраһим عليه السلام бұл үш мәселедегі сынақты Аллаһтың сыйымен өтіп, Хаққа **Халил**, яғни **дос** болған. Ол кедейліктен қорықпай барлық мүлкін инфақ етті. Тәухид күресінде көзін қақпай Нәмрудтың әмірімен отқа атылды, өстіп керек кезде жанын да Раббысына ұсына алатынын көрсетті. Адам баласы үшін ең ауыр

33. Хужвири, Кәшфул-Махжуб, ауд: Сүлейман Ұлудағ, Ыстанбұл, 1996, 302-бет.

сынағының бірі ретіндегі ұрпақ мәселесінде де Аллаһқа бағынып, Оған берілгенін көрсете алды.

Бала — ұрпақтың жалғасуы ретінде адамның жаратылысындағы жасырын мәңгілік қалауының бір түрі. Бұл үшін адам баласы баласына өте құштар болған. Бала әке-шешенің жалғасуы.

Ұлы Исмайлды Аллаһқа құрбан етуі әмір етілген Ибраһим عليه السلام сынақтың ең ауырына тап болды. Әрі өзінің, әрі ұлы Исмайлдың ақылға сыймас ризалық пен берілуінің дүниедегі сыйы ретінде Жәбірейіл عليه السلام Аллаһтың әмірімен жәннаттан бір қошқар түсірді. Бұл жанкештіліктің естелігі ретінде қияметке дейін жалғасатын барлық иман ұрпағына құлшылық ретінде сыйланды.

Сондықтан құрбан құлшылығындағы негізгі мақсат — керек болғанда Аллаһ үшін жанынан да пидакештік көрсе-тетіні туралы құлдың Раббысына сөз беруі. Сонымен қатар құрбан — тақуа сынағынан өте алу, Аллаһқа бағыну және берілуімізді дәлелдеу. Аятта құрбандар жайында:

لَن يَنَالَ اللَّهَ لُحُومُهَا وَلَا دِمَاؤُهَا

وَلَكِن يَنَالُهُ التَّقْوَى مِنكُمْ

«Олардың еттері де, қандары да Аллаһқа жетпейді. Бірақ Оған сендердің тақуалықтарың ғана жетеді...» — делінген (Хаж, 37).

Хазіреті Мәуләнә жан арқылы исардың ізгілігін тамаша түсіндірген:

«Хазіреті Пайғамбар Мырзамыз айтады:

Екі періште үнемі қалап тұрады: «Уа, Раббым! Кедейлердің мұқтаждығын қамтамасыз ететін жомарттарды тойдыр, олардың берген әр теңгесіне жүз мың теңге сыйла!»

Ал, жанын бергенге, мойнын ұсынып Жаратушыға құрбан болғанға... Ол адам Хазіреті Исмайл сияқты мойнын ұсынған, Аллаһ жолында құрбан болуға әзірленген. Бірақ, Аллаһ ол мойынды кестірмейді.

Сен Аллаһ ризалығы үшін нан берсең, саған да нан береді. Аллаһ үшін жаныңды берсең, саған жан сыйлайды.

Аллаһтың жомарттығын көргенде, қалай жаныңды қимайсың? Жаның үшін қалай қам жер едің? Өзеннің жағасында тұрып суды қимаған адам өзенді көрмеген қараңғы адам».

ИСАРДЫҢ ТАМАША БЕРЕКЕТІ

Жанынан айырып исармен берілген бір теңге жүз мыңдаған теңгелік садақадан жоғары. Мұны мына бір хадис тамаша түсіндіреді:

Бір күні Аллаһ Елшісі ﷺ:

«Бір дирһам жүз мың дирһамнан озды (артық болды)» — деді.

Сахабалар:

«Бұл қалай болды?» — деп сұрағанда, Аллаһ Елшісі ﷺ мына жауапты берді:

«Бір адамның екі дирһамы бар еді. Бұлардың ең жақсысын (яғни жартысын) инфәқ етті. Екіншісі (болса, өте бай біреу болатын. Ол да) мүлкінің жанына барып, мүлкінен жүз мың дирһам шығарды. Оны инфәқ етті» (Нәсәи, Зекет, 49).

Демек, инфәқ етілген мүліктің мөлшерінен инфәқ еткен адамның пидакештік деңгейі маңызды. Олай болса, шын байлық — мүліктің көптігінде емес, көңіл тоқтығында. Шынайы жомарттық — мүмкіндіктерін қинап, пидакештікпен инфәқ жасау.

Сәһл ибн Абдұллаһ әт-Түстери айтады:

Хазіреті Мұса عليه السلام Аллаһқа:

«О, Раббым! Маған Мұхаммед ﷺ пен үмметінің кейбіреулерінің жәннаттағы орындарын көрсет» — деп жалбарынды.

Аллаһтан мынадай үн келді:

«Ей, Мұса! Сен бұған күш жеткізе алмайсың. Бірақ мен олардың үлкен дәрежелерінің бірін саған көрсетейін. Бұл дәрежемен оны сенен және барлық мақлұқаттан үстем еттім»

Кейін Мәләкут әлемінен оған бір есік ашылады. Оның орнының нұры мен Аллаһпен болған жақындығын көргенде, есінен танып қала жаздайды. Хазіреті Мұса عليه السلام оның қалай бұл дәрежеге жеткенін сұрайды.

Аллаһ Тағала:

«Оның көрсеткен жоғары мінезі үшін» — дейді.

Хазіреті Мұса عليه السلام бұл мінездің не екенін сұрағанда, Аллаһ Тағала:

«*Исар, яғни басқаның мұқтажын өз қажетінен артық көру. Бұл мінезбен кім маған келсе, мен оны есепке тартуға ұяламын және оны жәннатта қай жерді қаласа, сонда тұрақтатамын!*» — дейді (Ихия, 3, 570-571).

Әлбетте, мұндай шыңдарға жету әркімнің еншісі емес. Тек ол өріске қаншалықты жақындай алсақ, соншалықты құнды нәсіптер аларымыз ақиқат.

Ұмытпайық, Исламның шырайлы келбетін барлық сәнімен паш ететін исар мінезі бағытында басатын ең кішкене қадамымыз, бәлкім, біз үшін мәңгі табыс есігі болар.

Және де хадисте:

«*Көршісі аш болып, өзі тоқ жатқан мүмин емес*» делініп (Хаким, 2, 15), біздің жауапкершілігіміздің үлкендігі есімізге салынады. Бір мүшенің ауруын барлық денеміз қалай сезсе, барлық мұсылмандар да дін бауырларының күйзелісін жүректерімен солай сезе білуі керек.

Олай болса, біз де ең жақынымыздан бастап, сонау Африкадағы, Ачедегі, қысқасы дүниенің төрт бұрышындағы дін бауырларымыздың күйзелісін терең сезінуге мәжбүрміз.

Аллаһ өмірімізді бақыт ғасырынан, Хақ достарының рухани ауасынан келген мейірім самалдарымен ләззаттандырсын! Дүниенің төрт тарапындағы мұқтаж бен әлсіз дін бауырларымыз үшін жасайтын пидакештіктеріміздің ұждан бақытын ахіреттегі мәңгі мейрамның осы дүниедегі бақыт көрінісі етсін!

Әмин…



Жақсылыққа асығу

Раббымыз: « وَالْفَجْرِ Шапаққа ант етемін» дейді және әр шапақ уақытында өмір күнтізбесінен бізге жаңа күн ашады. Бұл өмір парағын қалай толтырамыз? Қаншалықты өзіміз үшін тырысамыз, қаншалықты мейірбан болып мақрұм мен жалғыздардың жанынан табыламыз? Кирамән Кәтібин періштелері бүгінгі қиямет дәптеріне нелер жазады? Міне, мүминнің бұл ақиқаттарды жұмсақ жүрекпен есепке ала отырып, уақытын ең қайырлы істерге жұмсауы керек.

ЖАҚСЫЛЫҚҚА АСЫҒУ

Аллаһ Аср сүресінде **«заманға»** ант ете отырып, назарымызды өміріміздің сапасына аударуымызды қалайды.

Заман екі жүзді пышақ сияқты. Кітап пен Сүннеттің руханияты ішінде қолданылса жәннатқа жетуге себепші болады. Бұған қарама-қайшы нәпсісіне құл болғандар үшін ағып кеткен сел сияқты, бұл селдің ішінде жүзген қарапайым дүңке болмауы керек.

Өтіп кеткен заманды кері қайтару мүмкін емес. Заман қайтып оралмайды, қарызға алынып берілмейді, сатып алынбайды. Адам барлық болмысын пида етсе, ажал иегінің уақытын бір мезетке де жақындата, не кешіктіре алмайды.

Мәңгі әлемнің дайындық дастарханы болған дүние өмірі қысқа мерзімде ие болған қазына сияқты. Сондықтан өмір нығметінің қадірін біліп, оны лайықты түрде

пайдалану қажет. Бұл нығметті өткізіп алудың орнын толтыру мүмкін емес. Заманды еш бітпейтіндей сияқты нәпсілік қалаулар арқасында елеусіз жұмсау және құлдық міндеттеріне немқұрайды қарап кешіктіру соңғы демде жойып жіберуші бір өкініш себебі болады.

Бесік пен табыт арасындағы қайғы мен қуанышқа толы мына бейне бір тар өткел сияқты өмір дегеніміз алып-берген демдердің жиынтығынан тұрады. Оның саны құлдарға беймәлім, Аллаһқа мәлім бұл демдердің қатты ойландыратыны — әрине, **«соңғы дем»**.

Соңғы дем — соңына жеткен дүние өмірі мен жаңадан басталатын әлемнің тоғысу орны. Ол өте қатты және сұрапыл өткел. Сезім иесі әр мүмин сол өткелді терең ойлап, әрбір күйін осы жолға сай түзету күш-жігері ішінде болуы керек.

Өмір сахнасының соңғы пердесі болған дем әркімнің өз соңын шағылыстыратын, буланбаған, таза айна сияқты. Адам баласы өзін ең нақты түрде соңғы дем айнасынан таниды. Өте құнды заман бөліктері болған демдерімізді бұл өткінші топырақ үстінде бітірер кезде иләһи таспаларда әрқашан жазылып жүргенін ұмытпауымыз керек. Толтырған өмір таспасын бір күні «اِقْرَأْ كِتَابَكَ **Кітабыңды оқы!**» — әмірімен бізге көрсетеді. Сол кезде өзімізді нақты танимыз.

Соңғы деміміздің уақыты беймәлім болғандықтан бізді мәңгі өмірде құтылуға жеткізетін бір есепке дайындық үшін күн — бүгін. Ахірет азығымыздың ауқымы делінген салих амал үшін дем осы дем.

Хадистерде нығметтерімізге әйтеуір бір есепке тартылатынымыз еске салынып, ол нығметтер жайында бейқамдықтан сақ болуымыз былай баяндалған:

«*Қиямет күні ешбір құл өмірін қайда өткізгені, білімімен қандай істер жасағаны, дүние мүлкін қайдан тауып, қайда жұмсағаны сұралмай, тұрған орнынан қимылдай алмайды*» (Термези, Қиямет, 1).

«*Бес нәрсе келмей тұрып, бес нәрсені олжа деп біл: карттығыңнан бұрын жастығыңды, ауруыңнан бұрын саулығыңды, кедейлігіңнен бұрын байлығыңды, қолың бос емес уақыттарыңнан бұрын бос уақыттарыңды және өліміңнен бұрын өміріңді!*» (Бұхари;Термези, Зүһд, 25).

САДАҚАҒА АСЫҒУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Хазіреті Пайғамбар ﷺ жақсылыққа асығудың маңыздылығын өз өмірінде үлгі көрсеткен сансыз ізгіліктермен баян еткен. Бұлардың бірін **Үқбә бин Харис** ؓ былай жеткізеді:

«Бірде Хазіреті Пайғамбарымыздың ﷺ артында екінті намазын оқыдым. Аллаһ Елшісі ﷺ сәлем беріп, намазды бітірді де асығыс орнынан тұрды. Асығыс әйелдерінің бірінің бөлмесіне барды. Жамағат Оның бұл қарпалысына абыржыды. Әлем мақтанышы Пайғамбарымыз ﷺ аз уақыттан кейін оралды. Бұл қарпалысына сахабаларының таң қалғанын көріп, былай деді:

«Бөлмемізде біраз алтын (не күміс) бар екені есіме түсті. Мен ***жақсылыққа асығып****, шет қалмайын деп, дереу таратылуын әмір еттім»* (Бұхари, Азан, 158; әл-Амал фис-салат, 18; Нәсәи, Сәһу, 104).

Басқа бір хадисте былай делінген:

«Садақа беруге асығыңдар. Өйткені, апат садақаның алдынан өте алмайды» (Хәйсәми, Мәжмәүз-Зәуәид, III, 110).

Намаздың абзалдығы қалай алғаш уақытында болса, инфәқтың абзалдығы да кешіктірілмей, алғаш мүмкіндікте жасауда. Бұл пайғамбари мінез ең көп пайғамбар мұрагері Хақ досы, ғалымдар мен арифтердің өмірінде көрініс тапқан.

Хасан Басри Хазіреттің мына оқиғасы бұл ақиқаттың ғибрат толы мысалы:

Бір сопы Хасан Басридан бір нәрсе сұрайды. Ол дереу тұрып, көйлегін шешеді де, сопыға береді. Ондағылар :

«Ей, Хасан! Үйіңе барып, сонда бір нәрселер бермедің бе?» — дейді.

Хасан Басри былай деп жауап береді:

«Бірде бір мұқтаж мешітке келді де, «Ашпын!» — деді. Біз бейқамдық танытып, дереу тағам бермедік. Оны мешітте қалдырып, үйімізге кеттік. Таң намазына келгенімізде, бейшара қайтыс болыпты. Әрлеп, жерледік.

Ертеңіне яқаза, яғни жартылай ояу мен ұйқы арасындағы күйде рухани көрініс ретінде ол міскінді ораған кебіннің михрабта тұрғанын және үстінде «Кебіндеріңді алыңдар! Аллаһ қабыл етпеді!» — деген жазуын көрдім.

Сол күні: «Бұдан кейін бір мұқтажды көрсем, оны күттірмеймін» — деп ант еттім»[34].

Міне, Аллаһ кей ақиқаттарды әулие құлдарына әдеттен тыс пішіндерде көрсетеді. Осылай көңілдерде терең әсер тудырып, ол мәселелер адамдарды көркем бағытқа жетелейді. Бұл оқиғаның түсінігі — жақсылықтың абыройы мен құны кешіктірілмей уақытында жасалуында.

АҚТЫҚ ДЕМНЕН ҒИБРАТТЫ КӨРІНІС

Рабиғ ибн Хәйсәм рахмәтұллаһи аләйһи салих амалдарды кешіктірген, нәпсісі арылмаған адамның ақтық деміндегі өкінішті күйін былай түсіндіреді:

«Адам өлмей тұрып, неге әуес болса, жанын сол бағытта тапсырады. Бір мәрте жан азабымен қиналған бір адамның жанында болдым. Мен: ***«Лә Иләһә Иллаллаһ!»*** *— деп есіне салмайынша, ол ақша санағандай саусақтарымен есептеп жатты».*

Яғни адам көбіне «кейін істеймін» деп кешіктірген

34. Дарир Мұстафа Ефенди, Юз хадис, юз хикая, аудармашылар: С. Йылдырым, Н. Йылмаз, Ыстанбұл, 2001, 157 бет.

жақсылықтарын істеуге сол «кейіндерде» де оңай мүмкіндік таба алмайды. Сондықтан арифтер: «Ертең істеймін дегендер құрдымға кетті» деген ақиқаттың даналығына жеткен. Өйткені ертеңі болмайтын күн әр мезетте келіп қалуы мүмкін.

Әбу Һұрайра ﷺ былай түсіндіреді:

Хазіреті Пайғамбарға ﷺ бір адам келіп қай садақаның сауабының үлкен екенін сұрайды.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ былай деп жауап береді:

«Күш-қуатты кезіңде денсаулығың орнында, сараңдығың үстінде, кедей болудан қам жемегенде (не бұның қарама-қайшысы) көбірек бай болуды қалағаныңда берген садақаңның сауабы көбірек. (Бұл істі) жан алқымға келіп те: «Пәленге мынанша, пәленшеге мынанша» — деп қалдырма. Өйткені ол мүлік негізінде мирасшылардан оныкі не мұныкі болған» (Бұхари, Зекет, 11).

Басқа бір хадисте былай деген:

«Адамның (дені сау кезде) өмірінде бір дирһәм садақа бергені өлім кезінде жүз дирһәм садақа бергенінен әлдеқайда артық» (Әбу Дәуіт, 3/2866).

Шәйх Сағди бұл ақиқаттардан аян алғандай, былай насихат айтады:

«Ахірет азығыңды өміріңде өзің жина! Өйткені сен өлгеннен кейін туыстарың әуестікке беріледі.

Сенің рухың үшін ешбір жақсылық жасамайды. Алтынды, нығметті қолыңда болғанда сен бүгін бер! Сен өлгеннен кейін олар қолыңнан шығады, ие бола алмайсың!

Азығың о дүниеге өзі алып барған нағыз бақ-дәулетке кенелген адам. Арқамды мені ойлап, басқасы емес тек өз тырнағым ғана қасиды.

Қандай қазынаң бар болса да уысыңа қой, беретін жерлерге бер! Бере алмасаң, ертеңгі өкініштен бармағыңды шайнайсың».

Шынымен-ақ дүние-мүлікті уақыт бар кезде бермей, оны рухани тәрбиеден мақрұм өскен және қалай жұмсайтыны белгісіз мирасқорларға қалдыру ауыр ахірет есебін арқалау болып табылады. Бұл дұрыс ақыл емес.

Сахабадан **Әбу Зәр** даналыққа толы насихатты айтады:

«Бір мүлікте үш ортақ бар. Біріншісі – мүлік иесі, яғни сен. Екіншісі – тағдыр. Ол жақсылық па, апат па әлде өлім сияқты жамандық па, алып кететінін сенен сұрамайды. Үшінші ортақ – мирасшы. Ол да ертерек басыңды жерге қоюыңды (яғни өлуіңді) күтеді. Өлгенде мүлкіңді алып кетеді, сен де есебін бересің. Егер күшің жетсе, сен бұл үш ортақтың ең әлсізі болма!...» (Әбу Нұайм, Хилия, I, 163).

Өлгенде түксіз қалатын дәулетті адамдар – бір қиял

әлемі болған дүниеде өзін бай есептеп, өліммен ақиқат таңында оянғандарыңда қолында уысында еш нәрсе қалмағанын көрген мәңгілік мақрұмдары. Негізінде, байлық ажалмен жоқ болмау. Керісінше, мәңгі дәулет пен қазынаға қол жеткізу.

Хазіреті Мәуләнә айтады:

«Дүние өмірі бір түстен тұрады. Дүниеде қазына иесі болу түсінде қазына тауып алуға ұқсайды. Дүние мүлкі ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, дүниеде қала береді».

«Өлім періштесі бейқам байдың жанын алғанда оны ұйқысынан оятады. Ол адам шынында иесі болмаған мүлік үшін дүниеде шеккен қиыншылықтарына қайран қалып, аһылап-үһілейді, үлкен өкіністе болады. Бірақ, іс бітті, бәрі бітті».

Топырақ астына кіргеннен кейін кедейге не болса, байға да сол болады. Онда кім не істесе, есесін алады. Бұл дүниеден өтіп кеткендер құл болсын, падишах болып кетсін, оған қандай қаржыларын алып барса, сол болады. Ол жер — сабақ сабағынан бөлінетін, бастарда қорлық болып жүрген аяқтардың аяқ астына түсетін, қанша құлдың сұлтан, қанша сұлтанның құл болатын, Аллаһ разылығына сай қолданылмаған дүниелік шеннің, мансап пен атақтардың өз күшінен айырылатын, қанша мақрұмдардың қазынаға қауышып, қанша бейқам байлардың мәңгіліктің кедейі әрі махшар тіленшісі болатын орын. Ол жер тек Аллаһқа берілген құлдар мен қалбү сәлим (саф жүрек) иелеріне ғана пайдасы бар орын.

Бұл мәселеде марқұм **Нежип Фазыл**дың мына ескертуі қаншалықты даналыққа толы десеңізші:

Ұста зергер өзің басқа бір қалта тіккіз!
Мазарда қабылданатын ақша қайсы болса,
соны жина!

Аллаһтың дүние өмірінде адам баласын сынаған ең ауыр мәселелерде алдымен жан мен дүние, мал-мүлік пен бала келеді. Бұлар жақсылықта қолданылса нығмет, жамандыққа қолданылса қасірет. Өйткені бізге ненің жақсы, ненің жаман екенін, ненің нығмет, ненің қорлық екенін білдіретін тек діннің үні ғана.

Аятта былай айтылған:

«Ей, иман келтіргендер! Дүние-мүліктерің мен балаларың сендерді Аллаһтың зікірінен шеттемесін. Кімде-кім олай жасаса, міне, солар өкінішке ұшырағандардың тура өздері. Сендердің біріңе өлім келіп: «Ей, Раббым! Мені(ң өмірімді) **жақын бір уақытқа дейін кешіктірсең садақа беріп, салихтардан болсам!» — демей тұрып, сендерге рызық етіп бергенімізден Аллаһ жолында жұмсаңдар!»** (Мүнәфиқун, 9-10).

Дүниені бейқамдықпен өткізгендердің күйін аят былай сипаттайды:

«Олар онда: «Ей, Раббымыз! Қайтеді бізді бұл жерден шығар(ып дүниеге кері жібер) **бұрын жасағандарымыздың орнына салих амалдар**

жасайық!» – деп айқай салады. (Аллаһ олардан екі нәрсе сұрайды) **Біз сендерге ойланып, ғибрат алатын адам ойлайтынындай өмір бермедік пе? Сендерге ескертуші** (пайғамбар) **да келмеді ме? Олай болса, татыңдар азапты! Залымдардың ешбір жәрдемшісі жоқ»** (Фатыр, 37).

Имам Ғаззали Хазірет мынадай кеңес береді:

«Ей, ұлым! Енді ойлан, қайтыс болдың және дүниеге кері оралдың. Ол қобалжу күйіңді де ойла! Олай болса, бүгін күнә істеп, бас көтеруге тырыспа және бұл күннің бір мезетін де босқа өткізбе! Өйткені әрбір дем құны өтелмес нығмет».

Демек, өмір күнтізбесінен ашылған әр жаңа күнді бізге берілген жаңа бір иләһи уақыт ретінде ұғынып, жақсылық істеуге асығуымыз керек.

ӘРКІМ ӨКІНЕДІ

Аллаһ Елшісі ﷺ біз, үмметіне ескерту ретінде:

«Қайтыс болып та өкінбейтін ешкім жоқ» – дейді.

«Ол өкініш не? Ей, Аллаһ Елшісі?» – деп сұрағанда:

«(Қайтыс болған) мұхсин (жомарт, жақсы) адам бұл күйін одан да көбірек арттыра алмағанына, ал жаман адам жамандықтан бас тартып, жағдайын түзетпегені үшін өкінеді» – деген (Термези, Зүһд, 59/2403).

Яғни, салих адамдар дүниеде ие болған нығметтерді Аллаһ жолында не үшін көбірек жұмсамадық деген өкiнiште болады. Бейқамдардың өкiнiштерiн баяндауға сөз әлсiз қалады.

Хазіреті Бәһлүл Дана:

«Жер астында ең көп не? — сұрағына өзі:

«Өлiктердiң "әттең мен ахылау-үхiлеу" өкiнiштерi бар» — деп жауап беруi ақиқаттың баяны.

Олай болса, бiз де өкiнiш күндерi келмей тұрып, Аллаһ ризалығына бөлейтiн әр iске ұмтылу мен бос нәрселермен уақытымызды өткiзуден сақтануымыз керек. Әр күнiмiздi соңғы күнiмiз сияқты ояу көңiлмен өткiзiп, әсiресе, уақытымызды тиiмдi өткiзудiң сезiмiне жетуiмiз керек.

Аллаһ уақытты тиiмдi қолдану мәселесiнде көбiне қасiретте қалған құлдардың бұл қасiреттен құтылып, иләһи сыйларға жетуi үшiн былай дейдi:

«(Жақсы) **iстi бiтiргенде, дереу басқа** (жақсылық) **iске кiрiс! Әрқашан Раббыңа бет бұр!»** (Инширах, 7-8).

Яғни, құлшылық пен жақсы iстердiң бiрi бiткенде дереу келесiсiне ұмтылу, қандай да бiр уақыттың құлшылықсыз, жақсылықтан аулақ күйде өтуiне мүмкiндiк бермеу қажет.

Хазіреті Мәуләнә тамаша айтқан:

«Құлшылықтардың қабыл болу белгілері — ол құлшылықтардан кейін дереу басқа құлшылықтарға кірісу, жақсылықтарға бірінен кейін бірін істейтіндей ұмтылу».

Және де **Мәуләнәнің** сөзімен:

«Ажал берілгенді алмай тұрып, берілуі керек әр нәрсені беру керек».

Аятта айтылады:

«Ей, мүминдер! Не сауда-саттыққа, не достыққа, не болмаса шапағат тигізуге де (мүмкіндік табылмайтын қиямет) **күні келмей тұрып, өздеріңе ризық етіп бергендерімізден** (Аллаһ жолына) **жұмсаңдар. Кәпірлер залымдардың нақ өздері»** (Бақара, 254).

Аллаһ Елшісі де ﷺ былай дейді:

«Пайдалы істер жасауға асығыңдар. Өйткені, жақын болашақта қара түнекті түндер сияқты фитнәлер басып кетеді. Ол кезде адам мүмин болып түнейді, кәпір болып таң аттырады, дінін кішкене дүниелікке сатады» (Мүслим, Иман, 186; Термези, Фитән, 30, Зүһд, 3).

Олай болса, мүмкіндік қолда барда жақсылыққа асығып, ахірет азығын жинауға ден қою әр мүминнің мақсаты болуы керек. Дүниенің өткінші ләззаты мен қуанышына, алдамшы сауықтарға алданбай, Бұл дүниедегі мүлік-байлығымыздың түсімізде қол жеткізген

қазынадан еш айырмашылығы жоқ екенін ұмытпай, ақиқи және мәңгі өмірге дайындалу керек.

АДАМНЫҢ ШЫНАЙЫ МҮЛКІ АХІРЕТКЕ ЖІБЕРГЕНІ

Хазіреті Пайғамбарымыздың ﷺ отбасы бір қой сойып, етін инфәқ еткен. Пайғамбарымыз қой етінен не қалғанын сұрағанда:

«Тек бір күрек сүйегі ғана қалды» – дейді. Бұған Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ шынайы байлықтың не екеніне тиісті пайғамбари көзқараспен былай деді:

«Бір күрек сүйегінен басқасының барлығы біздікі болды десеңіз ше?» (Термези, Қиямет, 33).

Абдұллаһ ибн Шиххир ؓ жеткізген:

«Бір күні **Аллаһ Елшісі** ﷺ Тәкәсур сүресін оқып жатты. Сүрені оқып бітірген соң былай деді:

«Адам баласы мүлкім, мүлкім деп тұрады. Ей, адам баласы! Жеп бітірген, киіп ескірткен не садақа етіп беріп сауап алу үшін өзіңнен бұрын (ахіретке) жібергеніңнен басқа мүлкің бар ма?» (Мүслим, Зүһд, 3-4).

Хазіреті Пайғамбар ﷺ басқа бір хадисінде қиямет күнінің бір көрінісін былай суреттейді:

«Аллаһ сендердің әрқайсыларыңмен тікелей сөйлеседі. Адам оң жағына қарайды да, ахіретке

жолдағандарынан басқа еш нәрсе көре алмайды. Сол жағына қарайды да, ахіретке жолдағандарынан басқа еш нәрсе көре алмайды. Алдына қарайды да, алдынан жәһәннамнан басқа еш нәрсе көре алмайды. Олай болса, енді (ешбір нәрсең жоқ болса да) бір құрманың жартысымен де өздеріңді жәһәннам отынан қорғаңдар. Буны да таба алмағандар жақсы сөз (сөйлеп, көңіл баулап) өзін қорғасын» (Бұхари, Зекет, 9, 10; Риқақ, 31; Тәухид, 36).

Демек, адамның жақсылық пен жамандық атаулысынан ахіретте алдынан шығатыны бұл дүниеде жасағандарының көрінісі мен нәтижесі ғана. Бұл үшін Ұлы Раббымыз біз, құлдарын былай ескертеді:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және әркім ертеңге не даярлағанына қарасын! Аллаһтан қорқыңдар, шынында, Аллаһ жасағандарыңнан хабардар» (Хашр, 18).

Шәйх Сағди айтады:

«Ақыл иесі адамдар мал-мүліктерін о дүниеге бchampion барарда жандарында алып кететі. (Яғни бұл дүниедегі кезінде Аллаһ жолында инфәқ етеді). Тек сараңдар ғана қасіретте қалып, бұл дүниеде тастап кетеді».

САРАҢДЫҚ ІНДЕТІНЕН ҚҰТЫЛ!

Сараңдық етіп инфәқтан алыс болу — ахірет өмірін қауіпке тігу. Аят кәримәда Раббымыз:

«Мал-мүліктеріңді Аллаһ жолында сарып қылыңдар. Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер» (Бақара, 195) деп, бізді, құлдарын ескерткен. Инфәқ етілмеген мүлік пен нығметтер опасыз дос сияқты, күні келіп өмір қаржысы біткенде ол опасыздығын көрсетіп, иесін жалғыз және мұқтаж күйде тастап кетеді. Мүлкі мен мүмкіншіліктерінен опа күткендер оларды Аллаһ жолында инфәқ етіп, өзін көркем түрде қарсы алуы ахіретке өзінен бұрын жіберуі керек. Бұл үшін нәпсінің сараңдығынан құты-лу ләзім.

Аятта мәңгілік бақытқа жету үшін сараңдықты жеңудің аса зәру іс екені былай баяндалған:

«... Кімде-кім нәпсінің әуестігі мен сараңдығынан қорғанса, міне, солар бақытқа жеткендердің нақ өзі» (Хашр, 9).

Алайда Ібіліс адамның болашағын бұлыңғыр ету үшін түрлі айлалар қолданып, жүректерге уәсуәсә дәндерін егеді. Әркімнің рыздығын Аллаһ бере тұра, бұл мәселеде адамның ақылын шатастыруға тырысады.

Аят кәримәда былай айтылған:

«Шайтан сендерді (садақа берсеңдер, кедей боласыңдар деп) **кедейлікпен қорқытады да, сендерді сарандыққа бұйырады. Аллаһ** (пәпақа турасында) **сендерге өз тарапынан кешірім мен кеңшілікті уағда етеді. Аллаһ — дарқан, ерен білімді»** (Бақара, 268).

Шайтанның бұл айласын өте жақсы білген халифа

Хазіреті Әли әкімдеріне үнемі басқаны ойлап, жомарттықты өсиет етіп, былай ескерткен:

«Сендерді қиындық пен таршылыққа түсу ықтималымен қорқытып, жақсылықтан бас тартқызуды қалаған саранды, үлкен істерге деген белсенділіктеріңді босататын қорқақты және зұлымдыққа салынып, сендерге әуесқойлықты ұнамды етіп көрсететін әуесқой адамды мәслихатқа қабылдама!»

Нәпсінің сараңдығы мен шайтанның уәсуәсінен құтыла алған жандар инфақ еткендерінің жоқ болмағанын, керісінше, олардың ахиретте өздерін күтіп тұратын бақыт қазынасына айналатынын өте жақсы біледі. Хадис шәрифте айтылған:

«Мына үш қасиет туралы ант етіп айтамын. Оларды жақсы ұғып алыңдар.

1. Садақа берумен құлдың мүлкі азаймайды.

2. Ұшыраған зұлымдыққа сабыр еткеннің абыройын Аллаһ арттырады.

3. Тілену есігін ашқан адамға Аллаһ кедейлік есігін ашады...» (Термези, Зүһд, 17).

Хазіреті Мәуләнә инфақтың мүлікті кемітпей, керісінше, берекеттендіретіні туралы ақиқатты тамаша түсіндіреді.

«Аллаһ жаратқан жер бетіне таза да тура дән егілсе, ол өспей қала ма? Бұл мүмкін бе?»

«Фәни де өткінші бұл жер беті түрлі егіндер, жемістер мен өнімдер беруден бас тартпаса, жер бетінен кең рухани әлем қалайша өнім бермейді?»

«Дүние топырағының өнімі шексіз, есепсіз. Бір дәннің өнімінің өзі жеті жүз дана. Бұған мән бер де, о жақтың өнімінің қанша болатынын түсін! Мүлік садақа берумен азаймайды. Қайыр жасау мүлікті бітіп кетуден қорғайды!»

Құлшылық пен қарым-қатынастың теңдесіз қаржысы болған дүние өмірінің әрбір сәті мәңгілік гауһарына айналатын ахірет тұқымдары. Адам бұл ахірет тұқымдарын дүние егістігіне егіп, о дүниеде бұлардың өнімдерін жинайды. Бірақ бұл құнды тұқымдар нәпсілік қалаулардың шылаулары ішінде зая кетсе, ол тұқымдар тозақ өнімдеріне айналады. Мұндай ақымақтарға өкінішті-ақ! Құран мен Сүннеттің руханиятымен безенген уақыттар мәңгі жәннат бақшаларында өсетін бақыт тұқымдары.

Инфәқ етілмеген мүлік опасыз жолдас сияқты, ал инфәқ етілген мүлік қайырлы және берік дос сияқты. Хадистерде айтылады:

«Байлық мұсылманның көркем досы. Тек ол байлығынан кедейге, жетім мен жолаушыға берсе, болғаны!» (Ахмед, III, 21).

«(Қиямет күні) есеп алынғанша әркім садақасының көлеңкесінде болады» (Ихия, I, 626).

Үбәйд бин Үмәйр рахмәтұллаһи аләйһи бұл ақиқатты былай түсіндіреді:

«Адамдар қиямет күні қатты аштық пен шөлдеген және жалаңаш халде тірілтіледі. Тек Аллаһ үшін жегізгенді Аллаһ тойдырады, Аллаһ үшін ішкізгенді Аллаһ ішкізеді және Аллаһ үшін киіндіргенді Аллаһ киіндіреді».

Қияметтің сол қиын күнінде амандыққа жеткендерді Раббымыз былай сүйіншілейді:

«Мал-мүліктерін күндіз-түні, жасырын не әшкере (Аллаһ жолына) **сарып қылатындардың Раббыларының қасында алар сыйлары бар. Оларға еш қауіп-қатер жоқ, қайғы-қасірет те жоқ»** (Бақара, 274).

Сөздің қысқасы, инфәқты табиғи мінез күйіне келтіріп, әр сәтімізде барлық мүмкіндіктерімізден инфәқ қайсарлығы ішінде болуымыз, уақыттың қадірін біліп, жақсылық жасауға асыға әрекет етуіміз керек.

Раббымыз «وَالْفَجْرِ / **Таңға серт!**» — дейді және әрбір таң уақыты бізге өмір күнтізбесінен жаңа бет ашады. Бұл өмір парағын қалай толтырамыз? Қаншалықты өзіміз үшін жұмыс істейміз, қаншалықты басқалардың қамын ойлап, мақрұм мен жалғыздардың жанында боламыз? Кирамән Кәтібин періштелері ахірет дәптерімізге бүгін нелер жазады? Міне, мүмин бұл ақиқаттарды нәзік бір жүрекпен есепке тартып, уақытын ең қайырлы амалдарға жұмсауы керек. **Хазіреті Омардың:**

«(Иләһи сотта) есепке тартылмай тұрып, есепке нәпсілеріңді тартыңдар»[35] деп айтқан тағылымын өзімізге өмір заңы етіп алуымыз керек.

Біздің де иләһи құзырға сәлим (саф) жүрекпен шыға білуіміз үшін өмір деген аманат уақыттың толатын күнге және онан кейінгі өмір үшін дайын болуымыз қажет.

Омар ибн Абдұлазиз рахмәтұллаһи әләйһи айтқандай:

«Ахіретте қайда болғыларың келсе, дайындықтарыңды соған қарай жасаңдар!»

Хазіреті Әбу Бәкірдің ﷺ мына дұғасына шын көңілімізбен «әмин» дей отырып, сөзімізді біріктірейік:

«Аллаһым! Өмірімнің ең қайырлы кезеңі — соңы, амалдарымның ең қайырлы бөлігі — нәтижелері, күндерімнің ең қайырлысы — Өзіңе қауышқан күн болсын!»[36]

Әмин!...

35. Ибн Кәсир, Тәфсир, I, 27.

36. Сүюти, Тарихұл-Хұләфа, 103).



Бауырластық

Әнәс ибн Мәлік ؓ айтады:

«Аллаһ Елшісі ﷺ дін бауырларының біреуін үш күн көрмесе, оны сұрайтын. Алыста болса, ол үшін дұға ететін, үйінде болса, барып жағдайын сұрайтын, ауру болса, шипа тілейтін» *(Хәйсәми, II, 295).*

Дін бауырымен сүйіспеншіліктің алғашқы шарты – жүк болмау. Яғни бауырыңа орынсыз жүк болмау. Керісінше, оның ауыртпалығын жеңілдетуге тырысу. Жүк болмағанның достығының, әурелемегеннің сүйіспеншілігінің жалғасымы бар.

БАУЫРЛАСТЫҚ

Ислам бауырластығы – Аллаһтың мүминдер арасындағы қатынасты қамтамасыз етуші ретінде орналастырған ұлы құқық болғаны сонша, оған лайықты түрде мойынсұнылғанда сауабы да ерек мол болады. Жеке тұлғалар мен қоғамның бақыты, қуанышы мен шаттық көзі. Сондай-ақ Ислам бауырластығы барлық мүминдерді шын көңілден іске асатын махаббат аясына ала білу, өзара нағыз жан дос бола білу, бауырыңның қуанышымен қуанып, дертімен қайғыру, қиын уақытында жұбаныш көзі болып, қажет жағдайда өз жаның мен малыңнан бөліп бере білу.

Расында Аллаһ Елшісі ﷺ былай деген:

«Аллаһтың құлдарының ішінде бір топ адамдар бар. Олар пайғамбар емес, шәһид те емес. Бірақ қиямет күнінде Аллаһ құзырындағы абыройлары үшін оларға пайғам-барлар мен шәһидтер тамсана қарайды».

Сахабалар:

«Бұлар кімдер және нендей қайырлы істер жасағанын бізге айтып берші! Біз де оларға сүйіспеншілік пен жақындық сезінейік, о, Аллаһ Елшісі!» — дейді.

Аллаһ Елшісі ﷺ:

«Олар сондай қауым — араларында туыстық та, сауда-саттық та, жұмыс қарым-қатынас та болмай, тек Аллаһ ризалығы үшін бір-бірлерін сүйеді. Аллаһқа ант етейін, жүздері бір нұр және өздері де сондай нұрдан жасалған мінбер үстінде тұр. Адамдар (қиямет күні) қорыққан кезде бұлар қорықпайды, адамдар мұңлы болған кезде бұлар мұңаймайды» — деді де, артынан мына аят кәрімәні оқыды.

أَلا إِنَّ أَوْلِيَاء اللّهِ لاَ خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلاَ هُمْ يَحْزَنُونَ ﴿٦٢﴾

الَّذِينَ آمَنُواْ وَكَانُواْ يَتَّقُونَ ﴿٦٣﴾

لَهُمُ الْبُشْرَى فِي الْحَياةِ الدُّنْيَا وَفِي الآخِرَةِ

لاَ تَبْدِيلَ لِكَلِمَاتِ اللّهِ

ذَلِكَ هُوَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ ﴿٦٤﴾

«Біліп қойыңдар! Аллаһтың уәлілеріне (достарына) **еш қауіп-қатер жоқ, олар қайғы қасірет шекпейді де.**

Олар — (Аллаһқа) **иман келтіріп, бұйрықтарына сай өмір сүргендер. Оларға бұл дүниеде де, ахіретте де сүйінші бар.**

Аллаһтың сөзі әсте өзгермейді. Міне, бұл (сүйіншіге бөлену) **— ең зор бақыт»** (Юнус, 62-64; Әбу Дәуіт, Буюғ, 76/3527; Хаким, IV, 170).

Осы орайда Пайғамбарымыз ﷺ дін бауырын Аллаһ үшін сүюдің Аллаһтың сүйіспеншілігіне себепші болатынын былай баян етеді:

"Бір адам басқа бір ауылдағы (дін) бауырының халін білу үшін жолға шықты. Аллаһ адамды бақыламақ (және сынамақ) болып, оның жолы үстіне (адам кейпінде) бір періште жібереді. Адам періштенің жанына келгенде, періште:

«Қайда барасың?» — деді. Ол адам:

«Мына ауылда бір дін бауырым бар оны көріп қайту үшін барамын» — деп жауап береді.

Періште қайта сұрады:

«Ол бауырыңнан алғың келген бір пайдаң бар ма?»

Адам:

«Жоқ, мен оны тек Аллаһ ризалығы үшін сүйемін. Сондықтан көріп қайтуға бара жатырмын» — деді.

Бұл жауабына періште:

«Сен оны қалай сүйсең, Аллаһ та сені солай сүйеді. Мен осы сүйіншіні жеткізу үшін Аллаһтың жіберген елшісімін» — деді" (Мүслим, Бирр, 38; Ахмед, II, 292).

Басқа бір хадис шәрифте:

«*Жеті топ адам бар. Аллаһ оларды ешқандай көлеңке болмайтын (Қиямет) күні Өз (Аршының) көлеңкесіне алады... (Бұл топтардың біреуі) бір-бірін Аллаһ үшін сүйген, бір жерге жиналуы мен таруқауы осы сүйіспеншілік арқылы іске асқан екі адам...*» — деп айтылған (Бұхари, Азан, 36).

Осындай кәміл мүминдердің дін бауырларына деген махаббат сезімдерінің негізгі мақсаты — Аллаһтың ризалығына жете білу. Дін бауырының дұғасынан пайдаланып, онымен достық пен сырластықта болудың бір ғана ниеті — Аллаһқа жақын құл бола білу.

Тасаввуфта **«жол бауырлығы»** деген **«ихуан»** жағдайы Аллаһқа апаратын жолдағы көмек, діни және рухани мәселелерде бір-бірін қолдау, бауырының кемшілігін толықтыру мен оның дертіне ортақ болуды білдіретін Ислам бауырластығының ең нәзік және терең мұқияттылықпен іске асырылуы болып табылады.

Хақ досы **Бишр Хафи** Хазірет **Әсуәд ибн Салимді**, **Мағруф Кеpһи** Хазіретке жібереді. Әсуәд ибн Салим оған:

«Бишр Хафи сізбен бауыр болғысы келеді. Бұны ашық айтуға ұялып, мені сізге жіберді. Өзін бауырластыққа қабыл етуіңізді қалайды. Бірақ, бауырластық құқықтарына лайық мойынсұна алмай ма деп қорқады» — дейді.

Бұл сөзіне Мағруф Керһи Хазірет:

«Мен бауыр болған адамымнан күндіз-түні алшақ қалғым келмейді» — деп Аллаһ үшін сүюдің ізгілігін баяндайтын бірнеше хадис оқиды. Кейін дін бауырластығының не екенін және шынайы бауырластық сүйіспеншілігінің қалай болу керектігін былай түсіндіреді:

«Расул Әкрәм ﷺ Хазіреті Әлиді өзіне бауыр етумен қатар оны ғылымда да өзіне жақын тұтты. Оған ең сүйікті қызын берді. Енді сен куә бол, сені жіберген екен, мен де оны Аллаһ үшін бауырластыққа қабыл еттім. Ол мені зиярат етпесе де, мен оны зиярат етемін. Оған айт, сұхбатта жолығайық. Жағдайынан еш нәрсені менен жасырмасын, әрбір жағдайын маған баян етіп отырсын...»

Ибн Салим жағдайды жеткізгенде Бишр Хафи Хазірет бұған өте разы болып, қуана қабыл алады.

ИСЛАМ БАУЫРЛАСТЫҒЫ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ...

Ислам бауырластығы — ең биік байланыс. Өткінші жолдастықпен, тіпті, өмірлік достықпен бұдан да жақын әке-шешеден келген қан мен нәсіл бауырластығымен де салыстыруға болмайды.

Тарихта теңі жоқ **«ұхууәт»**, яғни **бауыластық** деген аса керемет адамгершілік қатынастар жүйесін адамзатқа жеткізген Аллаһ Елшісі ﷺ айтады:

«Адамдар арасынан дос таңдар болсам, Әбу Бәкірді өзіме дос етіп алар едім. Бірақ ***Ислам бауырластығы бәрінен жоғары****»* (Бұхари, Салат, 80).

Яғни Ислам бауырластығы достықтың шыңынан да биік. **Хазіреті Әбу Бәкір** ﷺ Аллаһ Елшісінің «Яры Ғары»[37], сол Сәур үңгіріндегі үшіншілері Аллаһ болған екі адамның екіншісі, Сыддық Әкбәр! «*Барлық есіктер жабылсын, тек Әбу Бәкірдің есігі ашық қалсын...*», «*Әбу Бәкір менен, ал мен оданмын...*» секілді пайғамбари ілтипатқа және Аллаһ Елшісімен үнемі жүрек байланысы күйінде болғаны үшін **«Пайғамбардың сырласы»** деген сипатқа ие сахаба!

Бірақ әлем мақтанышы Пайғамбарымыз ﷺ Ислам бауырластығын бұл ардақты сахабасына деген достығынан да жоғары бағалаған. Шынында да, Хазіреті Әбу Бәкірдің өмірінде Ислам бауырластығының шырқау шыңына шыққан көріністері орын алған.

Нәсіл бауырластығы — бұл дүниенің өткінші және жанама кейіпі. Дүниеге келгенде әке-шешемізді өзіміз таңдамағанымыз сияқты бауырларымызды да өзіміз таңдаған жоқпыз. Бұл мәселеде құлға таңдау құқығы берілмеген. Бірақ дін бауырларымыздың кім болатынын таңдау мәселесінде бізге еркіндік берілген.

---

37. Үңгір жолдасы мағынасына келеді. Һижрат кезінде Хазіреті Әбу Бәкірдің Хазіреті Пайғамбарымызға Сәур үңгіріндегі жолдастығы себебінен қолданылған атау. Өте қиын уақытта және машақатты сәттерде көрсетілген шынайы достық жайында айтылатын.

Негізінде адам баласы бұл мәселедегі таңдауларында жүгінетін тура шешімдер арқылы бақытқа кенеледі.

Хазіреті Хасан Басри айтқан:

«Біздің достарымыз бен бауырларымыз бізге отбасы мүшелерінен де сүйікті. Отбасы мүшелеріміз бізді дүниеде еске алады. Бірақ достарымыз бізді махшар жерінде іздейді» (Ихия, II, 437).

Мұхаммед ибн Юсуф Исфахани былай дейді:

«Адамның бала-шағасы қалай салих бауырыңдай бола алады? Бала-шаға мирасыңды алып, шаттықпен жеп уақыт өткізеді. Шынайы да нағыз досың, дін бауырың аза тұтады, қабірдегі күйіңді ойлайды және сен топырақ астында жатқанда, саған қайыр дұғасын етеді».

Көріп отырғанымыздай, Ислам бауырластығының ең маңызды шарттарынан бірі — опашыл болу. Яғни нағыз досымен өмір бойы сыйластықпен, махаббатпен күн кешу, қайтыс болғаннан кейін де бала-шағасы мен достарына деген ізгі-құрметі мен сүйіспеншілігін жалғастырып, оны қайырлы дұғалармен еске алу.

ӘНСАР-МҮҺӘЖІР БАУЫРЛАСТЫҒЫ

Аллаһ шынайы Ислам бауырластығының қандай болуы керектігі жайында бізге Меккеден һижрат еткен мүһәжірлер мен оларға жанқиярлықтай сүйіспеншілікпен құшақ ашқан Мәдиналық әнсарлар арасындағы

бауырластықты үлгі ретінде көрсетеді. Оларға қарап, өз жағдайымызды таразылауымызды қалайды.

Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың мүһәжірлер мен әнсарлар арасына орнатқан бауырластық келісімі теңдесі жоқ ізгілік кестесі. Әнсар дүние-мүліктерінің барлығын бауырлары үшін ортаға салды. Дүние-мүліктерін мүһәжір бауырларымен тең бөлісуге бел буды. Бірақ көңілдері қанағат қазынасы болған мүһәжірлер әнсар бауырларының ұсыныстарына асқан көңіл тоқтығымен:

«Дүние-мүлкің саған қайырлы болсын, бауырым. Сен маған базардың жолын көрсетіп жібер, соның өзі жеткілікті!» — деп айта алу кемелдігін көрсете білген. Сөйтіп екі жақ та, яғни мүһәжірлер мен әнсарлар дін бауырластығының туыстық бауырластықтан жоғары екенін көптеген ғибратты үлгілермен өз өмірлерінде көрсете білді.

Расында иманның күпірлікке қарсы алғашқы соққысы Бәдір шайқасында Әбу Бәкір ؓ ұлымен, Әбу Ұбәйдә ибн Жәррах ؓ әкесімен, Хазірет Хамза ؓ бауырымен қылыш сермескен. Яғни, дін бауырластығы барлық фәни де дүниелік бауырластықтарды түкке тұрмайтындай етті...

Дін бауырластығынан туындаған опашылдық пен пидашылдықтың шырқау шыңындағы көріністері Ұхуд шайқасында да іске асып жатты. Бұның бір көрінісін **Зүбәйр бин Аууам** ؓ былай түсіндіреді:

«Анам **Сафия** өзі алып келген екі киімді шығарып:

«Бұларды бауырым **Хамза**ға кебін етерсіңдер деп алып келдім» — деді.

Киімдерді алып Хазіреті Хамзаның жанына бардық. Оның жанындағы әнсарлық тағы бір шәһидті орайтын кебін әлі табыла қойған жоқ еді. Киімдердің екеуіне де Хамзаны орап, әнсарлықты кебінсіз қалдыруға ұялдық. Матаның біреуін Хамзаға, екіншісін әнсарлыққа кебін болсын дедік. Киімдердің бірі үлкен, екіншісі кіші болғандықтан жеребе тастадық» (Ахмед, І,165).

Міне, олардың қаншама ізгілік кестелерімен көрсеткен бауырластықтарын Аллаһ құптаған және мәңгі үлгідей Құранда айтқан:

وَالَّذِينَ تَبَوَّؤُوا الدَّارَ وَالْإِيمَانَ مِن قَبْلِهِمْ يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ
إِلَيْهِمْ وَلَا يَجِدُونَ فِي صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِّمَّا أُوتُوا وَيُؤْثِرُونَ
عَلَى أَنفُسِهِمْ وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ وَمَن يُوقَ شُحَّ نَفْسِهِ
فَأُوْلَئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ

«Мүһәжірлерден бұрын (Мәдинаны) **мекен тұтып, иманына берік болғандар** (әнсарлар) **кейін қасына көшіп келгендерді жақын көреді. Оларға берілген нәрселер үшін қызғанып өкпелемейді. Өздері мұқтаждық тартса да, оларды өздерінен артық көреді...»** (Хашыр, 9).

Аят бауырластық құқығының бірнеше үкімдерін қамтиды. Ислам бауырластығының мақсаты тек бос уақыттары мен шайхана сұхбаттарының достық пен жақындығы емес, дін бауырының қиын кезінде көрсетілген жақындық пен дерт ортақтастығы. Әсіресе бауырыңды өзіңнен артық көріп, пидашыл болуың.

ЖҮК БОЛМА, ЖАР БОЛ!

Бір адам Аллаһ досы **Жүнәйд Бағдади**ге:

«Бұл кезде шынайы бауырластық азайды. Қайда ол Аллаһ үшін жасалған бауырластықтар!» — дегенде, Жүнәйд Бағдади Хазірет:

«Егер сенің қиындықтарыңа шыдайтын, қажеттіліктеріңді орындайтын біреуді іздесең, бұл заманда ондай бауырды таба алмайсың. Бірақ, өзіне Аллаһ үшін жәрдем ететін, қиындықтарына Аллаһ разылығы үшін шыдайтын бауыр іздесең, мұндайлар өте көп» — дейді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз:

«Мүмин басқалармен үлфәт етеді (жақсы түсініседі) және өзімен үлфәт етіледі. Ешкіммен жақсы түсініспеген және өзімен жақсы түсініспеген адамнан қайыр жоқ» деген (Ахмед, II, 400, V, 335; Хаким, I, 73/59).

Олай болса бауырымен жақсы түсінісудің алғашқы шарты — жүк болмау. Яғни бауырына орынсыз жүк болмау, керісінше, оның жүгін жеңілдетуге тырысу. Жүгі жоқтың достығы, қиындық тудырмағанның махаббаты мәңгі болады.

Ислам бауырластығында міндетті түрде мойынсұнылуы қажет біраз шарттар бар. Бұларға мойынсұну дін бауырларымыз алдындағы міндеттеріміз. Хазіреті Пайғамбар ﷺ бұларды былай келтірген:

«Мұсылманның мұсылман алдындағы ақысы алтау: Жолыққан кезде сәлем бер, сені шақырса қабыл ал, сенен насихат қаласа насихат ет, түшкіргенде Аллаһқа шүкірлік етсе «Ярхамұкаллаһ» де, науқастанғанда оның көңілін сұрап бар, қайтыс болғанда жаназасының артынан жүр» (Мүслим, Сәлем, 5).

«Сәлемді жайыңдар, кедей-кепшіктерді тойдырыңдар. Осылай Азиз де Жәлил (ұлы) Аллаһтың сендерге әмір еткеніндей бауыр болыңдар» (Ибн Мәжә, Әтғимә, 1).

Бауырластық құқығында ой-өрісіміз өте кең болуы керек. Бауырластықтағы дәрежеміз жүрек толықтығымыздың да деңгейін көрсетеді. Бұған қарай:

1. Жағдайы жақсы мүминнің өзіне жүгінген қиын жағдайдағы дін бауырына көмекші болуы бауырластықтың **бірінші дәреже**сі.

Аят кәримәда:

وَابْتَغِ فِيمَا آتَاكَ اللَّهُ الدَّارَ الْآخِرَةَ وَلَا تَنسَ
نَصِيبَكَ مِنَ الدُّنْيَا وَأَحْسِن كَمَا أَحْسَنَ اللَّهُ إِلَيْكَ
وَلَا تَبْغِ الْفَسَادَ فِي الْأَرْضِ إِنَّ اللَّهَ لَا يُحِبُّ الْمُفْسِدِينَ

«Аллаһтың саған дарытқан бақ-дәулетімен ахіреттік тұрақ тіле. Дүниедегі несібеңді де ұмытып қалма. Аллаһтың саған жақсылық бұйырғанындай сен де (басқаларға) **жақсылық істе. Жер жүзіне бүлікшілік тілеме. Аллаһ анығында бұзақыларды сүймейді»** делінген (Қасас, 77).

2. Бауырластықтың **екінші дәреже**сі:

تَعْرِفُهُم بِسِيمَاهُمْ

«...Сен оларды жүздерінен танисың...» (Бақара, 273) аятының сырына жетіп, мұқтаж жағдайдағы бауырыңның сұрауын күтпей тұрып мүшкілін шеше білу. Бұл аят жоғары ұят пен арлылықтан мұқтаждарын айтудан аулақ дін бауырларымызды жүздерінен тани білетін жүрек ерекшелігіне жетуімізді баяндайды. Бұл да үлкен бауырластықтың ой-өрісі.

Османлы мемлекетінің мұсылман елі жасаған қала аралық жол бойындағы керуен сарай мен қонақ үйлерге келген жолаушылардың алдына оның кім екеніне қарамай тағам қойғызылып, барлық жолаушы бұл жерде үш күнге дейін тегін қала алатын. Кетер кезде аяқ киімдері ескі болса, жаңасы берілетін.

Байлар абақтыларды аралап, қарызын өтей алмай қамалғандарды құтқаратын.

Ауқатты мүминдер, әсіресе, қасиетті Рамазанда дүкендерді аралап, қарыз дәптерлерінен кез келген бетті ашқызып, қарыз иесін білмесе де, қарыздарын өтейтін, садақа сандықтарындағыдай берген алғанды, алған бергенді көрмей, тек Аллаһ разылығы үшін теңдесі жоқ дін бауырластығы іске асатын.

Міне, осы бауырластық сезімінің жемісі ретінде Османлы мемлекетінде уақф/қайырымдылық қорлары қоғамды мейірім мен шапқатқа бөлеген. Османлы мемлекетінде 26 мыңнан аса уақфтың құрылғаны аталарымыздың бұл мәселедегі діни қызметі мен ізгілігін көрсетуі жағынан өте ғибратты.

Бұлардың ішінде **Бәзми Әлем Уәлиде Сұлтан**ның Шамда құрған уақфы назар аудартады. Ол құрған уақф/қор үй қызметшілері сындырған не зиян келтірген заттардың құнын төлейтін. Бұл сол қызметшілердің абыройын ренжітпеу үшін болатын.

Аталарымыздың ғасырлар бұрын иман ұшқынымен көрсеткен дін бауырластығына деген сезімталдығы бүгінгі пайдакүнем қоғамдардың қиялдары да жете алмайтындай деңгейде.

3. Бауырластықтың **үшінші дәрежес**і — **жақсылыққ**а жету, яғни өзі үшін сүйіп қалаған істерін бауыры үшін де қалай білу, бауырын өзінен бөлек көрмеу.

Расында **Аллаһ Елшісі** ﷺ:

«Өз жаны үшін қалаған нәрсені дін бауыры үшін де қаламаған адам шынайы мұмин бола алмайды» деген (Бұхари, Иман, 7).

Бұл ізгілік дәрежесінің ең әсем мысалдарының бірін **Хазіреті Осман** (р.а.) паш еткен. Мәдинада су тапшы болған кезде Осман (р.а.) үлкен құн өтеп, Рума құдығын сатып алып, мұсылмандардың игілігіне уақф/қор деп атады. Риуаятқа сүйенсек, өзі де бұл құдықтан су алу үшін басқа мүминдермен бірге кезекке тұратын.

Османлы халифатында дін бауырын ойлау кемелдігі мен сезімталдығы жоғары нәзіктік пен сыпайылық, жұмсақтық қалыптастырғаны сонша, бір үйде науқас болса, ол үйдің терезесіне қызыл гүл қойылатын. Сонда сатушылар, тіпті көшеде ойнап жүрген балалар да ол жерден тыныш өту керектігін ұғынып, науқасты мазалайтын іс-қимылдар жасамайтын.

4. Дін бауырластығының **ең жоғары дәреже**сі — **исар**. Исар дәрежесіндегі мүмин бауырын өз жанынан артық көреді, өз ақысын оған аудара біледі және оны өзінен жоғары тұтады. Қажет болса, өз мақрұмдығына разы болып, дін бауырының қажетін өз мұқтажынан бұрын ойлай біледі. Міне, осы сыддықтардың, мүттақилардың, салихтардың мәртебесі мен Аллаһ үшін бірбірін сүюдің шыңы.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ **Мырзамыз** үмметін өзінен көп ойлайтын. Сахабалары тоймайынша өзі мен

жанұясы рахаттанып, тамақ ішпейтін. Қолында не болса, мұқтаждарға беретін, үйінде қаншама күн ошақ жанбайтын, тіпті, жейтін бір үзім нан болмайтын.

Сахабалардан **Әбу Һұрайра** ؓ бір күні қатты қарны ашып, жейтін еш нәрсе таба алмағандықтан қарнына тас байлаған. Бұл жағдайда жүргенде Хазіреті Әбу Бәкірге ؓ жолығып қалады. Бәлкім, мені тамақтандырар деген үмітпен одан бір аят сұрайды. Хазіреті Әбу Бәкір ؓ сұрағына жауап бергеннен кейін кетіп қалады.

Кейін Хазіреті Омар ؓ келе қалады. Ол да тура солай етеді. Өйткені сол сәтте екеуінің де мүмкіндігі жоқ болатын.

Осы кезде Хазіреті Пайғамбар ﷺ Әбу Һұрайраны көреді де, жүрегіндегіні жүзінен түсініп, оны үйіне шақырады. Хазіреті Пайғамбарымыздың үйіне бір торсық ішінде біраз сүт келген болатын. Әбу Һұрайра сүтті көріп, қуанса да Хазіреті Пайғамбар Әбу Һұрайраға Сұффа тұрғындарын шақыруын әмір етеді.

Сұффа тұрғындары Ислам қонақтары болатын. Олардың паналайтын жанұялары, дүние-мүліктері, ешкімі жоқ адамдар болатын. Хазіреті Пайғамбар ﷺ садақа келгенде бірден оларға жіберетін, өзі одан еш нәрсе алмайтын. Егер келген сыйлық болса, өзі бір мөлшерін алып, қалғанының барлығын оларға тарту ететін.

Аллаһ Елшісі Сұффа тұрғындарын шақырғанда

Әбу Һұрайраға бұл айтарлықтай ұнамады. Өйткені сүт Сұффа тұрғындарында жетпейтін, артылып өзіне де қалмайтын. Бірақ Аллаһ Елшісінің әміріне мойынсұнбауға болмайды деген оймен дереу барып Сұффа тұрғындарын шақырды.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Әбу Һұрайраға сүтті барлық Сұффа тұрғындарына беруін әмір етті. Торсықты алған әрбір сахаба қанғанға дейін ішіп, торсықты кері береді. Барлық Сұффалықтар ішкеннен кейін Әбу Һұрайра رضي الله عنه торсықты Аллаһ Елшісіне ﷺ ұсынды. Аллаһ Елшісі қолына алған торсықты Әбу Һұрайраға беріп:

«*Отыр да іш!*» — деді. Ол да отырып, қанғанға дейін ішті. Торсықты Хазіреті Пайғамбарымызға берген сайын Аллаһ Елшісі қайта-қайта:

«*Отыр да іш*» — дейді.

Сосын Әбу Һұрайра رضي الله عنه:

«Жоқ, сені ақиқат пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант етемін, енді ішетін жерім қалмады» — деді.

Сонда Хазіреті Пайғамбар ﷺ торсықты алды, Аллаһқа хамд етті, Бисмиллаһ деді, қалған сүтті ішті» (Бұхари, Риқақ, 17).

Һәндәк соғысы күндері болған мына оқиға да өте ғибратты:

Һәндәк (ор) қазған сахабалар Расулұллаһ ﷺ Мырзамызға келіп қатты бір жартасқа тап болып, оны сындыра алмағандарын айтты. Үш күн бойы еш нәрсе жемеген және аштықтан қарнына тас байлаған Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ орға түсіп, балғаны ұрғанында ол қатты жартасты сындырып, ұнтақ қылады.

Осы кезде Хазіреті Жәбир رضي الله عنه үйге кетпек болып Аллаһ Расулынан рұқсат алды. Үйінде әйеліне Аллаһ Елшісінің аштықтан шыдай алмай жүргенін айтып:

«Үйде жейтін не бар?» — деп сұрады.

Әйелі біраз арпа мен лақ бар екенін айтады. Хазіреті Жәбир лақты сойды, арпаны үгітті. Етті қазанға, нанды пешке қойдырып, дереу Аллаһ Елшісінің ﷺ қасына барды:

«Ей, Аллаһтың Елшісі! Біраз тағамым бар, бір-екі адаммен бізге келіңіз» деді. Хазіреті Пайғамбар ﷺ тағамның қаншалықты екенін сұрады. Жәбир رضي الله عنه барын айтты.

Сонда Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«О, өте көп әрі жақсы екен! Әйеліңе айт, келгенше қазанды оттан түсірмесін, нанды да пештен шығармасын!» — дейді.

Кейін сахабаларына:

«*Тұрыңдар!*» деді. Мүһәжірлер мен әнсарлар барлығы бірге тұрды.

Хазіреті Жәбир сасқалақтап, әйелінің жанына барып:

«Әттең басымызға келгендерге! Аллаһ Елшісі ﷺ жанында мүһәжірлермен, әнсарлармен, олармен бірге болғандармен бәрі бірге келе жатыр» — деді.

Әйелі:

«Сенен қанша тамағымыз бар екенін сұрады ма?» — деді.

Хазіреті Жәбир:

«Иә, сұрады» — дегенде, парасатты әйел:

«Олай болса, сасқалақтаудың керегі жоқ» — деп, күйеуін тыныштандырды. Көп уақыт өтпей сахабалар келе бастады. Хазіреті Пайғамбар ﷺ сахабаларына:

«*Кіріңдер, ығысып отырмаңдар!*» деп айтып жатты. Аллаһ Елшісі ﷺ нанды үзіп, үстіне ет қояды, әр кез қазан мен пешті жауып отырады. Алғанын сахабаларына береді. Олардың барлығы тойғанша нанды үзіп, үстіне ет қоя береді. Ақырында бір мөлшер тағам артылып та қалды. Аллаһ Елшісі ﷺ Жәбирдің әйеліне:

«Бұны же, көршілеріңе де бер, өйткені аштық адамдарды әбігерге салды» — дейді (Бұхари, Мағази,29; Уақиди, II, 542).

Дін бауырын өзінен артық көріп, **«алдымен бауырым»** дей алу мәселесінде бақыт ғасырындағы адамгершілікті **Ибн Омар** ﵄ мына тамаша сөздермен баян етеді:

«Біз сондай замандар көрдік. Ішімізден ешкім өзін алтын мен күміске мұсылман бауырынан лайықты екенін ойламайтын. Қазіргі сондай кезеңдеміз, дүние затын мұсылман бауырымыздан көбірек сүйеміз» (Хәйсәми, X, 285).

Қоғамда материя-руханият тепе-теңдігінің руханиятқа қарсы бұзылып, иман махаббаты тез өшкен және рухтарда қатты ренжулер іске асып жатқан уақыттарда бұл кесте одан да жаман жағдайға бет алады. Кіші есептер мен дүниелік пайдалар үшін қаншама мүминдер арасында келіспеушілік пен суықтық орын алады. Надандық пен менмендік, сезім-талсыздық кесірінен Ислам бауырластығы әлсіздікке ұшы-ратылуда.

Ал, Хазіреті Пайғамбар ﷺ мүминдерге бауырларын өз жандарынан артық көріп, шынайы сүйіспеншілік күйін қалыптастыруды әмір етеді.

Бірақ сүйіспеншілік құрғақ сөзден тұрмайды. Бауырыңның дертіне ортақ болып, қиындығын бөліспей, кемшіліктерін кешіріп, өз ақыңнан бас тартпай шынайы мағынада сүйіспеншілік туралы әңгіме айта алмаймыз.

Сондықтан дін бауырластығы іске аспаған тек сүйіспеншілік сөздермен емес, іс жүзінде және айрықша сүйіспеншілік көріністерімен орындала алады. Іс жүзіндегі сүйіспеншілікке қол жеткізе алған кәміл мүминдер Хазіреті Пайғамбарға ﷺ бауыр болу сүйіншісіне ие болады.

Бір күні **Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз**:

«*Бауырларымызды көруді өте қалар едім. Оларды қаншалықты сағындым!*» — дейді.

Сахабалар:

«Біз сенің бауырларың емеспіз бе, о, Аллаһ Елшісі?!» — дейді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«*Сендер менің асхабымсыңдар, бауырларымыз әзірше келмегендер*» — дейді (Мүслим, Тахарат, 39, Фадаил, 26).

Аллаһ Елшісінің сүйіспеншілігіне және «бауырларым» ілтипатына лайық бола білуіміз үшін үмметінің дертіне ортақ болып, дін бауырларымыздың қызметінде болуымыз қажет. Өйткені құлына қызмет — Аллаһқа қызмет, үмметіне қызмет — Хазіреті Пайғамбарымызға қызмет сияқты.

Раббымыз біздерді бауырластық құқығына лайықты түрде мойынсұнып, бауырластық жауапкершілігінен ақталған деген құжатты ала алған бақытты құлдарынан етсін! Көңілдерімізді дін бауырластығының ұшқынымен, руханиятымен толтырсын!

Әмин...

Бауырластықты Жандандыру

Раббымыз мүминдердің бір-бірін жуатын екі қол сияқты болуларын қалайды. Бір-бірін жуатын екі қол сияқты болу – бір-бірінің материалдық-рухани кемшілігін толықтыру, қуаныш пен мұңын бөлісу, кемшіліктерін кешіру, дертіне ортақ болу, бір-біріне ақыл-кеңес айту және бауырын өзінен жақсырақ және тазарақ адам деп бағалау.

БАУЫРЛАСТЫҚТЫ ЖАНДАНДЫРУ

Аллаһ барлық мүминдерді бауыр деп жариялап, сол бауырластықтың шарты мен міндеттерін баян етсін деп, Хазірет Пайғамбар Мырзамызды бізге үлгілі тұлға ретінде ұсынған. Сахабалар мен Аллаһ достарын да бауырластық рух пен сезімінің биік көріністері еткен. Дүниеде тек мүминдерге ғана берілген бұл ерекше бақыт қазынасын қорғау – мүминдердің ең маңызды міндеті. Өйткені лайықты түрде ие болмаған құндылықтар уақыт өте келе қолдан кетеді.

Бауырластық жауһарын қорғау оны мейірім мен мархамат, нәзіктік пен жауапкершілік сезімімен өмір сүруге байланысты. Бұл мәселеде орындамау, оған мән бермеу – мүминдердің арасын бұзу үшін күтіп тұрған шайтанға есік ашу. Бұл мүмкіндікті қолға түсірген шайтан мүминдердің нәпсілерін әрекетке көшіріп, бір-біріне ренжуді қамтамасыз етуге кешікпейді.

ТАТУЛАСУ БАҚЫТЫНА ҮНДЕУ

Мүминдердің бір-біріне ашуланып өкпелеуі және өкпесін жалғастыру Ислам назарында өте ауыр күнә мен қылмыс деп есептелген. Хазірет Пайғамбар ﷺ Мырзамыз үмметі болған бізді бұл мәселеде былайша ескерткен:

«*Кім дін бауырына ренжіп, бір жыл бойы қатынаспаса, оның қанын төккен сияқты күнәлы болады*» (Әбу Дәуіт, Әдәб, 47/4915).

«*Мүминнің дін бауырына үш күннен артық ренжуі халал емес. Үш күн өтсе, онымен кездесіп сәлем берсін. Егер сәлемін алса, екеуі де сауапта ортақ болады. Егер сәлемін алмаса, алмағаны күнәлі болады. Сәлем берсе, ренжістен шыққан болады*» (Әбу Дәуіт, Әдәб, 47/4912).

«*Бір-біріңді көре алмау сияқты жаман мінезге бой алдырмаңдар. Өкпе мен ашуды бір-біріңе көрсетуге ден қоймаңдар. Бір-біріңнің айыптарыңды іздестірмеңдер. Басқалардың әңгімелеріне сырттай құлақ салмаңдар... Ей, Аллаһтың құлдары! Бауыр болыңдар!*» (Мүслим, Бир, 30).

Тағы **Хазірет Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың** баяны бойынша дүйсенбі мен бейсенбі күндері құлдардың жасаған істері Аллаһқа ұсынылады. Дін бауырымен арасында дұшпандық бар адамнан басқа Аллаһқа шірк қоспаған әрбір құлдың күнәлары кешіріледі. Періштелерге:

«Мына екі адамның кешірілуін бір-бірімен татуласқанша кешіктіріңдер!» — деп ескертіледі» (Мүслим, Бир, 35-36; Әбу Дәуіт, Әдәб, 47).

Ислам бауырластығын бұзу Аллаһтың мейірімінен мақрұм ететін ауыр иман әлсіздігі екені аяттарда былай баян етілген:

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ إِخْوَةٌ فَأَصْلِحُوا بَيْنَ أَخَوَيْكُمْ وَاتَّقُوا اللَّهَ لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ

«Мүминдер тек қана бауыр. Олай болса, бауырларыңның арасын түзетіңдер және Аллаһтан қорқыңдар. Бәлкім, сонда ғана кешірімге жетерсіңдер» (Хұжурат, 10).

فَاتَّقُواْ اللّهَ وَأَصْلِحُواْ ذَاتَ بِيْنِكُمْ وَأَطِيعُواْ اللّهَ وَرَسُولَهُ إِن كُنتُم مُّؤْمِنِينَ

«...Егер, (шын) **сенген болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар да,** (таласқа түспей) **араларыңды түзетіңдер, Аллаһқа және Оның Расулына бойсұныңдар!»** (Әнфәл, 1).

Аяттарда ренжіскен мүминдердің араларын түзету ашық әмір етілген. Яғни дін бауырластығы **«Менікі дұрыс, сенікі қате»** сияқты тартыстарға нүкте қойып, өткен дұшпандықтарды ұмытуға, керек жағдайда

нәпсісінен кеңпейілдік жасап, мүмин бауырын кешірудің ізгілігіне жетуді қажет етеді. Өйткені ренжу — Аллаһтың әміріне мойынсұнбау. Кәміл мүмин құны не болса да еш уақыт біле тұра Аллаһтың әміріне қарсы келмейді.

Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ Ислам бауырластығының иманмен байланысын былай түсіндіреді:

«*Иман етпейінше жәннатқа кіре алмайсыңдар. Бірбіріңді сүймейінше толық иман еткен болмайсыңдар. Сендерге бір нәрсе айтайын ба? Оны істесеңдер, бірбіріңді сүйесіңдер: Араларыңда сәлемді жайыңдар!*» (Мүслим, Иман, 93).

Олай болса дін бауырластығын қорғауда мұқиятты болу, ренішке орын бермеу — иман міндеті.

Ахнәф Ибн Қайс былай дейді:

«*Бауырластық іңкәр және нәзік жауһар. Оны қорғамасаң, апатқа ұшырайсың. Үнемі ашуыңды жеңумен оны қорға, саған зұлымдық еткен келіп сенен кешірім сұрасын. Барыңды қанағат тұтып, өзің үшін көбін іздеме, бауырыңның кемшілігіне қарама*» (Ихия, II, 466).

Расында Құран Кәрімде тақуа иесі мүминдердің қасиеттері сараланғанда:

الَّذِينَ يُنفِقُونَ
فِي السَّرَّاء وَالضَّرَّاء وَالْكَاظِمِينَ الْغَيْظَ وَالْعَافِينَ
عَنِ النَّاسِ وَاللّهُ يُحِبُّ الْمُحْسِنِينَ

«Олар (тақуалар) — **кеңшілікте де, таршылықта да инфәқ жасап** (Аллаһтың жолына жұмсап) **тұратындар,** (кек алуға құдіреті жете тұрып) **ашу-ызасын баса алатындар, адамдарды кешіре білетіндер. Аллаһ** (мұндай) **жақсылық істегендерді ұнатады» —** делінген (Әлү Имран, 134).

Мәулəнә Хазірет те мүминдердің Аллаһ үшін бір-бірінің кемшіліктерін кешіріп, жақсылық жасап, бауырластықты іске асырулары керектігін былай ишарат етеді:

«Дін бауырыңнан жəбір көрсең, оның мың пайдасы бар екенін есіңе түсір! Өйткені, жақсылық күнәға қарсы шапағатшы сияқты».

Дін бауырыңнан қателік пен кемшілік көрсең, оған ренжімей, оның қаншама жақсы қасиеттерінің бар екенін ойлап, сол үшін оны кешіріп, оның негізінде осындай жағдайларға жәрдемге мұқтаж болғанын біліп жанында болуың керек.

КҮНӘҒА ЖИІРКЕНІШ, КҮНӘҺАРҒА МЕЙІРІМ...

Риуаятқа сүйенер болсақ, екі бауырластықтың бірі тура жолдан тайғаны үшін екіншісіне:

«Енді бұл бауырыңнан бас тарт!» — деседі. Ол:

«Не себепті! Керісінше, негізінде ол қазір маған мұқтаж болды. Осындай кезде оны тастап кету дұрыс

бола ма?! Мен енді оған насихат етемін және түзелуі үшін Аллаһқа дұға етемін» дейді.

Жүнәйд Бағдади Хазіреттің бір шәкірті ұшыраған әлсіздігі кесірінен өте қатты ұятқа қалып, оқу орнынан қашады. Біраз уақыттан кейін көңілі қирауға айналған шәкірт достарымен бірге базардан өтіп бара жатқан Жүнәйд Бағдадидің көзіне түседі. Шәкірт ұстазын танып, ұялып, тез алыстай береді. Жағдайды сезген Жүнәйд Бағдади жанындағыларға:

«Сендер оралыңдар, менің ұямнан бір құсым қашты» деп, шәкіртінің артынан кетеді.

Кері оралып қараған шәкірт ұстазының өзін аңдып келе жатқанын көргенде, сасқалақтап адымдарын тездетеді. Шығар жолы жоқ көшеде ұяттан сасқалақтап, байқамай басын қабырғаға ұрып алады. Алдында тұрған ұстазын көргенде, түрден-түрге еніп, басын төмен иеді.

Хазірет мейірім толы үнмен:

«Балам! Қайда барасың? Кімнен қашасың?! Ұстаздың шәкіртіне жәрдемі мен қорғауы осындай қиын күндерде, мүшкіл уақыттарда болады» — дейді де, оны көңіл сарайына алып, дәрісханасына алып келеді.

Ислам бауырластығы қан бауырластығы сияқты. Тіпті, одан да үстем. Адамның күнәға батқан туысын тастап кетуіне рұқсат етілмегеніндей бауырлық еткен адамды да қате мен күнәлары үшін тастап кетуі дұрыс

емес. Дұрысы — құлағанды қолынан алып тұрғызу. Осы үшін Аллаһ Хазіреті Пайғамбарға ﷺ туыстары жайында:

فَإِنْ عَصَوْكَ فَقُلْ إِنِّي
بَرِيءٌ مِّمَّا تَعْمَلُونَ

«Егер саған қарсы келсе, "Мен сендердің амалдарыңнан аулақпын!" де» деген (Шұғара, 216). Назар аударатын нәрсе — Аллаһ **«Сендердің жасағандарыңнан аулақпын»** деуін әмір еткен, **«Сендерден алыспын»** дегенін емес! Яғни, күнәға деген жиіркеніште күнәһарға аудармау қажет.

Мүмин дін бауырының алдында не артында ол ұнатпайтын сөздер айтудан сақ болуы керек. Тек әмрү біл-мағруф уә наһю анил-мүнкәр мәселесінде үнсіз қалуға болмайды. Яғни, керек жағдайда дін бауырын ескерту үшін әдепке сай тілмен ешкім жоқ жерде, тасада өзара насихат ету қажет. Осындай жағдайда оның ұнатып-ұнатпауына мән берілмейді. Өйткені бұл ескертулер сырт көріністе қаншалықты ауыр тисе де ақиқатында ол үшін үлкен жақсылық.

Хақ досы **Абдұллаһ бин Мүбәрак** жаман мінезді бір адаммен жолаушылыққа шыққан еді. Саяхаттары бітіп, қоштасқанда Хазірет іштей жылай бастады. Бұл жағдайға таң қалған достары неліктен жылағанын сұрайды. Ол нәзік жанды Хақ досы терең күрсініп, жас толы көзімен:

«Мұншалықты сапарда бірге болған жолдасымның нашар күйлерін түзете алмадым. Ол бейшараның мінезін әсем ете алмадым. Бәлкім, өзімнің кемшілігімнен мен оған пайдалы бола алмадым? Егер ол менің қате мен кемшіліктерімнен дұрсы жолға келмеген болса, ертең (есеп күнінде) халім қалай болады!» — деді де, ыңырсып жылай берді.

Хадис шәрифте былай айтылған:

«Аллаһ үшін бір-бірін сүйген екі бауыр кездескен кезде бірі екіншісін жуатын екі қол сияқты. Екі мүмин бір жерге келгенде Аллаһ бірін екіншісінен пайдаландырады» (Ихия, II, 394).

Раббымыз мүминдердің бір-бірін жуатын екі қол сияқты болуларын қалайды. Бір-бірін жуатын екі қол дегені — бір-бірінің материалдық-рухани кемшілігін толықтыратын, қуаныш пен мұның бөлісіп, кемшіліктерін кешіріп, дертіне ортақ болу, бір-біріне ақыл-кеңес айту мен бауырын өзінен жақсырақ және тазарақ адам деп бағалау.

Сонымен бірге дін бауырының қатесін көргенде бірден жаман ойламай, алдымен жақсы ойлап, бұл іс-қимылының қандай бір себебі болған-болмағанын сұрап білу — бауырлас-тық әдебінен. Мүминдер үнемі бір-бірін жақсы бағалауы керек. Еш қор көрмеуі керек. Керісінше, бауырының Аллаһ алдында өзінен де қабыл екеніне сенуі керек.

БІРЛІК пен БІРЛЕСТІКТІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ – ИСЛАМ БАУЫРЛАСТЫҒЫ

Хазіреті Пайғамбар ﷺ алғашқы мұсылмандарды иләһи мейіріммен,ілтипатпен көктем мезгілі сияқты құшақтаған, бір-біріне дұшпан болған Араб рулары ерекше бауырластық күйінде сүйіспеншілікпен араласты. Бұл ақиқатқа аятта былай назар аударылған:

«Барлықтарың, түгелімен Аллаһтың жібін (Исламды) **бекем ұстаңдар, бөлшектеніп, айырылмаңдар. Сондай-ақ Аллаһтың сендерге берген нығметін естеріңе түсіріңдер. Бір кезде сендер бір-біріңмен дұшпан едіңдер, Аллаһ жүректеріңді** (Исламға бұрып) **жақындатқан еді. Міне Оның** (осы) **нығметінің арқасында** (діндес) **бауыр болып едіңдер...»** (Әлү Имран, 103).

Хазіреті Мәуләнә Ислам бауырластығын тамаша түсін-діреді:

«Хазіреті Пайғамбар ﷺ "Мұсылмандар бір жан сияқты" деген. Шынымен, бір дене болды. Бірақ Аллаһ Расулының арқасында болды. Әйтпесе әрбіреуі екіншісінің нағыз дұшпаны еді. Мәдинада Әус пен Хазраж есімді екі ру бар еді. Бұлар бір-бірінің қанын ішердей қас дұшпан еді.

Хазіреті Мұстафаның фәйізімен және Исламның нұрымен олардың ескі өшпендіктері жоқ болып

кетті. «Ол дұшпандар бастапқыда баудағы жүзімдер сияқты, жүзім шағындағы даналар сияқты бір-біріне байланысты еді, бір-бірінің бауыры еді. Бірақ ***«Мүминдер — бауыр»*** *— аяты түскеннен кейін оның ұшқынымен, руханиятымен сығылған жүзім даналарындай шырын күйіне енді. Олар шын мәнінде біте қайнасып, бауыр болды».*

Жәһилия дәуірінде зұлымдық пен азғындық, надандық пен жан түршігерлік қан дауларымен қан көліне айналған бәдәуи шөлдері Исламның нұрымен әдемі мәдениет бағына айналды. Бүгін бізге қиелі мирас ретінде жеткен Ислам бауырластығы сол бақыт шағының берекеті. Ислам бауырластық жүйесінің арқасында мүминдер ұлт, қауым, мамандық және мәзһәб сияқты әр түрлі болғанымен, ғасырлар бойы бірлік пен бірлестік қуанышымен өмір кешкен. Бұл қуанышты жоғалытып алу жеке адам мен қоғам үшін ең үлкен қасірет. Бірлік пен бірлестіктің тамырына балта шапқан нәпсіге тиісті іс-қимылдардың менмендік сөздерінің саясат пен басшылық жанжалдарының, ашу мен жиіркеніштің бір ғана шешімі — **«Ислам бауырластығы»**.

Аллаһ үшін арналған шынайы бауырластық түрлі дене мүшелерінің бір жүрекпен өмір сүргеніндей. Аллаһтың мейірімі мен берекеті бір және бірге болғандарға түседі. Қуат пен тәуфиқ бірліктен туады.

Белгілі оқиға:

Даналық иесі адам төсегінде жатып, ұлдарына өсиетін

айтып жатқанда бірнеше шыбық әкелуін сұрайды. Кейін алып келген шыбықтарды буып байлап, ұлдарына:

«Қане, енді мұны сындырыңдар» — дейді. Ұлдары сындыра алмайды.

«Енді шыбықтарды шешіп, бір бірден алыңдар. Көрейік, сындыра аласыңдар ма?» — деген.

Әрқайсысы бір таяқтан алып, сындырады. Адам ұлдарына:

«Ұлдарым! Міне, сендер менен кейін осы шыбықтар сияқтысыңдар. Бірге тату болғанда ешкім сендерді жеңе алмайды. Егер айырылып кетсеңдер, лезде сынасыңдар да, шашылып кетесіңдер! — деп, өмір бойы бір және бірге болуларын қалаған.

Аллаһ үшін бір-біріне сүйіспеншілікпен қарап, берік иыққа сүйеніп бірге күш жұмсап тырысқандар аят кәримәда былай мақталады:

اللَّهَ يُحِبُّ الَّذِينَ يُقَاتِلُونَ فِي سَبِيلِهِ صَفّاً كَأَنَّهُم
بُنيَانٌ مَّرْصُوصٌ

«Күдіксіз, Аллаһ Өзінің жолында мықты қаланған қабырғалар сияқты, сап түзеп соғысқандарды жақсы көреді» (Саф, 4).

Хадис шәрифте де мүмнидердің қалай бір дене, бір жүрек болу керектігі жайлы былай баян етілген:

«Мумин мен муминнің жағдайы бір бөлігі екінші бір бөлігін мықты тіреп тұрған ғимараттар сияқты».

Хазіреті Пайғамбар ﷺ мұны түсіндіргенде екі қолының саусақтарын бір-бірі арасына өткізіп, байлаған» (Бұхари, Салат, 88, Мүслим, Бирр, 65).

Хақ досы **Мәуләнә Хазірет** те:

«Сый иелері сегіз мың адам болса да бір адамнан көп емес» деген.

ДІН БАУЫРЫҢНЫҢ ДЕРТІНЕ ОРТАҚ БОЛУ

Міне, осындай көңіл бірлігінен муминдер дін бауырларының қуанышына қуанып, қайғыларына мұңаяды. Хазіреті Пайғамбар ﷺ мұны мына салыстырмалы түрде түсіндіреді:

«Муминдер бір-бірін сүйгенде, мейірім еткенде және қорғағанда бір денеге ұқсайды. Дененің бір мүшесі наукас болғанда басқа мүшелерінің де ұйқысы қашып, ыстығы көтеріліп, ауруға шалдығады» (Бұхари, Әдеп, 27; Мүслим, Бир, 66).

Дін бауырыңның дертімен дерттеніп, оның емделу жолын іздеу Аллаһтың ризалығын алып келетін үлкен қоғамдық құлшылық. Бұған мәнсіз қарау — менмендік. Сондықтан әрбір мумин дін бауырының дертін түрінен сезуі қажет.

Хақ досы **Әбул-Хасан Харақани** Хазіреттің бұл мәселеде сезімталдығы неткен тамаша! Хазірет айтады:

«*Түркістаннан Шамға дейінгі аланда дін бауырымның саусағына батқан тікен менің саусағыма батқан, оның аяғына тиген тас менің аяғыма тиген. Мен оның ауруын сеземін. Бір жүректе мұңы болса, ол жүрек менің жүрегім*».

Міне, шынайы Ислам бауырластығындағы қажетті кө-ңіл көкжиегі...

Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ да тек өзін ойлап, дін бауырының қиындығына мән бермеген адамның Ислам мінезіне сәйкес келмейтінін айтқан.

«*Көршісі аш болып, өзі тоқ жатқан адам мұмин емес*» (Хаким, II, 15).

«*Мұминдердің дерттерімен дерттенбеген бізден емес*» деген (Хаким, IV, 352; Хәйсәми, I, 87).

Сондықтан дін бауырының қиыншылығына мән бермеу – өте ауыр күнә. Сондай-ақ мұндай еленбеген бір сәттік бейқамдыққа бой алдырған **Сәри Сақати** Хазірет сол күйінен сезген өкінішін былай түсіндіреді:

«Бір күні Бағдат базары өртенген еді. Біреу жүгіріп маған келді де: «Барлық Бағдат базары жанып кетті, бір сіздің дүкеніңіз ғана аман қалған. Сүйінші!» – дейді. Мен де дүкендері жанып кеткен басқа бауырларымды ойламай, өз атымнан: «Аллаһқа шүкір» – дедім. Бірақ

отыз жылдан бері осы бейқамдық сәтім үшін истиғфәр етіп келемін» (Хатиб, ал-Бағдади, Тарих, IX, 188; Зәһәби, Сияр, XII, 185, 186).

Бір сәт болса да тек өз басын ойлап, қиындыққа тап болған дін бауырларының қиналуынан алыс қалғаны үшін отыз жыл сол бейқамдық тәубесінде бола білу... Қандай сезімтал бауырластық көкжиегі десеңізші!

Ислам тарихында бесінші Рашид Халифа деп саналатын **Омар ибн Абдулазиз**дің дін бауырластығы сезімталдығымен иленген көңіл пішінін көрсететін күйін әйелі Фатима былай жеткізеді:

«Бір күні Омар ибн Абдулаздың жанына келдім. Намазханасында отыр екен. Қолын маңдайына сүйеген, тоқтамай жылап жатыр. Көз жасы жағын сулаған. Одан не болғанын сұрадым. Былай деп жауап берді:

«Фатима! Бұл үмметтің ең ауыр жүгі менің мойнымда. Үммет ішінде аштар, кедейлер, дәрі таба алмаған науқастар, киетін киімі жоқтар, мойны иілген жетімдер, жалғыз қалған жесір әйелдер, ақысын ала алмаған мазлұмдар, кәпірлердің қолындағы мұсылман тұтқындар, қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жұмыс істеу күшінен айырылған мұқтаж кәрілер, жанұя мүшелері көп болған кедей жанұя басшысы...

Алыс-жақын жерлердегі осындай мүмин бауырларымды ойлаған сайын жүрегім езіліп кетеді. Ертең есеп күнінде Раббым бұлар үшін мені жауапқа тартса, Аллаһ Елшісі бұлар үшін маған сөгіс пен өкінішін білдірсе, мен не деп жауап беремін?!» (Ибн Касир, 9/201).

Бұл мысал мүминдерге деген басшылық жауапкершіліктері барлардың ие болулары керек бауырластық сезімталдығын көрсетеді. Бірақ, жеке тұлға ретінде әрбір мүминнің дін бауырларымен шын жүрегімен бірлікте болуы керек.

Бұл туралы сахабалардың сан жетпес ізгілік үлгілерінің бір мысалы мынадай:

Исламның алғаш жылдарында мұсылмандардың бір бөлігі Хабешстанға қоныс аударды. Онда оларды жақсы қарсы алды. Біраз уақыттан кейін Меккелік мүшріктердің мұсылман болғандары туралы негізсіз хабарларға сеніп, кері оралады. Меккелік мүшріктер оралған мүһәжірлердің Хабешстанда қошеметпен қарсы алынғанын естігенде, бұдан үлкен қауіп сезеді де, жасап жатқан қорлықтарын одан сайын арттырды.

Туысы Уәлид ибн Мұғираның қамқорында еркін өмір сүрген **Осман ибн Мазғун** رضي الله عنه Аллаһ Елшісі ﷺ мен сахабаларының ақылға сыймайтын зұлымдық қорлықтарға душар болғандарын, кейбіреулерінің отпен күйдірілгенін, қамшымен соққыға жығылғандарын көргенде, үлкен ойға шомды:

«Аллаһқа ант етейін, Уәлид бин Мұғира сияқты мүшріктің қорғауында қауіпсіздікте өмір сүріп, жолдастарым мен туыстарымның Аллаһ жолында тартқан қорлықтарын менің шекпегенім үлкен кемшілік! Аллаһтың қорғауы одан да абыройлы және қауіпсіз! — деп ойлап, қамқоршысы Уәлидтің жанына барды да, оған:

«Ей, немере ағамның ұлы! Сен мені қорғауыңа алдың, сөзіңді жақсы орындадың! Енді сенің қамқорыңнан шығып Аллаһ Елшісінің ﷺ жанына барғым келеді. Ол және сахабалары мен үшін ең көркем үлгі. Мені Құрайштықтардың жанына алып барып, қамқорыңнан шыққанымды айт» — дейді (Ибн Исхақ, Сирәт, Кония, 1981, 158 б.; Хәйсәми, VI, 34).

Осман ибн Мазғун мүминдермен дерттес болуды таңдады. Олар жәбір-жапа шегіп жүргенде өзінің рахат өмір сүріп жүруі ішіне сыймады. Қолынан еш нәрсе келмесе де, мұсылмандардың дерттеріне тек осылай қосыла білген. Бүгінгі Ислам географиясының мазлұм мен өкінішті көріністер алдындағы жағдайымызды бұл бауырластық сезімімен терең ойлауымыз қажет.

ИҒТИКӘФТАН ШЫҚҚАН САХАБА...

Мүмин әр кез бен мекенде Аллаһтың ризалығына себеп іздейді. Дін бауырының дерттерімен айналысу Аллаһтың ризалығы ізделетін ең көркем жолдардан бірі. Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Құл бауырына жәрдем еткен сайын Аллаһ та құлына жәрдем етеді» — деген (Мүслим, Зикр, 37-38).

«Мұсылман мұсылманның бауыры. Оған зұлымдық етпейді, оны дұшпанға бермейді. Дін бауырының қажеттілігін қамтамасыз еткен мұсылманның қажеттілігін де Аллаһ қамтамасыз етеді. Мұсылманның бір қиыншы-лығын шешкен адамның

қиямет күніндегі қиыншылықтарының біреуінен де Аллаһ құтқарады...» (Бұхари, Мәзәлим, 3; Мүслим, Бир, 58).

Сондықтан әр мүмин дін бауырының қиындығын өз көңілінде сезе білуі керек және бұл үшін қолынан келгенін жасауы қажет. Аллаһты ең көп разы қылатын іс-қимыл құлының өзінен басқаларын көбірек ойлауы, олардың рахатын өз рахаты деп, тыныштығынан абзал көруі қажет.

Пайғамбари тәрбиемен өскендіктен **«өзім, өзім»** деген менмендіктен құтылып, **«үмметім, үмметім»** деген қамқорлыққа жеткен сахабаның Ислам бауырластығындағы көңіл көкжиегін көрсететін мына оқиға да тамаша ғибратты:

Ибн Аббас رضي الله عنهما Хазіреті Пайғамбарымыздың мешітіндегі иғтикәф кезінде бір адам жанына келіп, сәлем берді. Ибн Аббас رضي الله عنهما сәлемге жауап қайтарғаннан кейін:

«Бауырым, сенің шалдыққаныңды, мұңлы екеніңді көріп тұрмын» — дейді.

Адам:

«Иә, ей, Расулұллаһтың көкесінің баласы! Мұңлымын! Пәленше адамның менде уәлә ақысы бар (оған мал-мүлік беруім шартымен мені азат етті). Бірақ мына қабірдің иесінің (Аллаһ Елшісі) құрмет-беделі үшін айтайын, оның ақысын әлі өтей алмай жүрмін» — дегенде, Ибн Аббас رضي الله عنهما:

«Сен үшін ол адаммен сөйлесейін бе?» — деп сұрайды.

Адам: «болады» дегенде, дереу аяқ киімін алып, мешіттен шығады.

Адам: «Иғтикафта екеніңді ұмыттың ба? Не үшін мешіттен шықтың» — деп, артынан ере шығады.

Ибн Аббас ﷺ:

«Жоқ! Мына қабірде жатқан және арамыздан жаңа ғана озған ардақты адамнан естідім (бұларды айтып жатқанда көздерінен жас ағып жатты):

«Біреу дін бауырының бір ісін бақылап, оны шешсе, бұл оның өзі үшін он жыл иғтикәфта қалуынан қайырлы. Бір адам Аллаһ ризалығы үшін бір күн иғтикәфқа кірсе Аллаһ ол адаммен тозақ арасында үш ор жаратады. Әр ордың арасы шығыс пен батыстың арасындай алыс» (Бәйхаки, Шұаб, III, 424-425).

Дін бауырының кемшілігін толтыруға тырысу Аллаһ алдындағы құнды қызмет екенін Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың мына сүйіншілі хабарынан анық көреміз:

«Аллаһ адамдардың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін біршама адамдар жаратқан. Ол адамдар мұқтаждықтарымен оларға қарай жүгіреді. Міне, солар Аллаһтың азабынан қауіпсіздіктегі адамдар» (Хәйсәми, VIII, 192).

ИЛӘҺИ МЕЙІРІМ – ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН

Ислам бауырластығын іске асыру мәселесінде Рамазан күндері ерекше нығмет. Иләһи мейірімнің асып-тасыған қасиетті айда бауырластық міндеттерін орындауда үлкен сезімталдық көрсету қажет.

Адамдардың ең жомарты **Хазіреті Пайғамбар** ﷺ қасиетті Рамазанда еш кедергісіз жанға жағымды мейірім желдерінен де жомарт болып, барлық құлшылық пен жақсылықтарын арттыратын. Өзінен:

«Сауап жағынан қай садақа үлкенірек?» — деп сұралғанда:

«*Рамазанда берілген садақа...*» — деген (Термези, Зекет, 28/663).

Өйткені Рамазан айы барлық жақсылықтар еселеген сауаппен марапатталатын иләһи сый маусымы. Ішінде мың айдан да қайырлы Қадір түні бар қасиетті Рамазанды лайығымен ұстанғандар сансыз нығметтерге қол жеткізеді. Оған мән бермегендер алпауыт мақрұмдыққа душар болады.

Расында **Хазіреті Пайғамбар** ﷺ бір хадисінде былай дейді:

«... *Маған Жәбірейіл көрінді: "Рамазанға жетіп, күнәлары кешірілмеген адам мейірімнен алыс болсын!" — деді. Мен де: «Әмин» дедім...*» (Хаким, IV, 170/7256; Термези, Дәауат, 100/3545).

Тасқа немесе теңізге жауған көктем жаңбырының ешқандай пайдасы жоқ болса, қасиетті Рамазанның ақиқатына жете білу үшін де ол айға тән кешірім жаңбырларынан әсем түрде пайдалану қажет. Қасиетті Рамазанды бір жыл бойы жоғалтқанымызды толықтырып, қателіктеріміздің кәффәратын өтеу мүмкіндігі деп біліп, ынта мен қайраттылықпен оның мейірім мен кешірім бөлімінен үлес алуға тырысуымыз қажет.

Аталарымыз бұл мәселеде де бізге айрықша естеліктер қалдырып кеткен. Әсіресе осы айда көшелеріндегі әлсіз, ешкімі жоқ жетім-жесір, кедейлерге үйлері мен көңілдерін ашатын, аузы беріктерге ауызашар беріп, ерекше сыпайылықтармен қошемет көрсетіп, сый үстіне сый ететін. Мешіт ауласында тарауихтан шыққандарға ең сапалы балдан жасалған шәрбеттер ұсынған. Зекет, пітір-садақаларымен жабырқаулы көңілдердің жұбанышы, мұңды көңілдердің дертіне ортақ болған. Айт мерекелерін де реңжіскендерді татуластыруға мүмкіндік білген. Осылай қоғамның барлық сатыларын бір-біріне бауырластық пен сүйіспеншілік сезімдерімен байланыстырған.

Бұл Ислами көркемдіктермен қасиетті Рамазанды тиімді өткізіп, ақыры иләһи кешірім құжатын алып, ақиқи айт мерекесіне жете білгендер қандай бақытты! Әр кешін Қадір, әр көргенін Қыдыр ата деп біліп, бұл мәңгілік табыс мүмкіндігін жіберіп алмағандар қандай бақытты!

Аллаһ баршамызды иман сезімталдығымен дін бауырластығын іске асырған салих құлдарынан етсін. Бүкіл өміріміздi Өзінің ризалығына сай амалдармен жандандырып, мәңгі айттарға жетуімізді сыйымен, жомарттығымен тарту етсін!

Әмин...





Аллаһ үшін сүю, жек көру

Иманның жетелеуінен мақрұм сүйіспеншілігін қайда бағыттайтынын білмеген адам теңіз ортасында кілті бұзылған кеме сияқты.

Лайықтысын таба алмаған сүйіспеншіліктер фәни өмірдің өкінішті ысырaптары. Түкке тұрғысыз мүдделердің қыспағында қалған сүйіспеншіліктер жол шеттерінде ашқан гүлдерге ұқсайды да, ертелі-кеш аяқ астында болуға, құрып кетуге мәжбүр. Көшеде түсіп қалған гауһар тас қандай!

Лайық болмаған қолдың ақысыз мүлкі болу қандай өкінішті!

АЛЛАҺ ҮШІН СҮЮ, ЖЕК КӨРУ

Махаббат сүюшінің сүйген адамында өзінің ерекшеліктерін көруінен туындайды. Аллаһ Тағала құлында өзінің әсем сипаттарын көргенде, ол құлын сүйеді. Яғни мүмин Аллаһ пен Елшісі бұйырған, кеңес берген көркем мінезді өз бойларына дарытқан мөлшерде иләһи сүйіспеншілікке ие бола алады.

Бұл әлемде күллі болмыс өзінің қарама-қайшысымен бар. Сүйіспеншіліктің қарама-қайшысы жек көру болғандықтан Аллаһтың сүймеген нәрселерінен жиркену де Оны сүюдің ең табиғи өлшемдерінен.

Расында Аллаһ "Сүйіктім" деген Елшісіне қорлық көрсеткен Әбу Ләһәбке лағынет еткен және бұл иләһи ашуын Құран Кәрімде арнайы бір сүремен барша адамзатқа баян еткен. Олай болса, былай деуге болады — қарама-қайшылықтарына жиркеніш көрсетілмей іске асқан сүйіспеншілік кем, салмақты және шындықтан алыс.

Сүйіспеншіліктің Жаратушысы, бұлағы және соңғы мақсаты — Аллаһ. Мүмин барлық фәни сүйіспеншіліктерді иләһи махаббатқа жетелейтін баспалдақ деп білуі қажет. Өйткені шынайы махаббат фәни сүйіспеншіліктердің тар шеңберін асқаннан кейін басталады. Иләһи махаббаттың ләззатымен салыстырғанда басқа сүйіспеншіліктердің өткінші де қас қағым сәттік ләззаттары күн алдындағы шырақтың сәулесіндей өшіп қалады.

Хазіреті Мәуләнә бұны қандай тамаша баяндайды:

«*Аллаһ Тағала бір жұтым иләһи сүйіспеншілікке сондай ерекшелік берген, одан нәсіп алған екі әлемнің де қауіп-қатерінен аман болады*».

Хақ достары махаббатта тереңдеудің айқын мысалдары. Аллаһ махаббатын лайықты түрде татқан шынайы муминдер Аллаһты, Елшісі мен Олардың сүйгендерін де сүйеді. Жүректерінде басқа барлық сүйіспеншіліктердің өмірі бітеді.

Әке-шеше, бала-шаға, мүлік, жан, жұбай-дос, көрші, ұлт, Отан, азан, ту, және сол сияқты әр бір нәрсені, яғни Аллаһтың барлық нығметтерін Аллаһ үшін сүю — махаббаттың ақиқатына ие болудың белгілері. Өйткені Аллаһтан өзгеге жөнелгендей көрінген осы сияқты сүйіспеншіліктер негізінде Аллаһ үшін болғандықтан жүрекке бақыт сыйлайды.

ПАЙҒАМБАР АҒАШЫНЫҢ ЖЕМІСТЕРІ

Риуаятта бір күні Аллаһ Елшісі ﷺ Хазіреті Әлиден:

«*Ей, Әли! Аллаһты сүйесің бе?*» — деп сұрайды.

«Иә, ей, Аллаһ Елшісі, сүйемін».

«*Оның Елшісін де сүйесің бе?*»

«Иә, ей, Аллаһ Елшісі!»

«*Қызым Фатиманы да сүйесің бе?*»

«Иә, ей, Аллаһ Елшісі!»

«*Жарайды, Хасан мен Хұсайнды да сүйесің бе?*»

«Иә, ей, Аллаһ Елшісі!»

Сонда Аллаһ Елшісі ﷺ:

«*Ей, Әли! Көңіл біреу ғана, сүйіспеншілік төртеу. Бір жүрекке мұнша сүйіспеншілік қалай сияды?*» — деді.

Хазіреті Әли رضي الله عنه бұл сұраққа жауап бере алмайды. Толғанып, үйіне оралады. Хазіреті Фатима ері Хазіреті Әлиді үнсіз келіп, ойға шомғанын көргенде себебін білгісі келеді. Не болғанын білу үшін, жәймен ғана:

«Сені үнсіз көріп отырмын. Қайғылы бір нәрсе болды ма?» — деп сөзін бастайды. «Егер мұңайған нәрсеңіз дүниеге байланысты болса, мұңаюға тұрмайды.

Ахіретке байланысты бір мәселе болса, сені мұңайтқан не?» — деп сұрайды.

Хазіреті Әли ﵁ басынан өткендерін айтады. Хазіреті Фатима жағдайға қанық болғаннан кейін күлімсіреді де:

«Қанеки, әкемнің жанына бар да, бұл сұрақты былай шештік» — деп, кейбір түсініктемелер береді. Хазіреті Әлидің көңілі бұл түсініктемелерге разы болады. Дереу Расулұллаһ ﷺ Мырзамыздың құзырына жөнеледі:

«О, Расулұллаһ! Адамның оңы мен солы, алды мен арты, арқасы деген жақтары бар. Жүрек те осылай. Мен Аллаһты ақылыммен, иманыммен, сізді жаныммен, иманыммен, Фатиманы адами жаныммен, Хасан мен Хұсайынды әкелік табиғи қажеттілігіммен сүйемін» — дейді.

Екі әлем нұры Мырзамыз ﷺ бұл жауапқа күлімсіреп:

«*Ей, Әли! Бұл сөздер тек пайғамбар ағашының бұтағынан алынған жемістер*» — дейді[38].

Көріп тұрғанымыздай өзегінде Аллаһ ризалығы бар барша сүйіспеншіліктер қабыл етіледі. Аллаһ разы болмаған сүйіспеншіліктер жүректің рухани ісік ауруы.

38. Түркия газеті, Ислам ғалымдары энциклопедиясы, I, 145.

КӨҢІЛДІ БҰЗАТЫН ДҮНИЕ СҮЙІСПЕНШІЛІКТЕРІ

Аллаһ Тағала құлына мәңгі бақытты уәде етсе, оның дүниелік қалауларға жөneліп, Раббысын ұмытуы, **Фәридүддин Аттар**дың жеткізген хикаядағыдай, бір падишахтың жанындағы үлкен беделді бір аң итінің аң кезінде әншейін бір сүйекке еріп, асыл иесі падишахты ұмытқаны сияқты ақымақтық. Дүние сынағында адам осы мысалдағыдай көп сүйектерге немесе қармақ ұшындағы жемдерге жолығады.

Хазіреті Мәуләнә қалай тамаша айтқан:

«Көп балықтар суда қауіпсіз жүрсе де, тамаққа құштарлығынан қармаққа түскен».

Құлдың нәпсі қалауларының тұтқыны болып, Раббысын ұмытудың да бұдан айырмасы жоқ. Құлдың дүниенің алдамшы елестеріне алданып, Аллаһ алдындағы ұлық мәртебесін жоқ етуі ерекше гауһар тастармен безендірілген алтын құмыраны қарапайым темір бөлігіне сатуы сияқты ақымақтық.

Хазіреті Мәуләнә адамның бұл оғаш алданышын былай салыстырып түсіндіреді:

«Қойдың қасқырдан қашуы адамды таңыртпайды. Өйткені қасқыр қойдың дұшпаны және аулаушысы. Негізінде, таң қаларлық нәрсе — қойдың қасқырға құмартып, көңіл аударуы».

Шынайы мүмин — мақлұқаттың ең ардақты болмысы. Ол махаббат қаржысын қате қолданып, абыройы мен қасиетін жоғалтатындай деңгейде төмендей алмайды. Бір жұтымдай дүние ләззаттарына алданып қалатындай кішірейместі. Тәни болмысының әуестіктері мен құмарлықтарын қанағаттандыруды шынайы бақыт деп ойлау ақымақтығын жасамайды.

Аят кәримәда айтылған:

«(Расулым!) **Нәпсісін** (нәпсі қалауларын) **тәңір тұтып алған адамды көрдің бе?...»** (Фұрқан, 43).

Хадис шәрифте:

«*Жер бетіндегі табынылған жалған тәңірлердің ішіндегі Аллаһтың ең көп жек көргені — әуестік пен құмарлық*» — деген (Хәйсәми, I, 188).

Зүннун Мысри Хазірет махаббат пен жек көруді дұрыс қолданудың жолын былай түсіндіреді:

«*Аллаһтың досы ретінде нәпсіге қарсы болу керек. Нәпсінің досы болып Аллаһқа қарсы емес!*»

Яғни, Аллаһқа дос болу үшін нәпсінің тұтқындығынан құтылу керек. Басқаша айтқанда нәпсінің қалауларына құл болмау арқылы Аллаһ достығына жете білу.

Бірақ иманның жетелеуінен мақрұм болып, сүйіспеншілігін қайда бағыттайтынын білмеген адам теңіз ортасында кілті сынған кеме сияқты. Нәпсіге тән шылаулар оны ізінен алып кетеді. Ақыл мен сананы, ұжданды

істетпей қояды. Өйткені ақиқатпен шұғылданбаған жүректі қателік басып алады. Дұшпан шабуылына тап болған өлке сияқты жарамсыз сүйіспеншіліктерге тұтқын болған жүректе де бақыт қалмайды.

Иманның ләззатына теріс келетін сүйіспеншіліктер мүминнің өзімен соғысуына, иманның жарақаттануына, тіпті, күпір саздауытына түсуіне де себепші бола алады. Олай болса, қалай қарнымызға лас және арам тағам түспеуі үшін мұқиятты болсақ, лайық емес сүйіспеншіліктерді көңілге кіргізбеу мәселесінде де тура сондай сезімталдық танытуымыз қажет. Жүректе иман сүйіспеншілігінің қорғалуы үшін

ЛАЙЫҚТЫҒА МАХАББАТ ТИІСТІГЕ ЖИІРКЕНІШ

Сүйіспеншілік пен жиіркеніш сезімдері Аллаһ үшін болмаса, жиіркеніш көрсетілуі керекке сүйіспеншілік танытып, сүйіспеншілік сезінуі керекке бейқам қалу рухани үлкен апат. Сондықтан **сүйіспеншілікті лайықтыға, жиіркенішті тиістіге** арнау шарт.

Аят кәримәда:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар!» — делінген (Тәубе, 119).

Өйткені салихтардан үнемі фәйіз, руханият пен болымды қуат өтеді. Ал дін дұшпандары мен пасықтарға

сүйіспеншілік таныту апат әкеледі. Осыған орай аят кәрімәда:

«... Залым адамдармен бірге отырма» — делінген (Ән'ам, 68).

Дін дұшпаны жасаған бір қабырғаға «уа, не тамаша!» — деп айту жүрекке кері әсер тудырады. Өйткені оның ісін, еңбегін ұнату Аллаһ дұшпанының абыройын жоғарылататындықтан Аллаһтың азабын тартады. Ислами тұлғалықты әлсіздікке түсіретін бұл жағдай қаншама мүминдердің бейқамдық танытқан сынақтың ең шатақ жері.

Бұл мәселеде Османлы патшасы **II Баязид** көрсеткен нәзік парасатынан біздер де үлгі алуымыз керек. II Баязид кезеңі Османлы мемлекетінің өркениеті мен мәдениетінің негізін қалаған уақыты. Атақты Италияндық құрылысшы және суретші **Леонардо Да Винчи** Баязид Ханға хат жазып, Ыстанбұлдағы мешіт пен басқа құрылыстардың жоспары мен жобалары туралы ұсыныс жасаған. Бұл ұсыныс сарай уәзірлері арасында қуанышпен, қобалжулармен қарсы алынды. Баязид Хан бұл ұсыныстан бас тартып, былай деді:

«Егер бұны қабыл етсек, елімізде әдіс пен рух жағынан шіркеу сәулетінің өрнегі бар сәулет үстем болады. Өзіміздің Ислами сәулетіміз дами алмайды, тұлғасын қа-лыптастыра алмайды».

Міне, осы дұрыс пікір парасатты мүминнің Ислам өжеттігі мен иман асылдығын білдіреді. Осылай II

Баязидтен кейін Османлы Ислам сәулеті де өз шыңына шықты. Бұл түсінік аясында Исламның рухы геометрияға қашалып, құндылығын осы күнімізге дейін қорғап келген **Сүлеймания** және сол сияқты құлшылық орындары тізбегі пайда болған.

Егер бұл сезімталдық болмағанда, Исламның сыпайылығын, әдемілігі мен сәнін, айбындылығын көрсететін сәулет өнері ортаға шыға алмас еді. Мимар Синандар, Хаттат Хамдұллаһтар, Карахисарилар мен ұқсастарын жетілдіретін мәдениет арнасы болмас еді. Сондықтан әр мәселеде Ислами тұлғалық пен өжеттігін көрсетіп, мұсылман еместердің өмір үлгісіне ынтығудан сақтану керек.

Хақ достары залым мен пасық, кәпірлердің өмір үлгілеріне қызығу түгілі олардың жақсылықтарына ие болудан да сақтанған. Өйткені адам сыйға жеңілген. Көңілде жақсылығы байқалған адамдарға деген жақындық пен тартымдылық сезімі туады. Сондықтан зәрушілікпен қажеттілігімізді айтуға тура келгенде салих адамдарға жүгінуіміз керек. Мәрт емес адамға мұқтаж болудан Аллаһқа сыйыну керек.

Қажеттілігін басқаларға айтып, олардан бір нәрсе сұрайтын-сұрамайтыны туралы сұраған сахабаға Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Жоқ, сұрама! Сұрауға қатты мәжбүр болсаң, тек салихтардан сұра» — деген (Әбу Дәуіт, Зекет, 38).

Бұл мәселеде Перғауын сиқыршыларының жағдайы өте өнегелі:

Бұрын Перғауынның құрметі мен абыройына бөленген сиқыршылар көрген мұғжизалары себебінен иман етеді. Перғауын олардың бұл істеріне қатты ашуланады. Оларды өлтірумен қорқытады. Сиқыршылар иман асылдығымен, тұрақтылығымен имандарынан қайтпайды. Теріс сенім мен жүйеге бойсұнбайды.

«Сенің зұлымдығың дүниеге тән. Сен қалауыңша шешім шығара аласың. Біз қалай болғанда Раббымызға ораламыз» — деп, қарсылық берді. Қолдары мен аяқтары қиғаш кесіліп, құрма ағаштарына асылмай тұрып, адами әлсіздік танытпау үшін де қолдарын аспанға жайып:

«... "О, Раббымыз! Бізге (мол) **сабыр-шыдам жаудыр** (бере гөр) **әрі мұсылман қалпымызда жанымызды алғайсың!"»** (А'раф, 126) деп дұға етіп, Аллаһқа жалбарынды. Ақыры шәһид болып Раббыларына қауышты.

Бақыт ғасырында іске асқан мына оқиғалар да Аллаһтың кәріне ұшыраған адамдарға қарсы ұстану керек көңіл күйінің ең көркем мысалдары:

Мүшріктер Хұдайбия келіссөзін екі жылдан кейін мұсылмандарға қарсы жасаған үлкен қантөгіспен бұзды. Және де Аллаһ Елшісінің жаңадан жасаған татуластық ұсынысына да мән бермеді. Кейін үлкен үрейге беріліп, көсемдері **Әбу Суфиян**ды Мәдинаға жібереді.

Мәдинада ешкім Әбу Сүфянға қарамайды. Хазіреті Пайғамбарымыздың әйелі **Үммү Хабибә** анамыз Әбу Сүфиянның қызы болғанына қарамай, үйіне дейін келген әкесінің отырғысы келген төсеніште астынан суырып алды. Әбу Сүфиян таң қала:

«Қызым, төсеніште маған лайық көрмедің бе, әлде мені төсенішке лайық көрмедің бе?» — деп сұрайды.

Үммү Хабиба анамыз:

«Бұл төсеніш Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыздыкі. Сен нәжіс мүшрік болғандықтан оған отыруға лайық емессің» — деп жауап береді.

Әбу Сүфиян бұл сөздерді естігенде қатып тұрып қалады:

«Қызым, сен бізден кеткелі бір түрлі болып қалыпсың!» — дейді.

Үммү Хабиба анамыз:

«Жоқ, Аллаһ мені Исламмен абыройлы етті» — деп, иман сүйіспеншілігінің барлық нәрседен де жоғары боларлық құнын жеткізген болды (Ибн Хишам, IV, 12-13).

Яғни иман абыройы барлық фәни қатынастардан биік.Аллаһ үшін жек көрілуі керек адам өз туған әкесі болса да, жек көре білу тек иман асылдығынан туындайтын жайт.

Бақыт ғасырынан иман күшімен көрсетілген тағы бір мысал:

Аллаһ Елшісі ﷺ Хұдайбия келіссөзі алдында **Хазіреті Осман**ды елші етіп Меккеге жібереді. Хазіреті Осман ниеттерінің тек Ұмра жасап қайту екенін түсіндірсе де, мүшріктер рұқсат бермейді. Хазіреті Османды көзбен торуылдап:

«Қаласаң, сен Қағбаны тауаф ете аласың!» - дейді.

Барлық мұсылмандар тауаф етпекші болып жүректері толқындап, Қағба көздерінде түтеп тұрған болатын. Тіпті, кейбіреулері Хазіреті Осман Қағбаны тауаф етеді деп ойлап, оған қызығушылықпен қарап жатқан болатын. Бірақ өзін Аллаһ пен Елшісіне атаған берік сахаба:

«Хазіреті Пайғамбар ﷺ Қағбаны тауаф етпейінше мен тауаф ете алмаймын! Мен тек Оның арқасында Бәйтұллаһты зиярат етемін. Аллаһ Елшісі қабыл етілмеген жерде мен де жоқпын...» — деп, Ислам өжеттілігімен, тұлғалығымен тамаша үлгі көрсеткен (Ахмед, IV, 324).

Үмметі ретінде біздің сезімталдығымыз да Аллаһ Елшісінің ﷺ сезімталдығымен бірдей болуы керек. Бұл Оның сүйгенін сүю, жек көргенін жек көру.

ШЫНАЙЫ МАХАББАТТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Бір сұхбат кезінде **Сәубан** رضي الله عنه Аллаһ Расулы ﷺ Мырзамызға терең, қатты қадалып қарайды. Соншалықты оның бұл күйі Аллаһ Елшісінің назарын аудартты. Мейіріммен:

«Ей, Сәубан! Не бұл күйің?» деп сұрады.

Пайғамбар ғашығы Сәубан ﵁ былай деді:

«Әке-шешем, жаным Саған пида болсын, о, Аллаһ Расулы! Саған деген зарығу жүрегімді қатты жалындатқаны сонша, нұрыңнан бөлек өткізген әр сәт маған бөлек бір көш сияқты. Дүниедегі жағдайым осылай болса, ахіретте қандай болмақ деп уайымдаймын. Сен онда пайғамбарлармен бірге боласың. Менің не боларым және қайда боларым белгісіз! Ал жәннатқа кіре алмасам, сені көруден толық мақрұм қаламын! Бұл күй мені қатты қинап, толғандырады, жанымды күйдіреді, о, Аллаһ Елшісі!».

Бұған Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз:

«Адам сүйгенімен бірге...» — сүйіншісін береді (Бұхари, Әдеб, 96).

Аллаһ пен Елшісін сүюдің белгісі — бағыну мен мойынсұну. Хазіреті Пайғамбарымыздың кеңестеріне шынайылықпен мойынсұнбасақ, Оның шапағатын тілеуге бетіміз болмайды. Ал аятта өте ашық және нақты ескертілген:

«(Ей, Пайғамбарым!): "**Егер, Аллаһты сүйсеңдер, маған еріңдер, сонда ғана Аллаһ сендерді сүйеді және барлық күнәларыңды кешіреді. Аллаһ — Ғафур-дүр** (асқан кешірімшіл)**, Рахим-дүр** (ерекше мейірімді)" **деп айт!»** (Әлү Имран, 31).

Яғни Аллаһ пен Елшісіне мойынсұнуға жетелемейтін сүйіспеншілік тек бос дәмеден аса алмайды. Сүйгенінің жолында пидашыл болмағандардың жүрегіміз бірге деген сөздерінің еш құны жоқ, бос әуре.

Хасан Басри Хазірет былай дейді:

«Ей, адамдар! "Адам сүйгенімен бірге" — хадисін қате түсінбеңдер! Салихтардың амалын істемейінше салихтардан бола алмайсыңдар. Өйткені яһуди мен христиандар пайғамбарларын өздерінше сүйгенімен бірге болмаған» (Ихия, II, 402).

Фұдайл ибн Ияз рахмәтұллаһи aлəйһи нәпсісін былай жауапқа тартар еді:

«Фирдәус жәннатында пайғамбарлар мен сыддықтармен бір жерде болуды қалайсың, бірақ бұл үшін қандай амал істедің? Қай құмарлық қалауыңды сындырдың? Қай ашуыңды жеңдің? Саған келмеген қай туысыңа бардың? Бауырларыңның қай кемшілігін кешірдің? Аллаһ үшін қай жақыныңнан алыстадың, қай алысыңа жақындадың?...» (Ихия, II, 402).

Аллаһ үшін сүю — сүйіспеншілікке сүйіспеншіліктен басқа қарсылық бермеу. Мұндай сүйіспеншілік иманға тереңдік пен лаззат қосады. Хадис шәрифте иманның ләззатын тек мына үш ерекшелікке ие мүминдердің тата алатыны баян етілген:

«1. Аллаһ пен Елшісін барлық нәрседен көбірек сүю;

2. Иманнан кейін күпірлікке түсуді отқа түскендей қауіпті деп білу;

3. Аллаһ үшін сүю және Аллаһ үшін жек көру» (Бұхари, Иман, 3, 14).

Әрине, иманның ләззатын тата білу үшін сүйіспеншіліктің тек Аллаһ үшін болуы шарт. Бұның да кейбір белгілері бар.

Сәһл рахмәтұллаһи аләйһи бұны былай түсіндіреді:

«Аллаһты сүюдің белгісі — Құранды сүю. Аллаһ пен Құран сүйіспеншілігінің белгісі — Хазіреті Пайғамбарды ﷺ сүю. Хазіреті Пайғамбарды сүюдің белгісі — Сүннетті сүю. Сүннетті сүюдің белгісі — ахіретті сүю. Ахіретті сүюдің белгісі — дүниені ұнатпау (яғни оның нәпсіге ұнамды көрінетін тартымдылығына алданбау). Дүниені ұнатпаудың белгісі — ахірет азығы бола алатынының басқасының барлығынан алыс болу».

Сөздің қысқасы, шынайы сүйген — сүйіктісі сүйгеннің бәрін сүйеді, сүймегендерін ұнатпайды және сүйгенін есіне көп алады. Хазіреті Пайғамбардан иманның ең абзалы не деп сұрағанда, былай деген:

«Аллаһ үшін сүюдің, Аллаһ үшін жек көруің және тіліңді Аллаһтың зікірімен қимылдатуың ...» (Ахмед, Мүснәд 5/247).

АЛЛАҺ ҮШІН СҮЮ, ЖЕК КӨРУ

Риуаяттарда баяндалғандай, Аллаһ Тағала **Хазіреті Мұса**ға:

«Ей, Мұса! Тек мен үшін жасаған амалың бар ма?» — деп сұрайды.

Мұса عليه السلام:

«Аллаһым! Сен үшін намаз оқыдым, ораза тұттым, садақа бердім, сәжде еттім. Саған хамд еттім, кітабыңды оқыдым, сенің есіміңді еске алдым» — дейді.

Аллаһ Тағала айтады:

«Ей, Мұса! Намаз — сенің жол сілтерің, ораза — саған қалқан, берген садақаң — саған көлеңке болады. Кітабымды оқығаның — саған сарай мен хор қызын береді. Менің есімімді еске алғаның — сәулең болады. Тек мен үшін қандай амал жасадың?». Бұған Хазіреті Мұса عليه السلام:

«Ей, Раббым! Маған тек сен үшін болатын амалды айт, соны жасайын» — дейді.

Аллаһ:

«Ей, Мұса! Менің атымнан біреуді дос тұттың ба? Және Менің атымнан біреуді дұшпан деп білдің бе?» — дейді.

Осылай Хазіреті Мұса عليه السلام Аллаһ алдында ең қабыл болатын амал — Ол үшін сүю және Оның атынан дұшпандардан жиіркену екенін түсінеді» (Мүкәшәфәтүл-құлуб, 86).

Бұл мәселе жөнінде Хазіреті Исаға عليه السلام былай уахи етілгені риуаят етіледі:

«Егер барлық жер мен көктегілердің құлшылығын орындасаң және Мен үшін достық пен Мен үшін дұшпандық болмаған жағдайда барлық бұл құлшылықтарыңның саған еш қандай пайдасы болмайды».

Барлық құлшылық пен қарым-қатынастарымыздың кемелі рухани тереңдігіміз мөлшерінде. Сондықтан жүрегіміздегі сүйіспеншілік те, жиіркеніш те нәпсіміз үшін емес, Аллаһ үшін болуы керек.

Расында Хазіреті Пайғамбар ﷺ ақиқатқа қарсы келіп, қақ-құқықтың тапталуынан басқасына ашуланбайтын. Құқық бұзылған жағдайда ақиқат орнын тапқанша ашуы басылмай, көңілі тынышталмайтын. Ол ешқашан өзіне тиісті мәселелерде ашуланбайтын, өзі үшін ешкіммен ренжіспейтін.

Яғни, мүмин адам иман асылдығынан болған Аллаһ үшін жек көруді бос ашумен араластырмауы керек. Қайда, қашан және не үшін ашулануын білуі керек. Ашуының нәпсісінен бе, иманынан ба, неден туындағанына мән беруі керек. Өйткені ашу нәпсіден болса, оғаш көрінеді. Ақылды бастан алады, шайтан ол жерге шабуыл жасайды. Егер ашу Аллаһ үшін болса, ол иманнан туындаған үлкен салмақтылық пен ізгілік жағдайы болып табылады.

Хазіреті Әли Мырзамыз Аллаһ үшін шайқасып, бір кәпірді өлтіргелі жатқанда, кәпір оның жүзіне

түкіреді де, Хазіреті Әли кенет тоқтап, оны өлтіруден бас тартады. Бұл ерекше үлгі. Бұл сырға толы іске ақыл жеткізе алмаған әлгі кәпір адам өлуді, өлтіруді ұмытып, таңқала сасқалақтай сұрайды:

«Ей, Әли! Мені тап өлтіргелі жатқанда неге тоқтадың? Не болды сонша, қатты ашуыңнан түсініксіз үнсіздікке көштің? Найзағай сияқты жарқылдап жатып, бір мезетте тұнық ауа сияқты тұрып қалдың. Бұл бір сәттегі өзгерістің себебі неде? Бұл күйің маған құпия болды» — дейді.

Хазіреті Әли ﷺ мына жауапты береді:

«Мен тек Аллаһ жолында ғана жиһад етемін. Аллаһ дұшпандарының басын Оның ризалығы үшін ұрамын. Бұған еш нәпсімді араластырмаймын ... Сен жүзіме түкіріп, маған қорлық көрсетіп мені ашуландырғың келді. Мен сол сәтте ашуға берілсем, сені нәпсіме еріп жаман себепке сүйене өлтіретін едім. Алайда мен өз нәпсімді қандыру үшін емес, Аллаһ ризалығы үшін соғысамын».

Міне, бұл ізгілік алдында дұшпан адам иманмен абырой табады.

Сөздің қысқасы, ақылды бастан кетіретін және адамды қателік пен мен жаңылысқа итермелейтін ашу нәпсіден туындайтын және тізгінделуі міндетті ашу. Тек дін мен иманға, ахлақ пен руханиятқа шабуыл жасалып, зұлымдық көрсетілген жағдайда бейқам қалып, елемеу — ашуды тізгіндеу емес. Керісінше, мұндай бір іс-қимыл үлкен бейқамдық. Аллаһ ризалығына жету үшін ашуды жеңу сияқты, қажет жағдайда Аллаһ үшін ашулану да маңызды.

Хазіреті Омар ﷺ күпірлік пен зұлымдыққа, әділетсіздікке қарсы өте қатал және ашулы болатын. Сондықтан ол бар жерде ешкім әділетсіздікке батылы бармайтын. Өйткені оның Аллаһ үшін ашуы және жиіркенішінен шайтан да оған жолығып қалса, дереу жолын өзгертіп, одан қашатын.

Көреген бір кісі **Жүнәйд Бағдади** Хазіреттің жанына барады. Оның жанынан шайтанның қашқанын көреді. Ол адам Жүнәйд Бағдадидің жанына жақындағанда, бет-әлпетінен оның өте ашулы екенін көріп:

«Ей, Жүнәйд! Білеміз, адам ашуланғанда оған шайтан жақындайды. Бірақ, қатты ашулы болғаныңда неліктен шайтан сенен қашады? Бұның себебі не?» — деп сұрайды.

Жүнәйд Бағдади:

«Білмейсіңдер ме, біз нәпсіміз үшін ашуланбаймыз. Басқалар өз нәпсілері үшін ашуланғандықтан шайтан оларға шабуыл жасайды. Біздің ашуымыз Аллаһ үшін болғандықтан, біз ашуланғанда шайтан қашқандай басқа ешбір кезде қашпайды» деп жауап береді.

Аллаһ бұл жүрек жағдайын бізге де сыйласын! Сүйіспеншілігімізді де, жиіркенішімізді де иләһи ризалығына сай етсін! Бізге ақиқатты ақиқат деп біліп, оған жармасуды, терісті теріс деп біліп, одан сақ болуды нәсіп етсін!

Әмин ...

Сүйіспеншілік пен жиеркеніштегі шынайылық

Нәпсіқұмарлықтың басшылығындағы адам өмірдің мақтау-даттауларымен, дауылдарымен селде аққан дөңкелердей сезімсіз күйде сүйретіліп, қорлығын бақыт деп ойлайды. Төңкерілген төңкерілгенін, иіліп қалған иілгенін байқамағанынан түзеліп тұру үшін күш жұмсау қажеттілігін сезбейді.

Аллаһ Елшісі ﷺ айтады:

«... Не өздерің бір-біріңе жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыясыңдар, залымның зұлымдығына кедергі боласыңдар. Әйтпегенде, Аллаһ жүректеріңді (пасықтардыкіне) ұқсатады...» (Әбу Дәуіт, Мәләһим, 17/4336).

СҮЙІСПЕНШІЛІК пен ЖИЕРКЕНІШТЕГІ ШЫНАЙЛЫҚ

Аллаһ пен Оның сүйгендерін сүю сияқты Оның сүймегендерінен жүрегімізбен алыс болу иманның жарамдылық шарты. Ақиқат пен жақсылыққа деген сүйіспеншілік деңгейінде оның қарама-қайшысы — жалған мен жамандыққа жиіркеніш пен қарсы тұру сезіміне ие болмау имандағы әлсіздік пен кемшіліктің көрінісі. Хадис шәрифте айтылады:

«Кімде-кім Аллаһ үшін сүйіп, Аллаһ үшін жек көрсе, Аллаһ үшін беріп, Аллаһ үшін беруден аулақ болса, иманын кемелдікке жеткізгені» (Термези, Сифатүл - қиямә, 60).

Сондықтан нағыз мүмин барлық пікірлеріндей сезімдерін де иләһи ризалыққа қарай реттейді. Сүйгенін Аллаһ үшін сүйеді, сүймегененін Аллаһ үшін сүймейді. Барлық сезімдерінің негізіндегі өлшем — «Аллаһ ризалығына сай» болу.

Абдұллаһ ибн Аббас ﷺ былай деп айтқан:

«Сүйгеніңді Аллаһ үшін сүй! Тастап кеткеніңді де Аллаһ үшін тастап кет! Біліп қой, Аллаһтың разылығына тек осылай ғана жетесің. Әйтпесе адам ораза тұтқан, намаз оқыған, қажылық жасаған... Бұлардан қажетті пайданы көре алмайды. Өкінішке орай, адамдар бүгін дүниеге, тіптен, беріліп кетті. ***Сүйіспеншілік пен жиеркеніштері*** *тек дүние пайдалары үшін...»*

ИМАН СЕЗІМТАЛДЫҒЫ ЖОҒАЛҒАНДА...

Сүйіспеншілік пен жиеркеніш мәселесінде Аллаһтың ризалығын қалау парасаттылығы жоғалғанда адам нәпсісінің масқарасына айналады. Иман сезімталдығы орнына дүние пайдаларын алғы шепте тұтады. Сондықтан «кешірімді қарау» деген негізбен қателерге жеңіл қарайды, «ренжімесін, ашуланбасын, достық пен пайдаларымыз да зиян көрмесін» — деген оймен үнсіз қала бастайды. Бұл адамның әрі өзіне әрі қателігіне көз жұмған адамына жасай алатың ең үлкен жамандықтардың бірі.

Расында **Сүфян әс-Сәури** Хазірет былай деген:

«Адам қате іс жасайды. Бауырым деп жүрген екіншісі оны сыпайлық танытып ескертпесе, біліңдер, оның сүйіспеншілігі Аллаһ үшін емес. Егер Аллаһ үшін

болған жағдайда Аллаһқа қарсы келген адамды оның түсінетін әдісімен ескертер еді».

Дүниелік мүддеміз немесе нәпсімізден туындаған бір жағдаймен қателікке ұрынған адамдарға жылы жүзбен қарауымыз қоғамда күнәлардың жайылуына, сол күнә істердің заңды болып қалыптасыуына, нәтижесінде ашық және қысылмай жасалуына жол ашады. Исраил ұлдарының бұзылуы да өз пайдаларынан айрылып қалу қаупі себебінен күнә істер мен оларды істейтіндерге жеңіл-желпі қарауымен басталған.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ бұны былай деп хабар берген:

«(Бәни Исраил халқы) алғаш кезде жамандық жасаған біреуді көргенде:

«Қара, бауырым! Аллаһтан қорық, бұл жасаған ісіңнен бас тарт! Өйткені бұны жасау саған халал емес» деп ескертетін. Ертеңіне ол адамды сол күйде тағы көргенде (пайдалары алға өтіп) онымен бірге ішіп-жеу және жанында отыра білу үшін тағы да ескертпейтін. Міне, сол кезде Аллаһ олардың жүректерін бір-біріне ұқсатты».

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз бұларды (жерге немесе қабырғаға) сүйеніп, айтып жатты. Кенет тұрды да, сөзін былай бітірді:

«Енді сендер де не бір-біріңе жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыясыңдар, залымның зұлымдығына

кедергі боласыңдар. Әйтпегенде, Аллаһ жүректеріңді (пасықтардыкіне) ұқсатады. Исраил ұлдарына лағынет еткеніндей сендерге де лағынет етеді» (Әбу Дәуіт, Мәлəһим, 17/4336).

ДІНДІ ЖЕҢІЛДЕТУ ӘЛСІЗДІГІ

Дүниелік пайда оймен берілген рұқсаттар мен діни үкімдерді жеңілдету иманды әлсіздікке ұшыратады. Бүгінгі күнде дін мен дүние істерін Құранмен, Сүннетпен таразыламай иманды қауіпке тігетін қаншама рұқсаттар беріліп жатыр. Бірақ бұдан да жаманы мына арпалысқан заманда қаншама адам селде аққан дөңкелердей сезімсіз күйде сүйретіліп, қорлығын бақыт деп ойлайды. Төңкерілген төңкерілгенін, иіліп қалған иілгенін байқамағанынан түзеліп тұру үшін күш жұмсау қажеттілігін сезбейді.

Қоғамымызды жаһандану мәдениеті жаулап алғандықтан өз құндылықтарымыздан бас тарту жағдайы өкінішке орай, Исламның рухына қайшы келетін қолданыстарды да бірге алып келді. Тіпті, өмірдің ең маңызды кезеңдеріне Ислами емес ерекшеліктер араласып, шайтан да оларға ортақ етілді. Алайда, Аллаһтың құзырынан қуған шайтанға айтқан мына қаһарлы сөздері адам үшін де қандай маңызды ескерту десеңізші:

«Олардан шамаң келгенін өз дауысыңмен желіктірерсің, оларға атты-жаяу (әскеріңмен) **келіп тисерсің, сондай-ақ олардың мал-мүлкіне, бала-шағаларына ортақ боларсың, оларға жалған уәде**

берерсің, бірақ шайтанның уәдесі тек бұлдыр үміт қана» (Исра, 64).

Шынымен-ақ қаншама мұсылман **той, сүннет, жаназа рәсімдері** сияқты өмірдің ең маңызды кезеңдерінде дінді ұмыта алады. Алайда бұлар дін еске алынатын және Ислами тұлғалыққа сай жасалуы керек ең маңызды сәттер. Өйткені дін — белгілі уақыттарға тиісті рәсім емес, өмірдің әр сәтін реттейтін өмір үрдісі. Сондықтан дін дегеніміз кей кездері орындалып, кей кездері сөреге қойып қоятын нәрсе емес.

Өмірдің әр сәтін Ислами іс-әрекеттермен өткізу керек кезде, керісінше, оның ең маңызды кезеңдерін Аллаһты ашуландыратын құрамға енгізу бір кесе бұлақ суына бір мөлшер нәжіс зат тамызып, оның барлығын ішілмейтін күйге келтіру сияқты жаман іс.

Ертеде мұсылмандар үйлену тойлары мен сүннет тойларын мешіттер мен бақшаларда жасайтын. Қарилар келіп Құран мен мәуліт оқитын. Бай-кедей бөлінбей шақырылатын, тартулар, артынан дұғалар жасалатын. «Әмин, әмин» сөздері жан дүниенің бақыт бұлағы болатын. Кедейлер мен әлсіздер арнайы шақырылып, дүние мен ахірет бақыты үшін олардың дұғаларын пайдаланатын. Өйткені «*Байлар шақырылып, кедейлер шақырылмаған той тамағы нендей жаман тағам*» (Бұхари, Никәх, 72) — деген Пайғамбарымыздың ескертуіне мұқияттылықпен мойынсұнатын. Осындай ләззат пен руханиятқа толы бақыт сыйлаған жиындар болатын.

Бүгінгі күні біраз мүмкіндігі барлардың көбі ысырапқа негізделген күштерін көрсетіп, той мен сүннет рәсімдерін көп жұлдызды қонақ үйлер немесе жанға жайлы асханалар сияқты кедейлер бара алмайтын жерлерде жасайтын болды. Бұл тойларға белгілі және жоғары топ адамдары шақырылып, тойымсыздыққа жетелейтін ашық буфет әдісімен тағамдар ұсынылады, өздеріне қатысы жоқ тақырыптарға сұхбаттасады. Тіпті, кей той мен сүннеттерде нақты харам ішкілікті адамдар сондай дастархандарда рұқсат берілгендей терең бейқамдықпен ішіп тауысады. Қанша діндар танылған, намаз оқитын, қажылыққа барған әке-шешелер балаларының ішкілікті және Исламға жат іс-қимылдарға толы рәсімдеріне көз жұмып, имандарына қарама-қайшы әрекеттер жасайды.

Қазіргі таңда әке ошағынан келін болып ұшқан қыздарға қажет жақсы сөздердің мағынасы бір-шама өзгерді. Бұрын:

«Қызым үйімізден ақ киіммен шыққаныңдай еріңнің үйінен де ақ кебінмен шыққайсың...» сияқты адалдық пен пидашылдық кеңес беріліп, сөйтіп қызының жүрегіне баратын отбасыға деген жылылық ұялататын. Өмірдің ащы тосын сыйларымен кездескенде де сабыр етуіне кеңес беріліп:

«Қызым, аузыңа қан келсе, қызыл сусын ішіп жүрмін дерсің» — деп айтылатын. Осылай кіретін ұяның рухани құрамын берік құруға тырысатын. Бүгін, өкінішке орай:

«Әсте өзіңді езгізбе, саған бір нәрсе айтса, сен екі есесін айт...» деген сияқты кеңестермен қыз-келіндер әу бастан кері пікірлермен уланады. Әлбетте, бұларға жанама түрде күйеу балаларға берілген кеңестерді болжау қиын емес.

Бүгінгі күнде ажырасудың, үйлесімсіздіктің, ұрыс-керістердің, рухани жалығудың артуы себебін де осы және осындай рухани сезімталдықтардың ұмыт болуынан іздеу керек. Өйткені әрбір сырт себептің арқасында үнемі ішкі себептің де бар екенін ұмытпау керек.

Өмірдің ең маңызды бөлігінің бірі — **жаназа** рәсімдері де мәйіт үстінен жанама бір күш пен абырой көрсетіліміне айналдырылды. Атақты адамдардың жаназаға қатысқанын мақтан тұтады. Кей жаназа жақындарының жаназаға қатысқан немесе көңіл айтқан атақты адамдардың есімін баян етіп, газеттерге алғыс хабарларын берулері де көңіл айтудың руханиятын жаралайтын басқа жайт.

Сонымен бірге мәйіттердің рухы үшін садақалар беріліп, кедей-кепшіктердің дұғалары алынып, Аллаһтың мейірімі талап етілетін жерде христиандықтан келген әдет болған гүл шоқтарымен мұсылман еместерге ұқсас көріністер көрсетіледі.

Негізінде, жаназаларға Аллаһ ризалығы үшін барылады, мейітке дұға етіледі, амандығы үшін садақалар беріледі, дін бауырлары алдындағы опашылдық борышы өтеледі. Расында **Хазіреті Пайғамбар** кейде сахабаларына:

«Бүгін жаназа шығарып салған бар ма?» — деп сұрап, оларды дін бауырларының дерттесі және жұбаныш бұлағы болуға шақыратын.

Бірақ бүгінгі күнде кейбіреулер жаназаларға тек мәйіт жақындарына ұят болмасын, олар алдындағы абыройлары жараланбасын деген пікірмен қатысады. Сондықтан ғаріптер мен кедейлердің жаназаларына емес, шенеуліктер, бай-ауқатты, атақты адамдардың жаназаларына мән көбірек бе-рілетін болды.

Өкіныштісі, дүниеқұмарлық пен материалисттік ой етек жайған күнімізде әр нәрсені материалист санамен тұжырымдауға үйренген топтарда адамның абырой мен құны ақшамен, шенмен өлшенетін болды. Тойлар, сүннеттер, жаназалар да бұның сынақ етілген жерлері болды. Алайда, адамның ардақтылық пен абыройының өлшемі әрқашан Ислами тұлғалық пен мінезін қорғау, яғни иманы, тақуасы, көркем мінезі болып табылуы тиіс.

Жайлы өмір сүруге құмарту, той, сүннет пен басқа тойлау және көңіл көтерулерде көрсетілген нәпсіге, шәһуәтқа тиісті көріністер, жасалған ысыраптар, айналадағы науқастарды, сәбилер мен мұңлы, қайғылы және шаршап-шалдыққан көңілдерді ойламай, құл ақысын жегенін мүлде есіне алмай жасалған көңіл көтеру іс-шаралары, ауадағы жарқылдаулар, мазалайтын ән әуендері т.с.с.

Бұл істердің барлығы дүниеге берілу мен жат мәдениет ықпалының қоғамдағы кері әсерінің бірнешеуі ғана.

Біздің діни және ұлттық әдет-ғұрпымыз ішінде мұндай шектен шығуларға орын бермеу керек.

ИМАН ТАБАНТІРЕСІ

Мүминдердің белгісі — жақсылыққа кілт, жамандыққа құлып болу. Яғни, Аллаһ жолында ақиқат пен жақсылықтың өрлеуі үшін тырысқандай шайтани және нәпсіқұмарлық арман-қалауларға, жамандықтар мен теріс сенімге, істерге кедергі болу да иманның қажеттілігі.

Мәселен, Аллаһ тыйымдары ашық істеліп жатқан жерге шақырылған мүмин шақырған кім болса да Аллаһ үшін жиіркену қажет еткен іс-әрекетін көрсетуі керек. Өйткені, аяттағы ескерту өте ашық та анық:

«Олар (мүминдер) **бос және пайдасыз нәрселерден бас тартады»** (Мүминун, 3).

Яғни мүминдердің бос және пайдасыз нәрселерден бас тартулары әмір етіле тұра, тіпті, Аллаһты ашуландыратын шақыруларға қатысулары мүлде болмайтын іс. Осындай жағдайға кездесіп қалған мүмин сыпайылықпен ескерту міндетін орындауы керек. Егер ескерту алған адам:

«Ей, бұл шақта мұндай нәрселерге тұрып қалмау керек, сендер бұлардан асыңдар...» — сияқты білгіштік танытқан сөздермен Аллаһтың әмірлеріне жеңіл қараса, бұндай сөздер адамды күпірлікке алып барады, оның шақыруына қатыспай, Аллаһ үшін қарсылық көрсету

қажет. Өйткені мүминдер — өмір сүрген әр кезеңде және әр жерде Аллаһтың куәгерлері.

Аят кәрімәда айтылады:

«Осылай барлық адамзатқа (ақиқаттың) **куәгерлері болуларың үшін, пайғамбар да сендерге куәгер болсын деп, Біз сендерді** (ей, Мұхаммед үмметі!) **уасат** (шегінен шықпайтын, әділетті, хайырлы) **бір үммет қылдық»** (Бақара, 143).

Мәселен, кірілген сауда құрылымында жамандықтардың анасы — ішкіліктің сатылып жатқаны байқалса, ол жерден сауда-саттық жасамай шығып кету керек. Ол жердің иесі ішімдік сатқаны үшін ең аз дегенде кей тұтынушыларынан айрылып қалғанын түсінуі керек. Бұл иман табантіресін барлық болымсыздықтарға қарсы қолдану қажет.

Өйткені қателікке деген жиеркенішімізді білдіру ол қателікті істемейтіндердің рухтарында құтылу мен түзелулері жөнінде оңтайлы бір із қалдырады. Бұл болымды әсерлер артқан сайын ол адам да қатесін түсініп, ақиқат пен жақсылыққа бұрылуынан үміт етіледі.

Бірақ, Аллаһ тыйым салған істерге елеусіз қарап, тіпті кешіріммен қарасақ, бұларға көңіл аудару бейқам және күнәһар адамдарға тәтті музыка әуеніндей рахат, табиғи және қарапайым келеді. Күнәға бату арта түсіп, күнәның өкінішін сезу былай тұрсын, адамды күнәсімен мақтанытындай ақымақ етеді.

Үш тиын да тұрмайтын дүние үшін бірнеше күн көтеріліс жасап, аштық жариялау жасалуда. Діни және рухани мәселелерде Аллаһ үшін іс-қимыл мен қарсылық көрсете алмау тек діни қайраттықтың аздығының көрінісі ғана.

ЕЛІКТЕУ ІНДЕТІ

Иманды қауіпке тігетін мәселелердің бірі — мұсылман еместер мен пасықтарға ұқсауға тырысу мен олардың нәпсілеріне тән өмір сүру салттарына еліктеу індеті. Иман негізіндегі құлдыраулар, Ислами пікір мен мінездің бұзылыуының біразы осындай еліктеулерден басталады. Еліктеу уақыт өте әдетке айналады. Кейін пішіндік үйлесімдік пікір бірлігіне, пікір бірлігі уақыт өте жүрек бірлігіне дейін барады. Сондықтан хадис шәрифте:

«Кімде-кім бір қауымға ұқсауға тырысса, ол олардан» — делінген (Әбу Дәуіт, Либәс, 4/4031).

Хадисте баяндалған бұл үкім діни рәміздерге байланысты болғанымен, рәміз деп есептелмейтін нәрселерде күпір иелеріне ұқсау, күмәнсіз, қателіктен ада емес.

Еліктеу бейімі әр адам жаратылысында бар. Аз болсын, көп болсын, міндетті түрде бар. Қазіргі таңда Ислами мінез-құлық тұрғысында қоғамымызда кемшіліктер жиі кездесетіні байқалып келеді. Көркем үлгілерден гөрі жаман үлгілер көбірек кездесетіндіктен

еліктеу бейімінің дұрыс қолданылуы қазіргі уақытта өте маңызды болып тұр. Миллиондаған адам тек еліктеу бейімі себебінен саясат пен спорт сайыстарында ең құнды уақыттарын босқа өткізгендеріндей, ешкім көңіл аудармаса да, негізінде, өте маңызды нәтижелер пайда болып жатыр.

Мәселен, мешітке киген киімдерінің **кеуделерінде шет тілдегі жарнама сөзі** немесе **әдепсіз сурет**пен кірген жастар, өкінішке орай, ескертілмегендіктен Ислам өжеттігіне теріс келетін бұл істің дөрекілігін байқамайды да. Мүминдер де өздерін Аллаһтың **«Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыятын»** үммет ретінде сипаттағанын ұмытқандай. Алайда қателікке қарсы ұстанымда болу, ондайларға даналық пен көркем сөздермен ақиқатты айту әр мұсылманның маңызды парызы. Бұл тұрғыда:

«... Оларға насихат айт, оларға өздері туралы күшті (әсерлі сөз) **сөйле!»** (Ниса, 63) аятында әмір етілгеніндей ашық және әсерлі тілмен ақиқаттарды айту керек.

Мұсылман еместерге ұқсамау Ислам тұлғалығы мен өжеттігін қорғаудың ең маңызды шарттарының бірі болғандықтан **Хазіреті Пайғамбар** ﷺ Мұхаррам айының 10-күні ұсталатын оразада, тап сол күні ораза тұтқан яһудилерге қарсылық білдіру үшін 1 күн бұрын немесе 1 күн кейін қосып ораза тұтуымызды әмір етті. Яғни құлшылықтардың өзінде оларға ұқсауға тыйым салған.

Жүректегі Аллаһ үшін жиіркену сезімі әлсіреп, жоғалса, мұсылман еместердің нәпсіқұмарлық өмір үрдісіне еліктегендіктен арадағы айырмашылықтар біртіндеп жоғала бастайды. Иманды арқан деп санасақ, Аллаһ үшін қарсылық сезімі әлсірегенде арқанның талшықтары бір-бірлеп үзіле бастайтыны айдан анық.

Османлы мемлекеті ие болған жиырма төрт миллион шаршы шақырым жерде түрлі діндердегі, тілдері де ұлттары да бөлек миллиондаған адамдар ғасырлар бойы бір жерде өмір сүрді. Бірақ үнемі Исламның үстемдік пен абыройы жалаудай желбіреп тұра берді. Мұсылмандар өз дәстүрлерін жалғастырды. Мұсылман еместердің ықпалында қалмады. Керісінше, оларға әсер ету арқылы діні мен мәдениетін ең көркем түрде таныстты. Мұсылман еместердің назарында мұсылмандардың тағамдары мен күлшелері, әдеттері атақты болды.

Бірақ бүгінгі таңда экономикалық себептерге байланысты дүние мемлекеттері ішінде төменгі орындарға түсуімізбен бірге өз мәдениетімізге сай емес көптеген әдеттер өмірімізге енді. Киім-кешегіміз, той мен көңіл көтеру, жаңа жыл мен демалыс түсініктеріне, тіпті, үйде ит асырауға дейін өмірдің көптеген сатысында мұсылман еместерге ұқсап кеттік.

Әсіресе мұсылман еместер мен шетелдіктер көрсеткен сәндік желдерімен қоғамымызда марка ынтықтығы да пайда бола бастады. Парасатты мүминдердің бұларға еліктемей, өз мүмкіндіктерімен жаһанданған мәдениеттің мәдениетімізге деген шабуылдарын қолдамауы,

бұларға қарсы шынайы мұсылман ретінде ұлтжанды сезіммен қарсылық көрсетуі қажет.

Біздің киім үлгілеріміз, үйлеріміздің орналасуы, өмір сүру салтымыз т.б. Ислам тағылым еткен пішін мен түсте, үйлесімде болуы керек. Бұл сезімталдықтың үлгісі ретіндегі көрініс **Хазіреті Омар** ﷺ Әзірбайжан мен Дағыстанға әскер жібереpде ондағы пұтқа табынушылар киімдері мен тағамдарына, әдет-ғұрыптарына еліктемеу мәселесінде өте қатты ескертулер жасаған болатын.

МҰСЫЛМАН ЕМЕСТЕРМЕН ДИАЛОГ

Осы күндері көп айтылып жүрген **«хош көрушілік»** пен **«диалог**тың**»** шариғатқа сай түрін дұрыс түсіну үшін алдымен **«Исламның адамға деген көзқарасын»** білу керек.

Ислам мұсылман болмаса да әр адамға Жаратушының мейірім назарымен қарауға шақырады. Тура жолға шақыруын қабыл алмағандардың да қақ-құқықтарының қорғалуына мән береді. Мұның бір мысалы Хазіреті Пайғамбардың ﷺ Мәдинада яһудилермен жасаған келісімі.

Бұл бойынша діннің мән-мағынасынан, мазмұнынан, қамтыған үкімдерінен еш жеңілдік жасамай, мұсылман еместермен отандастық құқығы мен мемлекет пайдасы үшін бірлесіп әрекет етуге байланысты келісім жасасуда ешқандай қателік жоқ.

Исламның адами қарым-қатынастардағы саясаты — **шапқат** пен **мейірімді** болу. Расында **Ялә ибн Мүрра** رضي الله عنه былай деп жеткізген:

«Хазіреті Пайғамбардың жанында жүріп, көптеген сапарға қатыстым. Аллаһ Елшісі ﷺ жолда қандай да бір адам өлігіне тап болса, дереу жерленуін әмір ететін. Оның мұсылман, кәпір екенін сұрамайтын» (Хаким, 1, 526/ 1374).

Бір күні Аллаһ Елшісінің ﷺ алдынан бір жаназа өтті. Аллаһ Елшісі тоқтады. Оған біреу:

«Ей, Аллаһ Елшісі! Ол бір Яһуди мәйіті ғой» — дейді.

Аллаһ Елшісі ﷺ:

«Ол да адам емес пе?» — деп жауап қайтарды (Бұхари, Жәнәиз, 50).

Ислам мұсылман еместердің ақ-құқықтарына өте мұқият болуды әмір етеді. **Фатих Сұлтан Мұхаммед Хан** Византияны жеңіп алып, Ыстанбұлға кірерде иман сезімталдығымен әскерлеріне берген мына нұсқауы мұны тамаша түсіндіреді:

«...Күш көрсетпей, амандық сұрағандарға әсте тиіспеңдер! Әйелдерге, балаларға, кәрілер мен науқастарға да зиян тигізбеңдер!»

Әлемге әйгілі **«адам құқықтары баяндамасы»** әлі жарияланбай тұрғанда Сұлтан Фатихтың қолданған

бұл әділ де кеңпейіл ұстанымына қайран қалып, көздері жасқа толған Ыстанбұл патриархы Фатихтың аяғына жығылды. Фатих оны тұрғызып:

«Біздің дінімізде адамдар алдында Аллаһқа сәжде ету сияқты иілу — харам. Тұрыңыз! Сізге және сізбен бірге барша христиандарға әр түрлі құқық пен бостандықтарыңызды қайтардым. Осы сәттен бастап өмірлерің мен бостандықтарың жайында алпауыт ашуымнан қорық-паңдар!...» — деген.

Османлы мемлекеті мұсылман еместерге көрсеткен бұл әділ де кеңпейіл ұстанымы аясында Балқан түбегінде мұсылмандардың саны аз болса да, ғасырлар бойы бейбітшілік пен тыныштық, бақыт қамтамасыз етілген. Сонымен қатар бұл жағдай бірнеше мұсылман емес қоғамның тура жолға түсуіне де себепші болған. Аят кәримәда былай айтылған:

«Іштеріңдегі залымдық істегендерден басқа кітап иелерімен ең тамаша жолмен талас жүргізіңдер. Оларға: "Өзімізге түсірілгенге де, (бұрмаланбай тұрып), **сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Сендердің құдайларың да, біздің құдайымыз да біреу-ақ. Біз саған ғана бойсұнушылармыз" деп айтыңдар»** (Анкәбут, 46).

Осы және осындай аят кәримәлардың талабына сай Косово мен Боснияның алынуынан кейін ол жерлерге жіберілген мұсылман отбасылар Ислами тұлғалық пен мінез-құлықты үлгілі деңгейде ұстанып, көркем

өмірлерінде көрсетулері нәтижесінде өлке халқының тура жолға түсуіне себепші болған.

Сонымен қатар, зұлымдық пен әділетсіздік мұсылманға жасалған сияқты мұсылман емеске де жасалса, ол ауыр қиямет жауапкершілігі. Фатих Сұлтан Мұхаммедтің бір христиан сәулетшісімен даулы болып, соттың падишахқа қарсы шешім қабылдауы Исламның ақ-құқықты орнатудағы сезімталдығының тамаша мысалы.

МҰСЫЛМАН ЕМЕСТЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ДИАЛОГТАҒЫ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Барша дүние Исламның насихат алаңы. Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз өмір сүрген кездің шарттарында бірнеше өлкенің патшасына елшілер жіберіп, олармен диалог құрған. Сахабалар күллі әлемге дін насихаттау шабытымен шаршағандарын сезбей, Қытай мен Самарқандқа дейін барған.

Байланыс құралдарымен ара-қашықтық кедергісі алып тасталған бүгінгі таңда, әсіресе, Исламға тағылған әділетсіз айып пен жалаларға жауап беру, Исламның лаңкесті дін еместігін, керісінше, Хазіреті Пайғамбардың жиырма үш жылдық пайғамбарлық міндетінің маңызды бөлігі лаңкестікпен күрес екені және рулар арасындағы қан дауларын жою ісіне жұмсаумен өткені және Исламның ақ-құқық пен әділет орнатқан адами және мәдениет діні екенін барша дүниеге көркем түрде түсіндіру —

үлкен міндет. Бұл үшін мұсылман емейстермен ықыласты диалогта болу шарт. Бұл диалогтар кезінде болса, әсіресе, мына ерекшеліктерге мұқиятты болу керек:

1. **Аллаһ құзырындағы жалғыз ақиқат дін — Ислам** екенін еш уақыт ұмытпау керек. Христиандық пен яһудилік негізі жағынан ақиқат, бірақ уақыт өте бұрмаланған, бұл бұрмалану нәтижесінде христиандық тәслис (үш тәңірлі) сеніміне ауытқыған. Яһудилік антропоморфтік күйге енген. Ислам — тәухид діні. Сондықтан басқа діндермен Исламды еш бір түрде, ешқашан бірлестіру туралы сөз қозғалмайды.

2. Басқа бір жәйт — **«Ықыласты қорғау».** Құран Кәрімде бұған мысал ретінде Мұсаның عليه السلام Перғауынмен диалогы келтірілген. Мұса عليه السلام Перғауынды үгіттеу үшін барады, жұмсақ тілмен мәміле жасайды. Бірақ диалог кезінде шариғат шеңберінен шықпай, ешқандай кемшілік жібермейді. Бұл ықыласы үшін Перғауын тарапынан Мұсаға عليه السلام қарсы шығарылған сиқыршылар тура жолға түсіп, абыройларын тауып, жандарын қиып, имандарында бекемдік көрсетеді.

3. Ислам рұқсат етілген мақсатқа жету үшін рұқсат етілген әдістер ұсынады. **Шариғатқа сай болмаған әдіспен шариғатқа сай мақсатқа жете алынбайды.** Бұл да Исламның негізгі ерекшеліктерінің бірі. Хазіреті Пайғамбардың 23 жылдық елшілік өмірі бұның ең үлкен дәлелі. Хазіреті Пайғамбар ﷺ Исламға шақыру үшін Аллаһтың кеңес бермеген ешбір әдістеріне жүгінбеген.

Бұның ең айқын мысалдарының бірі Бәдір шайқасында көрсетілген. Бәдір шайқасында мұсылмандардың саны мүшріктердің санының үштен біріндей болған. Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз, Хазіреті Әли мен Әбу Лұбәбә ؓ үшеуі бір түйеге кезектесіп мініп, дұшпанға қарсы аттанады. Мәдиналық екі мүшрік жолда әскерге жетіп алып, мұсылмандармен қатар соғысқылары келгенін айтты.

Аллаһ Елшісі ﷺ Мырзамыз:

«Сендер бізбен (жолға) шықтыңдар ма?» — деп сұрады.

Хұбәйб есімді мүшрік:

«Жоқ, сен біздің қарындасымыздың ұлысың және көршімізсің, біз қаумымызбен олжа үшін сапарға шықтық»- дейді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Сен Аллаһ пен Елшісіне иман еттің бе? (менің Аллаһ Елшісі екенімді қабыл еттің бе?)» — деп сұрайды.

Хұбәйб:

«Жоқ» — деп жауап бергенде Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Олай болса кері орал! (Аллаһ бізге жетеді) бір мүшріктің жәрдеміне мұқтаж емеспіз!..» — дейді.

Хұбәйб қоймай:

«Қаумым менің шайқаста қаншалықты батыл және дұшпанның бауырын жұлып алатын батыр екенімді жақсы біледі. Мұсылман болмасам да, олжа үшін сенің жағыңда соғыссам болмай ма?» — дейді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«*Жоқ, алдымен мұсылман бол, кейін соғыс!*» — деп, жолына жүре береді.

Бір уақыттан кейін Хұбәйб тағы келіп, ұсынысын қайталады. Бірақ жауап өзгермейді, көп мүшрік әскеріне қарсы әскер саны аз Хазіреті Пайғамбардың бұл тұрақтылығы мен сенімділігі Хұбәйбке терең әсер етті. Соңында күшті шабытпен шаттана отырып мұсылман болғанын жария етті. Бұған қатты қуанған Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«*Міне, енді қалағаныңды істе!*» — дейді (Мүслим Жиһад, 150).

Қысқасы, мұсылман еместермен қарым-қатынастарда Аллаһтың үкімдерінен, Елшісінің сүннеті мен Ол дін таратқанда сергектік танытқан мәселелерде жеңілдік бермеу керек. Бұл мәселедегі ең кішкене кемшіліктің иманды жаралайтынын ұмытпау керек. Өйткені аят кәримәларда былай делінген:

«Кімде-кім Пайғамбарға бойсұнса, оның анық Аллаһқа бойсұнғаны. Кімде-кім бет бұрса... (оған

қамықпа), **задында біз сені оларға бақылаушы етіп жібермедік»** (Ниса, 80).

«Ей, иман еткендер! Аллаһ пен Елшісінің алдынан өтпеңдер. Аллаһтан қорқыңдар...» (Хұжурат, 1).

Екіншіден, мұсылман еместермен диалогтарда көрсетілген кей жеңілдіктердің ол қателікті істеген адамдардың өзіне тиісті екенін де ұмытпау керек. Мұндай жеке тұлғаға тән оқиғалар себебінен тура жол иелері мүмин топтарды жамандаудан да Ислам баурластығы сезімімен сақ болу керек. Өйткені осындай сабадан шығып кету, алдымен Ислами ерекшеліктерге мойынсұна отырып дін тарату үшін бар күш-жігерін жұмсаған мүмин көңілдерді ренжіткенін ұмытпау керек.

Аллаһ бұл сезімталдықтарды жүрегімізден кем етпесін!

О, Раббым! Бізге иманды сүйдір және жүрегімізді иман сүйіспеншілігімен безендір! Бізге күпірді, пасық пен бас көтеруді жаман көруді және олардан лайықты түрде қорғанып, басқаларды да сақтандыруды нәсіп ет! Бізді жақсылыққа кілт, жамандыққа құлып еткен салих құлдарыңның қатарына қос!

Әмин...

Өлімді ұмытпау

Өлім періштесімен міндетті түрде жолығатын сәтіміз қандай жағдайда іске асады? Онымен сәжде күйінде ме, жоқ, қате әрекетіміз кезінде жолығамыз ба? Тілімізден төгілген ең соңғы сөйлем қандай болар екен? – деп, көбірек ойлануымыз керек.

Жүнәйд Бағдади Хазірет былай дейді:

«Дүниенің бір күні ахиреттің мың жылынан абзал. Өйткені дүниенің бір күнінде иләһи ризалықты табу мүмкіндігі бар. Ахиретте дүниедегідей сияқты салих амалдар істеп, жетістікке жету мүмкіндігі жоқ. Ол жерде тек өмірдің есебі ғана бар».

ФӘНИЛІКТІ ҰМЫТПАУ

Дүние сынағынан өту қажет ең үлкен тосқауылдардан бірі — **«Ібіліс»**, екіншісі — **«Нәпсі»**. Нәпсі жалпы алғанда адам баласы тап болатын жағымсыз бейімдерді ақылға салады. Нәпсіге тиісті жағымсыз бейімдердің көбі адам жаратылысында бар **«фәниликті мойындамау»** мен **«мәңгі-бақи болу»** қалауынан туындайды.

Шынымен-ақ адам ие болған нығыметтерінің еш кетіп қалуын қаламайды. Үнемі мәңгілік пен өлімсіздікті қалайды. Біреулер мәңгілікті ұрпаққа ие болудан іздеп, ұрпағының қияметке дейін жалғасуын қалайды. Біреулер денесіне өте ынтық болып, мән беруден іздеп, ғасырлар бойы өмір сүруді қалайды. Біреулер сол мәңгілікті мұраға қалатындай етіп еңбектер қалдырудан іздеп, атағын өзінен кейін де жалғастыруды қалайды. Енді біреулер дүние-мүлік жинаудан іздеп, қазынасының күшіне сүйенеді де, оны өз болмысының негізіне айналдыруды қалайды.

Аят кәримәда:

يَحْسَبُ أَنَّ مَالَهُ أَخْلَدَهُ

«(Нендей өкінішті сол адамға) **дүние-мүлкі өзін мәңгі етеді деп ойлайды»** — делінген (Һүмәзә, 3).

Негізінде, фәни дүниеден мәңгілікті іздеу, немесе бақытты күндердің бітпейтінін немесе нығыметтердің ешқашан кетпейтінін ойлау шөлдегі елестерге алдану сияқты бос қиял, іске аспайтын үміт.

Бір Хақ досы қалай тамаша айтқан:

«Дүниеден мәңгілік іздеме! Өзінде жоқ қой, саған қалай берсін!»

Олай болса, дүниеде қонақ ретінде жүргенімізді, өмір деген аманаттың уақыты беймәлім бір күнде толатынын, негізгі және мәңгі өмірдің ахірет өмірі екенін әсте ұмытпау қажет. Өйткені Аллаһтың фәниліктен тыс қалдырған бірде-бір жан иесі жоқ. Фәнилікті ұмыту — басын құмға көміп, қауіптен құтылғанын ойлау сияқты ақымақтық белгісі. Бірақ нендей өкінішті, көбіне адам баласының өлімге деген іс-қимылы бұдан айтарлықтай өзге емес! Қаншама адам Аллаһқа көркем құлдықпен өлімін әсем етудің орнына өлім қорқынышымен бейқам өмір кешіп келеді.

ЕКІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫ КӨРІНІС

Уәһб бин Мүнәббиһ рахмәтұллаһи аләйһи түсіндіреді:

Патшаның бірі бір жерге бару үшін әзірленіп жатқанда, үстіне киетін көп киімдер ішінен ең әсемін және міну үшін қанша ат ішінен ең жорғасы мен сәйгүлігін таңдады. Адамдарымен бірге тамаша бір күйде, масаттана отырып жолға шықты. Жолда үсті-басы лас біреу атының үзеңгісіне жармасты. Патша:

«Сен кімсің, менің алдымда кім боласың, жоғал алдымнан!» — деп қызыл кеңірдек болып айқай салады.

Адам оған ақырын ғана:

«Саған айтарым бар! Сен үшін өте маңызды мәселе...» — дейді.

Патша жүзінде қызығу аралас бір ұсқындықпен:

«Айт қане, көрелік!» — дегенде адам:

«Жасырын сыр. Иіл, құлағыңа айтайын!» — дейді.

Патша иілгенде адам:

«Мен Әзірейілмін, жаныңды алуға келдім!» — дейді.

Патша аяқ астынан неге тап болғанын түсіне алмай, сасқалақтап, амандық тілей бастайды:

«Не болар дерсің, азғана уақыт мұрсат бер!» — дейді.

Әзірейіл ﷺ болса:

«Жоқ, саған мұрсат жоқ. Жанұяңа да жолыға алмайсың!» — деп, сол жерде патшаның жанын алады.

Хазіреті Әбу Бәкір ؓ даналыққа толы насихаттарының бірінде былай дейді:

«Атақтан қаш, абырой сенің соңыңа түссін. Өлімге дайын бол, саған мәңгі өмір берілсін»

Кейін жолын жалғастырған Әзірейіл ﷺ бір салих мүмин құлға жолығады. Оған сәлем бергеннен кейін:

«Сенде бір ісім бар, мұны саған жасырын айтамын» — деп, құлағына иіліп, өзінің Әзірейіл екенін айтады. Мүмин құл бұған қуанды да:

«Қош келдің, қашаннан бері сені күтудемін. Барлық күш-жігерім кемшілік пен қателіктерімді жоқ етіп, өлім сәтімді әсем ету үшін еді. Үнемі соңғы демімнің үрейі мен дайындығы күйінде едім» — дейді.

Әзрейіл ﷺ:

«Олай болса, жасап жатқан ісіңді тәмамда» — дейді.

Адам:

«Менің ең маңызды ісім — Аллаһқа қауышу» — дейді.

Оған өлім періштесі:

«Қалай қаласаң, солай жаныңды алайын» — дейді.

Адам:

«Бұған мүмкіндік бар ма?» — деп сұрады.

Періште:

«Иә, сен үшін мұнымен әмір етілдім» — дейді.

Адам:

«Олай болса дәретімді жаңартайын, намазға бастайын. Сосын басым сәждеде болғанда, жанымды ал!» — дейді. Ақиқатында да осылай болады (Ихия, 4, 834-835).

Хазіреті Мәуләнә Хақ достарының өлімін қандай тамаша суреттеген:

«Дененің өлімі — сыр иелеріне иләһи сыйлық. Таза алтынға қайшы зиян ба?»

Міне, бейқам өмірдің қорқыныш толы нәтижесінің бір көрінісі... Бір жағынан фәниліктің сезімі ішінде және әрқашан салих амалмен өлімге дайын, мұң мен үрейден аулақ, қуаныш толы соңғы дем сәті... Міне, өлім біреуде құбыжық, біреуге Мәуләнәнің сөзімен айтқанда «шәб-и арус», яғни той түні мен мәңгі қауышу деп сезіндіретін көңіл күйі...

Біз де көп ойлауымыз керек: өлім періштесімен міндетті түрде болатын кездесу сәтіміз қандай жағдайда іске асады? Онымен сәжде күйінде, әлде қате бір іс-

қимыл кезінде жолығамыз ба? Тілімізден төгілген соңғы сөз қандай болар екен!...

ӨЛІГЕ ЕМЕС, ӨЗІҢЕ ЖЫЛА...

Хасан Басри Хазірет айтады:

«Әзірейіл عليه السلام рызығын бітіріп, өмірін тәмамдағанның жанын алады. Өлген адамның үйіндегілер зар еңірейді. Әзірейіл عليه السلام күй-пішін тілімен:

«Неге жылайсыңдар? Мен бұл адамның рызығын жемедім, өмірін де кеспедім. Рызығы бітті, өмірі соңына келді. Аллаһ әмірі іске асты. Иләһи нұсқау келді, жанын алдым. Босқа жыламаңдар, мен үнемі осы жерге келіп-кетіп жүремін және еш біріңді қалдырмаймын» — дейді.

Хасан Басри Хазірет сөздерін былай жалғастырады:

«Егер үй тұрғындары Әзірейілді عليه السلام көріп, айтқандарын естігенде өліні ұмытып, өздері үшін жылар еді»

Әр ісін асқан даналықпен істейтін Раббымыз өлімді еш уақытта ұмытпауымыз және оған әр қашан дайын болуымыз, сонымен қатар дүниедегі тіршілік істерінен кері қалмауымыз үшін ажал уақытын бір сыр пердесімен жасырған. Бұл Оның құлдарына деген мейірімінен.

Мәселен, адам өлетін уақытын алдын ала білсе, өлмей тұрып істерін, тіпті, жанұясын да қайғыдан тастап кетер еді. Өмір тәртібі мен үйлесімділігін жоғалтар

еді. Тағы адамдар болатындарды әуелден білер болса, бақытты болуларына және өмірдің түрлі белестерімен араласып, бақыт табуларына мүмкіндік таба алмас еді. Бір шеше туарда баласының балалық шағында өлетінін білсе, немесе кейінірек жаман біреу болатынын білсе, өмірі бақытсыздық ішінде өтер еді.

Сөздің қысқасы, құлдың өлім сәтін білмеуі — иләһи сый. Өйткені Аллаһ дүние өмірін сынақ үшін жаратқан. Сондықтан адамның тағдыры мен оған тәуелді болған ажалын беймәлім еткен. Сол себепті өлімге әр сәт дайын болу керек.

Аят кәримәда:

كُلُّ نَفْسٍ ذَائِقَةُ الْمَوْتِ ثُمَّ إِلَيْنَا تُرْجَعُونَ

«Әр жан иесі өлімді татады. Соңында Бізге ораласыңдар» — делінген (Анкәбут, 57).

Мұндай аяттар көп. Бұлар нәпсіге тән қалауларымыздың иірімдерінде тұншықпауымыз үшін Құран да қайталанған иләһи ескертулер.

Аталарымыз фәнилікті ұмытпау үшін қабірстандарды қала орталары мен мешіт алдында жасаған. Ол жерден өткен әр адам өз болашағын көріп, фәнилік сабағын алсын, жағдайын түзетсін деген.

Біз де өмір бойы көріп-естіген өлімдердің бір күні міндетті түрде іске асатын ақиқат екенін сезіп, бұлардан қажетті ғибрат сабағын алуға мәжбүрміз.

Тек бұл жағдайда бейқамдықтан құтылып, қуаныш пен тыныштық толы көңілмен Аллаһқа сапар шеге аламыз.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз:

«*Барлық дүниеуи ләззаттарды пышақ сияқты кесетінді (яғни өлімді) еске көп алыңдар*» — деген (Термези, Зүһд,4).

Басқа бір хадис шәрифінде:

«*Намазыңды (өмірге) қош бол деген адамның намазы сияқты оқы!...*» — (Ибн Мәжә, Зүһд, 15) нұсқауымен бұл құлшылықтың өлімді ойлау мәселесіндегі тәрбиелік жағына ишарат еткен.

Яғни, намаз құлшылығы мына өткінші дүние өмірінен негізгі өмір ахіретке рухани сапар. Күніне бес уақыт Аллаһқа мойынсұну, бағыну, опалы болу, берік және құлшылығын ұсыну. Құлдың бір түрлі жат өлкесі болған дүниедегі иләһи қауышудан үлес алу шағының рухани тәртібі.

Бұл жағынан намаз — дүние мен ахірет арасында миғраж сапары. Намазын тағдилұл-әркәнға, яғни ережелерін толық, ықыласпен орындап, күнделікті істеріне қайта оралған мүмин өлгеннен кейін қайта өмірге оралғандай көңіл сезімімен өмір сүреді. Осындай намаз адамды жамандық пен арсыздықтан қорғайды, шынайы түрде орындалған намаз — өлімді ойлаудың керемет тағлымы.

Намаздарын өмірге қош бол деген адам сияқты орындай алған мүмин әр көргенін ахірет терезесінен көріп тұрғандай бағалайды. Осындай рухи кемелдікке болғандар өмір сапарында еш ібіліспен жолдас бола алады ма? Нәпсіге тән қалаулардың тұтқыны бола ма? Дүниеуи әуестіктерге көңіл бөле ме?

Ибраһим бин Әдһәм Хазіреттен сұраған екен:

«Жасаған дұғаларымыз неліктен қабыл етілмейді»

Хазірет айтқан:

«Аллаһты білесіңдер, әмірін ұстанбайсыңдар! Пайғамбарды білесіңдер, сүннеттерін орындамайсыңдар! Құран оқисыңдар, бірақ онымен амал етпейсіңдер! Аллаһтың нығметтерін жейсіңдер, оған шүкірлік қылмайсыңдар. Тозақты білесіңдер, үрейленбейсіңдер! Өлім бар дейсіңдер, дайындалмайсыңдар! Ата-аналарың мен марқұмдарыңды өз қолдарыңмен жерлейсіңдер, бірақ ғибрат алмайсыңдар! Осылай бола тұра, соншалықты бейқамдықта болған адамның дұғасы қалай қабыл болсын!» (Тәзкирәтүл-Әулия, 40).

Міне, өлімнің ғибрат сабағы лайықты түрде оқылмаса, оған керегінше дайындалу мүмкін емес. Ал бұл қорқынышты дәрежедегі немқұрайлықтың кесірінен болған жағдай.

ЕҢ МАҢЫЗДЫ БЕЙМӘЛІМ ЖАҒДАЙ – АҚТЫҚ ДЕМ

Көреген көңілмен өмір сүрген Хақ достарының өмірлері өлімді ойлаудан туындаған рухани кемелдік пен ақтық дем белгісіздігінің қайғысында өтеді. Өйткені олар өмір бойы адамның аяғын тайдыру үшін тырысқан шайтан адамның соңғы демінде өте үлкен ынтамен адамның иманына шабуыл жасайтынын жақсы біледі. Жүрегінде күмәні барларды жолдан шығарады, күпірлікке душар етеді. Артынан арбаған адамын ақымақтығымен, бетпақтығымен жалғыз тастап кетеді.

Аят кәримәда былай айтылған:

كَمَثَلِ الشَّيْطَانِ إِذْ قَالَ لِلْإِنسَانِ اكْفُرْ فَلَمَّا كَفَرَ
قَالَ إِنِّي بَرِيءٌ مِّنكَ إِنِّي أَخَافُ اللَّهَ رَبَّ الْعَالَمِينَ

«... Шайтан адамды "кәпір бол" деп (азғырып) **алып адам кәпір болған кезде: "Сенен аулақпын. Шынында күллі ғаламның Раббысы Аллаһтан қорқамын" — дейді»** (Хашр, 16).

Сондықтан Аллаһтан, әсіресе, соңғы демімізде ықыласымызды қорғауын тілейміз. Өмір сапарында ажал өткелінің соңғы бұрылысы — өте қиын және қауіпті. Олай болса, ең маңызды мәселеміз, дертіміз бен қайғымыз сол бұрылысты амандықпен артта қалдыру.

Аят кәрімәда айтылады:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُواْ اتَّقُواْ اللّهَ حَقَّ تُقَاتِهِ
وَلاَ تَمُوتُنَّ إِلاَّ وَأَنتُم مُّسْلِمُونَ

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы (Оның тәңірлік абырой-даңқына лайық боларлықтай) **қорқыңдар және мұсылман болған халдеріңде ғана өліңдер»** (Әлү Имран, 102).

Сахабалардың ішінде зуһдімен, құлшылығымен атағы шыққан **Осман ибн Маз'ун** ﵁ Мәдинада **Үммүл-А'лә** есімді бір әйелдің үйінде қайтыс болған. Бұл әйел:

«Ей, Осман! Куәлік етейін, қәзір Аллаһ саған сый жасап жатыр» — дейді.

Аллаһ Елшісі ﷺ сөзге араласып:

«Аллаһтың оған сый жасап жатқанын қайдан білдің?» — дейді.

Әйел:

«Аллаһқа ант етейін, білмеймін!» — дегенде, Аллаһ Елшісі ﷺ былай дейді:

*«Қараңдар, Осман қайтыс болды. Мен өз атымнан ол үшін **Аллаһтан жақсылық үміт етемін**. Бірақ мен пайғамбар бола тұра маған және сендерге не жасалынатынын (яғни бастарыңнан қандай күйлер өтетінін) білмеймін».*

Үммү А'лә:

«Аллаһқа ант етейін! Бұл оқиғадан кейін ешбір адам жайында бір нәрсе айтпадым» — деген (Бұхари, Тәбир, 27).

Олай болса, кімнің қандай күйде өлері беймәлім. Артта қалғандар өлген адам жайында нақты бір үкім беруден сақтануы керек. Тек ол үшін жақсылық жасап, дұға мен жақсы пікірде болу керек.

Хадис шәрифте:

«Адам өмір сүрген кейпінде өледі және өлген күйінде тірілтіледі» делінген (Мүнәуи, Фейзүл-Қадир, 5, 663).

Көбіне осылай. Бірақ пайғамбарлар мен олардың сүйіншілегендерінен басқа ешкімнің ақтық дем жайында кепілдігі жоқ. Яғни, адам сол кезге дейінгі өмірінің дұрыстығына және жасаған жақсылықтарына сенбеуі керек. Тек сенілетін және пана ізденілетін жер — Аллаһ екенін білу керек. Оны разы ететін күйлермен және амалдармен Оған жүгіну керек.

Құлшылық пен салих амалдарымыздың дұғаларымыз сияқты қабыл болуға мұқтаж екенін ұмытпайық. Өйткені құлдың ең маңызды беймәлім жағдайы болған ақтық демі жайында басқа бір хадис шәрифте былай айтылған:

«Бір адам ұзақ уақыт бойы жәннаттықтардың амалын жасайды, соңында амалы тозақтықтардың ісімен тәмамдалады. Бір адам да ұзақ уақыт бойы

тозақтықтардың амалын жасайды, соңында амалы жәннаттықтардың ісімен тәмамдалады» (Мүслим, Қадәр, 11).

Хақ досы **Әли Бәккә** Хазіретке «Бәккә», яғни «көп жас төгуші» лақаб есімінің берілу себебі былай баяндалады:

Салих және өзі сияқты әулие бір досы бар болатын. Төтенше күйлер мен кереметтер иесі болатын. Бірде екеуі бірге сапарға шықты. Баратын жер жаяу жүргенде бір жылдық жол еді. Олар кереметтерімен бұл жолды бір сағатта жүріп өтті. Досы оған: «Мен пәлен уақытта, пәлен жерде өлемін. Сол кезде жанымда бол!» — деп, өсиет етті. Бірақ ол досы ақтық демінде имансыз өлді.

Бұл оқиғаға куә болған Әли Бәккә онан кейінгі өмірінде Аллаһтың ризалығына жете алмау және ақтық демінде иманын құтқара алмау қаупінен көп жас төгетін болды.

Сондықтан ақтық дем мәселесінде мүминнің көңілі қорқыныш пен үміт сезімдерінің тепе-теңдігі шеңбері аясында болуы тиіс.

Ахмед бин Асым Антаки рахмәтұллаһи аләйһи өзінен насихат сұрағандарға былай дейтін:

«Ең пайдалы қорқыныш — адамды күнәлардан, Аллаһ ұнатпаған нәрселерден аулақ тұтатыны. Сондай-ақ ахірет істерінің қолдан кетуімен мұңға

бөлейтін, қалған өмірі мен соңғы деміндегі жағдайы жайында ойлауға жетелейтіні».

Мұхаммед Ма'сум Фаруқи Хазірет былай деген:

«Ақтық дем туралы қорқыныш ерекше нығмет болғаны сонша, Хақ достарының барлығы бұл дертке шалдыққан».

Міне, дүние өмірін иман ұшқыны, құлшылық тыныштығы және көркем мінезбен бірге ақтық дем қорқынышымен өмір сүргендердің қиямет күні қорқыныш пен мұңнан қорғалатыны иләһи уәде. Аят кәримәда былай айтылған:

إِنَّ الَّذِينَ قَالُوا رَبُّنَا اللَّهُ ثُمَّ اسْتَقَامُوا تَتَنَزَّلُ عَلَيْهِمُ الْمَلَائِكَةُ أَلَّا تَخَافُوا وَلَا تَحْزَنُوا وَأَبْشِرُوا بِالْجَنَّةِ الَّتِي كُنتُمْ تُوعَدُونَ

«"Раббымыз Аллаһ" деп, онан соң (өмірінің әр кезін Аллаһ ризалығымен өткізіп)**, тура жолмен** (Құран мен Сүннет бағытында) **жүргендерге аспаннан періштелер түсіп: "Қорықпаңдар да қайғырмаңдар, сендерге уәде етілген жұмақпен қуанып, мәз-мейрам болыңдар" дейді»** (Фуссиләт, 30).

СОҢЫҢ НЕ БОЛАДЫ?...

Шәйх Ахмед Харбтің, Бәһрам есімді кәрі көршісі болып, ол мәжуси, яғни отқа табынушы болатын. Ахмед Харб Хазірет бір күні Бәһрамды иманға шақырады. Кәрі мәжуси:

«Ей, мұсылмандардың ұлысы! Сенен үш нәрсе сұрайын. Жауап бере алсаң, сенің дініңе кірейін» — дейді.

Шәйх Ахмед «Сұра» — дегенде Бәһрам:

«Аллаһ бұл халықты не үшін жаратты? Бұған қоса рызығын да берді, бірақ неліктен оларды өлтіреді? Жарайды, өлтірді делік, ал неліктен тірілтеді?» — деп сұрайды.

Шәйх Ахмед бұл сұрақтарға былай жауап береді:

«Халықты жаратты да, Өзінің бар және жалғыз екенін білсін деді. Иләһи құдірет пен ұлылық көріністерін сезінсін деді. Рызықты берді де, Өзінің азықтандырушы және мейірімді екенін білсін деді. Өлтірді де, Өзінің ашуын білсін деді. Қайта тірілтті де, Өзінің ғана мәңгі екенін білсін деді. Қысқасы, өмірдің әр кезеңіндегі оқиғалар мен жайттар Оның жалғыз құдірет иесі екенін білдіреді».

Бәһрам бұл сөздерді естіп иман етеді. Бірақ Шәйх Ахмед Харб сол сәтте үрейден талып қалады. Есін жиғанда:

«Ей, шәйх не болды?» — деп сұрағанда ол:

«Сол сәтте маған бір үн келді. Бәһрам жетпіс жылдық отқа табынған кәпір еді, енді мұсылман болды. Сен жетпіс жылдық мұсылмансың, бірақ соңғы деміңде не боларыңды білесің бе?!...» деді (Тәзкиратүл-Әулия, 97).

Олай болса, әр демімізде дүние өмірінің соңғы сәтін қайырлы ететін бір үлгіде өткізуге тырысайық. Сөйтіп мәңгі құтылуымыз үшін үнемі Аллаһтың мейірімі мен кешірімін паналайық.

Жүнәйд Бағдади қуддисә сирруһ Йемен шөлдерінде жүргенде бір аң аулайтын ит көрген. Қараса тістері жоқ, жыртқыш аңдарға шабуыл жасайтын азу тістерінде қуат қалмаған, арықтаған, кәрі түлкіге айналған. Уақытында жабайы өгіздерге, киіктерге атылып, оларды ұстайтын, енді үй қойларынан соққы жей бастаған.

Жүнәйд ол итті сондай бейшара, шаршап-шалдыққан күйде көргенде оған өз азығының бір бөлігін беріп, мұңайып мына сөздерді айтты:

«Ей, ит! Білмеймін, ертең екеуімізден кім жақсы болатынын. Сырт пішінге қарайтын болсақ, бүгін адам болғаным үшін мен сенен жақсымын. Бірақ, білмеймін, қаза мен тағдыр басыма нелер алып келетінін. Егер иманымның аяғы таймаса, басыма Аллаһтың кешірім тәжін киермін. Егер үстімдегі мағрифат киімі шешілсе, сенен төмен болармын. Өйткені ит қаншалықты жаман мінезді болса да, ол оны тозаққа жөнелтпейді».

Міне, бұл сезімді жүрегінде сақтап жүрген мүмин жарылғыш заттар (мина) қойылған егістікте жүргендей ерекше сезімталдықпен өмір сүреді. Дүниеде баратын соңғы тұрақтың жәннат бақшаларының бірі болуы үшін қабірлердің үнсіз насихаттарына шын көңілден беріледі. Өлімге дайындық — өзіне қабір дайындау емес, қабірге өзін дайындаудан тұратын даналығына жетеді.

Шах Нақшибәнди қайтыс болғаннан кейін, жақсы көретіндердің бірі оны түсінде көріп, былай сұраған екен:

«Қандай амал істесек, құтылып кете аламыз?»

Хазірет былай дейді:

«Соңғы демде немен шұғылдану керек, сонымен шұғылданыңдар»

Ажал келгенде ең шебер қолдар да ұстай алмай қалады. Бұдан кейін адам үшін тер төгу, шалдығу, жаурау, жалығу жоқ. Яғни Аллаһ жолында құлшылық етуге, қызмет пен күш жұмсауға кедергі болған барлық адами сылтаулар бітеді. Ол құлшылық пен тырысу уақыты емес, иләһи есепке тартылу уақыты. Аллаһ үшін салих амал істеу уақыты — дүние өмірі. Ол мүмкіндік қолдан кетсе, қайта оралмайды.

Жүнәйд Бағдади Хазірет айтады:

«Дүниенің бір күні ахіреттің мың жылынан абзал. Өйткені дүниенің бір күнінде иләһи ризалыққа бөлену мүмкіндігі бар. Ахіретте дүниедегідей салих

амалдар жасап, жетістікке жету мүмкіндігі жоқ. Ол жерде тек өмірдің есебін беру ғана бар».

Сондықтан нағыз мүминдер дүниені ахіреттің егістігі деп біліп, өмірлерін қайырлы амалдар істеу үшін Аллаһ берген мұрсат пен уақыт екенін аңғарып ғұмыр кешеді.

Риуаят бойынша **Хазіреті Илияс** عليه السلام өлім періштесіне жолыққанда біраз сескенеді. Бұған Әзірейіл عليه السلام:

«Сен пайғамбарсың, ей, Илияс! Өлімнен қорықтың ба?» — дейді.

Хазіреті Илияс былай жауап береді:

«Жоқ, өлімнен қорыққан жоқпын. Мен өмірімнің біткеніне мұңайдым. Өйткені өмірімді құлшылықпен, насихатпен өткізіп жүрдім. Құл болудан ләззат алушы едім. Енді қабірде қияметке дейін тұтқын боламын. Міне, осы үшін мұңайдым».

Ақын мүминнің қалай өмір сүруі керектігін қандай тамаша жеткізген:

Сені шешең туып лақтырған күні дүниеге

Жылап едің, барша әлем күліп бір жақта.

Енді сондай бір өмір сүр де күлерсің өлерде,

Атқыласың көз жасы болып жаһан артыңнан...

Міне, маңыздысы — салих амалдармен, жақсылықтармен көк күмбезде хош із қалдырып, өмір дәптерін жаба білу. Аллаһтың алдына бұл рух күйімен, осындай рахат ожданмен, таза жүрекпен, нұрлы жүзбен бара білу — ең үлкен бақыт.

Көркем тілімізде: «Соңғы күлген жақсы күледі» деген сөз бар. Мұның мағынасы — адамға ақтық демінде перделер алынып, баратын жері көрсетілгендегі күлімдеуден әсем күлімдеу жоқ деген сөз. Құлдың бұл жаһандағы ең көркем, ең мағыналы, ең бақыт толы күлімдеуі — сол кездегі күлімдеуі.

Аллаһ сыйымен, жомарттығымен баршамызды ақтық демімізде жүзін күлімдеткендерден етсін. Раббымыз бұл даналықпен, ғибраттармен нәпсілерімізді есепке тартып, жағдайымызға жөн бере білуімізді, ақтық демімізде мәңгі қауышу дәмін татып, қиямет күніне айт таңының тыныштығымен, бақытымен, қорқыныш пен мұңнан аулақ болып бара білуімізді нәсіп етсін!

Әмин...



Дүниеден ахірет артық деп білу

Мүмин өзіне берілген барлық ныгметтердің, әсіресе ИМАННЫҢ шүкірлік өтемін Раббысына төлеуге мәжбүр. Өйткені өтемі төленбеген нәрсеге ие екенін айту бос іспен айналысумен тең.

Иман ныгметінің өтемін төлеу жауапкершілігін ұмытып, фәни дүниенің өткінші ләззаттарына берілгендердің жагдайы қармаққа түскен балыққа ұқсайды. Балық көрген жеміне алданады, бірақ жем ілінген жасырын ілгекті көрмейді. Міне, негізгі өмірдің ахірет өмірі екенін ұмытқандар дүние тұзақтарынан құтыла алмайды.

ДҮНИЕДЕН АХІРЕТ АРТЫҚ ДЕП БІЛУ

Әр мүмин жақсылығын көрген біреуге иманы мен адамгершілігінен борышты сезініп, алғысын айтып, дұға етеді. Мүмкіндігінше оған жақсылау жауап беруді қалайды. Ұсынылған бір кесе суға да сыпайлықпен алғыс айту қажет. Аят кәримәда:

وَإِن تَعُدُّواْ نِعْمَةَ اللّٰهِ لاَ تُحْصُوهَا

«Аллаһтың нығметін санауға тырыссаңдар, оны санап бітіре алмайсыңдар...» (Нахл, 18) делінген. Күмәнсіз, бұл нығметтердің ең үлкені — иман. Әр нығметтің өтемі мен қарымтасы болғаны сияқты иман нығметінің қарымтасы хамд-мадақ пен шүкір, зікір мен ықылас және тақуалы құлдық өмірін кешу.

Мүмин өзіне берілген барлық нығметтердің, әсіресе иманның шүкіршілік өтемін Раббысына өтеуге мәжбүр.

Өйткені өтемі өтелмеген нәрсеге ие екенін айту бос нәрсемен айналысумен тең.

Иман – иләһи сыйлардың ең үлкені. Сынақ – бұл нығмет құнының қаншалықты екенін білгенімізді, оған қаншалықты қорғаушы бола алғанымызды өлшейтін таразы. Мүминдерден талап етілгені – өмірдің өзгерген шарттарына сабырмен мойынсұнып, иманын қорғай білу. Сонымен қатар бұл иләһи сыйларға қол жеткізудің өтемі деңгейінде. Аятта айтылады:

إِنَّ اللّٰهَ اشْتَرَى مِنَ الْمُؤْمِنِينَ أَنفُسَهُمْ وَأَمْوَالَهُم
بِأَنَّ لَهُمُ الجَنَّةَ يُقَاتِلُونَ فِي سَبِيلِ اللّٰهِ فَيَقْتُلُونَ
وَيُقْتَلُونَ وَعْداً عَلَيْهِ حَقّاً فِي التَّوْرَاةِ وَالإِنجِيلِ
وَالْقُرْآنِ وَمَنْ أَوْفَى بِعَهْدِهِ مِنَ اللّٰهِ فَاسْتَبْشِرُواْ
بِبَيْعِكُمُ الَّذِي بَايَعْتُم بِهِ وَذَلِكَ هُوَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«Шынында Аллаһ мүминдердің малдары мен жандарын жәннатқа айырбастап алды. Өйткені олар Аллаһ жолында соғысады, не өлтіреді, не өледі. (Аллаһтың) **Тәуратта, Інжілде және Құранда** (баяндаған бұл уәдесі – Ол орындайтын) **шын уәде. Аллаһтан артық уәдесіне опа қылатын кім бар? Олай болса,** (ей, мүминдер!) **Онымен істеген саудаларыңа қуаныңдар. Міне, бұл – үлкен табыс»** (Тәубе, 111).

Дүниеде өткізілген уақыт ахіреттің шексіздігіне қарағанда зәррә немесе бір тамшы денгейінде емес. Бірақ,

дүние сынағының нәтижесі — не мәңгі бақыт жұрты жәннәт немесе мәңгі күйзеліс орны тозақ. Құлдың осы екі жерден қайсысына баратынын мына фәни өміріндегі **«ахіретті немесе дүниені таңдауы»** белгілейді.

Сондықтан мына қып-қысқа дүние өмірінде ахіретті таңдауда бейқамдық танытқаннан үлкен алдану жоқ.

Аллаһқа жақындықтың нұрымен бейқамдықтан оянған Хақ достары өмір кітабының әрбір әрпін көңіл көзімен, даналық назарымен оқиды. Әлемнің ұлық мақсатпен бар етілгенін, ешбір нәрсенің бос және ермек үшін жаратылмағанын, әр өткен күннің өмір күнтізбесінің бір бетін жұлып, адамды қабірге бір адым жақындатқанын нақты ұғады. «Өмір нығметінің мағынасы мен даналығы неде? Дүние неліктен адам болмысының әміріне бағынышты етілген? Екі есікті бір үй сияқты бұл әлемге қайдан келдік, бұл жерден қайда барамыз?» — сияқты сауалдар жайында ой жүгіртіп, өмірлерін нәзік, терең және сезімтал рух күйімен өткізеді.

ҚАЛЬБУ СӘЛИМ/САФ ЖҮРЕКТІҢ БЕЛГІСІ

Қиямет күні біздің ең көп мұқтаж болатын нәрсемізді Раббымыз былай баяндайды:

«Ол күні (адамға) **мал-дүниенің де, бала-шағасының да пайдасы тимейді. Тек сәлим** (саф жүрек) **жүрекпен Аллаһтың құзырына келгендер** (құтылады)**»** (Шұара, 88-89).

Сәлим жүрекке жете білу қабір әлемінен шақыру келмей тұрып, ахірет сапарына дайындалуға байланысты. Бұл үшін жүректі Аллаһтан алыстатқан әрбір нәрседен тазартып, яғни арылтып, сезімтал етіп, дүниеде берілген әрбір нығметті ахіреттік амандық пен бақыттың қаржысы ете білу керек.

Хақ достары **сәлим жүрек**тің ең маңызды екі сипатын былай баяндайды:

1. Ешкімді ренжітпеу, ешкімге ренжімеу. Өйткені жүрек Аллаһтың назары түсетін орын;

2. Дүние мен ахірет істері бірге келіп қалғанда ахірет ісін таңдау.

Сәлим жүрек пен мінез-құлық тұрғысынан кемелдікке жеткен мүминнің Аллаһпен бірге болу сезімі шыңға шығады. Өзін үнемі Аллаһтың құзырында және иләһи бейнетаспа бақылауында сезінеді. Әр сәт мына аятты ойлаумен болады:

وَهُوَ مَعَكُمْ أَيْنَ مَا كُنتُمْ

«... Және қайда болсаңдар да Ол (Аллаһ) **сендермен бірге...»** (Хадид, 4).

وَنَحْنُ أَقْرَبُ إِلَيْهِ مِنْ حَبْلِ الْوَرِيدِ

«... Және біз оған (адамға) **күре тамырынан да жақынбыз»** (Қаф, 16).

Бұл тақуа күйінің шыңындағы Хақ достары Раббы-

мыз жиі есімізге салған ахірет ақиқатын үнемі назарда ұстап, өмір сапарында тек тура жол ұстанады. Ахірет өмірінде зиянға ұшыраудан гөрі барлық дүниелік пайдалардан бас тарта білу парасаттылығын көрсетеді.

КҮЛЛІ ДҮНИЕНІ БЕРСЕ ДЕ, АХІРЕТТІҢ БІР АМАЛЫНА АУЫСТЫРМАЙМЫЗ!...

Хазіреті Мұса عليه السلام Перғауын сарайында молшылықта өмір кешуде болатын. Перғауынның оны өлтіргісі келгенінен хабардар болып, дереу Мәдиян жаққа қарай азықсыз жолға шығады. Тура сегіз күн аш-сусыз жүрген ол әлсіз жағдайда Мәдиян қамалы алдына келді. Ол жерде кім екенін білмесе де, Шұғайыбтың عليه السلام қыздарына қойларын суғарысып, көмек көрсетті. Сосын әлсіз күйде бір көлеңкеге келіп жайғасты. Сонда шарасыз ол:

«...Раббым! Расында маған түсіретін әр жақсылығыңа мұқтажбын!» — деп жалбарынды (Қасас,24).

Хазіреті Шұғайыб қойларын суғарысып, өздеріне жәрдемші болған адам туралы хабар алғанда, оны үйіне шақырып, тағам ұсынды. Хазіреті Мұса сегіз күн аузына бір түйір де кірмегеніне қарамай, алдына қойылған тамаққа қолын тигізбеді. Хазіреті Шұғайыбқа:

«Біз сондай отбасымыз, бізге **барлық дүниені берсе де, ахіреттің бір амалына ауыстырмаймыз!** Мен

сізге бұл тағам үшін емес, Аллаһ ризалығы үшін жәрдем еттім» дейді.

Шұғайыб ﷺ бұл жауапқа өте риза болады:

«Бұл қошеметіміз жасаған жәрдемің үшін емес, Аллаһтың қонағы болғаның үшін» дейді. Осы сөзден кейін ғана Мұса ﷺ тағамды қабыл етті.

Міне, ахіретке иманның іс-әрекеттерге шағылысқан құлшылықтың нағыз мысалы. Дүниеде аштықтан барлық күшінің бітетінін білсе де ахіреттің бір амалын ешбір дүниелік өтеммен ауыстырмау парасаттылығы.

Бұл рухани кемелділіктің тағы бір мысалын **Уәсилә бин Әсқа** ﷺ былай түсіндірген:

Тәбук сапарына шығатын күндерде (сапарға қатысу үшін материялдық мүмкіндігім де, көлігім де жоқ еді. Бұл мүбәрәк сапардан мақрұм қалмау үшін) Мәдина алаңында мұсылман бауырларыма былай дедім:

«Ғанибет-олжадан түсетін үлесімді беремін, мені кім көлігіне мінгізеді?»

Әнсардан кәрілеу бір адам көлігіне кезектесіп мінуге келісіп, мені шайқасқа алып баратынын айтты. Бұл қайырлы жолдаспен жолға шықтым. Аллаһ олжа да нәсіп етті. Үлесіме біраз түйе тиді. Түйелерді әлгі үлкен кісіге алып бердім. Ол маған:

«Түйелеріңді ал да, бара бер» деді.

«Баста жасаған келісім бойынша, бұлар сенікі» — десем де, әнсарлық үлкен кісі:

«Ей, бауырым! Олжаңды ал, мен сенің бұл материалдық үлесіңді сұрамаған едім. (Мен сауабына, яғни ахіреттік пайдасына қосылу пікірімен және Аллаһтың ризалығына үміт етіп, сені осында алып келдім)» — деп жауап қатады (Әбу Дәуіт, Жиһәд, 113/ 2676).

Осылай ол мүбәрак әнсарлық сол кезеңнің ең бағалы дүние заты саналған біршама түйелі болудың орнына ахіретте қол жеткізетін сауапты таңдады. Аллаһ разылығы жолында жақсылықты қолға түсіру үшін, қаншалықты бағалы болса да дүниелік бір пайдадан бас тарта алу парасаттылығын ұстанды.

Хақ достарының біріне өзіне өте көп әсер еткен қандай оқиғамен кезігіп-кезікпегені сұралғанда, Хазірет мынаны айтқан:

«Мекке Мукәррамада ақша салған қобдишамды жоғалтып алып, мұқтаж күйге түстім. Басрадан ақша күтіп жүрдім. Әйтеуір келмей жатты. Шаш-сақалым едәуір өсіп кетті. Шаштаразға барып:

«Ақшам жоқ, Аллаһ ризалығы үшін шашымды қиып бересің бе?» — деп сұрадым.

Шаштараз сол кезде бір адамның шашын қысқартып жатыр еді. Жанындағы бос жерге меңзеп: «Мұнда отыр» — деді де, тұтынушысын күттіріп қойып, менің

шашымды қысқарта бастады. Күтіп отырған тұтынушы наразылығын білдіре бастағанда:

«Айыпқа бұйырмаңыз, мырзам, сіздің шашыңызды өтем үшін қысқартып жатырмын. Бірақ бұл адам Аллаһ ризалығы үшін шашын қысқартуымды өтінді. Аллаһ үшін болған істер үнемі бұрын және материалдық өтемі жоқ. Аллаһ үшін болған істің өтемін құлдар еш білмейді де, өтей де алмайды» — дейді.

Қысқартып болғаннан кейін шаштараз қалтама қыштап бірнеше алтын салды да:

«Шұғыл қажеттіліктеріңді аларсың, мүмкіндігім осы ғана, айыпқа бұйырма!» — деді.

Арадан бірнеше күн өтті, Басрадан күткен ақшам келді. Шаштаразға бір қапшық алтын алып бардым. Шаштараз:

«Әсте алмаймын! Аллаһ үшін болған істің өтемін төлеуге құлдардың күші жетпейді. Барыңыз, сіз өз жолыңызға бара беріңіз, Аллаһ амандық берсін!» — деді.

Разылық алған соң қоштастық. Бірақ тура қырық жыл бойы таңсәріде оған дұға етемін»

Міне, Аллаһ үшін жасалған салих амалды дүниелерге ауыстырмау ізгілігі... Әр нәрсені сырт пішінімен сараптауға үйреніп қалған және дүние алу ынтасымен халал-харам шектеріне мән бермейтін тар түйсіктердің еш ұға алмайтын іс-қимыл кемелдігі... Хаққа достық

көкжиегінен қаралмай түсінілмейтін ақиқи көрегендік, асыл парасаттылық пен шынайы ақылдылық...

ШЫН МӘНІНДЕ АҚЫЛДЫ КІМ?

Ақыл мен сананың қажеттілігі кішкене, тұрпайы және өткінші пайдаларды пайдасы мәңгі жүретін үлкен ұтыстармен ауыстыруды қажет етеді. Аллаһ Тағала әмір етеді:

«Дүние тіршілігі, әншейін ойын, ермек ғана. Сақсынып жүрушілер (Аллаһтың бұйрығына сай өмір сүріп, қайшы әрекеттерден сақтанатындар) **үшін, әрине, ахірет жұрты абзал. Әлі де түсінбейсіңдер ме?»** (Әнʼам, 32).

Аят кәримәдағы сақсынып жүрушілер — тақуалы жандар. Тақуа — нәпсіге тән қалауларды тізгіндеп, рухани қабілеттерді жоғарылатып, Аллаһқа құл, дос бола білу өнері.

Хадис шәрифте де шынайы ақыл иелері былай түсіндірілген:

«Ақылды кісі нәпсісіне ие болған, оны есепке тартқан және өлімнен кейінгі өмір үшін тырысқан кісі. Ал, ақымақ нәпсісін қалауына тәуелді еткен күйде Аллаһтан (жақсылық) күткен кісі» (Термези, Қиямет, 25/ 2459).

Міне, адамның қаншалықты сау ақылға ие екені бұл ақиқаттар аясында таразыланып көрілуі керек. Сау

ақылға қажеті — мәңгі-бақи болғанды фәниден абзал деп білу.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ Мырзамыз былай деген:

«Ахіреттің жанында дүниенің жағдайы сендердің біреуіңнің саусағыңды теңізге батырып алуы сияқты. Саусағы (теңізден) не алып шықса, (ахіреттің жанында) дүние, міне, осы» (Хаким, Мүстәдрак, 4/ 319).

Сахабалар Мекке кезеңінде мүшріктердің зұлымдығы мен қыспағында қалғанда өз-өздеріне:

«Біз Раббымызға құл болу үшін әр қиыншылыққа төземіз. Ал Аллаһқа қарсы келген кәпірлер дүниеде рахат, емін-еркін шалқып жүріп, дүние нығметтерін қалауларынша қолданады» — десті. Осыған орай Раббымыз мүминдерге дүниеден абзал о дүниені таңдауларын әмір етті:

«(Аллаһты және Пайғамбарын танымаған) **кәпірлердің** (молшылық ішінде) **өлкелер мен аймақтарды кезіп жүруі сені** (әсте) **алдаусыратпасын. Бұл** (имансыздардың рахаты) **кір арзымас пайда. Олардың ең соңында баратын жері — жәһаннам. Ол неткен жаман төсек! Бірақ Раббыларынан сақсынғандар** (солай ма?) **Олар үшін іргесінен бұлақтар ағып жататын жәннәттар бар. Олар онда мәңгі тұрады. Әрі Аллаһ тарапынан берілетін зияпаттар да бар сонда. Аллаһтың құзырындағы** (нығметтер) **абзал пенделер үшін, тіпті, жақсы»** (Әлу Имран, 196-198).

Сондықтан ахірет терезесінен қарағанда дүниенің барша рахаты мен ләззаты кішкентай ғана пайдадан тұрады. Егер дүниенің Аллаһ құзырында құны бар болғанда, Аллаһ Тағала Өзінің ең сүйікті құлдары пайғамбарларын қияметке дейін сарайларда, рахат ішінде ғұмыр кешкізер еді. Бірақ Аллаһ пайғамбарлары мен салих құлдарына фәни дүниенің шынайы жүзін көрсеткен және олардың жүректерін дүниеден де абзал болған о дүниеге бағыттаған.

Расында **Аллаһ Елшісі ﷺ Мырзамыз** айтады:

«Менің дүниемен ешқандай байланысым жоқ. Менің дүниедегі жағдайым бір ағаш астында көлеңкеленіп, кейін жолын жалғастырған жолаушы сияқты» (Термези, Зуһд, 44).

Пайғамбар тәрбиесімен өскен сахабалардың өмір сүру салттары біздерге теңдесі жоқ үлгі-өнеге. Олардың ахірет жұртын аңсағап, шәһид болуға деген құштарлықтары тілдерге дастан болған.

Аллаһ Елшісінің Исламға шақыру хатын бас алуға дайын жендеттердің арасынан өтіп, патшалардың алдында иман батылдығымен оқыған жас сахабалардың көзінен дүние қалауы өшкен, ең кішкене дене бөлшектеріне дейін барша болмыстарын Аллаһ пен Елшісінің сүйіспеншілігі қамтыған.

Пайғамбарымызға сондай жүректен бағынышты еді, алдында өлім бар өте қауіпті сәтте де:

«О, Аллаһ Елшісі! Сен қалай қаласаң солай жаса, бізге әмір ет, біз сенімен біргеміз. Сені жіберген Аллаһ үшін Сен теңізге түссең, біз де Сенімен бірге түсеміз. Еш біріміз тайынбаймыз...» дейтін (Ибн Хишам, 2, 253-254).

Хазіреті Омар ﷺ халифалығы кезінде алғаш мұсылмандардан болған **Хаббаб бин Әратқа** ﷺ жолығып, одан:

«Аллаһ жолында шеккен қорлықтарың туралы біраз әңгімелеп бересің бе?» — деген.

Бұған Хазіреті Хаббаб:

«Ей, мүминдер әміршісі! Арқама қара» — дейді.

Хазіреті Омар оның арқасына қарағанда:

«Өмірімде мұншалықты бұзылған адам арқасын көрмеген едім» — деп таң қалған.

Хаббаб сөзін жалғастырады:

«Кәпірлер от жағатын. Мені шоқтардың үстіне киімсіз жатқызатын. От тек арқамнан аққан майлармен ғана өшетін» (Ибнүл-Әсир, Үсдүл-Ғабә, II, 115).

Міне, Исламның алғаш жылдарында мүшріктер мүминдерге осындай азаптар шектірген, бірақ қалаған күпірлік сөздерін айтқыза алмайтын. Өйткені иман ұшқыны барша дүниеге тән азаптарды сездірмейтін.

Бүгінгі күндегі адамдар дүниеде біраз рахат пен

ұзақ өмір сүруді қалап, барлық қайғысы сол болса, сахабалардың ең үлкен арман-қалауы өздерін Аллаһтың құзырында ақтай алу үшін ұждан тыныштығымен, саф жүрекпен ахіретке жете алу болатын.

Бір күні **Ибн Мәсғуд** ﷺ Табиғун нәсілінен болған достарына былай деді:

«Сендер Аллаһ Елшісінің сахабаларына қарағанда көбірек ораза тұтып, намаз оқып және салих амалдар жасауға тырысасыңдар. Бірақ олар сендерден абзал»

Олар:

«Неге?» — деп сұрағанда:

«Олар дүниеден сендерден ары аулақ, ал ахіретке сендерден көбірек құштар болатын» — деген (Хаким, Мүстәдрак, 4/ 135).

Сахаба дәуірінің үлкен иман ұшқынында өздерін Аллаһқа атауларының ұқсасын мұсылман түркілердің тарихында айтылғандай Чанаккале шайқасы кезінде болмысы иманмен толы әскер паш еткен. Расында Отан қорғауды киелі борыш деп біліп, бұл міндетті жанын салып өтеуден тайынбаған мұсылман әскер дүниеге мән бермей, жан қалқанымен соғысып, имандарының қажеттілігінен қару асынды.

Біздер тура сахаба дәуірі мен мүбәрак бабаларымыз сияқты қажет болса, дүниеге мән бермей, Хазіреті

Пайғамбардың үмметі ретінде Оның нұрлы ізінде жүруді барлық нәрседен үстем деп білуіміз керек.

Аллаһ Елшісі ﷺ түрлі себептермен ауық-ауық: «*Аллаһым! Шынайы өмір тек қана ахірет өмірі*» — дейтін (Бұхари, Риқақ, 1).

Бұл үрдісті оның үмметі ретінде біздер де көңілдерімізге нақыш етуге мәжбүрміз. Қандайда бір фәни нығметке қол жеткізгенімізде: «*Аллаһым! Шынайы өмір тек қана ахірет өмірі*» — деп, нығметтердің негізгі иесіне шүкірлік етуіміз және дандайсу мен азғындықтан, бейқамдықтан сақ болуымыз керек. Өйткені осындай ерекшеліктен мақрұм болғандардың күйін Раббымыз былай хабарлайды:

وَفَرِحُواْ بِالْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَمَا الْحَيَاةُ الدُّنْيَا فِي الآخِرَةِ إِلاَّ مَتَاعٌ

«... Олар дүние тіршілігіне мәз болып жүр, дүние тіршілігі дегенің ахіреттегіге қарағанда өткінші пайдадан басқа түк те емес» (Ра'д, 26).

Біз, мүминдер қандай да бір бәлекет пен қасіретке тап болғанымызда, шыдамымыз таусылған сәттерде: «*Аллаһым! Шынайы өмір тек қана ахірет өмірі*» — деп, ризалық пен бағыну, сабыр мен тәуекел, табандылығымыз бен рухани тепе-теңдігімізді қорғауымыз керек. Үнемі Раббымызға сыйынып:

مَتَاعُ الدَّنْيَا قَلِيلٌ وَالآخِرَةُ خَيْرٌ

«Дүниенің пайдасы өте аз, ахірет (Аллаһтан) **сақсынғандар үшін әлбетте хайырлы...»** (Ниса, 77) деген сана-сезімде болып, жүрегіміз жай тапқан құлдық өмірін өткізуіміз керек.

Еш бітпейтіндей деп ойлап, ес-түссіз өтіп жатқан дүние өмірі негізінде қаншалықты қысқа уақыт бөлігі екені аят кәримәда былай баяндалады:

كَأَنَّهُمْ يَوْمَ يَرَوْنَهَا لَمْ يَلْبَثُوا إِلَّا عَشِيَّةً أَوْ ضُحَاهَا

«Олар қияметті көрген күні (өздерін) **дүниеде бір кеш немесе бір сәске ғана тұрғандай сезінеді»** (Нәзиат, 46).

Сондықтан мына қысқа өмірде жасалатын ең ақылға қонымды іс — Аллаһқа деген жақсы құлдық. Бірақ барша нығметтер сияқты өмір нығметінің де құны, ол қолдан шықпай тұрып, лайықты түрде түсініле алмайды. «Уақыт» ұғымындағы бұл жалпы бейқамдық тұманын тарата алатын жалғыз мүмкіндік — «Өлімді ойлау» екенін еске түсірген Нәжип Фазылдың мына өлең шумағы қандай тамаша:

Заман тентек көйлегі, оны жыртқан да өлім,
Өлім тұтас, үзілмейді де, бөлінбейді де.

Бұл ақиқат бойынша көңілдері иман мен парасаттылық арнасында жетілген бабаларымыз дүниенің фәнилігін еске салатын қабірлерге ахиреттің мәңгілігін бейнелегені үшін жапырағын төкпейтін ағаштар отырғызған.

Ахірет сезімі мәселесінде **Лұқман Хаким**нің мына насихаты өте маңызды:

«Ұлым! Ахірет үшін дүниені пида ет, екеуіне де қол жеткізесің. Бірақ әсте дүниең үшін ахіретіңді пида етпе, екеуінен де айрылып қаласың».

Шынында да дүние мен ахірет бір таразының екі кесесіне ұқсайды. Біріне ауыр зат қойылса, екіншісі жеңіл болып қалады. Сау ақыл иесі әр мүминнің көңілі үнемі ахіретке иіліп тұруы керек. Өйткені дүниенің өткінші сүйіспеншіліктері мен іші бос арбауларына құл болып, онымен бақытты болғанның жүрегінен ахірет сүйіспеншілігі мен сол туралы ойы шығып кетеді. Ахіретке шақыру үні жүрекке орналасқанда дүниеге шақыру пікірі көңілге жат болады.

ЖҮРЕК ҚАТАЮЫНЫҢ ДАУАСЫ

Күнімізде болып жатқан көптеген бақытсыздықтың, рухани күйзеліс пен жүрек қатаюына ұшыраудың негізінде ахіретті ұмытып, дүниеқұмарлық дертіне шалдығу бары соншалық, қанша кедей бай болудың, ал қанша бай одан да көбірек табыс табу қалауымен ең баста өз рухына зиян тигізеді. Қайдан және қалай табыс түскенін ойламай, дүниенің өткінші сәнмен, жылтырақтармен безендірілген ермегіне әуестеніп келеді. Бірақ ең алпауыт байлық — **қанағат** екені ұмытылып кеткен.

Мырзамыз ﷺ айтады:

«Кімнің қалауы ахірет болса, Аллаһ оның жүрегіне байлығын қояды және істерін жинақы етеді. Енді дүние мойнын иіп, оның арқасынан келеді. Ал, кімнің мақсаты дүние болса, Аллаһ оның екі көзінің арасына кедейлікті қояды, істерін де тиянақсыз етеді. Ақыры дүниеден қолына өзіне тағдыр етілгенінен артығы түспейді» (Термези, Қиямет, 30/ 2465).

Міне, көкірек көзінің ашылуы, жүрек тыныштығы мен ұждан бақытының Пайғамбар айтқан дауасы...

Расул Әкрам ﷺ Мырзамыздан:

«Аллаһ кімді дұрыс жолға салғысы келсе, оның көкірегін Ислам үшін кеңітеді...» аятындағы (Әнʼам, 125) шарх, яғни ашу сөзінен сұралғанда:

«Нұр жүрекке кіргенде көкірек ашылады. Сондықтан кеңейеді» — деген.

«Мұның бір белгісі бар ма?» — делінгенде Аллаһ Елшісі:

«Иә, бар. Алданыс орны дүниеден бет бұрып (оның өткінші нәпсіге тән қалауларына мән бермей салих амалдармен) мәңгі өмір болған ахіретке жөнелу және келмей тұрып өлімге дайындалу» — деген (Ихия, 4, 406-407).

Басқа бір хадисінде **Хазіреті Пайғамбар** **Мырзамыз**:

«Дүниені ахіреттен артық көрген адамды Аллаһ

үш нәрсеге душар етеді: Жүрегінен еш шықпайтын күйзеліс, еш құтыла алмайтын кедейлік және тойымсыз қалау» — деген (Ихия, 4, 411).

КЕМШІЛІК ДҮНИЕДЕ ЕМЕС, ОҒАН АЛДАНҒАНДА

Аллаһ Тағала нәпсі ұнатқан дүниеқұмарлықты негізінде сынақ мақсатында алдымызға шығарған. Бұл құмарлықтарға алдану қармаққа түскен балыққа ұқсайды. Балық көрген жеміне алданады, бірақ жем ілінген жасырын ілгекті көрмейді. Міне, негізгі өмірдің ахірет өмірі екенін ұмытқандар дүние тұзақтарынан құтыла алмайды.

Қанша аяқтар тайған, қанша қалаулар шашыраған иләһи сындардан аман өте білу дүниеқұмарлық істердің ішкі бейнесін көре алуға және ондағы **«сынақ сырын»** сезе білуге байланысты. Бұл парасаттылыққа ие болу үшін қаржы мен шәһуәт, атақ сияқты дүниенің тартымды тұзақтарына қарсы мұқиятты болып, әр жағдайда ахірет амандығын таңдай білу шарт.

Раббымыз бұл мәселеде біздерді былайша ескертеді:

بَلْ تُؤْثِرُونَ الْحَيَاةَ الدُّنْيَا
وَالْآخِرَةُ خَيْرٌ وَأَبْقَى

«Алайда сендер (ей, адамдар!) **дүние тіршілігін абзал көресіңдер. Ахірет болса, әрі қайырлы әрі баянды»** (А'лә, 16-17).

تُرِيدُونَ عَرَضَ الدُّنْيَا

وَاللّٰهُ يُرِيدُ الآخِرَةَ

«... Сендер өткінші дүние малын көздейсіңдер. Алайда Аллаһ ахіретті (о дүниенің табысына қол жеткізулеріңді) **тілейді»** (Әнфәл, 67).

Дүниеде қол жеткізген байлық иесіне ары кетсе қабірге дейін ғана жолдас болады. Адамның дүниеден қабірге алып бара алатыны сырт көзге тек бір кебіннен ғана тұрады. Шынында адам қабірге иманымен, амалдарымен кіреді. Сондықтан дүниенің опасыз байлығына сенім артпау қажет, өткінші ләззаттарына алданбау керек.

Риуаят бойынша, жасаған жорықтарымен жер бетіне толық ие болған **Зүлқарнайн** عليه السلام өлмей тұрып, былай өсиет еткен екен:

«Мені жуып, кебінге ораңдар! Кейін табытқа қойыңдар! Тек екі қолым ғана сыртта жатсын! Қызметшілерім соңымнан келсін! Қазыналарымды да қашарларға жүктеңдер! Халық менің өте көркем бір салтанат және дүние мүлкіне қарамай бос кеткенімді, қызметшілерім мен қазыналарымның да дүниеде қалғанын, өзіммен бірге кетпегенін көрсін! Бұл жалған фәни дүниеге алданбасын!...».

Ғалымдар бұл өсиетті былай түсіндерген:

«... Дүние бастан-аяқ менің қол астымда болатын. Сансыз қазыналарға ие болдым. Бірақ дүние нығметтері қалушы емес. Міне, көріп отырғандай мазарға қолым бос бара жатырмын! Дүние мүлкі дүниеде қалады. Сендер ахіретте пайдасы тиетін істерге ден қойыңдар!...»

Аллаһ Расулы ﷺ бізге, үмметіне мына даналыққа толы насихатын айтқан:

«... Сендерге бес қасиетті өсиет етемін. Аллаһ олар арқылы сендердің жақсылық қасиеттеріңді кемеліне жеткізсін:

Жей алмайтын нәрселеріңді жинамаңдар,

Ішінде тұра алмайтын ғимараттар тұрғызбаңдар,

Ертең тастап кететін нәрселерің үшін басқалармен дауласпаңдар,

Оған қауышып, құзырына жиналатын Аллаһтан қорқыңдар,

Баратын және онда мәңгі қалатын жер үшін дайындық жасаңдар» (Әли әл-Мүттақи, Кәнзүл-Үммәл, № 1363).

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — ақтық демін тапсырарда алданып қалғанын аңғарып, дүниені кінәлау пайда бермейді. Адам дүние нығметтерінің арқасынан

қуып жүріп, иман мен ізгілік өміріне кірмегені үшін тек өзіне ғана зиян еткені. Бітпес қалаулар, өткінші әуестер және фәни ләззаттар үшін шексіз болашақты құртып алу нендей өкінішті. Дүниеде өлімнен қашатын бір мезгіл немесе жер жоқ, қабірде де кері оралар мүмкіндік жоқ және де қияметтің азабынан жасырынар пана да жоқ екенін жақсы білу керек.

Хақ Тағалам, баршамызды дүниелік сынақ көріністерінде ықыласын сақтаған, парасатты да көрегенді тақуа иесі құлдарынан етсін! Дүние мен ахіретті салих құлдарына көрсеткендей, шынайы кейпімен көре білумізді, қалай да жүрегімізбен ахіретке бет бұрумызды Өз сыйы мен жомарттығы арқылы нәсіп етсін!

Әмин...

МАЗМҰНЫ

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,

Алматы қаласы, Мамыр-4 мөлтек ауданы, 167-үй.

Байланыс телефондары: **8 (727) 255 63 41**

255 63 57